

Тілді шығарған да, қолданатын да — халық

Аман
АБАСИЛОВ

ӘЛЕУМЕТТІК
ЛИНГВИСТИКА
СӨЗДІГІ

Алматы-2016

Баспаға Абай атындағы Қазақ ҰПУ-нің жанындағы «Білім» тобындағы
мамандықтар бойынша оқу-әдістемелік секциясы және
ҚР БҒМ Республикалық оқу-әдістемелік Кеңесі ұсынған.
Хаттама № 10. 23.06.2009.

Пікір жазғандар:

Н.Ж.Құрман – педагогика ғылымдарының докторы, профессор
Ж.Сәдуақасұлы – филология ғылымдарының докторы, профессор

Абасилов А.

Ә 58 **Әлеуметтік лингвистика сөздігі.** – Алматы, 2016.-168 бет.

ISBN 9965-726-10-8

Сөздікте тіл білімінің жаңа бір саласы әлеуметтік лингвистиканың өзекті мәселелеріне, өзіндік ұғым, түсініктері мен негізгі терминдеріне түсінік беріледі. Мұнда сондай-ақ тіл ғылымы туралы, тілдің табиғаты, даму заңдары, салалары, әлем тілдері туралы қысқаша мәліметтер беріледі.

Сөздік жоғары оқу орындарының оқытушылары мен магистрлеріне, студенттеріне, мектеп мұғалімдері мен оқушыларға, тілтанушылар мен тіл мамандарына, жалпы оқырман қауымға арналған.

ISBN 9965-726-10-8

© «Асыл кітап», 2016
© Абасилов А., 2016

КІРІСПЕ

Кез келген ғылым салалары сияқты әлеуметтік лингвистика да өзіндік танымдық аппараты, соған қатысты терминдер жүйесі, нақтылы зерттеу нысаны мен өзіндік зерттеу әдістері бар арнаулы ғылым ретінде қалыптасып келеді. Ол бүгінгі күні жалпы ғылымдық жүйеге еніп, одан өзіндік орнын анықтау үстінде.

Қазіргі таңда ол өзге туыстас тіл білімі, әлеуметтану, әлеуметтік психология, экономика, тарих, этнография, саясаттану т.б. пәндермен ынтымақтастық, шекаралық, пәнаралық қатынаста бола отырып, ғылым жүйесінде әлеуметтік лингвистикалық білімді қалыптастыруда.

Әлеуметтік лингвистика (қысқаша социолінгвистика) – тілдің қоғамдық мәнін, дамуы мен қызмет етуін, қоғамның тілге және тілдің қоғамға әсер етуін зерттейтін тіл білімінің жеке бағыттарының бірі.

Тіл білімінде әлеуметтік лингвистика бағытының пайда болуынан бастап, бүгінге дейін терминдер жүйесі қалыптасып, дамып келеді. Жалпы әлеуметтік лингвистиканың терминдер жүйесі лингвистиканың өзге салаларына қарағанда өзгеріске өте бейімділігімен сипатталады. Бұл бірнеше себептерге байланысты, соның ішінде әлеуметтік лингвистиканың пәнаралық қасиетімен, терминдерінің өзіндік табиғатымен, қарастыратын мәселелерінің көбіне экстралингвистикалық жағдайларға тәуелділігімен түсіндіріледі.

Міне, бұлардың барлығы әлеуметтік лингвистиканың терминдерін жүйелеп, мағыналарын саралап түсіндіруді, оларды сөздіктер мен оқулықтарға ендірудің, сондай-ақ арнайы терминологиялық сөздік жасаудың қажеттілігін көрсетеді. Сонымен бірге

қазіргі таңда әлеуметтік лингвистиканың пәндік анықтамасы мен танымдық аппаратының өзі де кеңестік кезеңнің «сығымынан» арылып, жаңадан қалыптасу сатысын бастан кешіруде. Сондықтан бұл аса жауаптылықты, сыни көзқарасты қажет етеді.

Сөздік әлеуметтік лингвистиканың негізгі терминдері жөнінде маңызды мәлімет беретін анықтамалық кітапша ретінде қарастырылған және мынадай міндеттерді шешуге бағытталған: қазіргі әлеуметтік лингвистикалық зерттеулер жағдайын көрсету; мүмкіндігіне қарай әлеуметтік лингвистиканың бағыттары бойынша шолулар жасау; әлеуметтік лингвистиканың негізгі терминдік құрамын анықтау және жинақталған бай тәжірибені пайдалана отырып, олардың сөзіктік мәнін беру; оларды түсіндірудің сөздікке және оқу мақсатына тән барынша түсінікті тілмен баяндалуын көздеу (өйткені сөздік әлеуметтік лингвистика курсы оқып-үйренушілерге арналған оқу құралы ретінде ұсынылмақ).

Сөздікте әлеуметтік лингвистика терминдері алфавиттік тәртіппен берілген. Сонымен бірге терминдер әлеуметтік лингвистиканың ғылыми-теориялық мәселелерін, өзге пәнаралық ғылымдармен байланысын, ғылым ретінде қалыптасуы мен оның өзіндік бағыттарын және зерттеу әдістерін, негізгі танымдық аппаратын қамтитын бөліктерге бөлінеді. Сондай-ақ әлеуметтік лингвистиканың өзіндік проблемаларын көрсететін (тіл саясаты мен тілдік жоспарлау, тілдік саралану мен тіл варианттары, тіл ауыстыру т.б.) терминдер де ажыратылып беріледі. Сөздік мүмкіндігінше қазақстандық әлеуметтік лингвистиканың проблемаларын қамтығандығымен және Қазақстан Республикасындағы тілдік жағдаят пен жаңа тілдік ақуал туралы барынша мәлімет берумен ерекшеленеді.



Шартты қысқартулар

Ағылш. – ағылшын тілінен

АҚШ – Америка Құрама Штаттары

БАЭ – Біріккен Араб Эмираттары

б.э. – біздің эрамыз

б.э.д. – біздің эрамызға дейін

БҰҰ – Біріккен Ұлттар Ұйымы

ғ. – ғасыр

ғғ. – ғасырлар

грек. – грек тілінен

ҒА – Ғылым Академиясы

ж. – жыл

итал. – италян тілінен

исл. – исланд тілінен

КСРО – Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы

қар. – қараңыз

лат. – латын тілінен

мыс. – мысалы

млн. – миллион

нем. – неміс тілінен

нидерл. – нидерланд тілінен

орыс. – орыс тілінен

т.б. – тағы басқа

т.с.с. – тағы сол сияқты

ТМД – Тәуелсіз Мемлекеттер Достығы

фр. – француз тілінен

А

АВСТРАЛИЯЛЫҚ ТІЛДЕР – Австралияның жергілікті тұғындарының тілі (папуастардың мириам және тасмания тілінен бөлек). А.т-ның шығу тегі анықталмаған. Бұл тілге 500–600 тіл жатады. А.т-не 12 жеке тіл және 16 тілдік топ кіреді. А.т-ның барлығы да жалғамалы (аггютинативті), эргативті тілдер болып табылады.

АВСТРОНЕЗИЯЛЫҚ ТІЛДЕР – Малай архипелағы (Индонезия, Филиппин), Малакка жарты аралында, Үндіқытайда, Океанияда, Мадагаскар аралында, Тайвань аралында таралған. А.т-ның саны – 800-дей, ал сөйлеушілер саны – 250 млн адамға жуық. XIX ғ. бастап А.т. 4 тармаққа бөлінеді: индонезиялық, полинезиялық, меланезиялық және микронезиялық, Соңғы аталған 3 тілді «океания тілдері» деп де атайды. А.т. полисиллабикалық тілдерге жатады, түбір морфемалар көбінесе екі буыннан құралған. Сөзжасамдық тәсілдерден аффикстерді (префиксті) қолдану, редупликация және сөздерді біріктіру кездеседі. Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінде (чам, малай, ява, буги, бали, тагал т.б.) үнді, араб жазуы қолданылады. Әдеби А.т. латын жазуы кең тараған. Алғашқы рет А.т. В.Гумбольдт зерттеген (1836–39 жж.).

АВТОХТОН ТІЛ (грек, autochthon – жергілікті, түпкілікті; орыс. автохонный язык) – бұл термин бастапқыда жеке бір тілді немесе тілдер топтарын бөліп көрсетуде қолданылған. Солтүстік және Оңтүстік Американың түпкілікті халқының тілі, мыс., Вакаш семьясының тілдері – Ванкувер аралындағы нутка тілдері: Австралия тілдері, мыс., паманюнга тілдері (бұл тілдерде Австралия контингентінің оңтүстік бөлігінің тоғыз ондағы сөйлейді) және пама-нюнга (материктің солтүстік және солтүстік-батысындағылар тілі). Түпкілікті, байырғы халқының тілі, мыс., қазақ тілі – Қазақстанның А.т., орыс тілі – Ресейдің А.т. (қар. Титулдық ұлт тілі).



АГВАН ЖАЗУЫ (кавказ-албан жазуы) – V–IX ғғ. Агваниядағы (немесе Кавказдық Албанияда) Дағыстан мен Әзербайжан христиан шіркеулері пайдаланған жазу түрі. Агван жазуындағы алфавит 52 әріптен құралған. Бұл жазу лезгин тіліне жақын деген пікір бар. А. ж. толық зерттеліп, оқылмаған.

АГГЛЮТИНАЦИЯ (лат. agglutinatio – жалғау) – түбірге немесе негізге стандартты аффикс жалғау арқылы сөз бен сөзтұлға тудыратын әдіс. Бұл мағынада (морфемалардың қосылуы тәсілі ретінде) А. фузияға қарама-қарсы қойылады. Аффикстер белгілі бір иерархиялық жүйемен жалғанады, мыс., ата-лар-ымыз-да. Аффикстердің дыбыстық варианттары сингормонизм нәтижесінде пайда болды, мыс: қаз-дар-дың; кітап-тар-ға. А.-ның морфологиялық белгісіне сәйкес агглютинативті (жалғамалы) тілдер ерекшеленеді. Морфемаларды жалғау әдісі ретінде А. агглютинативті емес тілдерге де тән құбылыс, мыс., австронезиялық, үндіеуропалық тілдер.

АГГЛЮТИНАТИВТІ ТІЛДЕР (жалғамалы тілдер). А.т.-ге түркі, банту тілдері жатады. Бұл тілдерге тән ерекшеліктер: аффикс арқылы сөз жасау және сөз өзгерту жүйесінің дамуы. Фонетикалық заңдылықтарға қайшы алломорфизм құбылысының болмауы; септеу мен жіктеудің ортақ түрінің болуы; аффикстердің грамматикалық мағынасының тұрақтылығы мен алмасулардың (альтернацияның) аз кездесуі.

АГГЛЮТИНАЦИЯ ТЕОРИЯСЫ – үндіеуропалық флективті тұлғалардың шығу тегін анықтайтын теория (Ф. Бопп. 1833). А.т. етістіктің жіктік жалғауы мен зат есімінің септік жалғауы есімдіктердің түбірге жалғану нәтижесінде пайда болғанын болжамдайды. Кездесетін теориялық қайшылықтарға қарамастан бұл теория маңызын жоғалта қойған жоқ.

АҒЫЛШЫН ТІЛІ – герман тілінің батыс-герман тобына жататын тіл. Ұлыбританияда, Ирландияда, Солтүстік Америкада, Австралияда, Жаңа Зеландияда, Азия мен Африканың кейбір елдерінде тараған тіл. Сөйлеушілерінің жалпы саны 437 млн. асады. Ұлыбритан Біріккен Королдігі, Солтүстік Ирландия, АҚШ,

Австралия, Жаңа Зеландия, Канада (француз тілімен бірге), Ирландия (ирланд тілдерімен бірге), Үндістан (уақытша), Африка (15 мемлекет) елдерінде және БҰҰ-ның ресми тілі.

АДРЕСАНТ (нем. Ardessant – жолдаушы; орыс. адресант) – 1) белгілі бір тілде қарым-қатынас жасаудағы сөйлеуші, әңгімелесуші; 2) қарым-қатынас жағдаятының бір сыңары (адресантпен бірге, яғни сөйлеуші мен тыңдаушы арасындағы: ресми – бейтарап – достық қатынастар, қатынас құралы, қатынас тәсілі, қатынас орны) компоненттерінің бірі; 3) ақпарат беруші адам, ақпараттық мотивтік немесе допативтік әрекет субъектісі, ой-көзқарасын жеткізуші т.б.

АДРЕСАТ (нем. Ardessat – алушы; орыс. адресат) – 1) тыңдаушы, әңгімелесуші, қарым-қатынас әріптесі; 2) қарым-қатынас жағдаятының бір компоненттерінің бірі; 3) ақпараттық мотивтік немесе допативтік әрекет қаратыла айтылған адам.

АДСТРАТ (лат. ad – қасы, жанында + stratum – қабат, пласт; орыс. адстрат; ағылш.– adstrat) – бір тілдің екінші бір тілге ұзақ уақыт бойына бірыңғай, жиі әсер ету жағдайындағы тілдің ерекшелік жиынтығы, белілері, қасиеттері. А. – бұл субстратқа, суперстратқа қарама-қарсы ұғым. А. кезінде бір тілдің екінші тілге ассимиляциялануы және сіңісуі жүрмейді. Мыс., IX-XI ғ.ғ. ағылшын тіліне скандинавтық әсер, шекаралық ареалдардағы беларустық-поляктық және белорустық-литвалық өзара әсер етушіліктер болған.

АЙМАҚТЫҚ ТІЛ: 1. Мемлекетте жалпы тілдік мәртебесі жоқ тілдік құрылым. Көпэтносты елдерде бұл: а) ұлт және әдеби формасы бар ірі этникалық бірлестік тілі; ә) аймақта этникалық топтасу (консолидация) орталығында өзіндік рөлі бар ірі ұлыстың жазусыз тілдері. Бірэтносты мемлекетте ол диалектіүстілік қойне болуы мүмкін. А.т. өзіндерінің қарым-қатынастық қызметінің көлемі жағынан бір-бірінен ерекшеленеді. Айталық, авар тілі Ресей Федерациясы шегінде жақын туыстас тілдер тұтынушыларының оқу тілі және Дағыстан Республикасының кейбір аудандарында ұлтаралық қатынас тілі болып табылады. 2. Азшылық этностар



тілі. Аймақтық немесе миноритарлық тілдердің Еуропалық Хартиясына (1992) сәйкес оларға елдің өзге халқына қарағанда азсанды топ құрайтын мемлекет аумағында оның азаматтары дәстүрлі түрде қолданатын, ресми тілден ерекшеленетін тілдер жатады, мыс., Германиядағы лужин тілі. Бұл термин негізгі тілдің диалектісіне және мигранттар тіліне қатысты қолданылмайды.

Қара: Аллолект, Жергілікті тіл, Тілдік құрылымдардың қызметтік типтері

АККАД ТІЛІ (вавилон – ассириялық тілі) – семит тілдерінің солтүстік-шығыс тобына жататын Месопотамия мен Ассирия (қазіргі Ирак) жерінде болған көне тіл. Б.э.д. 3000 ж. бұрын шумер тілімен бірге төменгі және орталық Месопотамияда таралған. Б.э.д. 2000 ж. басында Вавилон Ассирия мемлекеттерінің ресми тілі болған.

АККУЛЬТУРАЦИЯ (лат. accumulare – құйылу, жинақталу + cultura) – әр алуан мәдениеттердің өзара араласуы мен өзара әсер ету процесі, яғни бір халықтың өзге халық мәдениетін толық не жартылай сіңіруі, қабылдауы. Термин ХХ ғ. 30 ж. АҚШ-та пайда болды.

АКРОЛЕКТ – креольтілді континуумда креоль тіл мен тіл-лексификатордың араласуы нәтижесінде пайда болған тіл варианты. Базилект пен мезолектіден айырмашылығы – оған белгілі дәрежедегі стандарттылық тән. А. қоғамның білімді жігі пайдаланады, өте жоғары әлеуметтік беделге ие және посткреолдық континуумдағы тіл варианттарының иерархиясында жоғары дәрежені алады. Кейде оны базилекке – «алаң тіліне» қарама-қарсы «сарай тілі» деп те атайды. Декреолизация процесінде А. тіл-лексификаторға жақындай түседі. Әдетте ол креоль тілдің стандартты варианты болып табылады. Мысалы, Гвианда А. стандартты ағылшын тілінен еш айырмашылығы жоқ гвиандық ағылшын тілі болып табылады.

Қара: Базилект, Тілдің креолденуі, Мезолект, Тілдік континуум, Тілдік түйісу



АКСИОМА – дәлелдеуді керек етпейтін ғылыми айқын шындық. Әлеуметтік лингвистикада тіл – әлеуметтік құбылыс, бұл – аксиома.

АКТИВ ТІЛ ҚОРЫ - 1) қоғамның ең маңызды деген ұғымдары мен жағдайларына байланысты ерекше жиі қолданыстағы және біршама шектелген лексикалық бірліктерден тұратын тіл қорның бөлігі. А.т.қ . пассив тіл қорынан ерекшеленеді. А.т.қ.-ның баяу өзгеретін өзегі стилистикалық, бейтарап, мағыналық жүйесі бай, тіркесімділігі мен сөзжасамдық белсенділігі дамыған сөздерден құралады. Тілдің коммуникативті қызметі үшін А.т.қ.-ның сөздері өте маңызды рөл атқарады. Бұл қорға енетін сөздер арнайы индекс (кездесу жиілігі, қолданылуы т.б.) арқылы лингвостатистика мен әлеуметтік лингвистика тәсілдерін қолдану нәтижесінде анықталады; 2) А.т.қ. психолингвистикада адамдардың сөйлеуде еркін қолданылатын лексиканың бірліктері, жиынтығы ретінде қарастырылады; 3) лексикография теориясында (Л.В.Щерба) А.т.қ. лексикографиялық құрал болып табылады.

АКЦЕНТ (лат. accentus – дауыстың көтерілуі, екпін, ағылш. Accent) - 1) екпін (түрлі суперсегменттік құралдар көмегімен буынды, сөзді, фразаны бөліп көрсету); 2) ана тілінің артикуляциялық дағдысының еріксіз көрінісінен екінші тілді сөйлеудегі өзгеше айтылу (ағылшын А., неміс А., грузин А. және т.б.); фонетикалық деңгейдегі интерференцияның көрінісі. А. бір тілдің өз ішінде де байқалуы мүмкін (диалектілік А.), қазақтар тіліндегі ш дыбысының орнына ч дыбысын қолдануы. А. шет тілдерін үйрену кезіне ерекше мәнге ие болды.

АЛЕКСАНДРИЯ МЕКТЕБІ – б.э.д. IV ғ. аяғында Эллиндік Египет астанасы Александрия қаласында қалыптасқан тіл зерттеу дәстүрі. Ал.м-нің өкілдері: Зенодот, Ликофрон, Эратосфен, Аристофан, Аристрах, Дионисий және т.б. Бұл мектеп дәстүрінде филология мен грамматика негіздері қалыптасады.

АЛЛОЛЕКТ – нормаланған (стандартты) тілден ерекшеленетін, мектепте оқу тілі болып саналмайтын жергілікті тілдің түрі (варианты). Бір тілдің түрлі А. тұтынушылар өзара түсінісіп, қарым-



қатынас жасауда А. өзіндік ерекшеліктері кедергі жасамайды. Бұл термин қазақстандық, сондай-ақ ресейлік әлеуметтік лингвистикада қолданылмайды, оның орнына «*аумақтық говор, диалект*», «*тілдің аймақтық варианты*» деген терминдер бар.

Қара: Тіл варианты, Жергілікті тіл, Аймақтық тіл, Аумақтық диалект

АЛТАЙ ТІЛДЕРІ – генетикалық байланысы бар тілдерді біріктіріп қарастыратын шартты термин. Бұл топқа түркі, моңғол, түңғұс-манжұр, корей, жапон тілдері кіреді. ХІХ ғ. А.т.не орал тілдерін де жатқызған. Алтай гипотезасы Г.Рамстедт, Н.Поппе, В.Котвич т.б. еңбектерінде тілдердің дыбыстық құрамы (сингорманизм, агглютинанація) негізінде жасалған.

АЛФАВИТ (грек. alphabetos – басқы әріптердің атынан: альфа және бета) – жеке дыбыстық элементтерді символ арқылы бейнелеп, тілдегі сөздердің дыбыстық келбетін бейнелейтін таңбалар жүйесі. А. дүниеге келуі кез келген табиғи тілдердегі мәтінді жазуға мүмкіншілік берді.

АЛЬТЕРНАТИВА – мүмкін болған екі ұдайылықтың бірі.

АМБИЛИНГВ (орыс. амбилингв, ағылш. екі (одан да көп) - тілді тең дәрежеде меңгерген тұлға (қар. Билингвизм).

АМБИЛИНГВИЗМ (лат. екіжақтылық + lingua – тіл, орыс. амбилингвизм, ағылш. ambilingualism, equilingualism – қостілділіктің әр түрлілігі, билингвтің екі тілді барлық сөйлеу салаларында араластырмай бірдей жақсы білуі мен қолдануы. А. өте аз кездеседі, көптеген билингвтер үшін бір тіл негізгі (бірінші тіл, ана тілі, басым тіл), өзгесі – екінші тіл болып табылады (қар: Семилингвизм, Билингвизм, Көптілділік, Қостілділік).

АМЕРИКАНДЫҚ ӘЛЕУМЕТТІК ЛИНГВИСТИКА (ағылш. American sociolinguistics, орыс. Американская социолингвистика) – нақты рәсімделген мектеп немесе арнайы бағыт болып саналмайды. А.э.л-ның дамуы американдық дәстүрлі тіл білімінің жалғаса дамуымен (бихевиоризм, антропологиялық бағыт және символдық-интеракционизм) байланысты А.э.л. Д.Хайме, У.Лабов, Ч.Фергюсон, С.Эрвин-Трипп, Дж. Гампери және т.б. еңбектері

арқылы танылған. А.э.л. зерттеулері тіл мен қоғамның, тілдік және әлеуметтік құрылымдардың өзара қатынасын, сөйлеу қатынасының үлгілерін т.б. көздеген. А.э.л. әлеуметтік лингвистиканы Макросоциолингвистика, Микросоциолингвистика деп бөлу ұсынылған, тілдік және әлеуметтік фактілерді зерттеудің біртұтас үлгілері жасалған. (Д.Хайме, У.Лабов), диглосия теориясының негізі жасалған (Ч.Фергюсон), тілдік жағдаят және тілдік жоспарлау аспектілерін зерттеудің бағыттары салынған, далалық зерттеу техникалары айқындалған (кар: Антропологиялық лингвистика, Әлеуметтік бағыттар).

АМЕРИКАНДЫҚ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ҚОҒАМ (Linguistic Society of America) – тірі тілдерді синхронды түрде зерттеу үшін АҚШ лингвистері 1924 ж. құрған ұйым.

АМОРФТЫ ТІЛДЕР (лат. amorphos – тұлғасыз) – даралаушы тілдер, мыс: қытай, бамана. Оңтүстік Азия тілдері. Бұл тілдерде сөздер өзгеріске ұшырамайды. Сөздердің орны грамматикалық мағынаны айқындайды және көмекші сөз бен негіз сөз біріне-бірі карама-қарсы келмейді.

АНА ТІЛІ (ағылш. Mother tongue) – 1. Баланың жас кезінде үлкендер сөйлеуіне еліктеу арқылы санасыз үйренген тілі. Бұл дағдыны пайдалану ересек адамда сақталуы да, сақталмауы да мүмкін (қара: Тіл онтогенезі, Тіл филогенезі). Ана тілі – Бірінші тіл, Екінші тіл, Шеше тілі, Басым тіл де болуы мүмкін. 2. Этноспен біте қайнасқан тіл, кез келген халықтың тілдік санасында маңызды орын алатын тіл, кез келген этникалық ұжымның даралануында «өзінікі» мен «өзгенікіні» ажырата алу түсінігімен байланысты тіл.

1. Адамның бала кезінен (бесік тілі) меңгерген бірінші тілі. Әдетте ол ата-анасының біреуінің тілімен сәйкес келеді. адам кейірек өзге тілді меңгереді де ол оның негізгі қарым-қатынас тіліне айналатын жағдай да болады. Алайда мұндайда А. т-не деген жағымды эмоционалды қатынас сақталады. А. т. адамның белгілі бір ұлтқа (этнос) жататындығының негізгі белгісі ретінде қызмет етеді. 2. Бұл да сол этнос тілі. Арнайы жүргізілген әлеуметтік лингвистикалық зерттеулер көрсеткендей, Қазақстан



Республикасындағы этностар үшін «ана тілі» ұғымы оны меңгеру деңгейіне қарамастан өз ұлтының тілімен мызғымастай берік байланысқан және ол сол ұлтқа жататындығының негізгі белгісі болып саналады. 3. Бұл да сол бірінші қолданыстағы тіл. 4. Бұл да сол ұлттық тіл.

Қара: Билингвизм, Қостілділік, Ұлттық тіл, Тілдердің әлеуметтік лингвистикалық классификациясы

АНА ТІЛІ КҮНІ (International Mother Language Day) – 1999 жылдың 17 қарашасында ЮНЕСКО-ның басты конференциясының 30-сессиясындағы қаулысымен 2000 жылдан бастап әр жылдың ақпан айында тілдік және мәдени ерекшеліктер мен көптілділікті сақтау күні ретінде бекітілген халықаралық мереке. Бұл күн 1952 жылдың 21 ақпанында шығыс Пәкістанның (1971 жылдан Бангладеш) Дакка қаласында (қазіргі Бангладештің астанасы) болған өздерінің ана тілі – бенгал тілін қорғау үшін елдегі ресми мемлекеттік тілдің бірі ретінде тануын талап еткен демонстрацияға қатысушы студенттерге қарсы қолданылған қатаң жазаға байланысты белгіленді. Бангладеште бұл сол қанды оқиғаны еске алу күні ретінде аталып өтіледі.

АНАЛОГИЯ (грек. analogia – сәйкестік, ұқсастық) – тіл бірлігін басқа тіл бірлігіне тұлғалық немесе семантикалық жағынан ұқсату құбылысы. Аналогияны қолдану дегеніміз тілдегі құрылымдық үлгіні пайдалану арқылы, соның негізінде жаңа бірліктер жасау. Кез келген үлгіні, ережені т.б. қорыту кезінде аналогияның әсері байқалады. Аналогияның маңызы тіл үйренуде аса зор.

АНДРОЦЕНТРИЗМ (грек тілінің aner – «ер», kentrikos – «орталықта» деген сөзі) – әйел рөлімен салыстырғанда ер адамның биологиялық немесе әлеуметтік рөлін әсіре үлкейту тенденциясы. А. – жалпыадамилық субъектілікті жалғыз ер адам нормасымен біріктіретін, оны әмбебап объектілік ретінде көрсететін, ал өзге субъектілерді, әсіресе әйелді нормадан ауытқыған, маргинал сияқты жеке субъекті деп танытатын мәдени дәстүр. Сондықтан А. – бұл дүниеге жай ғана ер адамның көзқарасы ғана емес, ер адамның нормативтік дүниетанымы мен өмір сүру үлгісін біртұтас

әмбебап әлеуметтік норма және өмір үлгісі ретінде беру. А. терминін мәдениеттің әлеуметтік әлемін гендерлік және феминистік тұрғыдан сынайтын ғалымдар жиі қолданады. А. таралуында тіл ерекше рөл атқарады, басқаша айтқанда, әлемнің тілдік бейнесі ер адам көзқарасымен танылады. Феминистік лингвистика А. мынадай белгілерін көрсетеді: 1) «адам» және «ер» ұғымдарының мәнділігі (көптеген тілдерде олар бір сөзбен беріледі); 2) тілдік норма бейтарап емес гендерлік сипатта, өйткені ер адамның тілдік нормасы тіл нормасы ретінде қолданылуы әйелдерді әлемнің тілдік бейнесіне жат деп шеттетуге әкеледі; 3) тілді ер адам және әйел адам нормасы деп бөлу шынайы әлеуметтік гендерлік теңдікке негізделген, ол тілді қолдану арқылы бекітіліп, бейнеленеді.

АНКЕТА (сауалнама) (орыс. анкета) – сауалнамалық қағаз, сұрақша, сауал жүргізудің негізгі құралы; құрылымдық ұйымдастырылған сұрақтар жиынтығы, олардың әрқайсысы зерттеушінің бағдарламалық және процедуралық міндеттеріне байланысты болады. А. кіріспе бөлімнен (жүргізілетін сауалдың мақсаты мен міндеттері түсіндірілген; ұйымдастырушысы көрсетілген: Респондентке қаратпа айтылады), негізгі бөлімнен (зертеудің мақсаты мен міндетінен туындайтын анкета сұрақтары) және паспорттаудан (респонденттің объективті әлеуметтік-демографиялық және басқа да мінездемелері) тұрады. А.-әлеуметтік лингвистиканың түрлі проблемаларын сұрау жүргізу, сондай-ақ сауалнама арқылы зерттеудегі таптырмас құрал (қар: Әлеуметтік лингвистика әдістері, Әлеуметтік-лингвистикалық мәліметтердің дұрыстығы, Информант).

АНКЕТАЛЫҚ САУАЛ (орыс. анкетный вопрос) – бұл да сауал жүргізу.

АНКЕТА СҰРАҒЫ (орыс. вопрос анкеты) – зерттеп, отырған құбылыстың белгілері туралы ақпарат алуға есептелген анкета шегіндегі сұрақ. Зерттеудің мақсатына байланысты бағдарламалық-тақырыптық анкета сұрағы (зерттеліп отырған құбылыс жөнінде тұжырымдар жасасу бойынша мазмұнды, нәтижелі) және процедуралық анкета сұрақтары (сауал жүргізу процедурасының



белсенділігін арттыруға көмектесетін функционалды) деп бөлінеді. Пәндік мазмұны бойынша фактілер туралы, білім туралы, адамдардың өзін-өзі ұстауындағы ауысу түрлері, тілдің мәртебелілігі туралы анкета сұрақтары болып бөлінеді. Респонденттің жекелік қатыстылығына байланысты тура (респонденттің жеке бағытын көрсететін) және жанама (респондент топ, ұжым бағыты атынан айтады) анкета сұрақтары болып бөлінеді. А.с. жабық (құпия) (алдын ала дайындалған), альтернативті жауаптар анкетада беріліп, олар барлық мүмкін болатын жауаптарды таңдайды және ашық (респондент жауабын өзі дайындайды) болуы мүмкін. Сұрақ-фильтрлер (сүзбе), бақылаушы және бағыттаушы, сондай-ақ қызметтік-психологиялық анкета сұрақтары бір тақырыптан екіншісіне өту үшін қолданылады. А.с. кемшілігі ондағы жауаптар психологиялық айырмасын көрсетуі мүмкін. (информанттар бөлігі өз сөйлеуін жеңіл бақылай алады да, олар қалай сөйлесе, солай жауап береді). Сондықтан А.с. белгіленген тәртіпте бірінен соң бірі келіп, «қиысып» отыруы үшін бақылаушы білікті маман болуы керек (қар: Интервью, Сауалнама, Бақылаушы).

АНТИКАЛЫҚ ТІЛ БІЛІМІ ДӘСТҮРІ (грек. латын дәстүрі, Жерорта теңіздік дәстүр) – грек-латын мәдени ареалына б.з.д. VII ғ. – б.э. VI ғ. қалыптасып өмір сүрген тіл сипаттау және зерттеу дәстүрі. А.т.б.д. көне грек философиясымен қатар пайда болды. Антикалық ойшылдар тілдің табиғаты (зат пен есімнің байланысы, тілдің пайда болуы) мен жазу таңбаларын зерттеумен (грамматикалық өнер) қатар айналысқан. Бұл екі саланың дамуы тіл білімінің қалаптасуы мен дамуына (Индия, Қытай) әсері болған. Б.э.д. V ғ. тіл мәселесімен Гераклит, Парменид, Эмпедокл, Демокрит, Протогор, Горгий, Продик айналысқан. Платонға дейін грек тілінің лексикалық құрамы, дыбыстық және грамматикалық құбылысы жайында білімнің белгілі жүйесі қалыптасқан болатын. Платон өз еңбектерінде («Кратил», «Тетет», «Софист») тіл мәселелерін қарастырған. Бірақ А.т. б.д. шынайы негізін қалаушысы, оның құрылымы мен негізгі бағыттарын қалыптастырған- Аристотель. Ол «Категория», «Поэтика», «Аналитика I және II», «Топика»,

«Реторика» деген тракттарында тіл зерттеу барысындағы логикалық және грамматикалық принциптерді айқындайды. Бұл принциптер келешекте аналитикалық және еуропалық ғылымда дамуын табады. А.т.б.д. эллинизм дәуірінің (б.э.д. III-I ғғ.) философтар жалғастырған. Тіл проблемалары стоиктердің назарында болды. Александрия мектебін А.т.б.д. дамуының шыңы деуге болады. Көне Римде б.э.д. II ғ. ортасына дейін тіл білімі жазба мәдениеттің негіздерін игерумен шектеліп келеді. Кейін грек тілін, гректердің әдебиетін, поэтикасы мен риторикасын зерттеу басталды. Осы кезеңде гректің белгілі филолог-ғалымдары Римде жұмыс істеген. Көне Рим филологиясының өкілдері: Варрон, Марк Тулий, Цицерон, Гай Юлий Цезарь т.б. Көне грек дүниетанымының негізгі философиялық проблемасына қатысты – «заттың», «сөздің», «ойдың» өзара қатынасын қарастыру барысында А.т.б.д. пайда болды. Антикалық грамматикалық дәстүр тілді сөз табы және грамматикалық категория сипатында зерттеген. Антикалық грамматикалық дәстүр еуропалық және шығыстық тіл білімінің негізі болып саналады.

АНТРОПОЛОГИЯЛЫҚ ЛИНГВИСТИКА (грек. anthropos – адам Logia – ілім + фр. linguistique / лат. Lingua – тіл, орыс. антропологическая лингвистика, ағылш. – anthropological linguistics) – 1. Жазуы жоқ тілдері зерттейтін тіл білімінің бір саласы. 2. Антропологиялық принциптің (тіл – бұл адамның бір бөлігі) методологиялық негіз ретінде ұсынылған зерттеудің және тілдік құбылысты «тіл-адам» бірлігінде қарастырудың шартты атауы. Мыс: тілді меңгеруді, білуді және қолдануды қамтамасыз ететін мидың күрделі инфрақұрылымына талдау негізінде тілдік бейімділікті; тіл тұтынушының және лингвистиканың өзінің апелляциясы мен интуициясын зерттеу (интроспекция); дүниені тану формасы ретінде тілдің танымдық қызметін зерттеу; тілдің адам мен қоғамға өзара қатыстылығын зерттеу; тілдің халықтың рухани мәдениетіне, халықтың діліне (менталитетіне); халық шығармашылығына т.б. байланыстылығын зерттеу; тілге адамилық белгі беру, нәтижесінде тіл – жүйе, тіл – механизм, тіл – қабілет



т.б. бейнелер жасалады; адамды тілі арқылы зерттеу және т.б. (қар: Тіл қызметі. Сепир-Уорф гипотезасы, Неогумбольдтік, Әлеуметтік лингвистика, Этнолингвистика т.б.).

АНЫҚТАМА – белгілі бір объектіні айырып көрсетуге, ғылымға жаңадан енгізілген сөз атауы мағынасын тұжырымдауға немесе бұрыннан бар сөз атауы мағынасын дәлелдей түсуге мүмкіндік беретін қисындық тәсіл.

АПАРТЕЙД (африкалық apartheid – бөлек өмір сүру, орыс. апартейд) -нәсілдік шектеу (дискриминация) мен Сегрегацияның барынша соңғы формасы; қандай да бір тұрғындар тобын аумақтық бөлектеуге (резервациялау) дейін саяси, әлеуметтік-экономикалық, тілдік, азаматтық және басқа да құқықтарынан айыру немесе маңызды түрде шектеу. А.-ке геноцидтің кейбір актілері жатады. Қазіргі халықаралық құқық А.-ті азаматқа қарсы қылмыс деп есептейді.

1973 ж. БҰҰ-да А.-ы болдырмау және ол үшін жазалау туралы Халықаралық конвенция қабылданды (қар: Лингвоцид, Африканс).

АПОСТЕРИОРИДТЫ ТІЛДЕР (лат. aposteriori ізімен жүруші, орыс. апостериорные языки) - латын. грек, герман, роман, славян және басқа тілдерден алынған интернационалдық лексика негізінде табиғи тілдер үлгісі бойынша жасалған халықаралық жасанды тілдер. А.т. тобы тілдерден лексикалық және грамматикалық элементтерді ала отырып, өзіндік (жекелік) құрылым тәртібі мен заңдарына бағындырылады. А.т. априорлы тілдерге қарама-қарсы қойылады (қар: Эсперанто, Окциденталь, Интерлингва, Идо, Интерлингвистика).

АРАБ ТІЛБІЛІМІ ДӘСТҮРІ- VII-XIV ғғ. Араб халифатындағы мәдени ареалда қалыптасқан тіл зерттеу дәстүрі. Классикалық араб тілінде жазылған тракттарды зерттеу барысында пайда болған. А.т.б.д. практикалық бағытымен ерекшеленеді. Араб тайпалары біртұтас мемлекет құру кезеңінде ортақ тілдің қажеттілігі туындады. Ондай тіл Араб жартыаралын мекендеген тайпалар үшін «койне» тілі болды. Екіншіден, Құран тілінің тазалығын сақтау үшін тілдің жалпы маңызы аса зор болатын. А.т.б.д. Басра,

Қуф, Бағдат, Андалуз, Мысыр мен Сирия жерлерінде қалыптасады. Араб хатында сөздің өзгеруіне байланысты қосымша графикалық белгілерді Абуль-Асуад ад-Дуали VII ғ. енгізген. Ұқсас араб графемаларын ажырату үшін Насыр ибн Асым мен Яхья ибн Ямар диакритикалық белгілер жүйесін жасады. А.т.б.д. мәселелері мен методикасының қалыптасуына аль-Халел ибн Ахмедтің еңбегі зор болған. Ол «Аруда» теориясының негізін қалады. Аль-Халел фонетикалық құбылыстарды талдауда 3 аспектіге мән берген: дыбыстардың басты сипаттамасына, грамматикалық құрылымдар жасалу кезінде дыбыстардың орнына, дыбыстардың өзгеруіне. Ғалым қысқа дауысты фонемаларды ажырату үшін белгі жүйесіне өзгертулер енгізген. Араб тілінің Қуф мектебінің өкілдері-Абу Жаббар Мохамед ар-Руаси ең алғашқы «Қуфия» грамматикасын жасаған. А.т.б.д. тілдің негізгі грамматикалық талдау аспектілері мынадай болған: «ан-нахв»-есім мен етістіктің өзгеруі; «ас-сарф»-сөзжасам мен фонетикалық өзгерістер; «махаридж аль-хуруф»-дыбыстардың артикуляциясы мен орны. X ғ. бірінші жартысында Бағдат мектебінде А.т.б.д. үшінші бағыты пайда болды, ол Ибн Джинни еңбектеріндегі лесиқологиялық мәселелерді (сөз бен мағынаның байланысын, сөзжасамды) қамтиды.

АРАБ ТІЛІ – семит тілдерінің бірі. Ирак, Серия, Ливан, Израиль, Иордан, Кувейт, Сауд Аравиясы, БАЭ, Йемен, Египет, Судан, Ливия, Тунис, Алжир, Мальта, Морокко, Мавритания, Батыс Сахара, Сомали, Джибути, Чад, Ауғанстан, Иран, Түркия, Кипр, Өзбекстан т.б. елдерде тараған. Сөйлеушілер саны 192 млн. адамға жуық. Барлық араб елдерінің ресми тілі, олардан басқа Сомали, және Джибути Республикаларының ресми тілі. БҰҰ-ның ресми, жұмыс тілі.

АРАЛЫҚ-ТІЛІ (дәнекер-тіл; орыс. язык-посредник): 1. Халықаралық қатынас тілі. Мыс., аралық-тілдерге БҰҰ-ның жұмыс тілдері мәртебесіне ие ағылшын, араб, испан, қытай, орыс, француз тілдері жатады. 2. «Ортақ» тілі болмаған жағдаятта қарым-қатынас тілі ретінде қолданылатын кез келген тіл. А-т ретінде табиғи тілдер де, сондай-ақ жасанды тілдер де қолданылуы



мүмкін. Тілдік контакті жағдайында бір тілдің немесе әртүрлі тілдердің базасында пайде болған қосалқы тілдер (койне, пиджин) А-т. ерекше түрлері болып табылады. 3. Қоланбалы лингвистикада А-т. бір тілден екінші тілге «А тілі – аралық-тіл – В тілі» үлгісі бойынша аударма жасауды қамтамасыз ететін екі және одан да көп тілдерден үйлесімді құрастырылған логикалық жүйе ретінде ұғынылады.

Қара: Әлемдік тіл, Ұлтаралық қатынас тілі

АРАМЕЙ ТІЛДЕРІ – семит тілдерінің бір тобы. И.Дьяконов бұл тілдерді солтүстік-орталық топқа жатқызады. А.т.-гі ең көне жазулар: Дамаск, Хам, Арпад, Шамаль, Ассирия жазулары (б.э.д. IX-VIII ғғ., классикалық немесе «империялық») Ахминид кеңсесі қолданған арамей тілі (б.э.д. - VI-IV ғғ.). Кейін А.т.: батыс набатей тілі (б.э.д. I ғ.- б.э.д. II ғ.); пальмира тілі (б.э.д. I ғ.-б.э.д. III ғ.); иудей-палестин тілі, самаритян тілі және шығыс (сирия, шығыс сирия диалкетісі) топтарына бөлінген. VIII ғ. бастап сирия тілін араб тілі ығыстыра бастайды.

АРГО (фр. argot сөзі, орыс. арго, ағылш. Sland) – лексикасының шарттылығымен, жасандылығымен, құпиялылығымен сипатталатын сөйлеудің әлеуметтік немесе кәсіби түрі; социолектің түрі. А. дұрысында бірыңғай жабық (деклассировтік) әлеуметтік топтарға немесе қауымдастыққа қатысты. Мыс., қайыршылар, ұрылар, кезбелер, хиппилер, саудагерлер, бандиттік топтар Агросы т.б.

АРЕАЛ (лат. area – алаң, кеңістік, орыс. ареал, ағылш. Area – белгілі бір фактінің немесе тілдік фактілер жиынтығының таралған облысы; белгілі бір тіл таралған аймақ (қар: Ареалдық лингвистика, Изоглосса).

АРЕАЛДЫҚ ЛИНГВИСТИКА – (лат. area – алаң, кеңістік, фр. Linguistique /лат. Lingua – тіл, орыс. ареальная лингвистика, ағылш. areal linguistics) – тілдік құбыстардың аумақтық таралуын зерттеу, изоглостарды тіркеу және түсіндіру үшін итальяндық неолингвистиканың, лингвистикалық географияның диалектологияның, тілдік қатынас теорияларының идеялары мен

әдістерін талдайтын, тілдердің, диалектілердің, тілдік одақтардың өзара әрекетінің ареалдарын анықтайтын және тілдік аралық, диалектіаралық қарым-қатынастарды сипаттайтын тіл білімінің саласы А. терминін Дж. Бартоли (1925 ж.) және Дж. Видосси.(1943 ж.) енгізген.

АРМЯН ЖАЗУЫ – 406 жылы Месроп Маштоц жасаған жазу. А. ж.-ың пайда болуы 301 жылы армяндар христиан дінін қабылдауымен байланысты. А. ж. – фонетикалық жазу. Алғашқы алфавитінде 36 әріп болған. А. ж.-ның шығу тегі толық анықталмаған, арамей және грек жазуларының әсері туралы болжамдар айтылып жүр.

АССОЦИАТИВТІК ЭКСПЕРИМЕНТ (лат. associare - қосылу + experimentum үлгі, тәжірибе, орыс. ассоциативный эксперимент, ағылш. association experiment) - сөздің ассоциативтік мағынасын анықтау, тіл тұтынушының ассоциативті-вербальдық жүйесін және ассоциативтік тезауруста берілген сөз-стимулдерге тікелей сөйлеу реакциясы арқылы сипаттау әдісі. Мыс., А.А.Леонтьевтің редакторлығымен шыққан «Словарь ассоциативных норм русского языка» – М., 1977; Ассоциативный тезаурус современного русского языка Т.1-2- М., 1994-1996; Ю.Н.Караулов Активная грамматика и ассоциативно-вербальная сеть. - М., 1999.

АССОЦИАТИВТЕНГЕН ТІЛ (лат. associare, орыс, ассоциированный язык) – заңдылық актілермен анықталған ерекше саяси-құқықтық (заңдылық) мәртебеге ие тіл; Үндістан А.т. мәртебесіне ағылшын тілі 1965 ж. ткейін алды (қар.: Тіл мәртебесі, Мемлекеттік тіл, Ресми тіл, Жергілікті тіл, Конституциялық тіл, Титульдық тіл, Жұмыс тілі).

АТЛАС (диалектологиялық) – белгілі бір аумақта тілдік ерекшеліктердің өріс алуын көрсететін диалектологиялық карталардың жиынтығы. А. жасау әр тілдегі диалектологияның дамуына аса қажетті құрал. Қазақ тіліндегі диалектологиялық атласты Т.Айдаров жасады.

АУДИРОВАНИЕ (лат.audire – есту) – сөйлеу әрекетінің рецептивтік түрі; ауызша хабардың мәнін ұғу, А. тілдік форманы айта



білу мен айтылған ойдың мазмұнын түсінуден тұрады. Тыңдаушының қандай да бір сөйлеуді ұғынудағы қиындықты анықтайтын жағдайларға сөйлеу әрекетінің бір-ақ рет айтылуы мен өте жылдамдығы, таныс емес адамның сөйлеуін түсінбеушіліктегі қиыншылық, дауыс пен сөйлеудің жекелік ерекшеліктері жатады.

АУСТРАЗИЯ ТІЛДЕРІ (австроазиат тілдері) – Оңтүстік Шығыс Азия мен Оңтүстік Азияда, Үнді мұхит аралдарының тұрғындары қолданатын тілдер. А.т. 8 тілдік топқа бөлінеді: семанг-сакай; вьетнам-мыонг; мон-кхмер; палаунг-ва; никобар; кхаси; мунда және нагали.

АФАЗИЯ (грек. aphasia) – адам миына зақым келу салдарынан пайда болатын сөйлеу қабілетінің бұзылуы.

АФРАЗИЯЛЫҚ ТІЛДЕР (афроазиат тілдері; семит-хамит тілдері) – Африканың солтүстігі, Батыс Азия, Мальта аралы тұрғындарының тілі. Сөйлеушілер саны 250 млн. адамға жуық. А.т. тарихы б.э.д. 8-9 мың жыл бұрын басталса керек. Ғылыми әдебиеттерде А.т. пайда болған жер – Алдыңғы Азия не Африка деп болжамдалып жүр. А.т. 5 (не 6) негізгі тармаққа бөлінеді: семит тілдері; көне египет тілдері; бербер-ливия тілдері; чад тілдері; кушит тілдері және омот тілдері.

АФРИКААНС (орыс. африкаанс) – XVII ғ. Голландиядан Оңтүстік Африкаға келген қоныс аударушылар тілі негізінде тараған креоль-тілдердің (кейбір мәліметтер бойынша пиджин тілі) бірі және нидерланд, неміс, ағылшын, француз диалектілері мен түпкілікті халық тілдерінің (готентот, банту, бушмен) араласқан тілі, теңізшілер мен құлдардың малай-португал креоль тілі. Қазіргі уақытта А. Оңтүстік Африка Республикасының аралас халқының басым бөлігі және ақ түстілерінің жартысына жуығы сөйлейді.

Ә

ӘДЕБИ ТІЛ (орыс. Литературный язык, ағылш. Standard (Literary) Language) – көптеген әлеуметтік салаларындағы (ғылым, мәдениет, дипломатия, заңгерлік, іскерлік қатынас, білім беру, күнделікті қатынас және т.б.) қарым-қатынас үшін біршама қолайлы, өңделген, нормаланған, стандартты тіл. Көркем әдебиет тілімен салыстырғанда (өйткені онда кодификацияланбаған тілдің өмір сүру формаларының-ауызекі сөйлеу тілі, жаргондар, диалектілер т.б. кез келген элементті қолданылуы мүмкін) әдеби тіл қатаң түрде кодификацияланған (қар.: Кодификацияланған тіл), нормаланған (қар.: Тіл нормасы, Тілдің нормалануы) жалпы көпшілікке таныс, міндетті, көпқызметті, әлеуметтік құштарлыққа ие. Ә.т.-ді мәдениеттің негізгі маңызды компоненті ретінде меңгеруге құштарлық бар (қар.: Тіл құштарлығы, Диалект).

ӘЗЕРБАЙЖАН ТІЛІ – түркі тілдеріне жатады. Әзербайжан, Грузия, Армения, Иран, Ирак, Түркия елдерінде тараған. Ә.т.-де 47 диалект бар: а) шығыс (құба, бақы, шемаха, мұңан, және ленқоран говорлары); ә) батыс (қазақ, қарабақ, гяндж диалектілері, айрұм говоры); б) солтүстік (нұха диалекті және закатал-қах говоры); в) оңтүстік (нахичеван, ордабад, тебриз диалектілері, ереван говоры).

ӘЙЕЛ ТІЛІ (орыс. женский язык, ағылш. woman language) - әйелдердің әлеуметтік, діни, танымдық шектеулер мен тиымдарды сақтай отырып, сондай-ақ өзара немесе еркектермен қарым-қатынаста қолданылатын тіл. Ә.т. әдетте өте консервативті, әйелдер сөздік қорында эмоционалды-бағалауыштық сөздер (әсіресе көбіне кішірейту-аялау) және эвфемизмдер өте көп. Мыс., жапон тіліндегі еркектер мен әйелдер сөйлеуінде есімдіктер, эмоционалды-экспрессивті частициялар мен сыпайылық формалары бойынша лексикалық айырмашылықтар бар; қазақ тілінде әйелдер көбірек қолданатын одағайлар, сондай-ақ әйелдерге тән паралингвистикалық құралдар бар; яка индейцтеріндегі еркек сөзі тек еркектер арасында, ал әйелдер сөзі тек әйелдер арасында ғана



болады (Э.Сепир). 90-ж бастап жаңа бағыт гендерлік зерттеулер қалыптасып, дамуда, жеке адамдардың қандай жыныс түріне жататындығына байланысты тілдік қатынастарында көрінетін мәдени, әлеуметтік, сондай-ақ өзге де факторлар талдануда, еркектік және әйелдік қасиеттер туралы стереотиптік түсініктер алынууда (қар.: Табу, Эвфемизм, Гендер, Гендерлект, Гендерлік лингвистика, Сексизм).

ӘЛЕМ ТІЛДЕРІ – жер шарында өмір сүретін (бұрын да өмір сүрген) халықтардың тілдері. Неміс ғалымдарының мәліметі бойынша – (1989) дүние жүзіндегі халықтар 5661 тілде сөйлейді.

ӘЛЕМДІК ТІЛДЕР (орыс. Мировой язык, ағылш. International language) – Біріккен ұлттар ұйымында ресми тіл және жұмыс тілі мәртебесіне ие тілдер: ағылшын, араб, испан, қытай, орыс және француз.

Ә.т. мәтебесіне ие болуымен қатар оның коммуникативтік деңгейінің көлемі ерекше жоғары болады: бұл тіл ұлттық тіл шекарасынан асып, мемлекетаралық, этносаралық тіл деңгейіндегі Ә.т. мәртебеге ие болумен қатар оның коммуникативтік деңгейінің көлемі ерекше жоғары болады: бұл тіл ұлттық тіл шекарасынан асып, мемлекетаралық, этносаралық тіл деңгейіндегі Ә.т. «Клубына» енеді.

ӘЛЕМ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ АТЛАСЫ – әлемде бірінші рет бүкіл жер шарының этностық бейнесін толық берген кеңестік картографияның іргелі өнімі. Атласты КСРО ҒА Н.Н.Миклухо-Маклай ағындағы этнография институты және Геодезия мен картография бас басқармасы құрастырған. Картаның авторлары Б.В.Анрианов, М.Я.Берзина, С.И.Брук, Я.Р.Винников, В.И.Козлов, П.И.Пучков, Г.Ф.Дебец және т.б.. Жауапты редакторы - С.И.Брук пен В.С.Апенченко. Атлас - іріформатты, 81 карта мен 17 кеспекартадан тұрады. Картада халықтың этникалық құрамы берілген (1600 халық белгіленген, оның ішінде 910-ның әрқайсысы ерекше бояумен көрсетілген, ал қалғандары тек аңыз түрінде белгіленген).

ӘЛЕМНІҢ ТІЛДІК БЕЙНЕСІ – әлемді тану мен меңгеру үдерісінде тіл тұтынушысына әсер ететін тілде бекітілген сыртқы

дүниенің саралануы мен категориялану ерекшеліктері. Ана тілінің әлемді таудағы әсерін кезінде В.фон Гумбольдт айтқан болатын, әрбір адамның әлем туралы түсінігі оның тілінде алдын ала берілген деп санаған ол: «Әрбір тіл өзін жаратқан халықтың айналасын, шеңберін сипаттайды, одан адамның шығуы тек оның өзге тілдің шеңберіне енгенінде ғана мүмкін болады», - дейді. Бұл идея одан әрі Э.Сепира, Б.Л.Уорфа, Э.Бенвенист т.б. ғалымдар еңбектерінде өз дамуын тапты. Қазіргі уақытта әлемнің ғылыми бейнесін кез келген тілде шамамен бірдей көрсету және әрбір жеке бір тілде өзіндік ерекшелігімен бейнеленетін «әлемнің аңғырт бейнесін» межелеп айыру қабылданған. Әлемнің тілдік бейнесінің өте жарқын ерекшелігіне этнос өмірінде ерекше маңызды орынды алатын шындықты белгілеу кезінде көрініс беретін айтуға болады, мыс., эскимос тілінде қардың (қардың қалпы мен рендік түсіне қатысты) көптеген атаулық түрлері бар.

Қара: Сепир-Уроф болжамы

ӘЛЕУМЕТТІК БАҒЫТ – тілді адамдардың қарым-қатынас құралы және әлеуметтік құбылыс ретінде танытын ағымдардың, тұжырымдардың (концепциялардың), мектептердің жиынтығы. Әлеуметтік лингвистикалық мектептердің барлығын Ә.б.-қа кіргізуге болады. Бүгін «Ә.б.» термині көбінесе шетелдік лингвистикаға байланысты қолданылып жүр. Батыстық лингвистикада тіл – әлеуметтік құбылыс ретінде қарастырылады. Ә.б. Францияда, Шведцарияда, АҚШ-та, Ұлыбританияда, Чехияда т.б. елдерде қалыптасқан. Бұл бағыттың өкілдері тілді алдымен байланыс (коммуникация) құралы деп білген, ал тілдің ойлаудағы рөлі екінші орынға қойылады.

Тілдің жүйе екенін, тілдік тілдік бірліктердің таңбалық табиғатын, тілдің негізгі қызметін байланысты екенін. Ә.б. мойындайды. Францияда Ә.б. өкілдері тілдегі әлеуметтік құбылыстарды қоғамын тыс қарастырған (Э.Дюркгейннің социологиясы). Олар тілдегі өзгерістердің себебін қоғамдағы өзгерістерден (А.Мейе) немесе байланыстың күрделенуінен және тілдік құралдарды үнемдеуден іздеген. АҚШ-та тіл – ұжымның тарихтан



қалған мұрасы ретінде танылған. Э.Сепирдің сөзімен айтсақ: «Мәдениет – қоғамның нені ойлап, немен айналысқанын көрсетсе, тіл – қалай ойлайтынын көрсетеді».

Осындай идеялар этнолингвистика теориясының, антропологиялық лингвистикалық негізіне алынады. Ә.б. идеяларын тіл философиясының кейбір ұғымдарымен ұштасады. Ә.б. идеяларын Н.Я. Марр қолданған.

ӘЛЕУМЕТТІК ПСИХОЛИНГВИСТИКА (лат. societas – қоғам + psyche – жан + lingua – тіл) – тілді қоғамдық құбылыс ретінде тіл білімі, әлеуметтану және психология ғылымдары қосылған жерден зерттейтін шекаралық пән.

ӘЛЕУМЕТТІК ЛИНГВИСТИКА ӘДІСТЕРІ (ағылш. Sociolinguistic method) – әлеуметтік лингвистиканың теориясы мен методологиясына байланысты зерттеулер тәсілдері, процедуралары, операция және әдістер жинтығы. Ә.л.ә. пәнаралық сипатта болады, олардың көмегімен әлеуметтік және тілдік құбылыстар өзара байланыста зерттеледі. Ә.л.ә. әр түрлі негіздер бойынша топтастырылады: а) материал жинау әдісі (Бақылау, Жасырын қосылған бақылау, Сауал алу, Эксперимент, Сауалнама жүргізу, Тестілеу т.б.), материалды өңдеу әдістері, бағалау әдістері, әлеуметтік лингвистикалық мәліметтер дұрыстығы, синхрондық және диахрондық әлеуметтік лингвистика әдістері; ә) зерттеуші белгілі бір дәрежеде белсенді әрі жиі түрде қолданылатын әдістер (Интервью, Сауалнама жүргізу, Эксперимент т.б.) және зерттеушінің рөлі мәтіндерді таңдау тілдік фактілерді саралауға құрылатын сирек қолданылатын әдістер (жазба мәтіндерді зерттеу, әр алуан бақылаулар т.б.) (қар.: Қолданбалы әлеуметтік лингвистика, Пилотажды эксперимент, Әлеуметтік лингвистикалық зерттеулер бағдарламасы. Статистикалық талдау, Сандық талдау).

ӘЛЕУМЕТТІК ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ МӘЛІМЕТТЕР ДҰРЫСТЫҒЫ (орыс. достоверность социолингвистических данных) – дәлдігімен және анықтылығымен өлшенеді. Алғашқы мәліметтерді жинауда және өзге зерттеушіден алынған мәліметті талдағанда сондай-ақ мәліметтің дұрыстығын, анықтылығын

камтамасыз етуде қандай әдісті таңдау қажет екендігін анықтау керек.

ӘЛЕУМЕТТІК ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ МӘЛІМЕТТЕР ЖИНАҒЫ (фр. *bangue / banco* деген сөзі, орыс. банк социолингвистических данных) – арнайы ұйымдастырылған әлеуметтік лингвистикалық зерттеулер нәтижелерінің жиынтығы, олардың эмпиристік және теориялық талдаулар қорытындысы.

Ақпараттар хронологиялық, аумақтық, пәндік және авторлық тәртіпте сақталуы мүмкін. Толық мәндегі Ә.л.м.ж.-сіз тілдер мен диалектілерді сипаттау мүмкін емес. Ресейдің аз санды халықтары тілдерінің (ЯМАЛ) Ә.л.м.ж. Ресей Ғылым Академиясы Тіл білімі институтының ұлттық-тілдік қатынастар бойынша ғылыми зерттеу орталығы арқылы құрылған, оған мынадай мәселелер енеді: тіл туралы жалпы мәлімет, туыстық және құрылымдық классификациясы, таралу аумағы, диалектілік жіктелістері, грамматикалық сипаттамасы, сөздіктері, оқулықтары туралы мәлімет, бір-біріне әсер етуші тілдер, жазу мәдениеті, этнос өкілдерінің тіл меңгеру дәрежесі, көстілділік дәрежесі, тілдің әлеуметтік қызметтері, көркем, ғылыми және басқа да әдебиеттері жөніндегі мәліметтер. Ә.л.м.ж. РФА Тіл білімі институтының халықаралық жобалары мен Лавал атындағы Университетінің Тілдік жоспарлау бойынша Халықаралық зерттеу орталығы (Канада, Квебек) мынадай көптомдық-әлемнің жазба тілдері атты басылымды шығаруға негіз салынды: Ресей федерациясының тілдері. Әлеуметтік лингвистикалық энциклопедия 1-кітап. М., Academia, 2000; *The Written Languages of the World A survey of the Degree and Modes of Use, Vol I-IV, 1998–1995; Vol, V, 1978–1998* (қар.: Әлеуметтік лингвистикалық мәліметтердің дұрыстығы, Әлеуметтік лингвистикалық зерттеулер бағдарламасы).

ӘЛЕУМЕТТІК ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ НОРМА (сөйлеудегі этикалық ережелер) – соның көмегімен жеке адамдар тілді, тілдік жүйені таңдауды немесе әлеуметтік мәдени биязы, сыпайы сөйленімді құру үшін жүзеге асыратын ережелер жиынтығы.

Қара: Тілдік норма



ӘЛЕУМЕТТІК ЛИНГВИСТИКА НЫСАНЫ (орыс. объект социолингвистики) – қоғамды қамтамасыз ететін тілдің немесе тілдердің қызмет ету тетіктері, олардың әлеуметтік-коммуникативтік жүйедегі өзара қарым-қатынасы. Ә. л. тілдің ішкі құрылымын зерттемейді, бірақ көптеген тілдің бірліктердің қоғамның әлеуметтік құрылысының элементтерімен себепті байланыстарын зерттейді.

ӘЛЕУМЕТТІК РӨЛ (лат. *socialis* – қоғамдық) – жеке адамның әлеуметтік мәртебесіне қатысты мүмкін болатын жалпыға тән стандарттар комплексі. Жеке адамдар бір-біріне қатысты әр алуан мәртебелік Ә.р. (жұмыс беруші-жұмысшы, әке-бала, сатушы-сатып алушы, басытқ-қызметкер т.б.), сондай-ақ жағдаятты (ситуациялық) Ә.р. (қонақ-үй егесі, клуб президенті-клуб мүшесі т.б.) атқаруы мүмкін.

ӘЛЕУМЕТТІК ШАРТТАР (лат. *socialis* – қоғамдық) – халық өмір сүретін нақтылы-тарихи жағдай. Ол әрқашан этностың, ұлттың әлеуметтік-экономикалық, мәдени және саяси деңгейімен бірлікте болады.

Б

БАЗИЛЕКТ – креоль тіл мен оның базалық тілінің араласуы нәтижесіндегі посткреолдық континуумдағы тіл варианты. Б. посткреолдық континуумдағы тілдер вариантының әлеуметтік лингвистикалық иерархиясында акролект пен мезолекттен кейінгі «төменгі сатыны иемденеді. Ол креолтілді қоғамдағы білімі деңгейі төмен әлеуметтік жіктер арасында пайдаланылады. Кейде акролектіге – «сарай тіліне» қарама-қарсы «қарапайым», «бұхаралық», «алаң тілі» деп те анықталады.

Қараңыз: Акролект, Мезолект, Тілдік континуум, Тілдің креолденуі

БАЛА ТІЛІ – тілдің даму онтогенезінің ерекше кезеңі. Сәбилер мен 8-9 жасар балалардың тілі. Б.т.-ін зерттеу психалингвистикада қарастырылған. Б.т.–не өзіндік синтаксис тән. Алғашқы кезеңдерде жай сөйлем көп қолданылады, олар қимылмен, интонациямен, мемикамен бірігіп, тілдің мағыналы болуын қамтамасыз етеді.

БАЛҚАН ТІЛДЕР ОДАҒЫ (орыс. Балканский языкой союз) – біртұтас географиялық кеіңістік шегіндегі ұзақ та үнемі тілдік байланыс (контакт) нәтижесінде қалыптасқан тілдік бірлестіктің ерекше типі. Б.т.о.-тілдердің өзара жақындасуының типтік үлгісі. Б.т.о.-дағы тілдердің ортақ грамматикалық белгілері, сондай-ақ сөздік қорында маңызды сәйкестіктер бар (Б.Говранек). Балкан тілдеріне бір грамматика және әр алуан лексика тән (Ф.Миколшич). Б.т.о.-ға мынадай тілдер жатады: болгар, македон, серб, хорват, румын, молдаван, албан, жаңа грек,. Б.т.о.-ға мынадай жалпы конвергентті белгілер тән: артикуляциялық базасының ұқсастығы (әсіресе а, е, і, о, и дыбыстары), экперираторлық екпін, ұзақ дауыстылар болып бөлінбейтіндігі, дауыстылар бір әуенмен, дауыссыздар ұзақ айтылатындығы, ілік және жатыс септіктерінің сәйкестенуі, деректі және дерексіздік категорияларының болуы т.б.

БАКТРИЯ ТІЛІ – иран тілдерінің бірі. Шығыс топқа жататын орта ирандық өлі тіл. Амударьяның жоғары ағысындағы Гиссар шыңы мен Гиндукуш аралығында (ежелгі Бактрия, ортағасырлық Тохарстан) жерінде тараған. Құшан патшалығы (I-III ғғ. аяғы) мен Эфталит мемлекетінің (V-VI ғғ.) ресми тілдерінің бірі болған.

БАҚЫЛАНЫЛАТЫН ТІЛ (орыс. контролируемый язык – оңайлатылған, жеңілдетілген табиғи тіл, ағыл. *controlled natural language, CNL*) – белгілі бір міндетті шешуге байланысты жасалған табиғи тілдің шектелген түрі. Б. т. – көпмағыналығын және күрделілігін азайту мен жою тәртібі арқылы грамматикасын, терминологиясын, және сөйленімдерін пайдалануды шектеулікпен алған табиғи тілдің қосымша түрі. Әдетте Б. т. екі топқа бөлінеді: бірінде барлық күш адам үшін оның ыңғайлы оқылуын (мыс., кімге мәтін тілі таныс болмаса) арттыруға арналса, екіншісінде бұл іс-шара автоматты мағыналық талдауға құрылған сенімді



тіл жасауға бағытталады. Бірінші типтегі тілдер (оларды көбіне «жеңілдетілген» немесе «техникалық» тіл деп атайды), мыс., ASD жеңілдетілген техникалық ағылшын тілі (бағдарламалауда қолданылады), қарапайым ағылшын тілі IBM өндірістегі техникалық құжаттамалардың сапасын арттыру және құжаттарды автоматты аударуды оңайлату мүмкіндіктерін қарастыру үшін қолданылады. Екінші типтегі тілдер формалды логикалық негізге ие, соған сәйкес олар формалды синтаксис пен семантикадан тұрады және оларды логиканы бірінші орынға қоятын кез келген формалды тілмен салыстыруға болады. Демек оларды қайта білім алу тілі ретінде пайдалауға болады және бұл тілде жазылған нәрселер бүтіндігі мен артық-кемдігі толықтай автоматты тексеруден өтеді, сұрауға жауап беріледі т.б.

БАЙҚАУДЫ КІРІСТІРУ (орыс. включенное наблюдение, ағылш. included position) – бақылау, яғни зерттеуші өзі бақылайтын іріктелген ақпарат берушілер жиынтығының, микроэлементтік бірліктің мүшесі бола отырып бақылау жүргізеді. Б.к. белгілі дәрежеде бақылаушы парадоксын жеңуге жәрдемдеседі.

БАЙЫРҒЫ СӨЗ (орыс. исконное слово, ағылш. vernacular word) – бастапқы лексикалық мағынасында сақталған белгілі бір тілдің сөзі. (қар.: Сөз ауысу, Кірме сөз)

БАЛТЫҚ ТІЛДЕРІ – үндіеуропалық тілдер тобы. Б.т. көне үндіеуропа тілінің жүйесін толық сақтаған деп есептеледі. Б.т. славян тілдеріне жақындығы бар және балқандық көне үндіеуропалық тілдермен (иллирия, француз т.б.) байланысы бар. Қазіргі Б.т. литван және латыш тілдері жатады. Жоғалған Б.т.-не прусс, ятвяж, курш, селон (селия), галинд (голяд) тілдері жатады.

БАСК ТІЛІ - генетикалық жағынан шектеулі тіл. Испанияның автономиялық провинциясында ресми тіл қызметін атқарады. Б.т.-де сөйлеушілердің саны 0,5 млн. адамдай, Б.т.-де Испания, Франция, Аргентина, Бразилия, АҚШ, Канада тұрғындары сөйлейді. Бұл тілдің иберия тілімен туыстығы жөнінде болжам дәлелденген жоқ. Қазіргі уақытта ғалымдар Б.т.-ін кавказ тілдерімен, олардың ішінде картвел тілдерімен тегі бір деген тұжырымға келіп отыр.

БАШҚҰРТ ТІЛІ – түркі тілдерінің бірі. Башқұртстан мен Ресей Федерациясында тараған. Екі диалектісі бар: шығыс (куақан) және солтүстік (ұрмат). Татар тілімен ұқсастығы бар. Түркі тілдеріне ортақ көне сөздерде *h (>с) фонема жоқ, сөз және буын басында өзіне тән арнайы – h. сөз ортасында –с,з дыбыстарын пайдаланады. Әдеби Б.т. XX ғ. басында қалыптасты. Жазуы – 1928 ж. дейін араб, 1929 ж. бастап бастап орыс графикасында.

БЕЙСИК (ағылш. Basic-сөздің бас әріптері. Beginners – алғашқы үйренушілер үшін + all – purpose-әмбебап+symbolie-символикалық + instruction-оқулық + code-код) – ақпараттық тілдердің бірі, бағдарлама тілі (язык программированная) Б. қарапайым құрылымға ие және компьютерді пайдаланудың бастапқы кезеңінде бағдарламалау үшін қолданылған.

БЕЙСИК ИНГЛИШ (ағылш. Basic – сөздің бас әріптері. Beginners- алғашқы үйренушілер үшін + all – purpose – әмбебап + symbolie – символикалық + instruction – оқулық + code – код + English – ағылшын, ағыл. Basic English, орыс. бейсик англиш) – халықаралық жасанды тілдердің бірі, британдық жазушы және лингвист Чарлз Кее Огден (1926–1930) жасаған, жетілдірілген ағылшын тілі. Б.и. атауын ол BASIC – British American Scientific Internatioal Commercial деп түсіндіреді. Б.и. халықаралық көмекші тіл ретінде қолдануға арналған, алайда кең қолданыс таппады. Б.и. лексикалық құрамы грамматикасы шектеулі, ондағы сөздік бірліктерді: 600 зат есімдерді, 150 сын есімдерді, 100 операциялық сөздерді (can, do, aross, after, to, the, all, if, not, very), 18 етістікті, яғни өзге сөзбен комбинациялау көмегімен 4000 жалпыға танымал ағылшын етістігін ауыстыра алатын сөздерді құрайды. Көптік мағынаны беруде бірнеше ережелер, сын есімнің салыстырмалы дәрежелері перефикс пен суфикстерді жалғау қолданылады. Б.и. әлі де болса ағылшын тілін үйренудің бастапқы кезеңінде ғана қолданылады. Б.и. Ч.К.Огденнің «Бейсик англиш» (1930), «Бейсиктегі сөздер» (1932) және «ABC Бейсик англиш» (1932) кітаптарында сипатталған.

БЕЛҮДЖ ТІЛІ (балучи) – иран тілінің солтүстік-батыс тобына



жатады. Пәкістан, Ауғанстан, Үндістан және Түркіменстанда тараған. Екі диалектісі бар: шығыс және батыс. Пәкістан мен Ауғанстанда араб графикасын қолданады.

БЕНГАЛ ТІЛІ (бенгали, бангло, банга-бхаша) – Үнді тілдеріне жатады. Бангладеш және Үндістанның батыс Бенгал штатында тараған. Екі диалектісі бар: батыс және шығыс. Б.т.-нің төл жазуы бар.

БИЛАБИАЛДЫ (латынның «bi» екі және «labiālis» еріндік деген сөзі), Сөз тіркесінде: еріндік (билабиалды) дауыссыз – ерін мен еріннің түйісуі жолымен жасалатын дауыссыз дыбыс, мысалы, «б», «п», «м». Б. еріндік дауыссыз дыбыстарға тән қасиет.

БИЛИНГВИЗМ (лат. bi, bis – қос + lingua – тіл, орыс. билингвизм, ағылш. Bilingualism) – бұл да қостілділік (қар.: Көптілділік).

БЛОГОСФЕРА (ағыл. *Blogosphere* деген сөзі) – «неосфера» және соған ұқсас сөздерден жасалған термин, ол бірлестік немесе әлеуметтік желі сияқты барлық блогтардың жиынтығын белгілейді. Әлемде ондаған миллион блогтар бар (2006 жылғы мәлімет бойынша), әдетте олар өзара тығыз байланыста болады, блоггерлер бірін-бірі оқиды және түсініктемелер береді, бір-біріне сілтеме жасайды, сөйтіп өзіндік субмәдениет жасайды. Б. әдеттегі веб-парақшалар мен интернет-форумдардан ерекшеленетін айырмасы бар. Бір-бірімен байланыстағы блогтар белсенді түрдегі бүкіләлемдік ақпараттық кеңістік құруы мүмкін. Б. қоғамдық пікір мен мәдени **мемдерді** зерттеудің маңызды ортасы болып табылады. Ол көбінесе осы заманғы жаһандық әлеуметтік тенденцияларды зерттеудегі академиялық және академиялық емес еңбектерде жиі есепке алынады. Ағылшын тіліндегі «*blogosphere*» сөзін алғашқыда әзіл ретінде Брэд Грэхэм ойлап тапқан. Одан кейін бұл терминді 2002 жылдың басында У.Квик қайта ойластырып, қолдануға енгізді. Алғашқыда бұл термин Ауғанстандағы америкалық операциялардан мәлімет беретін әскери блогтар бірлестігі дегенді білдірді. Одан кейін жылдам әрекет ететін, біршама тәуелсіз және күрделі бақыланатын жаңа ақпараттық кеңістік ретінде ұғынылатын болды.

БИХЕВИОРИЗМ (ағылш. Behaviour – мінез-құлық, тәртіп) – тіл білімінде психологияның бір бағытына негізделген тілдің мәні мен қызметі туралы көзқарастар жүйесі. Сыртқы қоршаған орта мен адам мінез-құлқының байланысынан Б. теориясы туындайды. Сөз – иммутция сол әсерге қайтарылған жауап (реакция) ретінде қарастырылады. Ал сананың қызметі жоққа шығарылады. Б. теориясы АҚШ пен Батыс Европада дүниеге келген. Б. әдістемелік негіздерінің позивитизм, прогматизм және операциялизммен байланысы бар. Тіл білімінде Б. ықпалында болған Л.Блумфельд бихевиористік теория жасаған. Бұл теория бойынша тіл – адамды қоршаған орта әсеріне бейімделудің бір түрі ретінде қарастырылды. Блумфельд арқылы Б. идеялары дисериптивті лингвистикада орын алған. Б. Американдық тіл біліміне үлкен әсерін тигізді. Бұл идеялар психолінгвистика арқылы енді. XX ғ. 80-жж. Б. ықпалы тіл білімінде біршама азаяды. Бірақ оның кейбір теориялық және методологиялық ұғымдары американдық лингвистикада даму үстінде.

БӨГДЕ СӨЗ (орыс. вкрапление) – код ауыстыруда, билингвтер мен монолингвтердің сөйлеуінде өзінің «шетелдік» екенінен хабар беретін, әдетте өзгермеген түрде қолданылатын шетелдік бірлік (сөз).

БУРЯТ ТІЛІ – маңғол тіліне жатады. Төрт аймақтық диалектісі бар: батыс (бұлағат-эхирит), аралық (алар-түңкің), шығыс (хорин), оңтүстік (цонгол-сартұл). Лексикасында: орыс, тибет, қытай, түркі, тұңғұс-манжур сөздері бар. ХҮІІ ғасырдың аяғында буряттар көне моңғол жазуын білген. 1931 жылдан бастап – латын, 1939 жылдан бастап орыс графикасында жазады. Қазіргі әдеби тілінің негізі – хорин диалектісі.

БҰҚАРАЛЫҚ СИПАТТАҒЫ ҚОСТІЛДІЛІК (орыс. мас-совая двучзычие) – мемлекеттік-әкімшілік құрылым халқының басым бөлігі қостілді болып саналатын билингвизм типі. Әдетте оның бір сынары мемлекеттік тіл болатын болса, ол сол мемлекеттегі барынша бұқаралық билингвизм болып табылады.



Мысалы, Ресейде бұқаралық сипаттағы қостілділікке ұлттық-орыс қостілділігі жатады.

Қара: Билингвизм, Қостілділік

БҰЛҒАР ТІЛІ – түркі тілдерінің ішіндегі өлі тіл. ҮІІ ғасырда Ұлы Бұлғар мемлекеті ыдырағаннан соң, тайпалардың бір бөлігі Дунай мен Еділ өңіріне қоныстайды. Тайпалардың біразы Азау маңына көшіп барады. Сондықтан осы тайпалардың тілін – дунай, еділ, кубан-бұлғартілі деп атайды. Б.т. туралы мәліметтер өте аз.

БІРІНШІ ҚОЛДАНЫСТАҒЫ ТІЛ (орыс. функционально первый язык) – билингв меңгерген қолданылуы ең жиі екі (немесе одан да көп) тілінің бірі. Бірінші қолданыстағы тіл рөлін билингвтің ана тілі атқаруы да, керісінше, егер сөйлеушінің өмірлік қажеттіліктеріне сәйкес ең жиі қолданатын екінші тілі орындауы да мүмкін. Қатынастың түрлі салаларында бірінші тіл рөлін әртүрлі тілдер атқарады, мыс., бейресми қарым-қатынас салаларында, отбасылық қатынаста, билингв ана тілін пайдаланса, ресми салаларда (кәсіби қызмет т.б.) Б. қ. т. екінші тіл болып табылады.

Қара: Билингв, Билингвизм, Ана тілі, Екінші тіл, Меңгерілген тіл

БІРІНШІ ТІЛ (орыс. первый язык): 1.Билингвтің ана тілі. 2.Билингвтің бірінші қолданатын тілі (оған ана тілі сәкес келі де келмеуі де мүмкін).

Қара: Екінші тіл, Ана тілі, Бірінші қолданыстағы тіл

В

ВАЛИДТІЛІК (ағылш. Validity – маңызды, қолданыстағы) – ғылыми сипаттамалармен зерттелген нәрсеге сәйкестілік; талапқа сәйкестілік. В. нақтылығы әлеуметтік лингвистикалық мәліметтің дұрыстығын көрсетеді.



ВАРВАРИЗМ (грек. barbaros – бөтен жерлік, орыс. варваризм, ағылш. Barbarism) – фонетикалық жатық дыбысталудан өтпеген, тіл тұтынушыларға бөтендік, өгейлік ретінде сезілгенмен көбірек қолданылатын, алайда тілдің лексикалық жүйесіне енбеген шет елдік сөз немесе тіркес (қар.: Кірме, Байырғы сөз).

ВАРИАНТТЫЛЫҚ (лат. variantis – өзгеруші, орыс. вариант-ивность, ағылш. Variation) – тілдің қызмет етуі мен коммуника-тивтік қажеттілігін қамтамасыз ететін тілдік бірліктердің фундаменталды және әмбебаптық қасиеті. Тілдің әрбір бірлігі өзі білдіретін мағынада қала отырып, көптеген варианттарда да жұмсала алады. Ол перифазалық әмбебаптық икемділікті жүзеге асырады, тілдің аумақтық, әлеуметтік, стилистикалық, функционалдық, ұлттық т.б. түрде өмір сүреді.

ВЕДА ТІЛІ – (ведикалық тіл) – көне үнді тілінің ежелгі түрі. Индуизм дінінің тілі. В.т. екі түрі белгілі: мантралық (поэзиялық) және прозалық тіл. Мантралар 4 ведадан құралған, олардың ең көнесі – «Ригведа». В.т. –нің прозасында ведаларға жасалған түсініктемелер мен ведалардан туындайтын философиялық тұжырымдар беріледі. Ведалық проза тілі санскрит тіліне өте жақын.

ВЕНГЕР ТІЛІ – фин-угор тілдерінің угор тармағына кіретін тіл. В.т.-де Венгрия, Югославия, Австрия, Чехия, Словакия, Румыния елдері сөйлейді. Венгрия Республикасының ресми тілі. В.т.-нің 8 диалектісі бар. В.т. агглютинативті тілдеге жатады. Грамматикалық құрылымында род категориясы жоқ. 20-дай септігі бар, етістіктің 3 жақ, 3 рай түрі бар. Сөзжасамында суффиксация мен сөз тіркесі кең пайдаланылады. Венгер әдеби тілі ХҮІ ғ. бастап қалыптасқан. Жазуы латын графикасында.

ВЕРИФИКАЦИЯ (фр. verification, лат. ver us – шындық +facere – істеу, жасау) –фактілер мен нақтылы істің сәйкестігінен тұратын әлеуметтік лингвистикалық жорамалдардың бағалану процедурасы; теориялық болжамдардың шынайлығын, олардың дұрыстығын тәжірибе жолымен белгілеп тексеру; жорамалдардың шынайлығын эмпирикалық қуаттау.



ВОЛЯПЮК – 1879 жылы Йоганн Мартин Шлейер (Германия) жасаған халықаралық жасанды тілдердің бірі. Бұл - лексикалық қорында формасы өте қатты өзгеріске түскен табиғи тілдің сөздері (ағылшын, неміс, француз, латын және т.б.) бар априорно-апостериорлық аралас типке жататын тіл. Емлесінде фонетикалық қағидат басым. В. 1879-1889 жылдар аралығында өзінің қолданылу шыңына жетті де, одан соң барынша жетілген жасанды тіл – эсперантоның пайда болуына байланысты құлдырауы басталды.

Қараңыз: Жасанды тіл, Эсперанто, Жоспарлы тіл

ВУЛЬГАРИЗМ – дөрекі сөйлеу.

Г

ГАГАУЫЗ ТІЛІ – түркі тілдерінің бірі. Негізінен Молдова (Комрат, Шадыр-Лунк, Вулканешт, Бессараб аудандары) және Украинаның Измайл облысында тараған. Екі диалектісі бар: шадыр лунк-комрат (орталық) және вулканешт (оңтүстік). Аралас говорлар да кездеседі. Г.т.-нің лексикасында араб, парсы, грек, славян, роман тілдерінен енген сөздер көп кездеседі. Г.т. халықтың ауызекі тілі ретінде қызмет етеді. Орыс графикасындағы жазу 1957 жылы енгізілді.

ГЕНЕРАТИВТІ ГРАММАТИКА – қар.: генеративті лингвистика.

ГЕНЕРАТИВТІ ЛИНГВИСТИКА (лат. generativus – туындаушы) – XX ғ. 50-60 жж. Н.Хомский идеялары негізінде лингвистикада пайда болған формальді бағыттың бір тармағы. Г.л.-да тіл формальді модель (үлгі) ретінде қарастырылады. Тілдегі формалдымоделдің негізгі – өзгеріс жасаушы (туындаушы) грамматикалар немесе өзгерістік грамматикалар. Бұл теория АҚШ-та американдық дескриптивизмге және сөйлемді құрамына қарай синтаксистік талдау тәсіліне жауап ретінде дүниеге келді (қар.: Дескриптивті лингвистика).

ГЕНДЕР (ағылш. gender – род, жыныс, орыс. гендер) – таза тілдік категория болып саналғанымен (кейде мәдениет концепті ретінде қарастырылады) тілдік формалар мен мағыналарда көріне алатын әлеуметтік (әлеуметтік-мәдени) жыныс; Г. әлеуметтік философия, әлеуметтану, тарих, саясаттануда әлеуметтік жынысты биологиялық жыныстардан бөлектеу үшін қолданылады.

Гендерлік зерттеулер тіл білімінде пәнаралық мәнге ие (қар.: Гендерлект, Әйелдер тілі, Сексизм, Гендерлік лингвистика).

ГЕНДЕРЛЕКТ (ағылш. gender – род, жыныс + (dia) lektos – диалект, орыс. гендерлект) – ер немесе әйел тілі; бір этникалық тіл, ұлттық тіл шегіндегі әйел немесе еркектің лексикалық, эмоционалдық-экспрессивтік, грамматикалық, стилистикалық ерекшеліктері. (қар.: Гендер, Гендерлік лингвистика, Сексизм).

ГЕНДЕРЛІК ЛИНГВИСТИКА (орыс. гендерная лингвистика, ағылш. Gender Linguistics) – тілдің жыныс бойынша түрлі тұтынушыларына байланысты тілдік құбылыстарды зерттейтін ерекше лингвистикалық пән (қар.: Әйелдер тілі, Гендер, Гендерлект, Сексизм).

ГЕНОЦИД (genos mer + лат. caedere – өлтіру, сөзбе-сөз алғанда тегін, тайпасын жою, құту, орыс. геноцид) – халықтың жекелеген тобын нәсілі, ұлты, этносы, тілі мен діні бойынша жою, сондай-ақ осы топтарды түгелдей немесе біртіндеп табиғи жоюға есептелген, ойластырылған әрекеттер; биологиялық геноцид – бала тууды болдырмауға арналған шаралар. Апертеиданың кейбір актілері геноцид болып табылады.

«Генецидтік қылмыстың алдын алу және ол үшін жазалау туралы» халықаралық конференция (1948 ж) геноцидтік қылмыс жасаушыларға халықаралық жауапкершілікті белгілейді. Тілдік геноцид мысалына Франциядағы Ұлы төңкеріс кезеңіндегі «ұлт тұтастығы» үшін аймақтық тілдер мен диалектілерді толықтай жою идеясын атауға болады. Онда барлық ресми құжаттар арнайы декретке (1794) сәйкес тек француз тілінде жазылып, толықтырылған (қар.: Лингвоцид, Дискриминация, Сегреция).



ГЕРМАН ТІЛДЕРІ – үндіеуропалық тілдердің батыс аралына жататын туыстас тілдер тобы. Г.т. үш топқа бөлінеді: солтүстік, (швед, дат, норвеж, исланд, фарер), батыс (ағылшын, неміс, нидерланд, люксембург, африкаанс, фриз, идиш) және шығыс тілдері (өлі гот, бургунд, вандал, гепид, герул), Г.т.-нің ерекшеліктері: бірінші буынға түсетін динамикалық екпін; екпінсіз буындардың редукциясы (әлсіреуі); дауыссыздардың жылжуы; аблаутты кең пайдалануы. Қазіргі Г.т.-де жалпыгермандық вокализм жүйесі (i,u,a,i,u,ae,j,eu,ai,au) өзгеріске ұшыраған. Г.т.-не қысқа және созылыңқы дауыстылардың оппозициясы (қарама-қарсылығы) тән. Барлық Г.т.-де (швед тілінен басқа) дифтонгтар кездеседі.

Г.т.-нің грамматикалық қатарына аналитизм тенденциясы тән. Оның айқын көрнісін есімдіктердің септелуінен байқауға болады. Септеу категориясы Г.т. жалпы септік пен ілік септіктердің қарама-қарсылығымен сипатталады (ағылш, дат, швед, норвеж, нидерланд, фриз).

Төрт септіктен тұратын жүйе тек неміс, исланд, фарер тілдерінде сақталған, ал африкаанс тілінде септеудің көрінісі жоқ. Г.т.-де септік қатынастар сөз тәртібі мен префикстік құрылыс арқылы беріледі. Род категориясы Г.т.-нің бесеуінде ғана бар (неміс, норвеж, дат, нидерланд, фриз тілдері) Ал швед, дат, нидерланд, фриз тілдерінде екі «род» түрі бар: жалпы және орта. Ағылшын және африкаанс тілдерінде род категориясы жоқ. Барлық Г.т.-де артикаль болады. Герман етістігінің септелу жүйесінде етістіктің претират жасау тәсіліне байланысты «әлді» немесе «қате» етістіктер дентал суффиксін қолданады. Шақ тұлғалар жүйесі – презене, претират, плюкс-вамперфект, келер шақтың I және II, өткен шақтық келер шақтың I, II біріктіреді. Исланд тілінде – келер шақ тұлғасы, африкаанста – флективті претират болмайды. Тек ағылшын тілінде ғана шақтық ерекше ұзақ тұлғалары бар. Ең көп шақ тұлғалардың түрі 16, ең аз – дат және африкаанс (6) тілдерінде кездеседі. Жай сөйлем құрылымында сөз тәртібі қатаң сақталады (ағылш, африкаанс). Г.т.-нің лексикасындағы кірме сөздердің ең алғашқы

катпарларында кельт, латын, грек сөздері, ал кейінгі қабатында латын, француз тілдерінен енген сөздер бар. Лексиканың таза (ол бастағы) германдық негізі исланд тілінде сақталған. Бұл тілде кірме сөздер жоқтың қасы. Ағылшын тілінің сөздік құрамында скандинав, латын, француз, сөздері көп кездеседі. Аффикс арқылы жасалатын есімдіктің сөзжасамында суффикс, ал етістік сөзжасамында – префикс пайдаланылады. Конверсиялық сөзжасам ағылшын тілінде ғана жақсы дамыған. Г.т.-нің даму тарихын шартты түрде үш кезеңге бөлуге болады. 1. Көне кезең (жазудың пайда болуынан – XI ғ. дейін) – тілдердің қалыптасуы. 2. Орта кезең (XII-XV ғғ.) – Г.т.-де жазудың дамуы және тілдердің әлеуметтік қызметінің өрісі кеңейуі; 3. Жаңа кезең (XVI ғ. бастап қазіргі уақытта дейін) – ұлттық тілдердің қалыптасуы мен нормаға түсуі. Ұлттық тілдің қалыптасуы Англияда – XVI–XVII ғғ., скандинав елдерінде – XVI ғ., – Германияда – XVIII ғ.-да аяқталған. Норвегияда әдеби тілдің екі түрі бар: риксмол (1929 ж. бастап букмол) және лнасмол (1929 ж. бастап нюнер). Ағылшын тілінің әдеби түрі Канадада, АҚШ-та, Австралияда пайда болды. Австрияда неміс тілінің австриялық түрі, ал Шведцарияда - шверцар диалектісі бар. Люксембургте люксембург тілі ұлт тілі статусын иеленді. (1984 ж.) Герман жазба ескерткіштері «руналық» жазумен жазылған: үлкен руналар (VIII – IX ғғ.), кіші руналар (IX – XII ғғ.) пунктуальды руналар (XI – XIII ғғ.) және гот алфавиті (IVғ.) Латын грфикасы христиан дінімен бірге Англияға – VII ғ., скандинав елдеріне – XI ғ., Германияға – VIII ғ. келген.

ГЕОСАЯСИ САНА-СЕЗІМ – жеке адамның суперэтносқа жататынын ұғынуы, жете түсінуі.

Қара: Ұлттық сана-сезім, Мәдени сана-сезім, Суперэтнос

ГЕТЕРОМОРФ ТІЛДЕР (грек. hetero – өзге, басқа + morphe – форма (түр) сөзбе-сөз алғанда алуан құрылымды, орыс. гетероморфные языки, ағылш. hybrid language) – әр түрлі тілдер типіне жататын тілдер, яғни типологиялық (құрылымдық) әр алуан тілдер. Мыс., орыс (флективті) және қазақ (аггюнативті) тілдер Г.т. ретінде классификацияланады (топтастырылады) (қар.: Гемоморф тілдер. Тілдік жағдаят, Тілдер классификациясы).



ГЕТЕРОГЕНДІ ЭТНОС (орыс. гетерогенный этнос, ағылш. Heterogeneous) – тілдік жағынан әр алуан этнос, мыс., Қазақстан халқы – (салыст: Гомогендік этнос)

ГЕТРЕРОГЕНДІ ТІЛДЕР (грек. hetero – өзге, басқа + genes біркелкі емес, орыс. гетерогенные языки, ағылш. heterogeneous language) – туыстас емес, сондықтан жақын, ұқсас тілдер емес. Мыс., орыс (словян) және қазақ (түркі) тілдері гетрерогендік тілдер ретінде классификацияланады. (қар.: Гомогендік тілдер, Гетероморф тілдер, Тілдік жағдаят)

ГЛОССАРИЙ (лат. glossarium – сөздік, орыс. глоссарий, ағылш. Glossary) – қандай да бір мәтіннің немесе оның үзіндісінің түсіндірме сөздігі. Мыс., жазба ескерткіштің Г., Екінші тіл оқулығының мәтіннің Г.

ГЛОТТОГЕНЕЗ (грек. glotta – тіл, сөйлесу + genesis – пайда болу, орыс. глоттогенез, ағылш. Glottogenesis) – 1. Өзге танбалар жүйесінен ерекшеленетін адамзаттың табиғи дыбыс тілінің пайда болу процесі. Г. теориясы антропологтар мен паленеверолгтардың бірлесуімен XX ғ. бойында жасалды. (А. Тромбетти, Б. Розенкранц) 1984 ж. Г. зерттеу бойынша халықаралық қоғам Парижде құрылды. Г. зерттеу нәтижесінде ғалымдар табиғи дыбыстық тілдің пайда болуына, оның алғашқы адамдар мен бүгінгі адамдар арасындағы дыбыстауларына жақын екендігіне мақсатты түрде жатқызады. (Homo sapiens шамамен 100 мың жыл бұрын). 2. Тілдің диахрониялық әлеуметтік лингвистиканың пәні ретінде пайда болуы (құрылуы). Г. мынадай факторлар сипатталған: тарихигендік (қар: Дивергация), тілдік қатынас (қара: Билингвизм, Интерференция), тіл кодификациясы + стандартталуы (қара: Тіл саясаты, Тілдік жоспарлау), диалектілердің бөлінуі (миграция, изоляция, басып алу), пиджиндердің, креол тілдердің қалыптасуы, ұлттың қалыптасуы, этникалық тұтастық + сәйкестілік, діни ағымдар, жаңғырту, жеке адам қызметінің нәтижесі (Дамге, Лютер, К.Ататүрік т.б.) сауда қатынасы, құлдық, плантациялық шаруашылық, сондай-ақ халықаралық жасанды тілдері жасау жоспары (қар.: Тілдің пайда болуы, Тіл моногенезі, Тіл Онтогенезі, Тіл филогенезі).

ГОВОР (ағылш. subdialect) – тілдің шағын аумақтық түрі, селолық типтегі бір немесе бірнеше елді-мекендегі тұрғындарының тұрмыстық қатынас құралы. Белгілі бір тілдегі Г. жиынтығы диалектіні құрайды (қар.: Наречие, Тілдің дивергентті дамуы)

ГОМЕГЕНДІК ТІЛДІК АХУАЛ – туыстас тілдер компоненттерін қамтитын тілдік ахуал, сысалыс., Воронеж облысында –орыс және украин тілдері; Мордва республикасында –мордва мокшасы мен мордвалық эрзя тілі.

Қара: Гетерогендік тілдік ахуал, Тілдік ахуал.

ГОМЕГЕНДІК ТІЛДІК ҰЖЫМ – қандай да бір әлеуметтік лингвистикалық белгілерінің (немесе олардың жиынтығының) бөліп-жаруға болмайтын ұжым түрі. Мыс., бір сыныптың оқушыларын жасы, білімі, этникалық тегі жағынан бірдей деп сипаттауға болады.

Қара: Гетерогендік тілдік ұжым, Тілдік ұжым.

ГОМОГЕНДІК ТІЛДЕР (грек. homogenes – бірдей, бірыңғай, орыс. Гомогенные языки) – туыс және сондықтан типологиялық ұқсас тілдер. Мыс., қазақ және қырғыз тілдері түркі тілдеріне жатады. Г.т. ретінде қарастырылады. (қар.: Гетерогендік тілдер, Гомоморфтік тілдер, Тілдік жағдаят).

ГОМОГЕНДІ ЭТНОС (грек. homo-бірыңғай, бірдей, бірыңғай, орыс. гомогенный этнос) – тілдік жағынан бірыңғай этнос / халық. Мыс. Венгрия Г.э. (қар.: Гетерогенді этнос).

ГОМОМОРФ ТІЛДЕР (грек. homo – бірыңғай, бірдей + morphe – құрылым, орыс. гомоморфные языки) – бір типологиялық кластағы тілдер, мыс., қазақ және қырғыз тілдері агглютинативті типтегі тілдерге жатады. Г.т. ретінде қарастырылады (қар.: Гетероморф тілдер, Гомогенді тілдер, Тілдік жағдаят, Тілдер классификациясы).

ГРАММАТИКАЛЫҚ МИНИМУМ – оқушылардың оқу мерзімінің белгілі бір аралығында міндетті түрде меңгеруге тиісті грамматикалық материалдар. Г. м.екі түрі бар: активті (сөйлеу әрекетінің барлық түрінде грамматикалық материалды қолдану қабілеттілігі) және пассивті (грамматикалық материалды оқылым



мен жазылымда тану қабілетілігі). Г. м. іріктеудің негізгі белгісіне қандай да бір грамматикалық құбылыстың қолдану жиілігі, ерекше мағыздылығы, синонимдері, формалары, грамматикалық құрылыстың үлгілігі мен типтілігі жатады. Актив Г. м. төменгі сыныптарда, пассив Г.м. жататын біршама күрделі грамматикалық құбылыстар жоғары сыныптарда оқытылады.

Қара: Лексикалық минимум

ГРАФФИТИ (итал. Graffiti / graffito – тырналған, орыс. граффити, ағылш. Graffiti) – 1. Тұрмыстық сипаттағы көне жазбалар, мыс., ыдыстар, кесе, табақ т.б. қабырғаларына тырналып салынған суреттер. 2. Аэрозолдық бояулар арқылы қабырға, қақпаларға салынған жазбалар.

ГРЕК ЖАЗУЫ – алфавиттік жазу. Бастауын финиеиялық жазудан алады. Б.э.д. IX–ҮІІІ ғғ. пайда болған. Гректер алфавит жазуына дейін тізбелі буынды жазуды қолданған (крит жазуы). 27 әріптен тұратын классикалық грек алфавиті б.э.д. V–IV ғғ. иония (милет) жазуынан тарайды. Жазу бағыты – солдан оңға қарай. Шығыстың Г.ж. копт, гот, славян, армян, грузин, этруск, латын жазулары тарайды.

ГУМБОЛЬДТ ІЛІМІ – жалпы тіл білімі мен тіл философиясының негізін қалаушы В.Гумбольдтың философиялық, лингвистикалық бағдарламасы негізінде қалыптасқан тілге деген көзқарастары мен тілді зерттеу тәсілдерінің бірлігі (жиынтығы). Бұл бағдарламаның теориялық методологиялық негізінде тілді зерттеудің антропологиялық негізі жатыр. Осыған сәйкес тілді зерттеу адамның ой-санасымен, ойлау қабілетімен, мәдениетімен және рухани өмірімен тығыз байланысты болуы қажет. Гумбольдтың лингвистикалық концепциясы XVII–XVIII ғғ. – дағы тілдің тарихқа қайшы және механикалық концепцияларына жауап ретінде дүниеге келді. Г.і. И.Гердердің тілдің табиғаты мен шығу тегі, тіл мен ойдың, ой мен «халық рухы» байланыстылығы туралы идеяларына, сонымен қатар Шлегелдің тілдердің типологиялық (морфологиялық) жүйесі теориясы негізінде жасалған. Гумбольдтың философиялық көзқарастары неміс классикалық

философиясынан туындайды. (И.Кант, И.В.Гете, Ф.Гегель, Ф.Шиллер, Ф.В.Шеллинг, Ф.Г.Якоби т.б.). Гумбольдтың пікірінше, тіл – адам рухының қызметі, адам жанының тереңінен шығатын және оның бүкіл болмысына тарайтын халық энергиясы.

Тіл – аяқталған іс немесе зат емес, ол – қызмет. Тілде рухани өмірдің нәтижелері ғана емес, өмірдің өзі де көрініс табады. Тілдің шынайы анықтамасы тек генетикалық анықтама болуы мүмкін. Тіл – адамның бүкіл іс-әрекетінің негізі болып табылатын адам рухының басты қызметі. Адамды адам ететін күш – тіл. Адам өзінің тілдік қабілетін оята отырып, басқалармен тілдік қарым-қатынас жасай отырып, әр уақытта өз күшімен өзінің тілін жасайды. Тіл – өлі жеміс емес, ол тудырушы процесс, туынды. Тілдің дүниеге келуі, Гумбольдтың пікірінше, ұғым мен дыбыстың тұтастығынан шығатын, дыбысты ойдың тірі көрінісіне айналдыратын синтетикалық процеске байланысты.

Синтез екі логикалық жүйелі байланысы бар кезеңнен тұрады: 1) тұлғаланбаған дыбыс пен ойды бөліп қарастыру және артикуляцияға түскен дыбыс пен тілдік ұғымды қалыптастыру; 2) осы екеуін тұтас бірлікке айландыру.

Тілдік синтез және туындау (порождение) ұғымдарымен тығыз байланыста болатын ұғым- тіл тұлғасы ұғымы. Тіл тұлғасы, Гумбольдтың ойынша, рухани бірліктегі жеке тіл элементтерінің синтезі. Кез келген тілдің тұлғасы – сол тілді сөйлейтін адамдардың рухани қасиеттерімен мызғымас байланыста болатын, қайталанбайтын жаратылыс. Гумбольдт «ішкі» және «сыртқы» тілдік тұлғаны бөліп қарастырған. «Ішкі тіл тұлғасы» туындаудың түбегейлі принциптеріне байланысты болғандықтан, тіл құрылымының бүкіл ерекшеліктерін айқындайды, ал «сыртқы» тұлға (дыбыс, грамматика) ішкі тұлғаның көрінісі болып табылады.

Тілдің қажеттілігі, Гумбольдтың пікірінше, мынадай: 1) «сырт» әлемді ой-санаға қондыру; 2) адамдар арасында түсінушілік болуы үшін делдалдық қызмет атқару, олардың ойы мен сезімін білдіру; 3) адамның ішкі қуатын дамыту құралы болу, оның ойлау қабілетін, сезім-қуатын ынталандырып, дүниетанымын арттыру.



Гумбольдың ойынша, тіл – ой тудырушы құрал. Ойлау қабілеті тілге тәуелді ғана емес, нақты тілдің ықпалында болады. Тілдер – ұлттық ой-сананың өзіндік құралы болып табылады. Оның түсінігінше: тіл – әлемнің тікелей айнасы ғана емес, адам тіл арқылы әлемді түсінеді. Әр түрлі тілдер әр түрлі дүниетанымдарға ие болады. Оларда бір заттың әр түрлі атауы ғана кездеспейді, керісінше, сол заттың әр түрлі көрінісі таңбаланады.

Сөз – заттың тек таңбасы ғана емес, ол осы заттың әсерінен адамның ішкі дүниесінде пайда болған сезімдердің бейнелік таңбасы. Тіл жасалу нәтижесінде сол заттың түсінігі пайда болады. Жеке заттарды атау негізінде, кез келген тіл шын мәнінде шығармашылықпен айналысады. Сол тілде сөйлейтін халық үшін әлемнің бейнесін жасап береді. Гумбольдтқа сүйенсек, әр тіл өз халқы үшін белгілі шеңбер құрады, бұл шеңберден тыс кетсе басқа шеңберге түседі.

Дүниетаным жүйесі ретінде, тіл адамның жүріс-тұрысын да реттейді; адамның заттарға деген көзқарасы тілге де байланысты. Гумбольдттың пікірінше, тіл-үнемі қозғалыста болатын тепе-теңдік. Гумбольдт тілдегі мынадай карама-қарсылықтарды ажыратады: әрекет-зат, жекелік-бұқаралық, қажеттілік-еркіндік, сөйлеу-түсіну, сөйлеу-тіл, тіл-ойлау (адам рухы), тұрақтану-қозғалу, логикалық-стихиялық, объективті-субъективті.

Гумбольдт бағдарламасының теориялық-методологиялық негіздерінің ерекшеліктері мынадай: 1) адам мен тілді зерттеудегі табиғи және әрекеттік принциптердің синтезі (бірлігі) – тіл, ол-рухтың организмі және рухтың әрекеті; 2) диалектикалық көзқарас; 3) тілге деген жүйелі- тұтастық көзқарас; 4) тіл сипатында құрылыстық-статикалық көзқарастан гөрі динамикалық процессуальды генетикалық көзқарастың маңыздырақ болуы; 5) тілді өзін-өзі тудыратын (жасайтын) организм ретінде түсіну; 6) нақтылы тарихи кезеңде тіл дамуының тарихи талдауынан гөрі тілге деген уақыттан тыс (панхроникалық) көзқарастың маңыздылығы; 7) тіл организміне қарағанда, сөйлеуге көбірек көңіл бөлу; 8) әлемдегі нақтылы тілдерді бағалаумен қатар, тілді жалпы адамзат мұрасы деп қарастыру; 9) тілдің тек өзін ғана зерттеп қоймай,

адамның басқа да рухани әрекеттерімен, ең алдымен өнермен байланыстыру; 10) тілді философиялық-абстрактылы тұғыдан қарастырумен қатар, ғылыми тұрғыдан да зерттеу.

Гумбольдттың пікірінше, ең басты лингвистикалық пән – салыстырмалы тіл тану, оның салыстырмалы тіл білімімен және тілдердің типологиясынан түбегейлі айырмашылықтар болуы қажет. Салыстырмалы тіл тану абстрактылы схема емес, «жалпы тіл» емес, немесе тіл мен ойлаудың арасындағы бірдеңе емес, ол – дүниені ойға айналдырудағы жалпы адами тілдік қабілет болып табылады.

Ғ

ҒАЛАМДАСТЫРУ (нем. Globalition / лат. globus – шар, орыс. глобализация, ағылш. Globalstion) – ғаламдағы өзгерулердің қоршаған ортаға және қоғамға әсер етуі; әлемдік мәдениеттің пайда болуы және ұлттар арасындағы халықаралық қауымдастық пен бүкіләлемдік еңбек бөлінісінің күшейген фонындағы ұлттық ғұрыптардың араласуы. Ғ. сауатты қоғамның пайда болуымен, ғаламдық ақпарат жүйесі таралуымен, көп санды халықаралық ұйымдардың өмір сүруімен, әлемдік тілдердің таралуымен, аз санды халықтар тілінің жоғалуымен байланысты ұзақ болатын құбылыс (қар.: Тілдік кедергі, Миноритарлы тіл, Жойылушы тілдер, Тіл өлімі).

Д

ДАКТИЛОГИЯ (грек. dactilos – саусақ + logos – сөз) – қол саусақтары арқылы берілетін алфавит. Мыс., ағылшын, орыс, поляк дактиологиясы; Д. көмегімен мылқаулардың қарым-қатынас жасау тәсілі жүзеге асады (қол әліппесі, қол тілі) (қар: Жест тілі).



ДАРИ ТІЛІ (фарси-кабули, қабыл-парсы тілі) – иран тілдерінің оңтүстік-батыс тобына жататын тіл. Ауғанстанның әдеби тілдерінің бірі. Сөйлеушілер саны 5 млн. жуық. Д. парсы және тәжік тілдеріне өте жақын, өйткені олардың бәрі де классикалық тәжік-парсы әдеби тілінен тараған. Рудаки, Фердауси, Сағди, Хафиз, Омар Хайям, Жәми шығармалары классикалық Д. тілінде жазылған.

ДӘЙЕКСӨЗ (цытаты) – төл сөздің бір түрі. Д. басқа біреудің айтқан пікірінен үзінді алынып, өзгертілмей беріледі. Д. алыну тәртібі функционалдық стильдің түрлеріне байланысты әр түрлі болады, ғылыми стильде автордың есімі, еңбегінің аты, шыққан қаласы мен баспасы айқын көрсетіледі. Публицистикалық стильде мұндай деректердің тізілуі шарт емес, сол пікірді айтқан адамның аты-жөні дұрыс айтылса жеткілікті.

ДЕКРЕОЛИЗАЦИЯ – сол тілді меңгеруге талпынған сөйлеушілердің жаңа контингентінің пайда болуы әсерінен пиджиннен шыққан креол тілдің грамматикалық құрылысы мен сөздік құрамының бұзылуы, креол тілдің екінші рет пиджинденуі. Д. нәтижесінде тұрақты грамматикалық құрылысы және бай лексикалық қоры бар креол тіл барынан айырылып, қайтадан пиджинге айналады. Термин 1968 жылы енген.

ДЕМОГРАФИЯ (грек. demos- халық + drapho - жазамын, орыс. демография) - халық пен оның даму заңдылықтарын (туу, көбеюі, санының өзгеруі, ұлттық құрамы, аумақтық немесе аймақтық орналасуы, миграциясы т.б.) зерттейтін қоғамдық ғылым. Демография әр түрлі мемлекеттеріндегі халық саны мен тілдерінің таралу қатынасын, сондай-ақ тілдер мен диалектілердің даму динамикасын есептейді. Негізгі демографиялық көрсеткіштер мыналар болып табылады: жыныстық-жастық құрылым, халықтың табиғи қозғалысы, қалалық және селолық тұрғындар, тұрғындардың әлеуметтік құрамы, миграция және т.б. Әрбір тілдегі сөйлеушілер санына байланысты оның демографиялық теңсіздігі ажыратылып көрсетіледі. Мыс., Белгияда тілдік жағдаяттың тепе-теңдігі байқалады: тұрғындардың 39,1 %- франкотілді валлондар

және 50,7% фламандықтар, Қазақстандағы тілдік жағдаят демографиялық теңсіздікте (қар.: Тілдік жағдаят, Қазақстандағы тілдік жағдаят, Халық санағы).

ДЕСКРИПТИВТІ ЛИНГВИСТИКА (ағылш. descriptive – бейнелеу) – құрылымдық лингвистиканың, глоссемантиканың және Прагалық лингвистикалық мектептің жалпы ағымына жататын, XX ғ. 30-50 жж. пайда болған американдық тіл білімінің бір бағыты.

ДЕТЕРМИНИЗМ (латынның *determinare* – анықтаймын деген сөзі) – тұрмыс құбылыстарының жалпыға ортақ себепті-салдарының анықтылығы жөніндегі ілім. Д. идеясы ежелгі дүниеде пайда болып, одан бергі барлық ғылыми-жаратылыстану және философиялық оймен бірге келеді. Демокрит барлық нәрсе қажеттіліктен туындайды, осыны себептілік деп есептеді. Аристотель себептіліктің төрт түрін анықтады: 1) ресми; 2) материалдық; 3) қозғалысты; 4) мақсатты. Еуропалық ғылыми-жаратылыстанулық және философиялық ой (Ф.Бэкон, Г.Галилей, Р. Декарт,

И.Ньютон, Б.Спиноза және т.б.) Д. тұжырымын одан әрі дамытуға септігін тигізді. Осы кезде классикалық механика жетістіктерінің ықпалымен механикалық Д. тұжырымы қалыптасты, оның мәнін Лаплас былай түсіндірді: *егер дәл қазір табиғат тылсым күшінің қолданылар нүктелері жайлы бәрін білетін ақыл болса, онда ол әлемнің өткені мен болашағы туралы да білер еді. Д. екі негізгі түрі бар: 1. Қатаң Д.* оқиғалардың барлығы да олардың себебі тудырған салдары, яғни, барлық оқиғалар алдында болған жағдайлардан шығады. Осылайша, осы шақтағы және болашақтағы оқиғалар өткендегі оқиғалардай тұрақты әрі өзгермейді. Бұл көзқарастың шеңберінде моральдық жауапкершілік жоқ, өйткені ол субъектінің еркін еркіне негізделген.

2. Жұмсақ немесе бірлескен Д. – Д. ерік еркіндігімен үйлестіріп қарастыратын көзқарас. Осы тұрғыдан алғанда еркін іс-әрекет моральды жауапкершілікті жүзеге асыратын себептіліктің бір түрі болып табылады.



ДЗЁЁ КАНДЗИ – Жапония білім министрлігінің 1981 жылы мектепте үйренуге арналған және 1946 жылы енгізілген «то: ё кандзи» тізімін ауыстыратын жапон кандзиінің тізімі. Тізім жапон балаларының мектепте оқып-үйренетін барлық кандзин қамтыған – 1006 кёйку кандзи бастауыш мектепте (6 жас) және қалған 1130 кандзи орта мектепте оқытылады. 1981 жылы жасалған тізім 1945 иероглифті (барлық 1006 кёйку кандзи қосқанда) құрайды. 2010 жылдың 30 қарашасында білім министрлігі тізімге 196 жаңа кандзиді қосып, 5 кандзиді алып тастады. Сонымен тізім ұлғайып, осы күнгі 2136 кандзиға жетті. Осы тізімдегі барлық кандзиді білсе, ол күнделікті өмірде жапон адамына толық жеткілікті деп есептеледі.

ДИАЖҮЙЕ (орыс. диасистема) – қандай да бір тілдің диалектілерін формалды сипаттау. Бұл жоғары деңгейлік (әдетте фонологиялық) жүйе екі немесе одан да көп диалектілік жүйені қамтиды. Бұл терминді У.Вайнрайх енгізген.

ДИАЛОГ (грек. dialogos – әңгіме, екі адамның сөйлесуі) – екі немесе бірнеше адамның сұрақ-жауап ретінде сөйлесіп, тіл қатысуы. Д.-тың сөздік құрамына әсер ететін факторлардың негізгісі сөзді қабылдау не қабылдамау. Д.-қа сөйлемдердің мынадай байланыс түрлері тән: маңыздылық (сұрақ-жауап, толықтыру-түсіндіру-пайымдау-келісу-қарсылық, сөйлеу этикеті) және конструктивтілік. Д.-тілдік араласудың табиғи түрі. Оның генетикалық тегі ауызекі сөйлеуден басталады. Д.-та ақпараттың толық болуы интонациямен, ыммен, мимикамен де қамтамасыз етіледі. Д.-қа сөз үнемдеу принципі тән болады. Көркем әдебиетте Д.-тің стилистикалық ерекшеліктерін жазушының жеке стилі және жанрдың ақпараттық-эстетикалық нормалары анықтайды. Д.-тің сыртқы формасы (сөйлемдердің кезектесіп жұмсалуды) философиялық-публицистикалық жанрға тән болады. Мыс., Платонның, Галилейдің диалогтары, қазіргі дискуссиялар мен интервьюлер.

ДИАЛЕКТ (грек. dialektos – говор, наречие) – аумақтық (аумақтық Д.) немесе әлеуметтік (әлеуметтік Д.) бірлестіктегі

ұжымның қатынас құралы болып табылатын тілдің бір түрі. Аумақтық Д – бұл тілдің аумақтық шектелген және әдеби тілмен қатар қолданылатын түрі; тек ауызша формада ғана өмір сүреді және қатаң нормалары жоқ, стильдік тарамдарға бөлінбейтін тіл. Әлеуметтік Д – бұл әлеуметтік немесе кәсіби бірлескен ұжымның қарым-қатынас құралы; негізінен лексика, семантикалық, фразеологиялық тұрғыдан ерекшеленеді (қар: Агро, Жаргон, Құпия тілдер), алайда фонетикалық және құрылысы бойынша әдеби тілден онша алыс кетпейді.

ДИАЛЕКТИЗМДЕР – әдеби тілге енбейтін, аумақтық диалектілерге тән ерекшеліктер. Д.-дер тіл нормасынан ауытқу деп есептеледі. Д.-дің түрлері: фонетикалық, грамматикалық, сөзжасамдық, лексикалық (этнографизмдер-тұрмыстық заттардың атаулары; лексикалық синонимдер, сымантикалық Д.). Д.-дер көркем әдебиетте стильдік құрал ретінде пайдаланады және әдеби тіл нормаларын сақтамай сөйлейтін адамдардың ауызекі тілінде кездеседі.

ДИАЛЕКТОЛОГИЯ (грек. dialektos – говор, наречие + logos-ілім) – диалекті, говор, наречиелерді зерттейтін тіл білімінің саласы.

ДИАЛЕКТІЛІК КОНТИНУУМ – тілдің бір-біріне үзілмей жалғасқан аумақтық саралануының түрі, көршілес говорлар немесе диалектілердің өзара ерекшелігі өте аз мөлшерде болғанымен, олар бір-бірінен алшақ орналасқан сайын арасындағы айырмашылық та ұлғая береді. Соған сәйкес түрлі диалектілік құбылыстардың изоглостары да сәйкестенбейді, диалектілер арасындағы шекара да болмайды. Д. к. туыстас тілдердің таралу шекарасында тілдік континуумға ауысуы мүмкін, нәтижесінде ол идеомаларды бір-бірінен айырып көрсетуде айтарлықтай проблемалар туындайды.

Қара: Изоглосса, Тілдік континуум, Тілдердің аумақтық саралануы

ДИАСПОРА (грек. diaspora, орыс. диаспора) – тарихи отанынан тыс, жаңа қоныстану ауданында тұратын қандай да бір ұлт (халық, ұлыс, этникалық бірлік) бөлігі, мыс., Қытайда, Монголияда,



Ресейде, Ауғаныстанда т.б. тұратын қазақ Д. түпкілікті таралу шекарасынан тыс жердегі Д. тілінің қызметі мен қолданылу салалары маңызды түрде тарылады. Көбінесе Д. тілдері күнделікті (тұрмыстық) қатынас құралы, мерзімді баспасөз, радио хабар, көркем әдебиет, Интернет сайттарының т.б. тілдері ретінде өмір сүреді. Тарихи отанынан тыс елдерде тұратын Д. тілінде интерференттік белгілер (лексикалық кірмелер, фонетикалық өзгерістер т.б.) пайда болады, салыст: мыс., Қытайда, Монголияда, Түркияда тұратын Д. қазақ тілі; АҚШ немесе Европада тұратын Д. бірінші халқының орыс тілі. АҚШ немесе Европада тұратын интернационализация процестерінің және Ғаламдастырудың кеңінен таралуына байланысты Д. тілінің негізгі тілден алшақтау процесі төмендейтіндігі жорамалданады. (кар.: Тілдердің дивергенттік дамуы, Дивергенция).

ДИАХРОНИЯ (грек. diachronos – уақыттың өтуі) – тіл жүйесінің тарихи дамуын зерттейтін тіл білімінің аспектісі. Тіл білімі тарихында Д. ұғымы синхрония ұғымымен тығыз байланысты болған және тіл талдаудағы екі қарама-қарсы аспекті мен көзқарас деп түсіндіріледі. Д. проблемасын диахрондық лингвистика зерттейді. Дихронды лингвистиканы салыстырмалы-тарихи тіл білімінде ХХ ғ. басынан бастап тарихи фонетика ал кейін тілдегі өзгерістер мен олардың себептерін зерттейтін салаға жатқызады. ХХ ғ. екінші жартысында диахрондық көзқарас тарихи көзқарастан бөлек, тіл жүйесіндегі диахрондық өзгерістерді зерттеуге бағытталды. Бұл бағытта тілдегі негізгі заңдылықтарды қайта құру мен тілдің әр түрлі жағдайын зерттеуі, өз тәсілдерін жасауы көзделген болатын.

ДИАХРОНДЫ ӘЛЕУМЕТТІК ЛИНГВИСТИКА (грек. dia... + chrohos уақыт, орыс. диахроническая социолингвистика, ағылш. diachronic sociolinguistics) - тілдің пайда болуы мен тарихи дамуы заңдылықтарын оның табиғаты мен қызметтік және құрылымдық жағын бірдей қатыстырып зерттейтін әлеуметтік лингвистиканың саласы. Д.ә.л. тілдің пайда болу және жоғалу проблемаларын; әлеуметтік лингвистикалық аспектіде нақтылы тілдердің тарихын;

тіл эволюциясының сыртқы және ішкі факторларын және олардың өзара әсерін; тіл тарихындағы стихиялы және саналылық рөлін; диахрониядағы тіл саясатын және тілдік құрылысты т.б. зерттейді (қар.: Синхрондық әлеуметтік лингвистика, Глотогенез, Тілдің пайда болуы, Субстрат, Суперстрат, Адстрат).

ДИВЕРГЕНЦИЯ (лат. *divergo*-бас тарту, кету, орыс. дивергенция, ағылш. *divergence, divergent evolution*) – 1. Жағдайын түзетуге байланысты олардың варианттылығын анықтайтын тілдік бірлік вариантының жеке бірлікке айналуы. 2. Тілдердің глоттогониялық дамуы немесе тілдердің дивергентті дамуы (қар.: Варинаттылық, Жартылай ұлттық тіл, Тіл варианты).

ДИВЕРСИФИКАЦИЯ (лат. *diversus* әр түрлі + *fasere* істеу, орыс. диверсификация) – тіл мәдениетінің көрінісі ретіндегі сөйлеудің лексикалық құралының әр алуандылығы, Д. коэффициенті – бұл әдеби тілдің даму кезеңіндегі жалпы сөздер санына қандай да бір автор мәтіні шегіндегі әр түрлі сөздердің қатынасын көрсетеді.

ДИГЛОССИЯ (грек. *di* екі + *glossa* тіл, орыс. диглоссия) – бір ұлттық тілдің әр түрлі қосымша жүйелерін (әдетте кодификацияланған әдеби тіл немесе стандартты тіл VS мен кодификацияланбаған ауызекі сөйлеу тілі, диалект, жаргон) сол тілдің варианты) меңгеру және оларды жағдаятқа және қатынас салаларына қатыссыз қолдану (бұл ішкі тілдік Д. деп аталады); тілдің қызметі мен қолданылу салаларына байланысты теңестірілмеген қостілділіктің ерекше түрі. Д. ұғымы мен терминін Ч. Фергюсон ұсынған болатын (араб, жаңа грек, швейцар, неміс Гаитидің креолдық аралдарындағы тілдік әр түрлілікті сипаттау кезінде), оны Дж. Гамперц, Дж. Фишман, А.В. Исаченко, Б.А.Успенский, Л.П.Красин дамытты. Д. Кезінде тіл таңдау көбінесе сөйлеушілердің этникалық шығу тегіне қарай емес, қатынас жағдаятына байланысты болады. Д. жарқын мысалын араб елдерінен байқауға болады: араб тілі екі формаға ие: біреуі көркем әдебиет, баспа, радио, теледидар т.б. қызмет етсе, екіншісі (классикалық араб тілі, Құран тілі) дипломатияда және ғұрыптық



мәдени сөйлеуде қолданылады (қар.: Қостілділік, Тілдік жағдаят, Көптілділік).

ДИМОТИКА (гректің *ḍimotiká* – халықтық тіл деген сөзі) – грек тілінің қазіргі халықтық сөйлеу тілі. Термин 1818 жылдан қолданылып келеді. Д. 1976 жылға дейін грек тілінің ресми стандарты болған жасанды, көне кафаревуске қарсылықты түрде көне грек тілінен табиғи түрде дамып жетілген грек тілінің өмір сүру формаларының бірі болып табылады. Тілдік мәселе Д. пайдасына шешілгенге дейін грек тілінің осы екі өмір сүру формасы бірін-бірі толықтырып диглоссия үлгісінде қолданылып келді.

ДИСКРИМИНАЦИЯ (лат. *discriminatio* – бөлектеу, орыс. дискриминация, ағылш. *Discrimination*) – ұлттық белгісі, әлеуметтік тегі, саяси және діни көзқарасы, жынысы, жасы және басқа да белгілері бойынша елдің жекелеген адамын және тұрғындарының белгілі бір категориясын теңдіктен айыру, құқықтық шектеу. Д. кейбір тұрғындардың азаматтық алуына қарсылық білдіруден, этникалық және тілдік белгісі бойынша қызметке алудан бас тартудан көрінуі мүмкін т.б. (қар.: Сегрегция, Апартиед, Лингвоцид, Сексизм).

ДИСКУРС (фр. *Discours* – сөйлеу, айту, орыс. дискурс, ағылш. *Discourse*) – 1. Сәтті қарым-қатынас үшін тілден тыс факторларды (әлеуметтік, мәдени, психологиялық) өзіндік мақсатына қарай барынша толық қарастыратын сөйлеу, нақтылы мәтін. 2. Әуеніне, интонациясына және т.б. белгілеріне сәйкес мәтіндік материалдарды ұйымдастыру.

ДИСКУРСИВТІК (фр. *Discoursus* – талқылау, пайымдау, орыс. дискурсивный) – 1. Өткенге қатысты және кейінгімен аралас, кезектес келетін логикалық звеноларға негізделген талқылаулар. 2. Дискурсқа жататындар.

ДИСФЕМИЗМ (грек. *dis...+ pheme* – сөйлеймін, орыс. дисфемизм, ағылш. *Dysphemism*) – орнына эвфемизмдер қолданылатын, ғұрыппен немесе сыпайы сөзбен тиым салу (қар.: Табу, Обсцендік лексика, Инвектива, Вульгаризм).

Е

ЕВРЕЙ ТІЛ БІЛІМІ ДӘСТҮРІ – Таяу Шығыста және Еуропада қалыптасқан (I-X ғғ.) көне еврей тілін зерттеудегі тәсілдердің жиынтығы. Көне еврей тілі туралы лингвистикалық мағлұматтар мақталмаған. Осы тілде жазылған әдеби мәтіндер Көне Өсиеттен (Ветхий Завет) белгілі болғандықтан, II ғ. аяғында канондық мәтіндерге айналды. Көне Өсиеттен соң жазылған әдебиеттер (Талмуд әдебиеті) оның тілінен ерекше болады, ал олардың кей бөліктері арамей диалектісінде жазылғаны белгілі. Осы жағдайда қасиетті мәтіндерді арамей тіліне аудару басталды. Дәстүрлі мәтін зерттеушілер (масореттер) Көне Өсиет мәтінінің дұрыс аударылуын қадағалап отырған, ол үшін сөздердің жазылуы мен оқылуын кітап беттерінің шетіне жазып белгілеп отырған. X ғ. бастап Көне Өсиет мәтіні көне еврей тілін сипаттайтын негізгі кітап ретінде қабылданатын болды. Көне еврей тілінің ең алғашқы грамматикасын жасаған Саадия Гаон (X ғ. басы) философ және филолог болған. Ол Көне Өсиетті арабшаға аударған, әріптердің барлығын 11 түбірлі және 11 көмекші деп бөлген. Араб үлгісімен 3 сөз табын: есім, етістік және демеулік шылауларды белгіленген. С. Гаон көне еврей етістігінің парадигмасын ұсынады, түбірлі және каузативті сөзтұлға қатарын жасайды. Испан елінде X ғ. ортасында зерттеуші Менахем бен Сарук түбірлердің сөздігін құрастырады. Араб тілінде жазатын филолог Йегуда бен Дауд Хайюдж XI ғ. басында көне еврей тілінің ғылыми зерттеулерін бастайды. Өз монографиясының негізгі категорияларын бөліп қарастырды, алғаш рет түбір сөздің құрамын анықтады. Хайюдждың шәкірті Абуль Уалид Мерван ибн Жанах араб тілінде жазған, көне еврей тіліне толық ғылыми сипат беруге көңіл бөлді. Ол еврей тілін араб, арамей, мишна тілдерімен салыстыра зерттейді.

ЕВРОПА ТІЛ БІЛІМІ ДӘСТҮРІ – европалық ғылым және мәдениет шеңберінде тарихи қалыптасқан тіл зерттеу принциптері мен тәсілдердің жиынтығы. Е.т.б.д.-дің бағыттары мен мек-



тептерінің көптігіне қарамастан өзіндік «батыстық» дәстүрлік тіл зерттеу бағыты бар. Бұл дәстүр «шығыстық» дәстүрге қарама-қарсы. Негізінен Е.т.б.д.-нің өз бастауын антикалық тіл білімі дәстүрінен алады. Е.т.б.д. тривий (латын тілі грамматикасы, риторикасы, логикасы) негізінде қалыптасады. VI ғ.-да бұл жүйе «энциклопедия» немесе «еркін жеті өнер» бөлігі ретінде, тривий мен кваривий (музыка, арифметика, геометрия, астрономия) негізінде қалыптасады.

Антикалық білімді канондық білімге айналдырғандар Капелла мен Боэций деп есептеледі, ал кейін Эдин Донат пен Присциан грамматикасы да қолданылады. Боэций Аристотельдің негізгі мәтіндерін латын тіліне аударды. Бұл аудармалар бүкіл Еуропаның логикалық ілімінің даму негізін қалады.

Батыс Еуропадағы Е.т.б.д.-де мынадай кезеңдер болған. 1) VI–XII ғғ. схоластикалық логиканың пайда болуы; грамматика-жазу, оқу үшін көмекші құрал ретінде қарастырылды; 2) XII–XIV ғғ. Ренессанс алдындағы кезең. Еуропа ғалымдары Аристотель еңбектерімен танысады; грамматика – философияның бөлігі болып табылады, адамның ойлау қабілетін зерттеуде оның маңызы өте зор болды. Грамматиканың философиялық концепциясы жасалды. (Р.Бекон), Петр Испанскийдің логикалық идеялары негізінде ең ірі «модистердің» логика-грамматикалық мектебі дүниеге келді. (XIII ғ.); 3) XV–XVI ғғ. Ренессанс кезеңі. Ұлттық тілдерге назар аударылды. Оларды «байытып, даңқын арттыруға» талпыныс күшейді, оларды «классикалық» - грек, латын тілдерімен бір қатарға қойғысы келді. Канондық мәтіндер әдеби, халықтық тілдерге аударылды, сол тілдердің грамматикалары жасалды. Италия, Франция, Испания елдерінде тіл зерттейтін академиялар ашылды; 4) XVII–XVIII ғғ. немесе «рационалдық» кезең. Ғылымдағы «Декарт революциясы» филологияға әсерін тигізді. Олар зерттеулерінде жаңа «ойға негізделген» логика-рационалды принциптерді жасауға кіріседі. Соны кезеңде тілдер туыстығы жөнінде түсініктер пайда болды, олар өз кезегінде тарихи-салыстырмалы лингвистиканың пайда болуына әсерін тигізеді.

Христиан шіркеулерінің батыс және шығыс шіркеулеріне бөлінуі, Еуропада екі ірі мәдени ошақтың (грек – славян және роман – герман) пайда болуына себепші болды.

ЕВРОПАЛЫҚ ТІЛДІК ҚОРЖЫН (орыс. европейский языковой портфель) – жеке адамның әр түрлі құзіретін және өз тілі мен мәдениетіне қатынасын бағалауға көмектесетін құжаттар (тіл паспорты, тіл өмірбаяны, тілдік мәлімет) жинағы. Е.т.к. Европалық Кеңес қабылдаған терминдердегі тілдік құзіретті бағалауға жәрдемдеседі, барлық деңгейде тілдерді және мәдениет аралық қатынастарды зерттеуді қолдауға үндейді, сондай-ақ Еуропаның осы заманғы тілдерін меңгерудегі біртұтас білім беру кеңістігін қалыптастыруға көмектеседі. Е.т.к. үш жоғары жастағы топтар үшін жасалады. Е.т.к. пайдалана отырып оқушылар өздерінің тіл меңгеру деңгейлерін европалық нормамен жетілдіруге мүмкіндік алады, білімі мен талабын жетілдіру, жеке жұмыстарын ұйымдастырудың тиімді тәсілдерін анықтайды. Әрбір елде Е.т.к. варианттары қабылдануда, мыс., Е.т.к. құрамдас бөлігі болып табылатын Ресейлік тілдік қоржын версиясын Европалық Кеңес жобасы шегінде шведцарлық жоба бойынша Москва мемлекеттік лингвистикалық университеті жасаған (қар.: Екінші тіл, Тіл – мақсат).

ЕГИПЕТ ЖАЗУЫ – көне египет тілінде (б.э.д. 4000 ж. – б.э. II-IV ғғ.) қолданған сөз-буын жазу жүйесі. Оның негізін 500-дей белгі-сурет құрайды. Олар әр белгі сөзді және дыбысты белгілейді. 4000 ж. аяғында орфографиялық жүйе жасалды, оның мақсаты: 1) бір белгі бір сөзді белгілейді, ол үшін белгіге тік сызықша қосылып отырады; 2) басқа белгілер идеограмма ретінде бір немесе бірнеше сөзді белгілейді. Б.э.д. VІІ ғ.-дан бастап иератика негізінде жаңа жазу – демотика пайда болды.

ЕКІЖАҚТЫҚ/ТЕҢ ҚОСТІЛДІЛІК (лат. Paritas – тең, орыс. паритетное двуязычие) – қостілдіктегі екі тілдің әлеуметтік қызметі көлемінің бірдей теңдікте болуы.

ЕКІНШІ ТІЛ (ағыл. second language, орыс. второй язык) – 1. адамдардың жас кезінде меңгеру тәртібі бойынша (билингвтің



тілдерді меңгерудегі жекелік уақыты бойынша) екінші үйренген тілі. Е.т. – бұл бірінші тілден кейін меңгерілген тіл. Осыған қарағанда Е.т. ана тілімен сәйкес келуі де келмеуі де мүмкін. 2. Қостілділік кезіндегі тілдік компетенция деңгейі бойынша Е.т. – бұл басым тілге қатыстылығы жағынан қосымша тіл. Мұнда да ол ана тілімен сәйкес келуі де келмеуі де мүмкін. 3. Оқу орнында үйрену тәртібі бойынша Е.т. – бұл екінші шет ел тілі, білім алудың мақсатты тілі (қар.: Базалық тіл).

ЕКІНШІ ТІЛ (орыс. второй язык) – жеке адамның ана тілінен кейін меңгерген тілі. Өмірдегі жағдаяттаға байланысты бұл тіл екінші тіл болып қалуы да, қолданылуы жағынан бірінші тілге айналуы да мүмкін.

Қара: Билингв, Билингвизм, Ана тілі, Бірінші қолданыстағы тіл. Меңгерілген тіл

ЕУРОПАНЫҢ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ АТЛАСЫ (халықаралық атауы *Atlas Linguarum Europae* (ALE) –Еуропада таралған барлық тілдердің лексикалық және грамматикалық ерекшелігін картаға түсіруге арналған зерттеу жобасы. Атлас Исландиядан бастап Ресейге (Уралға) дейін 51 елдің аумағын қамтиды. Лингвистикалық мәліметтер 2634 пункт бойынша жинастырылған. Зерттеу аталмыш аумақта таралған тілдердің үндіеуропа, орал, алтай, баск және семит әулеттерін, сондай-ақ кавказ тілдерін, барлығы 90 тіл мен диалектіден тұратын 22 тілдік топты қамтыған. Бұл лингвистикалық картография тарихындағы бұрын қарастырылмаған аумақтар кеңдігі бойынша, сондай-ақ қамтылған тілдер саны жағынан ірі көлемдегі халықаралық зерттеу жобасы болып табылады. Жобаға 47 ұлттық (жалпымемлекеттік) комитет, сондай-ақ азшылық ұлыстар тілдері үшін арнайы құрылған төрт комитет қатысады. Жоба нәтижесі шолу шығарылымдары мен лингвагеграфиялық карта томдары енген «Atlas Linguarum Europae» атты көптомдық басылым болып саналады. 1975 жылдан 2002 жыл аралығында кіріспе, екі том сауалнама, бір шолу томы және алты том карта және оған берілген түсініктемелері жарияланды; жетінші томы баспаға әзірленуде. 1990 жылдардың басында басылымдар

Ассенде, одан кейін Римде шығарылды. Жобаның ресми тілдері (картаға жазылатын түсініктемелер тілі) француз, ағылшын және неміс тілі болып табылады.

Ж

ЖАЗУ – графикалық элементтер арқылы хабарды (информацияны) сақтап, белгілі бір қашықтыққа жеткізілуін қамтамасыз ететін белгілер жүйесі. Алғашында хабар жеткізу үшін басқа әдістер қолданылған, мыс., пиктография, бирка, керту, вмпун, кипу т.б. Ж. жүйесіне белгілердің тұрақтылығы тән, мұнда әр белгі бір сөзді не бірнеше дыбысты белгілейді. Жазудың негізгі төрт түрі бар: идеографиялық, сөздік-буындық (лигографиялық-силлабикалық), силлабикалық және әріптік-дыбыстық (алфавиттік) жазу.

ЖАЗУЫ ЖОҚ ТІЛ (орыс. Бесписьменный язык) – жазу дәстүрі жоқ, жазуға ие емес тіл; Ж.ж.т.-де кең әлеуметтік-коммуникативтік қызмет пен маңызды санды сөйлеушілерге ие болуы мүмкін, мыс., шугнан тілі (шығыс-иран тілдер бұтағы) Батыс және Шығыс Памирмен жалғас Пяндж өзенінің сол және оң жағалауларындағы жазықтар мен Аган Бадахшанда кеңінен таралған; Эвенкий (вепский) тілі т.б. (қар.: Жазба тіл, Жаңа жазулы тіл, Көне жазулы тіл).

ЖАЛПЫ КӨПШІЛІК ТІЛ (ағылш. universal language, орыс. всеобщий язык) – қараңыз әмбебап тіл.

ЖАЛПЫ СЕМАНТИКА – тілдің ойға, сол арқылы адамға тигізетін әсерін зерттеуге бағытталған американдық философия мен әлеуметтанудағы мектеп немесе ағым. XX ғ. 30-жж. А.Кожибский негізін қалаған (1938 ж. «Жалпы семантика институты»). Кейін халықаралық Ж.с. қоғамы құрылады (Чикаго). Ж.с. эклектикалық түрде (әр түрлі бір-біріне қайшы көзқарастарды араластыру) философия, психология, әлеуметтану және лингвистика идеяларын бірге қарастырады. Тіл мен қоғамның пайда болуы туралы және



тіл мен ойдың байланысы туралы идеялистік көзқарастарға арқа сүйеп, Ж.с.-ны қолдаушылар адамның жаны мен тәнінің сырқат болуын, әлеуметтік қиыншылықтардың себептерін тіл құрылымымен байланыстырады. Олардың айтуынша, адамдар сөз мағынасын әр түрлі түсінеді, дүние жүзіндегі тілдер адамдарға әр түрлі әсер етеді-мыс. Сондықтан да «дұрыс» жаңа тіл жасау керек болады. Ж.с. идеясы Сепир-Уорф болжамына ұқсас келеді.

ЖАЛПЫ ТІЛ БІЛІМІ – қар.: Тіл білімі.

ЖАҢАТІЛ (орыс. новая́з, ағыл. newspeak) – Джордж Оруэлл романындағы (1984) ойдан шығарылған тіл. Романда Ж. деп партиялық идеология мен партиялық-бюрократтық лексикалық оралымдармен бүлінген, сөздер о бастағы мағынасынан айырылып, қандай да бір қарама-қарсы мағынаны білдіретін («Соғыс – бұл бибітшілік») тоталитарлық қоғамның тілін айтады. Романда Ж. «сөздік қоры жыл сайын қысқаратын дүниедегі жалғыз тіл» ретінде сипатталады. Оруэллдің Ж. сөздік қоры мен грамматикалық ережелері маңызды түрде қысқартылу мен жеңілдетуге түскен ағылшын тілінің негізінде пайда болған. Романдағы Ж. – тоталитарлық партия («Ангсоц») режиміне қызмет ететін және оппозициялық образ жасауға мүмкіндік бермейтін немесе тілден «еркіндік», «төңкеріс» және т.б. түсініктерді сипаттайтын сөздер мен тұжырымдарды алып тастау жолымен жасалған тіл. Ағылшын тілі Ж. «көнетіл» деп аталады. Романда «көнетіл» 2050 жылға қарай Ж. ығыстырумен толықтай қолданыстан шығады.

ЖАРГОН (фр. Jargon, орыс. жаргон, ағылш. Jargon) – жалпыхалықтық тіл сөздерін көпшілігінде жасанды тұрғыда беретін, ортақ мүддеге біріккен қандайда бір жеке әлеуметтік топтарға қатысты сөйлеу (қар.: Арго, Сленг, Патуа, Диалект, Микроәлеуметтік бірлік, Микросоциолингвистика).

ЖАРГОНИЗМ (орыс. жаргонизм, ағылш. slang word) – қандай да бір жаргондарға жататын сөз немесе сөз тіркесі. Мыс., орыс тіліндегі блатной, мокрушник, пере (притон) сөздері – қылмыстық әлем жаргондары; қазақ тіліндегі майлау, (пара беру), бармақ басу, көз қысу, сабан астынан жіберу, ізін білдірмеу т.б. жаргонизмдер.

ЖАРНАМА ТІЛІ – мазмұн берілетін сөздік құрал. Көптеген стилистикалық бояулар мен екпіндерді пайдалана отырып, ойды толып жатқан тәсілдермен беруге болады.

ЖАСАНДЫ ТІЛ (орыс. искусственный язык, ағылш. artificial language) – белгілі білім саласындағы формализация үшін (ғылымның символдық тілі), ақпаратты іздестіруде мәтінді өңдеу мен қысқарту үшін (автоматты тәжімалау, аудару), адамның ЭЕМ-ге команда беруі үшін (бағдарлама тілдері), халықаралық қатынас үшін (халықаралық Ж.т. Көмекші тіл) жасанды табиғи тілдің аналогі. Халықаралық Ж.т. Е.А. Бокарев мынадай түрлерге бөлінеді: 1) априорлық тілдер, сөздік құрамы түсініктер классификациясы негізінде жасанды құрылған сөздерден тұрады. (ро, глобако, унилингва). Бұл тілдердің ешқайсысы таралмаған, 2) кең танымал ұлттық тілдерден, олардың ішінде, әдетте Basic English, танымал латынды (Дж. Пеано) атауға болады. 3) табиғи тілдерге өте жақын келетін натуралистік типтегі тілдер деп аталатын Ж.т. жобасы 500 шамасында деп есептеледі (қар.: Интерлингвистика, Апиорлық тілдер, Апостериорлық тілдер).

ЖАСАНДЫ ТІЛДІК НОРМА – тіл тұтынушыларының басым көпшілігінің тілдік интуициясы қабылдамайтын және арнайы үйренуді қажет ететін норма. Француз тілінде көптеген етістік формалары (айталық, *Passé simple*) сөйлеу тілінде мүлдем кездеспейді, олармен балалар тек мектепте танысады.

ЖЕКЕ АДАМНЫҢ ТІЛДІК ҚҰҚЫҒЫ (орыс. языковые права личности) – тілдік шектеудің болмауы, яғни ана тілі қоғамдағы көпшіліктің тілі болмаса да жеке адамның құқығы мен бостандығына шек қоймау дегенді білдіреді. Оның сүйенетін негізгі құқықтық құжаты әлемнің барлық өркениетті елдерінде сақталатын Адам құқығының баршаға ортақ декларациясы (1948) болып табылады. Әртүрлі қатынас жағдаяттыңда ана тілін қолдану мүмкіндігі ол өзі мүшесі болып табылатын этностың мәртебесіне тәуелді болады. Экономикалық иммигранттарға қарағанда түпкілікті халық өкілдері ана тілін әлеуметтік маңызды салаларда қолдануға көбірек мүмкіндікке ие.



Қара: Тілдің құқықтың мәртебесі, Тілдік заңнама, Халықтың тілдік құқығы

ЖЕНЕВА МЕКТЕБІ (орыс. Женевская школа, ағылш. Geneva school) – Ф.де Соссюрдің «Жалпы лингвистика курсы» идеясына тікелей сүйенген және Женева университетінің ғылыми дәстүрінде дамитын (Ш.Балли, А.Сеше С.О.Карцевский, А.Фрей, Г.Гедель Р.Энглер, Р.Амакер, Л.Прието) тіл біліміндегі әлеуметтік лингвистикалық бағыттағы мектептерінің бірі. Ж.м. басты назарындағылар- түркі тілдер материалдарымен шешілетін жалпы тіл білімі проблемалары, тіл құбылысындағы, сөйлеудегі, тілдің ойлаумен байланысы, семасиология, семантика және синтаксис мәселелеріндегі жеке адамдық және әлеуметтік қатынастар. 1941 жылдан бастап Женева лингвистикалық қоғамы жалпы тіл білімі, әлеуметтік лингвистика, био- және библиографиялық материалдар бойынша мақалалар жариялайтын «Chiere F-де Saussure» (Ф-де Соссюр дәптері) атты жыл сайын басылым шығып тұрады.

ЖЕРГІЛІКТІ ТІЛ (орыс. местный язык) – заң актілері арқылы әрқашан қолдау таба бермейтін тілдің ерекше мәртебесі. Көбіне бұлар этникалық топтар шегінде ғана шектеулі қолданылатын жазуы жоқ немесе жазуы бар тілдер. Ж.т. бастауыш білім беруде, жергілікті радио, теледидар, газеттер мен журналдарда қолданылуы мүмкін. Қазақстандағы Ж.т. қатарына ұйғыр, корей т.б. тілдерді жатқызуға болады. Алайда олар Ж.т. ретінде ресми көрсетілмеген.

ЖЕСТ ТІЛІ (ым тілі) – кинетикалық (жестикульт-мимикалық) негізінде жасалған коммуникативті жүйе. Глотогнез процесінде дыбыстық тілдер функциясын Ж.т. атқарып отырған деген пікір бар. Ж.т.-саңырау адамдардың негізгі қатынас құралы. Солтүстік және Оңтүстік Америкада, Австралия мен Океанияда, Үндістан мен Кавказда, Жерорта теңізінде құлағы естімейтін адамдардың Ж.т. болғаны белгілі. Олардың ішінде Австралия және Солтүстік Америка аборигендердің Ж.т. кейіннен мәлім болған. Бір жылға дейін тіл қатпау дәстүрі бар тайпаларда (жасөспірімдер инициациясы, әйелдердің аза тұтуы) Ж.т. қолданған. Аң аулау кезінде, қашықтан хабар алу үшін Ж.т. қолданылған.

ЖОҒАЛЫП БАРА ЖАТҚАН ТІЛДЕР (орыс. исчезающий язык, ағылш. moribund language) – бұл да өлмелі тіл, тірі және өлі тілдер арасындағы тіл. Ж.б.т.- бұл сөйлеушілері балаларына оны үйретпейтін тіл. Ж.б.т. әдетте бір-екі ұрпақтан соң жоғалады. М. Краустың пікірінше (1992) жүз жылдан соң тілдердің 90% жер бетінен не мүлдем жоғалады, не жоғалу сатысында тұрады. Тілдер адамзат тарихи барысында жоғалып отырған (шумер, аккад, ескі славян т.б. өлі тілдер); 1490 жыл мен 1990 жылдар аралығында тілдердің жоғалу жалғасуда (двирбол, айн, убых, алютор, арчин, керек т.б.). Тілдердің жоғалуы қазіргі кезде өте қарқынды жүруде, бұған ғаламдастыру, индустрияландыру, бұқаралық ақпарат құралдарының барлық жерде кең тарауы біршама мәртебелі тілге ауысу т.б. себеп болуда. Лингвистердің маңызды міндеттеріне Ж.б.т. құжатты түрде тіркеу, олардың грамматикасын, фонетикасын, сөздік қорын сипаттау болып табылады (қар.: Тілдің қайта жаңғыруы, Тіл мәртебелілігі, Минориторлы тіл, Тіл өлімі, Тіл ауыстыру).

ЖҰМЫС ТІЛІ (орыс. рабочий язык) – түрлі халықаралық шарттармен тілге берілетін ерекше тіл мәртебесі. 1945 ж. БҰҰ-ның құрылуымен бірге ағылшын, испан, қытай, орыс, француз тілдері ресми тілдер болып жарияланды. Мұндай мәртебені араб тілі 1973 ж. алды. Бұл тілдер осымен бірге Әлемдік тілдер деген мәртебе де алды. Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық ұйымының жұмыс тілдеріне ағылшын, испан, итальян, неміс, орыс және француз тілдері жатады. Түрлі халақаралық Саммиттер, конференциялар, съездер, семинарлар шегінде Ж.т. туралы әр түрлі шешімдер қабылданады, кейде мұндай шешімдер дипломатиялық шарттар мен келісіледі (қар.: Мемлекеттік тіл, Ресми тіл, Жергілікті тіл, Конституциялық тіл, Титулдық ұлт тілі.).



И

ИВРИТ (орыс. иврит) – афразиялық (семит) тілдердің бірі, Израиль ұлттық ресми тілі. И.-өлі тілдің қайта жаңғыруының жарқын мысалы. И.- Ветхий Заветтің көпшілік бөлігі жазылған, ұзақ ғасырлар бойы күнделікті қатынаста емес, культтық тіл ретінде қолданылған тіл. 1948 ж. бастап, Израил мемлекетінің құрылуынан кейін И. мектепте балаларға оқыта бастады. Қазіргі күнде И. 3 миллионнан астам адам сөйлейді, олардың көпшілігі И. өзінің ана тілім деп есептейді (қар.: Тілдің қайта жаңғыруы, Тіл саясаты, Жоғалушы тіл).

ИДЕНТИФИКАЦИЯ (орыс. идентификация, ағылш. identification) – 1. Әлеуметтану, психологияда-жеке адамның өзге адаммен, топпен, бейнемен эмоционалдық және басқа да әсер алу процесі. Терминді З.Фрейд енгізген. Психоаналитикалық әдебиеттерде И. үлгі ретінде әдетте баланың ата-аналарымен сөйлесуін және сол және басқа адамдарымен қарым-қатынасын бейнелейді. 2. Әлеуметтану және әлеуметтік-психологиялық әдебиеттерде И.термині өте кең түрде, бір жағынан имитациялық, әсер ету еліктеушілікті танытса, екінші жағынан (әсіресе тұлғаны зерттеуде) – объектімен эмоциялық бірлесуді белгілеуде қолданылады. Әлеуметтік лингвистикада И. – бұл белгілі бір этноспен, ұлтпен, тілмен жеке адамның өзара әсер алысуы (қар.: Этнос, Ұлт, Ана тілі).

ИДИОГРАММА (грек. idea-идея, образ, түсінік және gramma-әріп, сызық, жазу) – бүтін сөзді немесе түбірді белгілейтін жазу белгісі. «И». терминімен қатар «логограмма» термині де қолданылады. И. идиографиялық жазу жүйесінде қолданылады. Олар сурет арқылы нақтылы заттардың, әрекеттердің түсініктерін белгілейді. Мыс., суреттегі көзден аққан жас-майя жазуында қайғыны білдіреді. т.б.

ИДИОГРАФИЯЛЫҚ ЖАЗУ (логографиялық жазу) – пиктографиялық жазудан кейін пайда болған жазу түрі. И.ж. – дың таңбалары идиограмма деп аталады. И.ж.-дағы графикалық таңбалар цифрлар тәрізді, олар сөздің дыбысталуын емес,

мағынасын ғана білдіреді. Сондықтан қытай тілінде омонимдер әр түрлі иероглифтер арқылы белгіленеді, бірақ олардың дыбысталуы мен морфологиялық құрлысы біркелкі болады. И.ж.-да әрбір таңба (элемент) кез-келген сөзді белгілейді, бірақ ол басқа таңбаның мағыналық шеңберінде қолданыла алмайды. Мыс., «аяқ» бейнеленген таңбаның мағынасы мынадай: жүру, тұру, әкелу т.с.с. бірақ ол «аяқ», «табан» деген ұғымды бермейді, өйткені олар басқа таңбалармен белгіленеді. Таза идиографияның хабарлық мүмкіншілігі шектеулі болады.

ИДИОМ (грек. idioma - өзіндік ерекшеліктерімен сөйлесу) – кез келген тілдік құрылым, оның ішінде Тіл, Диалект, Говр, Әдеби тіл.

ИДИОЛЕКТ (грек. idios – өзіндік белгіге ие, ерекше + (dia) lektos-idiolect) орыс. идиолект, ағылш. Idiolect) – кәсіби, әлеуметтік, аумақтық, психофизикалық, этникалық, эстетикалық т.б. ерекшеліктері жиынтығымен сипатталатын нақтылы жеке адамның сөйлесуі. (салыс. Диалект). Кейбір ғалымдар әсіресе жасграмматистер И. онтологиялық маңызын ұлғайтып көрсетіп, тілді И. суммасы ретінде тұжырымдайды. Мұндай көзқарас тілдің жеке адамға тәуелсіз объективті әлеуметтік өмір сүруін жоққа шығарады (қар.. Социолект).

ИДО (орыс. идо) – 1907 ж. Францияда жасалған, көмекші халықаралық жасанды тілдердің бірі. И. жасаушылар арасында О. Есперсен болған (қар.: Интерлингвистика, Апостериорлық тілдер, Көмекші тіл).

ИЕРОГЛИФ (грек. hieros – киелі және glyphe - қашалған ою) – қайсыбір объектінің (адам, жануар, зат) суреті тәрізді графема. Көбінесе сөзді-буынды жазу жүйесінде кездеседі (мыс., египет, қытай жазулары).

ИЗОГЛОССА (грек. isios-бірыңғай, сондай + glossa – тіл, орыс. изоглосса, ағылш. isoglottic line) – географиялық картада тілдік құбылыстың (фонетикалық, лексикалық, семантикалық) таралу аумағы (қара: Ареал) белгілейтін сызық (қар.: Диалект, Диалектологиялық, Ареалдық лингвистика).



ИНВЕКТИВА (лат. *investivus*-ұрысу сөзі, орыс. *инвектива*) – нормаланбаған сөз, баспаға түспеген сөз, дөрекі сөз, ұрсу сөзі, обсцендік (тыйым) лексика, боктау сөз; біреудің намысына тие сөйлеу. **И.** кең түрдегі мағынасы – жаргондардан, агро, диалектілерден алынған бейәдеби сөз, сөз тіркестері және әдеби сөз не сөз тіркесі. **И.** тар мағынасы – нақтылы жағдаятта белгілі біреуге қатысты моральдық нормаға қарсы көбіне адамды кемсіту, намысына тию мақсатында қолданылатын бейәдеби сөз, сөз тіркесі; адамның оның жүріс-тұрысына немесе бейнесіне жағымсыз баға беру; әңгімелесушіге өзінің тоталитарлық тиым салу реакциясының бар екендігін көрсету; сөйлеудің біршама эмоционалды болуына ұмтылу (қар.: Табу, Эвфемизм, Дисфилизм, Вульгаризм, Әдеби тіл).

ИНТЕРВЬЮ (ағылш. *Interview* – әңгіме, орыс. *интервью*) – зерттеушінің алдына қойған мақсаты мен міндетіне сәйкес зерттеуші (интервью алушы) мен Респондент арасындағы тікелей әлеуметтік-психологиялық өзара қарым-қатынаста қолданылатын сауал жүргізудің негізгі бір түрі. Ол зерттеу пәнін нақтылау және Анкета бойынша сұрақтар мен жауаптарды құрастыру үшін жаппай анкеталық сауал жүргізуге дайындық кезеңінде, кейде статистикалық мәліметтерді толықтыруда қолданылады. Респондент болып сарапшылар, яки белгілі бір қызмет саласындағы мамандар (сарапшылық **И.** деп аталатын) қатысуы мүмкін. **И.** сауалнама жүргізуден айырмашылығы мұнда сұрақшаны (бланкті) толтырады, интервью жүргізуші мен респонденттің қатынас құралы және мәліметті тіркеу әр алуан (телефон, магнитофон, теледидар т.б.) болады.

ИНТЕРНЕТ-ЛИНГВИСТИКА – лингвистиканың бір бөлімі. Интернет-кеңістіктің және басқа да ақпаратты, айталық мәтіндік хабарламаны берудің «жаңа» құралдарының белсенді түрде дамуының әсерінен пайда болған ғылымның бұл бөлімі тілді қолдану мен пайдаланудың жаңа формаларын зерттеумен айналысады. Дамып жатқан интернет тілін зерттеу онлайн-кеңістіктің одан әрі дамуын қамтамасыз етеді және ол лингвисттерге ғана

емес, сондай-ақ оны қолданушыларға да жәрдемдеседі. И-л. 4 түрлі тұрғыдан зерттеуге болады: әлеуметтік лингвистикалық, білім берушілік, стилистикалық және тәжірибелік. Онлайн-кеңістіктің дамуымен бұл ғылымның жаңа саласы пайда болды, мысалы, корпуслық лингвистика. Интернет-пайдаланушылар санының өсуімен И-л. болашақтағы дамуының мәселесі түбегейлі шешілген.

ИНТЕНЦИЯ (лат. *intencio* – ұмтылу, құлшыну, орыс. интенция) – сөйлеушінің қандай да бір коммуникативтік-маңызды мағынаны білдірудегі бейімділігі, қажеттілігі, мақсаты: сананы қандай да бір құбылысқа, затқа бағыттау (қар.: Сөйлеу актісі, Сөйлеу актісінің теориясы. Сөйлеу қызметі).

ИНТЕРВЬЮ ЖҮРГІЗУШІ (орыс. интервьюер, ағылш. interviewer) – респондентпен тікелей қарым-қатынас жағдайында алғашқы әлеуметтік лингвистикалық мәлімет жинауды жүргізуші адам. И.ж. мынадай талаптарға жауап беруі керек: интервью тақырыбын кең мәнде түсіну; өмір мәнінің ерекшеліктерін; респонденттің стереотипі мен ойлау ерекшелігін білуі; сұрақ мазмұнын анық білуі; білімпаздығы; сөйлеу және тындау шеберлігі; шыдамдылығы, ұстамдылығы, сөзшеңдігі т.б. болуы керек (қар.: Интервью, Сауалнама, Әлеуметтік лингвистика әдістері).

ИНТЕРЛИНГВИСТИКА (лат. *inter* – аралық, ара, *lingua* – тіл, орыс. интерлингвистика, ағылш. Interguistics) – халықаралық қатынастағы жасанды тілдерді, математикалық және ақпараттық тілдерді зерттейтін және құрылымымен айналысатын лингвистикалық пән. Сондай-ақ тіларалық қарым-қатынас құралы болып табылатын халықаралық тілдерді зерттейтін білімінің бір саласы. Негізгі назар аударатын мәселесі – халықаралық жасанды тілдің қолданысы, жасалу процесі. Сонымен қатар көптілділік, тілдердің бір-біріне тигізетін әсері, ықпалы интернационал терминдердің пайда болуы да зерттеледі. И.-нің зерттеу нысаны мен ішкі құрылымы оның ұзақ дамуында анықталады. И. Р.Декарттың, кейін Г.Лейбництің лингважобалық теориясы негізінде қалыптасты. Негізгі бағыты 1879 ж. айқындалды, ең бірінші халықаралық



жасанды тіл Волапюк пайда болып, бірінші рет қарым-қатынас құралы ретінде қолданылды. 1887 ж. Эсперанто пайда болды. И. проблемалары Халықаралық лингвистикалық Конгрестерде (1931, 1948) көтерілді. Жоспарлы тілді (эсперанто) жақтаушы ғалымдар – О.Есперсин, Э.Сепир, А.Майе, Ш.Балди, А.Фрей т.б. (қар.: Халықаралық тіл, Көмекші тіл).

ИНТЕРЛИНГВА (орыс. интерлингва, ағылш. interlingua) – грамматикалық құрылысы латындық негізде жасалған, сөздік қоры барлық еуропалық тілдердің түбірлерінен алынған халықаралық көмекші тіл. (салыс. волянок, эсперанто, идо). И. 1903 ж. Джузеппо Пеано ұсынған болатын (қар.: Интерлингвистика, Жасанды тіл, Априорлық тіл, Апостериорлық тілдер, Халықаралық тіл, Көмекші тіл).

ИНТЕРНАЦИОНАЛИЗМ (орыс. интернационализм, ағылш. internationalism) – ұлтшылдыққа қарама-қарсы барлық халықтардың ымыраластығы мен қауымдастығы, теңдіктің идеялық – саяси принциптері.

ИНТЕРНАЦИОНАЛИЗМДЕР (орыс. интернационализмы ағылш. international wolds) – шығу тегі бойынша ұқсас, форамсы мен мазмұны бойынша сәйкес келетін, халықаралық аренада кемінде үш тіл бір мезгілде қызметте болатын бірнеше тілдердің жалпы этимологиялық қорына жататындығымен сипатталатын сөздер мен терминдер. Әдетте И.- ғылым, мәдениет, өнер, саясат салаларындағы терминдер (қар.: Интернационалды лексика, Пуризм, Сөз ауысу).

ИНТЕРНАЦИОНАЛДЫ ЛЕКСИКА (лат. inter - ара, аралық – patio – халық; орыс. интернациональная лексика; ағылш. international vocabulary) – көптеген тілдерге (оның ішінде туыс емес тілдерге де) тән, шығу тегі бір және бір мағынадағы интернационализмдер, сөздер, мыс. қазақ, орыс, ағылшын т.б. тілдердегі филология, форум республика, цивилизация т.б. И.л. жатады (қар.: Сөз ауысу, Варваризм).

ИНТЕРИОРИЗАЦИЯ (лат. interior - ішкі) – сырқы әрекеттердің ішкі әрекетке айналуы; ішкі интеллектуалдық құрылымдардың

сыртқы әлеуметтік әрекет құрылымдарын меңгерту нәтижесінде қалыптасады. И. тілдің онтогенезіндегі адамның тілдік қабілетін қалыптастырады.

ИНТЕРФЕРЕНЦИЯ (лат. inter – ара, аралық – ferens (ferentis) – (несуший, переносящий) орыс. интерференция) – билингвтің бір тілінің екінші тілге саналылықсыз әсер ету процесі, сондай-ақ сол әсердің нәтижесі. И. бағыты көбінесе басым тіл жақтан жүзеге асады. И. тілдің түрлі деңгейлерінде әр түрлі көрінеді, мыс., фонетика-фонологиядағы Акцент ретінде, фонеманы айырмау, редукция қасиетінің ауысуы т.б. морфологиядағы екі тілдің грамматикалық қасиеттерінің генерализациясы т.б. И. жеке адамдық және бұқаралық болуы мүмкін. Бұқаралық И. тұрақталып, билингвтің тілдік құзіретіне, сосын монолингвтерге әсер етуі мүмкін (қар.: Субстрат, Суперстарт, Адстарт, Қатені талдау).

ИНФОРМАНТ (лат. informatio – хабарлама; орыс. информант) - экспериментке қосылған, Анкета, Интервью т.б. сұрақтарына жауап беруші ретіндегі хабар әкелетін сынақталушы адам. И. жиынтығы, яғни кімнің тілдік ерекшеліктері нақтылы әлеуметтік лингвистикалық зерттеудің объектісі болып табылатын мұндай көп информанттар информанттардың бас жиынтығын құрайды (қар.: Репрезентативтік, Респондент, Әлеуметтік лингвистикалық мәліметтер дұрыстығы).

ИНФОРМАЦИЯЛЫҚ ТІЛ (орыс. информационный язык) – ақпараттық ізденушілік жүйеде қолданылатын жасанды тіл; И.т. құжат мазмұнын бірыңғай (однозначно) жазуға көмектеседі, ақпаратты іздейді, автоматтандыру үшін мәтінді өңдеу мен қысқарту үшін машиналық аудармада т.б. қолданылады. И.т. мынадай белгілер тән: көпмағыналық, омонимдер, синонимдер жоқ. И.т. ақпараттық-ізденушілік тіл (жазу, жинақтау, жүйелендіру, талдау және мәлімет беру үшін қолданылады, мыс., кітапханалық істерде қолданылатын әмбебаптық ондық классификация (универсальная десятичная классификация (УДК)) және ақпараттық-логикалық тіл (формалды-логикалық байланыстар мен үлгілерді қолданумен берілетін білім үшін пайдаланылады, мыс., В.В.Мартыновтың



әмбебап семантикалық коды) деп бөлінеді. И.т. типологиялық классификация жасалады.

ИНФОРМАНТТАРДЫҢ НЕГІЗГІ ТҮТАСТЫҒЫ (орыс. генеральная сосвокупность информантов) – тілдік ерекшеліктері тұрғысынан әлеуметтік лингвистикалық нысанасы ретінде қызмет ететін информанттар. И.н.т. әр түрлі көлемде, яғни жекелеген халықтардан бастап микроәлеуметтік бірлікке дейін болуы мүмкін, сондықтан И.н.т. әлеуметтік лингвистикалық зерттеу информанттардың таңдалған жиынтығы есебінен сипаттау жүзеге асырылады (қар.: Әлеуметтік лингвистикалық мәліметтердің дұрыстығы, Әлеуметтік лингвистика әдістері).

ИРАН ТІЛДЕРІ – үндіевропа тілдері тобының үндіиран тармағына жататын тілдер тобы. Иранда, Ауғанстанда және Ирак, Түркия, Пакистан, Индия, Тәжікстан т.б. бірқатар елдерде таралған, 85 млн. адам сөйлейді. Тарихи-генетикалық классификация бойынша И.т. батыстық және шығыстық болып екі негізгі топқа бөлінеді. Олар іштей оңтүстік және солтүстік тілдер болып бөлінеді. Солтүстік-батыс И.т.: өлі мидия, парфян; жаңа – курт, талыш, белудж, гильян, мазендаран; қазіргі тілге – парсы, тәжік, дари, хазара, кумзари т.б. жатады. Солтүстік шығыс тілдерге: өлі – скиф, алан, соғды, хорезм; қазіргі – осетин, ягноб; оңтүстік бөлігіне: өлі бактрия тілі; қазіргі – ауған, памер тілдері т.б. жатады.

ИСПАН ТІЛІ - роман тілдерінің бірі (ибер-роман тобы). Испания, Латын Америкасындағы 19 елде ресми тіл. Филлипин, Африкада тараған тіл. Сөйлеушілер саны – 331 млн. асады. БҰҰ-ның ресми және жұмыс тілі. XVғ. аяғына дейін «Кастилия» тілі деп аталып келді. И.т. Пиреней жарты аралында б.э.д. III-II ғғ. Римдік отарлаушылар әкелген латын тілінен тараған. И.т.-нің диалектілері: арогон, леон, астурия (Бабле) катилия, андалуз, И.т.-нің дыбыстық құрамы 5 дауыстыдан құралған: а, о, е, и, і. Ең көне жазу ескерткіштері XII ғ. жатады.

ИТАЛЬЯН ТІЛІ – роман тілдерінің бірі (итальян-роман тобы), И.т. – Италияда, Ватиканда, Сан-Марино, Шведцария конфедерациясында (неміс, француз, швейцар-ретроман

тілдерімен бірге) ресми тіл. АҚШ, ФРГ, Аргентина, Франция, Бельгия, Эфиопия, Сомали, Ливия, Мальта елдерінде қолданылады. Сөйлеушілер саны 65 млн-ға жуық. И.т.-нің диалектілері: солтүстік, орталық және оңтүстік. И.т. латын тіліне өте жақын тұрады.

К

КАЛЬКА (фр. Calque-копия, бейнелеу; орыс. калька; ағылш. Calque) – шетелдік сөз немесе тіркестерді тікелей сөзбе-сөз аударудан пайда болған сөз, сөз тіркестері (қар.: Сөз ауысу).

КАНДЗИ – жапон жазуында хирагани, катакни, араб сандары және ромадзимен (латын әліпбиі) қатар пайдаланылатын қытай иероглифтері. Жапонның «кандзи» термині «Хань (династия) әрпі» дегенді сөзбе-сөз береді.

КАНЦЕЛЯРИЗМ (кеңсе тілі) – ресми ісқағаздары стилінің іскерлік (кеңселік) құжаттарында тұрақты шаблон ретінде қолданылатын сөз, сөз тіркесі, грамматикалық формалар мен құрылымдар. К. іскери қағаздарға өте қажет, өйткені іскерлік басқару жұмыстарында қайталанбалы жағдаяттар жиі болады, ол ресми-іскерлік ақпаратты тұрақты түрде беруді талап етеді. К. ерекше стилистикалық мақсаттарсыз ресми-іскери стилден тысқары қолдану әдеби норманы бұзу болып табылады.

КАНЦЕЛЯРИТ – ресми материалдардағы, газеттегі, радио мен телеарналардағы кеңселік тілдің күнделікті ауызекі сөйлеу тіліне, одан әдеби тілге, тіпті бала тіліне де еніп кетуі, ресми сөйлеудің кеңселік-бюрократтық стилі. Ол мәдениетке зарарын тигізетін, тілдің бүлінуіне әкелетін қауіп ретінде бағаланады. Терминді К.И.Чуковский (1966) енгізген.

КАФАРЕВУСА (гректің «таза» деген мағынадағы сөзі) – Грецияда XIX және XX ғасырларда мемлекеттік негізгі тілі, қоғамдық өмір мен әдебиеттің тілі ретіндегі грек тілінің өмір сүру формаларының консервативті түрі.



КӘСІБИ СӨЗ – белгілі бір кәсіпке, қызмет түріне байланысты шаруашылық саласындағы ерекшеліктерді білдіретін жалпы лексиканың бір бөліміндегі сөздер. К.с. мамандық саласындағы атауды білдіреді. Мыс., К.с. егіншілікпен байланысты, балық, мақта, аңшылық, су т.б. шаруашылығына байланысты айтылады. К.с. диалектілік ерекшеліктерден ажыратылады. Егер жергілікті диалект бір жерді мекендеген халықтың үлкен-кішісіне түгелдей түсінікті болса, К.с. тек сол мамандық иелеріне ғана түсінікті.

КВАНТИТАТИВТІ ТАЛДАУ (лат. *quantitas*; орыс. квантативный анализ; ағылш. *quantitative analysis*) – сандық талдау, әлеуметтік лингвистикалық мәліметтер бланкісін жинастырудың біршама дұрыс жолдарының бірі, К.т. әлеуметтік лингвистикалық зерттеудің барлық кезеңдерінде қолданылады (қар.: Әлеуметтік лингвистикалық мәліметтер дұрыстығы, Әлеуметтік лингвистикалық зерттеу бағдарламасы).

КИТУБА (орыс. китуба) – креоль тілдердің бірі. Ол өзінің дамуында мынадай кезеңдерден өткен: Киконго (тайпалық тілдермен қатар сауда тілі, сондай-ақ үлкен кеңістіктерде миссионерлік қызмет құралы ретінде тайпа аралық қатынас құралы) киконго (қалаға қоныс аударған түрлі тайпа өкілдері қолданған сөздік қоры мен грамматикасының маңызды бөлігі біршама кеңейген жеке дара ана тілі). К. Бельгиялық Кинго мен Француздық экваторлы Африкада жан-жақты таралған және қатынас салаларында (білім беруде, өндірісте, бұқаралық ақпарат құралдарында т.б.) қолданылатын тіл.

КИРИЛЛИЦА – славяндардың ең көне әліппесі. Көне К. жасалуы IX-X ғғ. болған, оның әріптік құрамы көне болғар тілінен алынған делінеді. К.-нің негізі грек (Византия) алфавитінен көшірілген. К. әріптері сандық мағынаны да берген. Ең алғаш К. жазуымен жазылған ескерткіштер белгісіз. К. Русь еліне X-XI ғғ. христиан дінімен бірге келгені белгілі. Ең көне жазба ескерткіштері X-XI ғғ. жатады (көне болғар, серб, босниялық кітаптар). К. негізінде қазіргі болғар, орыс, украин, беларус, Орта Азия елдерінің алфавиті жасалған.

КЛИШЕ (фр. cliché) – қар: Штамп.

КОД АУЫСТЫРУ (орыс. переключение кодов/кодовое переключение) – қатынас жасаушылардың (сөйлеушілердің) қарым-қатынас акт кезінде бір тілден (тіл вариантынан) екінші тілге (тіл вариантына) бір рет немесе бірнеше дүркін ауысуы. К. а. жағдаятқа, тақырыпқа, қарым-қатынас иелеріне, әлеуметтік (кәсіби) рөлдеріне (бағынышты – бастық, дәрігер – емделуші, оқытушы – студент, сатушы – сатып алушы т.б.) және т.б. факторларға байланысты болады. К. а. барысында тілдердің араласуы – бір тілде қолдануда екінші тілдің элементтерін (сөз, фраза, одан да ірі бірліктер) пайдалану байқалады.

Қара: Интерференция, Диглоссия, Қостілділік

КОЙНЕ (грек. Koine dialektos – жалпы тіл; орыс. Койне; ағылш. contact vernacular) – 1. Өзге диалектілерді қолданудан ығыстырған аттика диалектісінің базасында Көне Грецияда (б.э.д. IV–III ғғ.) пайда болған. 2. Қазіргі лингвистикада К. – бір немесе бірнеше диалектілер (интердиалект) базасында қалыптасқан және елдің әр алуан диалектіде сөйлейтін халқының топтары арасындағы диалекті аралық қатынас құралы қызметін атқаратын тіл.

КОКНИ (ағылш. Cockney – мүмкін, cock сөзінен қораз; орыс. кокни) – лондондық қарапайым тіл, ағылшын тілінің британдық варианттарының (Лондонның шығыс ауданы) бірі, диалектісі.

КОММУНИКАНТ (лат. communicate-қатынас жасау; орыс. коммуникант; ағылш. Communicant) – қарым-қатынас актісінің қатысушысы, вербальдық қатынас (сөйлеуші – тыңдаушы, жазушы – оқушы, жолдаушы – қабылдаушы, адесант – адесат, продуцент – реципиент).

КОММУНИКАТИВТІ ОРТА (орыс. коммуникативная среда) – тұрақты және әрдайым ішкі коммуникативтік байланыстарымен белгілі бір аумақтық ерекшеліктермен сипатталатын тарихи қалыптасқан этноәлеуметтік тілдік бірлік (В.А.Виноградов, А.И. Коваль, В.Я. Пархомовский). К.о. интенсивті ішкі коммуникативтік байланысы дәрежесі бойынша «Тілдік ұғым» (А.Д.Швейдер), «Тілдік бірлестік» (Дж. Гампери) ұғымымен сәйкес келеді, алайда



олардан басымдылық сапасындағы бөлектенген коммуникативтік белгісімен ерекшеленеді. Бір К.о. аумағы мемлекеттің аумағына жетпейді, одан кем. Оның шекарасы бір тілдің таралу аумағына сәйкес келмейді. К.о. этнотілдік ареал ретінде диалектілер (олар бір тіл ішінде Изоглосс тобы бойынша бөлінеді) де, тілдік одақтар (олар екі немесе бірнеше араласқан тілдер құрылымындағы жағымды қасиеттер негізінде бөлінеді) аумағымен сәйкес келмейді (қар.: Әлеуметтік лингвистикалық зона).

КОММУНИКАТИВТІК АКТ (орыс. коммуникативный акт; ағылш. communication act) – белгілі бір коммуникативтік жағдаят шегіндегі қарым-қатынастың бірнеше рет жүзеге асуы (қар.: Коммуникативтік орта).

КОММУНИКАЦИЯ (лат. communicatio <communicare-жалпы ету, байланыстыру, сөйлесу; орыс. коммуникация; ағылш. Communication) – бұл да қарым-қатынас; адамзат қоғамындағы ақпараттарды беру және қабылдау. К. қоғамда адамдардың араласу, ойларымен, идеяларымен, деректерімен бөлісуі т.б. Еңбек ету мен танымдық процесс барысында адамдар арасында болатын қатынастардың ерекше бір түрі. Жануарлар К.-на қарағанда адамдардың К.-сы тілге негізделген К. коммуникативті актілерден (К. бірлігі) құралады, ал К.-ны жасаушылар коммуниакттар деп аталады. К.-ның бастапқы және соңғы кезеңдері ұлт тілінің құралдары арқылы жасалып, ішкі сөйлеу механизміне, оның тереңде жатқан құрлымдарына тәуелді болады. Ұлттық тіл ерекшеліктері жалпы адамзатқа тән мағына жасау жүйесіне бағынышты болады. Коммуниакттар арасында сөздік (вербалды) емес бөліктер де (мысалы, ым, қимыл, мимика т.б.) қолданыс табады. Қалай болғанда да, К. экстралингвистикалық факторлар (жағдайдың нақтылығы, ұлттық-мәдени дәстүр) негізінде жасалады. Сонымен бірге, К. екінші семантикалық жүйе құралдары арқылы (ғылым тілі, музыка ноталары, ойын ережелері, морзе әліппесі, ЭВМ бағдарламалары) немесе понтомима, жест жүйесі арқылы да жүзеге асуы мүмкін. К. ұғымы информация (хабар) теориясында, «жасанды интеллект» мәселесінде де адам және компьютер

жүйесінде де пайдаланылады. Бұлар К.-ны «араласу» синонимі ретінде түсінеді (қар.: Коммуникативтік жағдаят, Коммуникативі акт, Коммуникативті орта, Коммуникат).

КОМПОНЕНТТІК ТАЛДАУ ӘДІСІ – тіл бірліктерінің мағыналық жақтарын зерттеу әдісі. Оның мақсаты – мағынаның ең кіші семантикалық бөшектерін бөліп қарастыру. К.т.э. алғашында әр түрлі тілдердің лексикалық қорын зерттеп, туыстығын анықтау үшін қолданылған (XX ғ. 50-жж.). Гипотезаға сәйкес тілдегі әр бірліктің мағынасы семантикалық компоненттен (семадан) тұрады және тілдің сөздік құрамын шағын семантикалық белгілер арқылы анықтауға болады.

К.т.э. парадигматикалық көзқарастармен, әсіресе өріс (поле) теориясымен тығыз байланысты. Бұл әдіс Р.О.Якобсон, Л.Ельмелев т.б идеяларымен ұштасып жатыр. К.т.э. негізінде семантикалық өрісті өзара парадигматикалық байланыста болатын сөздер қатары ретінде қарастыруға болады. Лексикалық мағынаның компонентті (бөлік) құрылысы нақтылықтың, абстракциялық дәрежесіне тәуелді болады. К.т.э.-ін синтаксикада қолдануда сөйлеудегі сөз қызметінің бірқатар заңдылықтары айқындалады; Мыс.: сұрыптауды шектеу ережесі (ДЖ. Кац, ДЖ. Фодор), лексикалық мағыналардың қосылу ережесі (Ю.Д.Апресян), семантикалық келісу ережесі (В.Г.Гак). XX ғ. 70-80 жж. К.т.э. грамматикада, негізінен морфологияда қолданыла бастады (Е.Гулыга, Е.Шендельс).

КОМПАРАТИВИСТИКА (лат. Comparativus – салыстырмалы) – қар: Салыстырмалы тарихи тіл білімі.

КОНВЕРГЕНЦИЯ (лат. convergo – жақындасу, қосылу) – лингвистикалық болмыстардың жақындасуы немесе сай келуі. К. ұғымының екі қыры белгілі: глоттогониялық және құрылымдық-диахрондық. Глоттогониялық К. бірнеше туыс не бөтен тілдерге ортақ құрылымдық қасиеттердің пайда болуы. Оның пайда болу себебі – ұзақ мерзімді қатынас жасаудан немесе тілдердің ортақ субстрат (негіз) болуында. К. тіл жүйесінің бір саласын не бүкіл тілді қамтуы мүмкін. К. болатын аймақты конвергенттік аймақ деп



атайды. Конвергентті аймақ негізінде тілдік одақтар құрылады. Глоттогониялық К. ұғымы бір тіл ішіндегі диалектілердің жақындасуын да білдіреді, ондай жақындасу нәтижесінде койне пайда болуы мүмкін, құрылымдық-диахрондық К. кейбір варианттық өзгешеліктің жойылуына байланысты (мыс., бірнеше тұлғалардың бірігуі) тіл жүесіндегі әр түрліліктің азаюына әкеліп соғатын тарихи процесс. Бұл тұрғыда К. ұғымының диахрондық фонология теориясын Е.Д.Поливанов (1928), Р.О.Якобсан (1930) жасаған.

КОНВЕРСАЦИОНДЫ ТАЛДАУ (орыс. конверсационный анализ) – бұл табиғи жағдаятта жүріп жатқан сөйлеуді нақтылай талдау. Бұл адамдардың өзара қатынасындағы және сол қатынас арқылы тіл табысу нәтижелерін сөйлеудің негізгі құрылысынан табуға байланысты жүргізілетін талдау. Мұнда қандай да бір кез келген сөйлеу емес, тап сол әлеуметтік қарым-қатынаста өткен сөйлесімдер зерттеледі. Сондықтан да К. т. өзара қарым-қатынас аясында осындай сөйлесімдерді ұйымдастырумен байланысты болады. Осындай зерттеу жүргізуде табиғи түрдегі сөйлесімдер жазылып алынады және қарым-қатынастың реттілігін талдау үшін олардың транскрипциялары жасалады.

КОННОТАЦИЯ – (арғы тегі латынның «*connotatio*» деген сөзі, «*con*» –бірге және «*noto*» – белгілеймін деген мағынаны білдіреді) – мағына (коннотат) мен атау немесе атаулар кешені арасындағы қатынасты білдіретін логика-философиялық термин. Сөйлеушінің тілдік санасындағы сол не басқа сөзді қажетті мағынада қолдануды тудыратын тұрақты ассоциация. Мысалы, «есек» сөзінің тура мағынасы сөйлеушіге «топастық» және «бірбеткей» деген ассоциацияны тудырады.

КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ТІЛ (орыс. конституционный язык) – елдің конституциясында көрсетілген ерекше тіл мәртебесі. 1965 ж. дейін ағылшын тілі Индия К.т. мәртебесін иеленді, кейін ассоцировтік тіл мәртебесін алды (қар.: Мемлекеттік тіл, Ресми тіл, Жергілікті тіл, Титулдық ұлт тілі, Жұмыс тілі).

КОНТАКТІЛІ ТІЛДЕР – этносаралық қарым-қатынасты қамтамасыз ететін өзге тәсілдер болмаған жағдайда пайда болған

көмекші тілдер (аймақтық аралық-тіл, билингвизм). Тұрақтылық деңгейінің, атқаратын қызмет аясының, тұтынушыларының бары не жоқтығына байланысты К.т. бірнеше түрге бөлінеді. **Аралас тіл** – жеңілдетілген тұрақсыз грамматикасы, минималді сөздік құрамы (бірнеше жүздеген сөз) бар, қарапайым қарым-қатынастың бір типті қызметін ғана атқаратын барынша қарапайым тіл. Мұндай тіл әр уақытта өзінен-өзі ұйымдастырылмаған түрде, яғни өте қысқа мерзімде үйренген шет тілінде нашар сөйлеуге ұмтылу нәтижесінде және оған қарама-қарсы ана тілінде «жеңілдетіп» сөйлеу нәтижесінде пайда болады. Сондықтан оның лексикасы мен грамматикасының көп бөлігін бір тілдің қасаңданған негізі құраса, фонетикасы сөйлеушінің ана тіліне жақындайды. Аралас тіл кейде пиджиндену алдындағы тіл деп те аталады. Даму процесі барысында аралас тіл біршама көлемді сөздік қор мен тұрақты құрылымға ие болып, **пиджин тілге** айналады, одан ары нативизация (креолизация) сатысынан өте келе, бұл тіл үйренген тілден ана тіліне айналып, өзіндік тұтынушысы бар **креоль тілге** ұласады.

Қара: Контакт тілі, Тілдің креоленуі, Пиджин, Креол

КОНТИНУУМ – тілдегі шексіз градациядағы континуумды анықтау үшін функционалдық әлеуметтік лингвистикада қолданылатын М.А.К.Хэллидей ұсынған термин.

Қара: Тілдік континуум, Диалектілік континуум

КОНТРАСТИВТІ ЛИНГВИСТИКА (салғастырмалы лингвистика) – ХХ ғ. 50-жж. бастап дамып келе жатқан жалпы тіл білімінің зерттеу бағдары. К.л.-ның мақсаты – екі тілдің ұқсастығы мен айырмашылығын салыстыра отырып зерттеу. Көбінесе, ана тілі мен бөтен тіл салыстырыла зерттеледі. К.л. өз бастауын 1975 ж. Р.Ладо еңбектерінен алады. Сонымен қатар, А.Потебня, Ф.Корш, Е.Борогодицкий; И.Бодуэн де Куртенэ, Л.Щерба еңбектерін де қосуға болады.

КОНТАМИНАЦИЯ (лат. contaminatio – араласу) – семантикалық, қызметтік, құрылымдық жақындық негізінде екі тіл бірлігінің элементтерінің сөйлеу кезіндегі араласуы. К. нәтижесінде осындай



элементтердің (бөліктердің) «араласуы» пайда болады, мыс., орыс. «играет значение» – «играет роль», «имеет значение». Мұндай құбылыс, әдетте, ауызекі сөйлеуде кездесіп, әдеби нормалардан ауытқу деп есептеледі. Сонымен қатар, К. негізінде жаңа тіл бірліктері де (сөздер) пайда болады. К.-ға ұқсас интерференция құбылысында ана тілі бірліктерінің лексика-семантикалық дистрибуциясы басқа тілдің бірліктеріне де жұмсалады.

КОНТЕНТ-ТАЛДАУ (ағыл. content analysis – content – мазмұн, мән + analysis – талдау, кеңейтіп, түсіндіру) – мәтіндердің және басқа да хабар берушілердің арнайы сипаттарын көрсету және бағалау әдісі.

КОНТИНГЕНТ – (лат. contingens (contingentis) – бірыңғай әлеуметтік сипаттағы адамдар жиынтығы.

КОРЕЙ ТІЛІ (чосонмаль, чосоно) – ҚХДР-да, Хангуго-Оңтүстік Кореяда қолданылатын тіл, оның генетикалық тамырлары әлі анықталмаған. Кореяда, Қытайда, Жапонияда, АҚШ-та, ТМД елдерінде тараған, сөйлеушілер саны 60 млн. адамға жуық. Алты диалектісі бар: солтүстік-шығыстық, солтүстік-батыстық, орталық оңтүстік-шығыс, оңтүстік-батыс және Чеджудо аралының диалектісі. Диалектілік ерекшеліктері негізінен фонетикасы мен лексикасында К.т. генетикалық туыстығы туралы теорияларда, мыс., алтай гипотезасы бойынша фонетикасына, құрлысына және этимология деректеріне сүйеніп К.т.-ін (жапон тілімен қоса) тұңғус-манжур тармағына жатқызады. К.т.-номинативті қатары бар жалғамалы тіл.

КОРЕЙ ҮНДЕУІ (орыс. корейсие обращения) – корей тілінде сөйлеушінің және тыңдаушының мәртебесі мен жыныстық белгісіне қатысты қолданылатын формалар туралы халыққа арнайы жолданған үндеуі.

КОНТАКТІЛІ БИЛИНГВИЗМ (орыс. контактный билингвизм) – екі тілдік бірлестіктің ұзақ уақыт бойында тікелей қатынаста болуы арқылы екінші тілді меңгеруі. ТМД халқына тән билингвизмнің түрі. К. б. негізі ұлттық-орыс және билингвизмнің өзге түрлері болып табылады.

Қара: Билингвизм, Қостілділік

КӨНЕ ЕВРЕЙ ТІЛІ – семит тілдерінің бірі. Інжіл кітабында сақталған (б.э.д. XII–III ғғ.). Ертеде хааней тілі немесе тайпа атымен (иудей) аталған. Кейіннен мишнайт еврей тілі делінген. К.е.т. – де бай діни, философиялық, ғылыми және көркем әдебиет жазылған. К.е.т.-нің қазіргі «мұрагері» иврит тілі, жеке тіл ретінде қарастырылады, өйткені К.е.т. күшті өзгеріске ұшыраған. К.е.т. лексикасында арамей, египет, аккад, иран, грек, үнді тілдерінен кірген сөздер кездеседі.

КӨНЕ ЕГИПЕТ ТІЛІ (египет тілі) – афроазиялық тілдердің жеке тармағы. V ғ. бастап өлі тіл. Қазіргі Египет (Мысыр) жерінде тараған, кейін ол жерде абар тілінің египет диалектісі жайлаған.

КӨНЕ ТҮРКІ ТІЛІ – түркі халықтарының тілі. Түркі сына жазулары (V–XI ғғ.) руналық ескерткіштерде көптеп кездеседі. Ең көп жазулар Орхон өзені (орхон жазуы), Енесай өзені бойында (енесай жазуы) табылған. К.т.т. –нің ең көне жазуы 1970 ж. Есік қорғанында табылған «Алтын адам» қазбасында кездеседі (б.э.д IV–V ғғ.). Орхон жазулары 1893 ж. В.Томсен мен В.Радлов алғаш рет оқыған (қар. Көне түркі сына жазуы). Әдеби тіл ретінде қалыптасқан. Ұлы түркі империясының ресми тілі болған. К.т.т.–не жатықтық тән. Бұл тілде диалектілік ерекшеліктер жоқтың қасы. IX ғ. Тұрпан (Шығ.Түркістан) жеріне көшіп келгеннен кейін ұйғырлар өз әдеби тілін жасаған, оның негізі руналық койне арқылы жасалған. Руникалық алфавиттен басқа олар соғды, манихей, брахми әріптерін де қолданған. Көне ұйғыр жазуын басқа түркі халықтары да жақсы білген, өйткені бұл тіл түркі халықтарына ортақ түбірден тараған. X–XII ғғ. Қараханид мұсылман елінде әдеби тілі қалыптасады, оны қарахан-ұйғыр тілі деп те атаған. Шынында, ортағасырлық авторлар бұл тілді, «бограхан» бурахан тілі (Жүсіп Баласағұни), хақан тілі (Махмуд Қашқари), қашқар тілі (Ахмед Йугнаки) деп атаған. Сырдың төменгі ағысында XIII–XIV ғғ., Алтын Орда елінде қыпшақ әдеби тілі болды. Әдеби-ғылыми тілде (XI–XII ғғ.) оғыз, қыпшақ тайпаларының араласуы нәтижесінде, осы тілдің негізінде жаңа сөзжасамдар дүниеге келді. Мұнда ұйғыр тілінің үлесі онша көп болмаса да, ұйғыр жазуы



деп көп еңбектерде айтылып жүр. Түркі әдеби тілдеріндегі орта ғасырлық ең маңызды кезең – шығыстық және ғылыми әдебиетте шағатай әдеби тілінің пайда болуы (қар. Шағатай тілі).

КӨНЕРГЕН СӨЗДЕР – күнделікті қолданыста жоқ, бірақ пассив сөз қорында сақталған, жалпыға бірдей түсінікті сөздер. Жалпы алғанда К.с. тілдегі көнерген лексика жүйесін құрайды. Ескіру дәрежесіне байланысты К.с. мынадай топтарға бөлінеді: а) бүгінде мағынасы түсініксіз сөздер; ә) мағынасы түсінікті, бірақ стилистикалық мақсатта ғана қолданылатын сөздер. Архаизация (көнеру) себептеріне байланысты К.с. екі топқа бөлінеді: историзмдер және архаизмдер. Историзмдердің синонимдері болмайды. Архаизмдер белгілейтін ұғымдар бар болса да, олар белгілі тарихи себептерден қолданылмайды.

КӨНЕ ОРЫС ТІЛІ – шығыс славяндарға ортақ тіл. VII–VIII ғғ. қалыптасып, XIV–XV ғғ. үш бөлек тілге-орыс, украин, беларус – бөлініп кеткен. Грамматикалық құрылысы флективті. Род категориясымен ерекшеленеді.

КӨНЕ ПАРСЫ ТІЛІ – иран тілдерінің оңтүстік-батыс тобына жататын өлі тіл. К.п.т. – нің жалғасы – парсы, тәжік, дари тілдері. Алғашында Ирандағы Фрас провинциясында тараған. Парсылық Ахеменид әулетінің ана тілі болған. К.п.т. тілдік құрамы флективті, синтетикалық түрге жатады. Ең көне жазулар – Дарий I патшаның (б.э.д. 521-486 жж.) жазуы. Оларды Г.Ф.Гротенд 1802 ж. оқыған.

КӨНЕ ҮНДІ ТІЛІ – Үндістан түбегін мекендеген ежелгі арийлердің тілі (б.з.д. 2000ж.). К.ү.т. үндіевропалық ежелгі тіл, көне иран (Авеста мен көне парсы) тілдеріне жақын. Үндістандағы-дравид, мұнда тілдеріне де ұқсас. К.ү.т. екі топқа бөлінеді: веда және санскрит (терістік-батыс және терістік-орталық) тілдері.

КӨПТІЛДІЛІК (мультилингвизм, полилингвизм) – бір мемлекет ішінде бірнеше тілді пайдалану. Бір адамның (адамдардың) бірнеше тілде сөйлеуі. К. Ірі, көп ұлтты елдерге тән (ТМД, АҚШ, Үндістан, Нигерия т.б.) К. жағдайында байланыс түрлері (тіл, диалект, говор, жаргон т.б.) бір-біріне бағынышты қызмет атқарады: 1) тар қолданыстағы топ ішінде ғана қолданылатын

тіл («отбасы» тілдері); 2) топаралық, тұрмыстық шағын қатынас құралдары («базар» тілі – Азия мен Африкада); 3) Ұлттық (әкімшілік) облыс тілі; 4) көп ұлтты аймақ тілі; 5) мемлекеттік тіл; К. көбінесе қостілділік (билингвизм) түрінде кездеседі.

КРЕОЛЬ ТІЛ – бұл шындығында лексикалық қоры бай, өзіндік жүйеленген грамматикасы бар, өзіндік ішкі даму заңдары бойынша кез келген тірі тілдер сияқты дами алатын толыққанды тіл. Креоль-тілдерде бүгінде әлемде шамамен 10 млн. адам сөйлейді. Жалпы креоль-тіл пиджинге өте ұқсас. Креоль-тіл өзінің пайда болуын пиджиннен бастап, біртіндеп өздігінен дамып жетіледі, бірақ ол құрылымдық жағынан екінші қосалқы тіл болып табылмайды. Пиджин-тіл ешқашан белгілі бір этностың ана тілі болмайды, ол тек әр түрлі тілдік ортадағы қарым-қатынасты қамтамасыз ету қажеттігінен пайда болған қосалқы (көмекші) тіл ғана. Ал креоль-тіл ана тілі дәрежесіне (көпшілігінде пиджин-тілді тұтынушылардың екінші ұрпағы үшін) көтерілуі мүмкін. Сондай-ақ әр түрлі тілдік ортада этносаралық, тіпті ұлтаралық тіл қызметін атқаруы да мүмкін.

Бүгінгі таңда креоль-тілде сөйлеушілер саны күн санап өсуде. Өйткені креоль-тілдің негізі ағылшынтілді, французтілді, испантілді және португалтілді пиджиндер болып табылады.

КРЕОЛДЕНУ/КРЕОЛИЗАЦИЯ (орыс. креолизация языка, нативизация языка) – әлеуметтік лингвистикалық үдеріс, оның нәтижесінде пиджин социумның барлық коммуникативтік мұқтаждықтарын, оның ішінде күнделікті отбасылық қатынас саласының өзін қамтамасыз ете бастайды да, көбіне жаңа буынның жеке дара ана тіліне айналады.

Қара: Контакт тілі, Тілдің креоленуі, Пиджин, Креол

КРЕОЛИСТИКА (контактология) – қарым-қатынастағы тілдердің құрылымдық типтерін, пайда болуын, эволюциясын зерттейтін тіл білімінің саласы. Мұндай тілдердің өзіндік ерекшелігі олардың пайда болуының әлеуметтік жағдаятына бүтіндей тәуелді болады. К. XIX ғасырда пайда болғанымен, лингвистикадағы жеке бағыт ретінде 1950 жылдан бері айқын көріне бастады, ол негізінен әлеуметтік лингвистиканың құрамдас бөлігі болып табылады.



КРЕОЛ ТІЛ – пиджин негізінде, оның ана тіліне айналуынан пайда болған тіл, Пиджиннен тұтынушыларының саны жағынан ғана емес, бай сөздік қоры, тұрақты грамматикасы, сан-салалы қызметі жағынан ерекшеленеді. Мыс., ағылшын тілі негізді пиджиннен қалыптасқан «сранан» тілі, ол Суринам халқының 1/3 бөлігінің ана тілі болып табылады.

Қара: Контакт тілі, Тілдің креоленуі, Пиджин.

КІРМЕ СӨЗДЕР – бір тілден басқа тілге енген бөтен тілдің элементі (сөз, морфема, синтаксистік құрылыс т.б.). Сөздің басқа тілге кіруі - тілдің қатынас нәтижесінде болатын тарихи құбылыс. Кірме сөздердің тек қана этимологиялық талдаудың көмегімен анықтауға болады, өйткені ол сөзді пайдаланып жүрген тілде оның бөтендігі білінбейді. Мыс., орыс тіліндегі түркі сөздері: башмақ, шаровары, ватага, қазақ, атаман, очаг, алтын, қазна, сапог, казан, сабля, стакан, зима, бревно, было, бык, буран, башка, дурак, город, ералаш, рот, гора, т.б. Қазақ тілінде кейбір парсы сөздері: нұр, сүт, нан т.б.

КІРМЕ, СӨЗАУЫСУ (орыс. заимствование; ағылш. borrowing) – 1. Бір тілдің элементтерінің екінші тілге өту, ауысу процесі. 2. Өзге тілден белгілі бір тілге енген сөз, сөз тіркесі, сөзжасамдық афикстер мен құрылымдар. Мыс., орыс. тіліндегі семинар, почтальон, курорт, джип, бутерброд, интервокальный, қазақ тіліндегі: ғалым, жәрмеңке, совхоз, әлем, әсемпаз, университет, деканат, магистр (қар.: Варваризм, Калька, Экзотизм, Этнографизм).

КІСІ ЕСІМІ (орыс. личное имя) – әлеуметтік лингвистикалық бірлік, жалқы есімдердің түрі, адамды тілдік дербес бірегейлеудің басты бір түрі. Алғашқыда адамның жеке есімі ретінде сол адамның тағы бір қырын танытатын лақап есімі қолданылған. Қыздардың аты үшін олардың нәзіктігін ерекшелейтін лақап есімдер таңдалған: әдетте бұл гүл, жеміс немесе жануарлардың атаулары болған. Ал ер балаларға олардың батылдығы мен күшін ерекшелейтін лақап есімдер берілген. Қойылған есім баланың болашақтағы тағдырын анықтайды деп есептеген. Өмір ағысында лақап есімдер қандай да бір жағдайларға байланысты өзгеріп

отырған. Көбіне ересек кезінде берілген лақап есімдер сол адамның қандай да бір ерекшелігін көрсетіп тұрады. Кейде мұндай лақап есімдердің бастапқы мағынасы күңгірттеніп, уақыт өте келе дәстүрге айналып ол тек К.е. ретінде бекітілген.

КІШІ ӘЛЕУМЕТТІК ТОП – бұл да микроәлеуметтік қауымдастық.

КӨШІ-ҚОН (лат. – migratio – қоныс аудару; орыс. миграция; ағылш. – migration) – адамдардың ел ішінде немесе одан тысқары қоғалысы, орын ауыстыруы, кетуі, көшіп-қонуы; адамдардың ел, аудан, мемлекеттер арасында қоныс аударуының жиынтығын көрсететін әлеуметтік экономикалық және демографиялық процестері; урбанизацияның маңызды тетігі (механизм). Көші-қон процестерін, қоныс аударушылардың (мигранаттардың) тілдік ақуалын зерттеу – әлеуметтік лингвистикалық жұмыстардың негізгі бағыттарының бірі. Көші-қонды эпизодикалық, маятниктік, маусымдық және түпкілікті (безвозвратный) көші-қон; табиғи және жасанды, кіріптарлық (вынужденный) көші-қон деп бөлушілік бар. Кіріптарлық көші-қон себептері: ұлтаралық қақтығыстар, әскери әрекеттер, экологиялық апаттар, ұлтшылдық саясат, лингвоцид, геноцид т.б. Көші-қон нәтижесінде тіл ауыстыру, тілді ығыстырушылар байқалуы мүмкін (қар.: Диаспора).

Қ

ҚАЗАН ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ МЕКТЕБІ – XIX ғ. екінші жартысындағы орыс тіл білімінің бір бағыты, Қ.л.м. – нің өкілдері: И.А.Бодуэн де Куртуне, В.А.Крушевский, В.А. Радлов, С.К.Булич, К.Ю.Аппель, Қ.л.м. – не мынадай принциптер тән – дыбысты және әріпті бөлек қарастыру; тілдің синхрониялық және диахрониялық қырларын жеке қарастыру; көне ескерткіштердегі деректерден гөрі, тірі тілдегі нақты деректерге мән беру.



Бодуэн де Куртене тіл мен тіл ғылымын психологиялық-әлеуметтік құбылыс ретінде таныған. Бұл мектептің идеялары қазіргі тіл біліміндегі структуралық (құрылымдық) лингвистика, фонология, морфонология, тілдердің типологиясы тәрізді пәндердегі идеялардың дамуына түрткі болды.

Бодуэн де Куртенең еңбектері психолингвистика саласын дамытуға ықпал етті. В.А.Крушевскийдің еңбектері қазіргі артикуляциялық және акустикалық фонетиканың негіздеріне алынды. Крушевскийдің ойынша, тіл ғылымының негізгі қызметі тілдегі заңдылықтарды анықтау болып табылады. Қ.л.м. тілдің тарихын зерттеуге үлкен мән берген. Бодуэн де Куртене тілдің тарихы мен тілдің дамуын жеке қарастырған, ол тілдердің типологиялық классификациясының негізін қалаған.

ҚАЗАҚ ТІЛІ – түркі тілдерінің бірі. Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі. Қазақ тілінде сөйлеушілердің саны 10 млн. асады. Бұл тілде сөйлеушілер Қазақстаннан басқа Өзбекстанда, Қырғызстанда, Түркменстанда, Ресейде, Қытайда, Монғолияда, Түркияда т.б. мемлекеттерде тұрады. Қазақ тілі – өзіндік көне тарихы бар ежелгі тілдердің бірі. Диалектілік ерекшеліктері жоққа тән, монолиттік тіл. Қазақ әдеби тілі XV–XVI ғғ. бастап қалыптасып дамыған. Қазақ тілі түркі тілдерінің Батыс ғұн тармағының қыпшақ тілдік тайпалық бірлестігінің құрамында қалыптасқан. Тарихи тағдыры жағынан қарақалпақ, ноғай тілдеріне жақын.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТІЛДЕР – Қазақстан аумағында 128 тілдің сөйлеушілері тұрады. Ол тілдер әр алуан Алтай (түрік, монғол т.б.) Үндіевропа (славян, иран т.б.) т.б. семья, топ, тармақтарына, сондай-ақ агглютинативтік, флективтік, түбір тілдер типтеріне жатады. Қазақстандағы тілдік жағдаят теңестірілмеген экзогlostық, демографиялық әр алуан диглоссияны құрайды. Қ.т. ішінде мемлекеттік тіл мәртебесі қазақ тілінде берілген. Қ.т.-ге қатысты тіл саясаты мен тілдік жоспарлау қазіргі таңда мемлекеттік бірнеше құжаттар мен актілер негізінде реттеледі (қар.: Тіл мәртебесі, Тілді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы).

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТІЛ САЯСАТЫ Қазақтанның бүгінгі шындығында өмір сүріп, қызмет етіп отырған генетикалық және типологиялық ерекшеліктері бар тілдердің арасында (елімізде 130-дан астам этнос тұрады) қатар қызмет ететін екі үлкен тіл (қазақ және орыс тілдері) бар, бұл елдің көпэтносты тұрғындарының барлық қажеттілігін және тілдік, демографиялық және саяси жағдаят ерекшеліктерін есепке алатын тіл саясатын керек етеді. «Қазақстан-2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттегі жаңа саяси бағыт» атты халыққа Жолдауында Н.Ә.Назарбаев: «Тіл туралы жауапкершілігі жоғары саясат біздің қоғамымызды одан әрі ұйыстыра түсетін басты фактор болуға тиіс», – деді. Мемлекеттің қалыптасу жылдарында қабылданған Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын реттеу мен қалыптастырудағы заңнамалық-құқықтық, нормативтік-құқықтық актілер тіл саясатының мақсатын, бағытын, міндеттері мен кезеңдерін анықтайды. Бұлар – Қазақстан Республикасындағы Тіл туралы Қазақстан Республикасының заңы (11 шілде, 1997 ж.), Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 7 ақпандағы № 550 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасында Тілдерді дамыту мен қолданудың 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы және Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 29 маусымдағы № 110 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасында Тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 4 қарашадағы № 3186 Өкімімен мақұлданған Қазақстан Республикасындағы тіл саясатының тұжырымдамасы. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 20 қаңтар, 1998 жылғы қаулысымен бекітілген, барлық қазақстандықтардың мерекесіне айналған – Қазақстан халқы тілдерінің күні мерекесі қыркүйек айының үшінші жексенбісінде атап өтіледі. Этникалық тегіне қарамастан Қазақстан халқының теңдігін нығайтуға бағытталған бұл мерекенің өзіндік маңызы бар.

«Қазақстан Республикасындағы тіл саясатының тұжырымдамасында» мемлекеттің тіл саясатының мынадай мақсаттары



анықталды: «Осы тұжырымдаманың мақсаты – өтпелі кезеңде тілдердің сақталу және қызмет ету саласындағы мемлекеттік саясат стратегиясын әзірлеу, мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілін дамытуға жағдай туғызу жөніндегі мемлекет міндеттерін айқындау». Тіл саясаты тұжырымдамасының негізгі міндеті Қазақстан Республикасының Конституциясына сай тілдік дамудың басым бағыттарын, тілдердің қызмет ету тетіктерін айқындау болды. Сондай-ақ тұжырымдама бойынша тіл «ұлттық мәдениеттің негізі» ретінде анықталса, Қазақстандағы тіл саясаты «жекелеген этностардың үйлесімді әрі тұрақты дамуына бағытталуы керек» делінді. Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының басым бағыттағы міндеттері қазақ тілінің нормативтік-құқықтық дамуын қамтамасыз ету, терминологиялық және лингвистикалық базасын кеңейту, жетілдіріп жүйелеу болып табылатындығы анықталды. Аталған бағдарлама алдына қойған барлық міндеттерін орындады. Одан кейінгі елдің тіл саясаты стратегиясын орындауды Тілдерді қолдану мен дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы қабылдады. Ол елдегі тілдік жоспарлауды жүзеге асыруға бағытталған. Бағдарламада мақсатты индикаторлар мен нәтиже көрсеткіштері, алға қойылған мақсатқа жету нәтижелерінің жолдары және әр кезеңде жүзеге асырылатын қажетті шаралар белгіленген. Мемлекеттік бағдарламада қазақ тілін сапалы оқытудың мәселелері бойынша нақтылы ұсынымдар берілген және оны ғылыми негізде іске асырудың қажеттіліктері көрсетілген. Тіл дамытудың негізгі мәселелері анықталған және оларды шешудің жолдары көрсетілген. Бірінші мәселе – қоғамдық сұранысты қалыптастыру, екінші – тілдік қоғамдық орта жасау, үшінші – тілді оқытудың сапалылығын қамтамасыз ету. Қазір мемлекеттік бағдарламаның мақсаты мен міндеттерін жүзеге асыруға байланысты жоспарлы жұмыстар жүргізілуде: мемлекеттік бағдарламаны кезеңдік жоспар бойынша жүзеге асырудың шаралары жасалынды. Жоғарыда айтылғандарды негізге алсақ, бүгінгі таңда Қазақстан Республикасы тіл саясатының заңнамалық

және нормативтік-құықтық базасы қалыптасқан және тіл дамыту саласындағы мақсат пен міндеттері айқындалған және оларды жүзеге асыруға бағытталған негізі бар деп айтуға толық негіз бар.

Қара: Тіл саясаты

ҚАЗАҚ-ОРЫС ҚОСТІЛДІЛІГІ – Ресей империясы және КСРО заманында жүргізілген орыстандыру саясатына байланысты Қазақстандағы және Ресейдегі қазақтар арасында кеңінен тараған біржақты қостілділік құбылысы. Қазіргі Қазақстанда ресми деңгейде халықтың бұл қостілділігі жағымсыз сипатталмайды. Мұны елбасы Н.Назарбаев «ұлттық байлық» санайды, сондай-ақ елде үштілділікті (қазақ-орыс-ағылшын) дамыту саясатын ұсынды.

ҚАНАТТЫ СӨЗДЕР – фольклор, әдебиет, публицистика не ғылымнан енген және тарихи қайраткерлердің айтқан тұрақты, образды, қысқаша сапталған сөйлемдері. Қ.с. деген ұғымды Гомер қолданған. Термин ретінде 1864 ж. жарық көрген. В.Бюхман кітабынан кейін қолданыс тапты. Қазақ тілінде билер мен шешендердің айтқан қанатты сөздері ерекше орын алады.

ҚАРАИМ ТІЛІ – түркі тілдерінің бірі. Қырым, Батыс-Украина, Литва, Польша тұрғындары сөйлейді. Қ.т. –де үш диалекті бар: Қырым, Таракай және Галица, Әдеби тілі қалыптаспаған. Қараимдер көне еврей, латын, орыс алфавиттерін пайдаланған. Інжіл қолжазбасы (аудармасы) сақталған. Баспадан шыққан кітаптар ХІХ-ХХ ғғ. жатады.

ҚАРАҚАЛПАҚ ТІЛІ – түркі тілдерінің бірі. Қарақалпақстан, Өзбекстан, Қазақстан тұрғындары сөйлейді. Екі диалектісі бар: солтүстік-шығыс және оңтүстік-батыс.

ҚАРАПАЙЫМ СӨЙЛЕУ – ұлттық тілдердің бірі. Қ.с. (просторечие) диалект, жаргон және халық говорларымен бірге халықтың ауызекі тіліне жатады. Қ.с. диалектіге тәуелді болмайды. Қ.с. тек орыс лингвистикасында ғана бар ұғым, сондықтан Қ.с. басқа басқа тілдерде болмауы мүмкін.

ҚАРАПАЙЫМ ТІЛ (ағыл. popular dialectism language)- әдеби тілді меңгермеген бүтіндей қала тұрғындарының сөйлеуі немесе сөйлеу элементі. Орыс тілінде бұл «просторечие», француз тілінде



Langue populaire деп аталады. Онда арго, жаргон элементтері көп қатысады және ол кейде француз тілінің стилистикалық бір түрі деп те аталады; қарапайым тіл ағылшындарда nonstandard illierate speech – ағылшын тілінің функционалды-стилистикалық бір түрі, сленгі; немістерде – Halbmundart, Umgangssprache деп аталады, ол неміс тілінің күрделі функционалдық және әлеуметтік белгілерін көрсетеді. Қазақ тілінде қарапайым тіл тек ауызша формада және көбінесе тұрмыстық жағдайларда қолданылады, кейде көркем шығармаларда стилдік мақсатта пайдаланылуы мүмкін.

ҚАРАШАЙ-БАЛҚАР ТІЛІ – түркі тілдерінің бірі. Қабарда-балқар, Қарашай-Шеркеш, Қазақстан, Өзбекстан тұрғындары сөйлейді. Қ.-б. т. әдеби тілі 1917 ж. кейін «ч-ж» диалектісінде қалыптасқан.

ҚАТЕЛЕРДІ ТАЛДАУ (грек. analysis – талдау, бөлшектеу; ағылш. – error analysis) – тіл үйренуші сөйлеуіндегі меңгеріліп отырған тіл нормасы мен жүйесінен ауытқушылықты түзету, түсіну үшін талдау. Қ.т. қателіктер иерархиясын жасауға және оларды түзеу мен болдырмаудың тактикасын игеруге жәрдемдеседі. Қ.т. өзіндік бағыттары бойынша (қатені талдау – қателерді салыстыру және қарама-қарсы тілдерді айту) контрастивтік лингвистикада қолданылады.

ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ЖАҒДАЯТЫ (орыс. коммуникативная ситуация; ағылш. communicative situation) – қарым – қатынасты жүзеге асыратын жағдаят, оны өзгертуге міндеттелген жағдаятты сөйлесулерден құралады. Сөйлеуші (қар: Адресант), тыңдаушы (қар: Адресат), қатынас мақсаты, қатынас сипаты (ресми-бейресми-достық), қатынас құралы (тіл, диалект, жестілер, мимикалар т.б.), қатынас тәсілі (ауызша, жазбаша, интернет т.б.). Қ.-қ.ж. қоғамның даму дәрежесіне байланысты, мыс., қатынас салалары әр алуандық тән, қарым-қатынас тығыз, ақпарат ағыны күшті урбанизировалық қоғамдағы Қ.-қ.ж. (Татарстан, Башқұртстан, Чувания) біршама гомогенді әлеуметтік құрамды ауылдық тұрғындардан тұратын елдердегі (Алтай, Тува, Хакасия). Қ.-қ.ж. маңызды айырмашылыққа ие (қар.: Ана тіл, Паралингвистика, Тілдік жағдаят, Тіл саясаты).

ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ОРТАСЫ (орыс. коммуникативная среда) – салыстырмалы түрде ішкі қарым-қатынастық байланыстары тұрақты әрі жүйелі және белгілі бір аумақтық шектен шықпайтындығымен сипатталатын тарихи қалыптасқан этно-әлеуметтік-тілдік бірлестік. «Қарым-қатынас ортасы» деген таза әлеуметтік лингвистикалық терминнің «әлеуметтік топ» терминінен мағынасы кең. Қарым-қатынас ортасы бірнеше әлеуметтік топтарға бөліне алады. Қарым-қатынас ортасының «әлеуметтік топ», «әлеуметтік ұжым», «әлеуметтік бірлестік» сияқты бірліктерден ерекшелігі ол қоғам шегінде емес, халық шеңберінде қалыптасады. Бұл терминнің мәні сондай-ақ «этникалық бірлестік» ұғымымен де сәкес келмейді: өйткені қарым-қатынас ортасы этникалық ортамен сәкес келуі міндетті емес.

Қара: Әлеуметтік топ, Әлеуметтік ұжым, Әлеуметтік бірлестік

ҚОЛДАНБАЛЫ ЛИНГВИСТИКА – тіл қолдану мәселелерінің практикалық әдістерін жасаумен айналысатын тіл білімінің бағыты. Тіл білімінің дәстүрлі қолданыс мәселелері төмендегідей: Жазуларды жасау мен оларды дамыту, ауызекі сөйлеудің транскрипциялық жүйесін құру, шетел сөздерінің транслитерация жүйесін жасау, стенография, зағиптарға арналған жазу жүйесін жасау, ғылыми-техникалық терминалогияны қалыптастыру, жаңа тауар мен өнім атауларының ережесін жасау, аударманы жүйелеу, арнайы лингвистикалық сөздіктерді шығару, жасанды тілдердің пайда болуы мен дамуын зерттеу. XX ғ. Қ.л. жоғарыдағы мәселелерді ЭВМ көмегімен шешуді қарастырады. Осыған орай «Есептік лингвистика», «Инженерлік лингвистика» атаулары қолданылады. Қ.л.-ның жалпы мәселелері теориялық тіл біліміндегі және алгоритмдік және математикалық лингвистикада шешімін табуға тиіс. Қ.л.-қазіргі бағыттары: тілдің автоматикалық танылуы мен талданылуы, мәтіндегі хабарды автоматикалық тәсілдердің көмегімен өңдеу, информатикалық жұмыстарды автоматтандыру, автоматикалық түрде жасалған сөздіктерді шығару, автоматикалық аударма, реферат және аннотациялар жасау. АБЖ (автоматты



басқару жүйесі) лингвистикалық құралын жасау, ғылыми-техникалық терминологияны стандартқа сай келтіру.

ҚОСТІЛДІ (Билингв) (лат. bi. қос + lingua –тіл; орыс. билингв; ағылш. Bilingual) – екі (одан да көп) тілді меңгерген адам (салыс. біртілді (Монолингв)). Қостілді меңгеру деңгейі әр алуан болуы мүмкін. Екі тілді күллі салаларда тең дәрежеде қолданыла алатын қостілділер үшін амбилингв термині (қар: Амбилингвизм), екі тілді толық емес тілдік құзіреттіліктегі қостілділер үшін Семилингв термині пайдаланады (қар.: Семилингвизм, Билингвизм, Полиглот, Қостілділік, Диглоссия).

ҚОСТІЛДІЛІК (орыс. двуязычие; ағылш. bilingualism) – бұл да билингвизм, яғни жеке адамның немесе қоғамның екі тілді қолдануы. Қостілділіктің мынадай түрлері ажыратылады: жеке адамдық қостілділік – белгілі бір этностың жекелеген мүшелерінің екі тілді білуі мен қолданылуы және жаппай қостілділік – екі тілді этностың басым көпшілігін білуі мен қолданылуы; жеке адам тудырған қостілділік және ұжымда өмір сүретін қостілділік; аймақтық қостілділік – елдің белгілі бір аудан тұрғындарының екі тілді білуі мен қолдануы және ұлттық қостілділік – елдегі сол этностың екі тілді білуі; табиғи қостілділік – сол тілдің тұтынушыларының тікелей өзара қатынасының нәтижесінде екі тілді білуі мен қолданылуы және жасанды қостілділік – екінші тілді үйренуге арнайы бейімделу және әлеуметтік жағдай жасау нәтижесінде екі тілді білу мен қолдану т.б. Сондай-ақ егер әрбір екі тіл билингвте жеке жүйе ретінде өмір сүрсе таза (Л. В. Щерба) немесе үйлестірілген (координированное) қостілділік (Ч. Осгуд. У. Вайнрайх. С. Эрвин т.б.); егер екі тіл бір жүйеге біріксе, аралас қостілділік; және екінші тілді меңгерудің ерте дәрежесіндегі субординативтік (У. Вайнрайк) қостілділік деп те бөлінеді. Қосымша қостілділік (билингв бірінші тілдік құзіретін жоғалтпай екінші тілді қолданады) және ауыстырмалы қостілділік (қар: Функционалдық қостілділік) және этникалық қостілділік (этникалық қостілділік) деп бөлінеді. Жер шарының барлық тұрғындарының жартысына жуығы қостілді екендігі анықталған. Кейбір елдер үшін қостілділік

өте аз кездесетін феномен болса (АҚШ, Франция, Ұлыбритания т.б.) өзге елдер үшін бұл норма (Индия, Батыс Африка, Тайланд, Папуа, Жаңа Гвинея, Колорун т.б.) (қар.: Билингвизм, Көптілділік, Амбилингвизм, Семилингвизм).

ҚОСТІЛДІ БІРЛЕСТІК (орыс. двуязычная общность; ағылш. bilingual community) – ішкі топтық қатынастар үшін екі және одан да көп тілдерді қолданатын тілдік бірлестік (қар.: Бірлестік, Біртілді бірлестік, Қостілділік, Көптілділік).

ҚОСТІЛДІК БІЛІМ (орыс. двуязычная образование) – екі тілде жүргізілетін білім беру жүйесі (олардың бірі – оқушының бірінші тілі болуы мүмкін). Қ.б. М.Сигуану мен У.Макки көз-қарасы бойынша мақсатына қарай (екі тілде бірдей тілдік күзіретке жетуне екі тілдің біреуінің ғана тілдік күзіретіне жету), қамтылатын екі тілдің оқу бағдарламасындағы көлемі бойынша (бірдей көлемне екі тілдің біреуі басым жағдайға ие болуы), оқушының тілдері арасындағы және оқушының негізгі тілдің арасындағы қатынас бойынша (оқушы тілі оқудың негізгі тіліне сәйкес немесе сәйкес келмеуі), тілдер арасындағы әлеуметтік лингвистикалық арақашықтықтық бойынша (бір тіл диалекті болуы мүмкін, тілдердің әр түрлі мәртебелілігі болуы мүмкін т.б.)

ҚОСЫМША ТІЛ (ағыл. auxiliary (accessory, subsiduary) language, орыс. вспомогательный язык) – табиғи тілмен қосымша қатынас құралы ретінде қолданылатын табиғи тілдің аналогі (қар.: Жасанды тіл, Эсперанто, Волапюк, Ақпараттық тіл, Халықаралық тіл).

ҚҰЗІРЕТ (орыс. компетенция)- қар: Тілдік күзірет.

ҚҰПИЯ ТІЛДЕР – (шартты тілдер) – жаргондардың шартты атауы: бұл жаргондар ерекше әлеуметтік топтардың – саудагерлер, кәсіпкерлер, қайыршылар арасында тараған. Қ.т. белгілі бір ұйымға тән ұжымдық ойын ретінде белгілі болған. Қ.л. деп бұл тілдердің жасырын түрде қолдануынан шыққан. Европада Қ.т. XIII ғ. белгілі. Мыс... Германияда қайыршылардың тілінің сөздік қорында 300-400 түбір бар екен және сөзжасмында грек, латын, түркі, фин, угор, цыған, идыш және т.б. тілдер сөздерін пайдаланады.



ҚЫРҒЫЗ ТІЛІ – түркі тілдерінің бірі. Қырғызстанда, Қазақстанда, Өзбекстанда, Тәжікстанда тараған. Сонымен бірге Қытайдың Шыңған – Ұйғыр ауданында, Монғол елінің батысында, Ауғанстан мен Пәкістанда тараған. Қ.т.-нің екі диалектикасы бар: солтүстік және оңтүстік. Ұлттық жазу 1924 ж. араб жазуы негізінде жасалған, 1926 ж. кейін латын, ал 1940 ж. кейін орыс графикасын қолданады. Қ.т. – Қырғызстанда мемлекеттік тіл.

ҚЫТАЙ ТІЛІ – Қытай – Тибет тілдерінің бірі. ҚХР-ның ресми тілі. БҰҰ-ның ресми және жұмыс тілі. Индонезия, Малайзия, Вьетнам, Лаос, Мьянма, Таиланд, Сингапур т.б. елдерде тараған. Қ.т.-де жеті негізгі диалекті бар: солтүстік (сөйлеушілер саны 70 пайыз), у, син, ган, хакка, юэ, минь. Қытай әдеби тілі солтүстік диалекті негізінде қалыптасқан. Қ.т.-де 4 тон бар. Жалпы Қ.т.-де путунхуада 1324 әр түрлі буын бар. Сөзжасам – сөздердің бірігуі арқылы және аффикс пен конверсия арқылы жасалады. Б.э.д. 1000 ж. әдеби көне Қ.т. – вэньянь қалыптасқан. 1000 ж. бастап жаңа жазба, ауызекі тіл – байхуа қалыптасады. Солтүстік байхуа негізінде ұлттық Қ.т.-путухуа қалыптасқан. Қ.т.-де иероглиф жазуы қолданылады. Ең көне жазба ескеркіш – б.э.д. 2000 ж. жатады. Ең көне әдеби ескеркіштер – «Шу цзинь» (Тарих кітабы) және «Шинзин» (Ән кітабы) – б.э.д. 1000 ж. жатады.

ҚЫТАЙДАҒЫ ҚАЗАҚ ТІЛІ – қазақ тілінің шетелдегі ең ірі қазақ диаспорасының тілі. Қытайда ресми мәліметтер бойынша 1,4 млн. қазақ тұрады. Олар Қытай халық республикасы халықының ішінде 16-орынды алады. Қытайдағы қазақтар түркі тілінің қыпшақ тобына жататын қазақ тілінде (830 мың адам солтүстік шығыс диалектісінде, 70 мыңы оңтүстік диалектісінде) сөйлейді. Қытайдағы қазақ тілі қытай тілінің солтүстік бұтағының аса маңызды емес әсеріне ұшыраған. Сондай-ақ ұзақ уақыт бойында бір-бірінен оқшаулана өмір сүруі салдарынан кейбір сөздер мен терминдердің қолданысында айырмашылықтары бар. Мектепте балалар бұрын қытай тілін 7-сыныптан бастап оқыса, бүгінгі күні 3-сыныптан бастап оқуда. Қазіргі қазақ мектептерінде қазақ тілі мен әдебиеті ғана ана тілінде оқытылса, қалған пәндердің барлығы

қытай тілінде оқытылады. Жалпы шет елде тұратын қазақтардың басты пролемасына олардың ана тілінен айырылу қаупін айтуға болады.

ҚЫТАЙ-ТИБЕТ ТІЛДЕРІ (сино-тибет тілдер) – әлемнің ең ірі тіл ұяларының бірі. Қ.-т.т. – не 100 ден астам тіл кіреді, қазіргі тіл білімінде Қ.-т.т. екі тармаққа бөлінеді, олар – қытай және тибет-бирма тілдері. Қытай тілінде – 1200 млн. адам сөйлейді, бұл топқа қытай және дүнген тілдері кіреді. Тибет-бирма тобына: бирма, тибет, карен, хани, манипури, бодо (качари), гаро, цзинпо (качин), лису, таманг, невар, гурунг, туцзя тілдері кіреді. Қ.-т.т. буынды тілдерге жатады. Негізгі фонетикалық бірлік-буын. Қ.-т.т. үш негізгі жазу түрі бар: идеографиялық, үнді текті фонетикалық және латын алфавиті негізіндегі жазу. Бірінші топқа – қытай жазуы, екінші топқа – тибет, бирма алфавиті, үшінші топқа – Қытай және Мьянма тілдеріндегі алфавиттер кіреді

ҚЫТАЙ ТІЛ БІЛІМІ ДӘСТҮРІ – Қытайда пайда болған тіл зерттеу дәстүрі. Бұл дәстүр 2000 ж. бұрын болған, оның ерекшелігі – флективті емес, идеографиялық хатпен жазылатын тілдің бірегей дәстүрі болуында, қытай тілі – буынды тіл, бір морфема (сөз) бір иероглиф арқылы беріледі. Иероглиф, белгілейтін морфема және буын тұтас бір кешен құрайды. Сондықтан бұл кешенді зерттеу, иероглифтің жазылуы мен оның мағынасын білу – Қ.т.б.д. – нің екі үлкен саласының: лексикография мен фонетиканың пәндері болып табылады. Қытайдағы тіл білімі саласының ең көнесі – иероглиф беретін мағынаны зерттеу. Ең алғашқы сөздік – «Эр я» түсіндірме сөздігі болған, ол б.э.д. III-II ғғ. жасалған. Кейіннен Қытайда фонетика саласы дамиды. Қытай жазуының ең кіші бірлігі – буын болғандықтан жеке дыбысты жазу, қолдану мүмкін емес. Сондықтан қытай фонетикасында өзгешеліктер бар: онда дыбысты бейнелеу орнына буындарды жүйеге келтіру кездеседі, қытайлықтар буынды екіге бөледі: инициаль (шэн, бастапқы дауыссыз) және финаль (юнь, буынның соңғы бөлігі). Буынның үшінші бөлігі тон болады. ХҮІІ-ХҮІІІ ғғ. тарихи фонетика үлкен жетістіктерге жетті. Гу Яньу және Дуань Юйцай еңбектері шығады, олар көне қытай тілінің фонетикасын зерттеумен айналысқан.



Л

ЛАКУНА (лат. Lacuna – тереңдеу, түсіп қалу) – 1. Мәтіндегі аралық, жетіспей тұрған орын, 2. Өзге тілдегі лексикалық мәндегі мағынаны беру үшін қолданылмай тұрған сөз. Ю.С.Степановтың бейнелеп айтуынша «Әлем картасы мағынасындағы ақтаңдақтар». Л. тілдерді салыстыру және түрлі мәдениеттерді бірлікте қарастырғанда байқалады (қар.: Салыстырмалы лингвистика).

ЛАПСУС ЛИНГВА (лат. lapsus linguae – lapsus – сүріну, ауытқу + linguae – тіл; орыс. Лапсус лингве; ағылш. Lapsus linguae) – сөйлеу қабілеті, артық, ауытқи сөйлеу (қар.: Парафазия).

ЛЕКСИКАЛЫҚ МИНИМУМ – оқушылардың оқу мерзімінің белгілі бір аралығында міндетті түрде меңгеруге тиісті лексикалық бірліктері. Л. м. сандық және сапалық құрамы оқу мақсатына, оқу кезеңіне және тілді үйренуге бөлінген оқу сағатының санына байланысты болады. Әдістемелік әдебиеттерде Л. м. іріктеудің мынадай қағидаттары сипатталған: статистикалық қағидат (мұнда сөздерді іріктеу белгісіне оның жиілігі, кең өрістігі, қолданылымдылығы, қажеттілігі немесе даярлығы жатады), әдістемелік қағидат (мұнда оқыту кезеңі, қатынас саласы мен тақырыбы есепке алынады), лингвистикалық қағидат (мұнда сөздердің тіркесуі қабілеттілігі, сөзжасамдық құндылығы, стилистикалық шексіздігі, т.б. негізге алынады). Қазіргі әдістеде Л. м. тілді меңгеру деңгейіне қарай және оларды тандап алу қағидатына бағытталған. Қазақ тілін шет тілі ретінде қарапайым деңгейде меңгерудің Л. м. шамамен 800 бірлік, базалық деңгейіне – 1300, сертификаттау деңгейіне 2300 бірлікті құрайды.

Қара: Грамматикалық минимум

ЛЕКСИФИКАТОР – Пиджин, Креоль-тіл жасаудағы негіз – тіл. Мыс., пиджин-инглиштің Л. ағылшын тілі, руссеюрска Л. орыс тілі мен норвеж тілі (қар.: Жасанды тіл, Интерлингвистика).

ЛИНГВА ФРАНКА (итал. Lingua franca – франк тілі) – шектеулі әлеуметтік салалардың әр түрлі тілде сөйлеушілер арасында қолданылатын тілдердің шартты атауы. Әуелде «Л.ф.»

термині нақтылы тілге айтылған еді, бұл құрама тіл француздың прованс және италияның лексикасы негізінде жасалған болатын. Христиандық жорықтар дәуірінде бұл тілдің маңызы зор болған. Бұл кезеңде Л.ф.-ға испан, грек, араб, түрік сөздері еніп, ол «собр» аталып, XIX ғ. дейін қолданылған. Әлуеметтік лингвистикада Л.ф. ұғымы кез келген этносаралық ауызекі қатынаста қолданылатын тілді айтады. Мыс., Африкада – хауса, бамана тілі, Европада – пиджин тіл т.б.

ЛИНГВА ФРАНКА – әлеуметтік контактінің (түйісудің) шектеулі салаларында түрлі тілді тұтынушылар арасындағы қатынас құралы ретінде қолданылатын тілдің функционалды типі. Л. ф. әдетте ауызша түрде қызмет етеді. Л. ф. ретінде сол аймақ халқының біреуінің тілі, ешбір этностың ана тілі болып саналмайтын бейтарап тіл немесе жергілікті не еуропалық тіл базасындағы пиджин қолданылуы мүмкін. Мыс., Батыс Африкадағы хауса, бамана, Шығыс Африкадағы суахили Л. ф.. Тарихи тұрғыдан алғанда, бұл термин (сөзбе-сөз алғанда «франкілер тілі») жерортатеңізі елдері халқының қолданған ортағасырлық пиджинін белгілеген.

ЛИНГВАЕЛТАНУ (орыс. лингвострановедение) – бір жағынан, тілді оқытуды қамтитын, екінші жағынан, үйретілетін тілдің қолданылатын елі туралы белгілі бір мәлімет беретін ғылыми бағыт. Л. басты мақсаты – әңгімелесушінің тілін теңбе-тең ұғыну және түпнұсқа мәтіндерді түсіну арқылы ұлтаралық қатынас актісіндегі қарым-қатынастық құзіреттілікті қамтамасыз ету.

ЛИНГВЕМА – белгілі бір әлеуметтік бірлестіктегі (ру, тайпа, халық, ұлт) адамдар қарым-қатынасын қамтамасыз ететін кез келген тіл (идиом). Л. негізгі конструктивті белгісіне ерекше лингвистикалық құрылым мен ол қамтамасыз ететін әлеуметтік бірліктегі адамдар жатады. Терминді В.К.Журавлев ұсынған (1982).

ЛИНГВОНИМ (лат.Lingua – тіл + грек. anima – ат) – этимологиясы бойынша тіл атауы. Мыс., қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілі.



ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ГЕОГРАФИЯ (орыс. лингвистическая география; ағылш. Linguistic geography) – тілдік факторлардың аумақтық таралуын және картаға түсірілуін қарастыратын лингвистикалық бағыт (қар.: Ареалдық лингвистика, Изоглос, Диалектология).

ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ДАУ-ЖАНЖАЛТАНУ (орыс. лингвистическая конфликтология) – тілдік жанжал типтерін, олардың пайда болуын, сондай-ақ оларды болдырмау мен бейтарап-тандырудың жолдарын іздеуді зерттеумен айналысатын әлеуметтік лингвистика саласы.

Қара: Макросоциолингвистика, Тілдік жанжал.

ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ СТАТИСТИКА (лингвостатистика) –

1. Кең мағынада: тіл білімінде статистикалық тәсілдерде қолдану.
2. Тар мағынада: лингвистикаға қатысы бар кейбір математикалық проблемаларды зерттеу.

ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ФИЛОСОФИЯ (тіл философиясы) – табиғи тілді ғылыми тәсілдер көмегімен талдауды мақсат еткен философияның бір бағыты. Л.ф.-ны аналитикалық философияның бір түрі деп қарауға болады (қар.: Логикалық бағыт).

ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ЫҚТИМАЛДЫҚ БОЛЖАМЫ – (орыс гипотеза лингвистической относительности) – бұл да Сепир-Уорф болжамы.

ЛИНГВОЦИД (лат. Lingua – тіл+лат. caedere – өлтіру, тікелей айтқанда тілді құрту) - тіл қызметі салаларының тарылуына немесе мүлдем қысқаруына ықпал ету, соңында біртіндеп тілді құрту, жою (қар.: Жоғалып бара жатқан тіл, Тіл ауыстыру, Тіл жоғалту, Өлі тіл, Миноритарлық тіл, Тілдік экспонсия, Геноцид).

ЛИНГВОЦИД(орыс тілінен сөзбе-сөз алғанда «языкоубийство» немесе глоттофагия, қазақша айтқанда «тілді жою, өлтіру») – тілдің, әдетте, ертеден таралған аймағында оны түп-тамырымен құртуға бағытталған саяси-әкімшілік, сондай-ақ экономикалық сипаттағы іс-шаралар кешені. Термин авторы Я.Б.Рудницкий оны алғаш рет 1967 жылы қолданған. Л. термині тілдің тұтынушысын геноцид жағдайындай физикалық тұрғыдан жоюды емес, алдымен

оны тілдік ассимиляциялау саясатына әкелетін жағдаятты барынша толық сипаттайды. Л. жағдайында үстем бюрократтық машина тілді тұншықтыруда этникалық мәдениет пен діни элементтерді сақтауға барынша адалдықпен қарайды. Л. саясатының жеңіске жетуі тілдің жойылуымен, тілің өлімімен аяқталады.

ЛОГИКАЛЫҚ БАҒЫТ (тіл білімінде) – тілдің, ой мен білімге (танымға), философиялық және логикалық мектептерде қарастылығын зерттейтін ағымдар мен тұжырымдардың жиынтығы. Л.б. мазмұнын құрайтындар мыналар: 1. Гнеосоология мәселелерін талдау. 2. Ең алдымен тілдің универсалды (барлығына ортақ) қасиеттерін анықтау. 3. Тіл таңдауда бірыңғай принциптерді жасау (сөйлем құрылысы, сөз табы жүйесі. 4. Диахронды талдауға қарағанда синхронды талдауды жоғары бағалау. 5. Негізінен синтаксис (сөйлем теориясы) пен симантика мәселелерімен айналысу. 6. Тіл категорияларын айқындауда, белгілеуде, топтастыруда-қызметтік (мазмұндық) көзқарастың басым болуы. 7. Грамматикалық категорияларды зерттегенде, олардың универсалды (логикалық) категорияларға қарастылығын (сөздің ұғымға, (концептке), сөз табының – оның атқаратын логикалық қызметіне, сөйлемнің – пайымдауға, күрделі сөйлемнің – ой қорытындысына). 8. Сөйлемде жасырын (имплициттық) бөліктердің (логикалық модельден туындайтын) кездесуін мойындау. Тілдің логикалық қырларын зерттеу – грек философтарына (б.э.д.Ү–І ғғ.) баыс – европалық схоластикалық ғылымға (логика мен грамматика), ХҮІІ–ХІХ ғғ. рационалдық тұжырымдарға ХІХ–ХХ ғғ. логикадағы, философиядағы, лингвистикадағы ағымдар мен мектептерге (талдау философиясы, лингвистикалық философия, табиғи тілдердің логикалық талдауы) тән.

ЛОГОГРАММА (грек. logos – сөз және gramma – әріп, сурет, таңба) – бір сөзді не негізді белгілейтін белгі.

ЛОНДОН ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ МЕКТЕБ – структуралық (құрылымдық) лингвистикалық бір бағыты ретінде ХХ ғ. 40-жж. қалыптасқан мектеп. Л.л.м. – нің негізін қалаушы – Дж.Р.Ферс. Мектеп өкілдері: У.Аллен, М.А.К.Халлидей, Р.Х.Роббинс, У.Хаас, Ф.Р.Палмер т.б. Л.л.м. – нің мақсаты: тілдердің ерекше болуын



түсіндіре алатын жалпы теория жасау; зерттеулерді жүргізу үшін структуралық-қызметтік тәсілді жасау. Л.л.м.-нің жалпы лингвистикалық мақсатының қалыптасуына Э.Дюркгейм, Ф.де Соссюр және бихевиоризм теориясының кейбір идеялары әсер етті. Л.л.м. тіл құбылыстарын зерттеу үшін техникалық тәсілдерді жасауды тіл білімінің міндеті деп түсінді. «Тіл» ұғымы негізгі үш мағынасында жұмсалады: 1. Адам табиғатындағы ішкі қажеттілік, 2. Дәстүрлі әдет, яғни, тіл нормаларын үнемі үйрену және белсенді түрде қолдану. 3. Сансыз тілдік актілерді (сөйлемдеді) белгілейтін жалпы термин. Сонымен Л.л.т.-нің зерттеулері төмендегідей мәселелерді қамтиды: тілдің қоғамдағы орны мен қызметі; тіл және мәдениет; тіл табиғаты мен тілдің дамуы; тіл құрылысы; тіл деңгейлері мен бірліктері; лингвистикалық терминдер жүйесі; лингвистикалық категориялардың негізгі қасиеттері; тілдік мағына; жағдайға байланысты мағына теориясы; контекст ұғымы; контекст түрлері; тіл қызметі; просодикалық талдау.

М

МАҒЫНА – сөз арқылы айтушы мен тыңдаушыға ортақ түсінікті, нақты ұғымды білдіретін шындық өмірдің көрінісі. Сөздің негізгі мағынасы – заттың, құбылыстың атауы болуымен байланысты.

МАҒЫНА – сөздік ұғымнан туатын мән, мазмұн. Сөз мағынасы зат, құбылыс, әрекет жайында түсінік, ұғым пайда болғаннан кейін қалыптасады. Белгілі бір зат жайында ұғым болмаса, оның мағынасы да жоқ, демек, ұғым бар жерде мағына бар, бұл – сөз мағынасының ең маңызды шарты. Бірақ сөз мағынасының қалыптасуының ұғымнан басқа да себептері болады. Сөз мағынасы заттық-логикалық ұғымнан басқа айтушының ақиқат дүниеге көзқарасын, сезімін, көңіл-күйін де білдіреді. Сөз мағынасының екі түрі бар: лексикалық мағына және грамматикалық мағына.

МЕЗОЛЕКТ – тіл-лексификатор (батыс елдердегі бұрынғы колонияның ресми тілі) мен креоль тілдің араласуынан пайда болған посткреолдық континуумды құрайтын тіл варианттарының бірі. М. – бұл тіл-лексификаторға жақын акролект пен арғы негізі креол тіл болып табылатын базилект арасындағы тіл варианты.

Қараңыз: Акролект, Базилект, Тілдік континуум, Тілдің креолденуі

МАКРОӘЛЕУМЕТТІК ЛИНГВИСТИКА (грек. macros – үлкен; ағылш. Macrosociolinguistics) – әлеуметтік факторлармен қатысты болатын және қоғамды бүтіндей сипаттайтын немесе адамдардың үлкен жиынтығындағы процестер мен қарым-қатынастарды зерттейтін әлеуметтік лингвистиканың саласы. М.л. құзыретіне тіл тұтынушылардың әлеуметтік жіктелістері, жаппай қостілділік процестері, тілдің нормалануы мен тілдің кодификациялануы, тілдік саясат және тілдік жоспарлау, тілдік қақтығыстар проблемелары жатады.

МАҚАЛ – ауызекі тілдегі қысқа және тұрақты ритмикалық құрылысы бар халықтың ғасырлық тәжірибесі сақталған нақылды сөйлем. Жай не күрделі сөйлем түрінде келеді. М.-дың тікелей не ауыспалы мағынасы болады. М. полисемияны тудырмайды. М.-дың фразеологиялық жүйеге кіруі не кірмеуі әлі шешілмеген мәселе. Мысалы, «Оқу – инемен құдық қазғандай», «Ауруда – шаншу жаман, сөзде қаңқу жаман» т.б.

МАРГИНАЛ (фр. Marginal- жол бойында жазылған) – қандай да бір тілдердің, мәдениеттердің, әлеуметтік топтардың аралығында, шекарасында қалып, бұрынғы әлеуметтік байланыстарын үзген, жоғалтқан және жаңа өмір жағдайына бейімделген адам; өмір аралығында қалған жан. Көбінесе М. – бұлар мигранттар, этникалық азшылықтың өкілдері, қалаға қоныс аударған ауыл тұрғындары, баспанасыздар, кезбелер (қара: Маргиналдык, Микроәлеуметтік бірлестік).

МАРГИНАЛДЫҚ (фр. Marginal – жол бойында жазылған) – екінші, тұрлаусыз маңызды емес деген мағынаны білдіреді. Екі немесе бірнеше мәдениеттер, тілдердің қоғамдық дамуының аралығында қалып, олармен сол мәдениеттердің өзара бірлігімен



араласатын, бірақ олардың бірде-бірімен толық қосылмайтын адамдар тобының немесе жеке адамның жағдайы (қар.: Маргинал, Микроәлеуметтік бірлестік).

МАСС-МЕДИА (ағылш. Massmedia – mass – көпшілік, бұқара + media (medium) – құрал, байланыс) – бұл да сол бұқаралық ақпарат құралдары (қарым-қатынас, БАҚ): баспасөз, кино, теледидар, аудио және бейнетаспалар, плакаттар, жарнама, радио, интернет және т.б.

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ (орыс. государственный язык; ағылш. official language) – белгілі бір мемлекеттің аумағындағы ерекше саяси-құқықтық (заңдылық) мәртебеге ие тіл; «мемлекеттік және қоғамдық өмірде барынша мазмұнды қызметті орындайтын максималды қоғамдық қызметтегі тіл» (Қазақстан Республикасында Тіл саясатының тұжырымдамасы); Тәуелсіз мемлекеттің лингвистикалық егемендігінің негізгі белгісі. (Б.Х.Хасанов). М.т. өзге мемлекеттік рәміздерімен (Ту, Елтаңба, Әнұран) қатар Мемлекеттің Конституциясы мен тіл туралы заңда заңмен белгіленеді. Мемлекет мемлекеттік тілді дамыту мақсатында арнайы қамқорлық жасайды. (Мемлекеттік және басқа да тілдер Қазақстан Республикасының мемлекеттік қамқорлығында болады. Мемлекеттік органдар бұл тілдердің қызмет етуі мен дамуына барлық қажетті жағдайларды жасайды. Қазақстан Республикасындағы тіл туралы Қазақстан Республикасы заңының 23-б). М.т. түсінік көлемі бойынша-бұл да Ресми тіл, алайда құқықтық жағдайы бойынша кейбір елдерде бір-бірінен айырмашылығы бар. М.т. мемлекеттік және қоғамдық органдар мен ұйымдарды басқару, іс жүргізу, сот ісін жүргізу, елдің дипломатиялық өкілдіктер қызметі жүзеге асырылады. М.т. қоғамдық өмірдің алуан түрлі салаларында интеграциялық қызмет атқарады, мемлекеттілікті нығайтудың маңызды құралы болып табылады, елдің мәдени және шаруашылық дамуын қамтамасыз етеді. Әлемдік тәжірибеде федеративтік мемлекеттерде екі, кейде үш М.т. бола беретіндігін көрсетеді. Мыс., Швейцарияда – төрт М.т. (неміс, француз, итальян, ретроман); Бельгияда – екі М.т.

(француз және фламанд); Финляндияда – екі М.т. (фин және швед) т.б. Ресей заңдарына сәйкес орыс тілі – Ресей Федерациясының мемлекеттік тіл (Ресей Федерациясының Конституциясы 68-б). Ол автономиялық республикалардың М.т. бірге тілдік салалардағы федерализм принципін жүзеге асыруды қамтамасыз етеді, Ресей Федерациясының барлық халықтарының арасында тарихи қалыптасқан Ұлтаралық тіл қызметін атқарады, мемлекеттік басқару тілі болып табылады, заң шығару, атқарушы және сот органдарында, білім беруде, ғылым мен мәдениетте, бұқаралық ақпарат құралдарында ресми ауызша және қатынастарда қолданылады. Қазақстанда М.т. қазақ тілі болып табылады, оның мәртебесі бірнеше құжаттармен белгіленіп, бекітілген: Қазақстан Республикасының Конституциясы. («Қазақстан Республикасында қазақ тілі мемлекеттік тіл болып табылады» 7-бап, 1 тармақ); 22 қыркүйек 1989 ж. «Қазақ ССР-дегі тіл туралы заңы»; 11 шілде, 1997 ж. Қазақстан Республикасындағы тіл туралы заң). Соңғы құжатта тілдік реттеудің негізгі бағыттары анықталған: қазақ тілінің М.т. мәртебесімен белгіленген қоғамдық-маңызды салалардағы және мақсатты жұмылдырылған жағдайлар жасау (қар.: Тіл мәртебесі, Титулдық тіл, Жергілікті тіл, Конституциялық тіл, Ассоциировтік тіл, Титулдық ұлт тілі, Жұмыс тілі, Тілді дамыту мен қолданудың мемлекеттік бағдарламасы, Тілдік заң шығару, Тілдік федерализм).

МЕНТАЛИТЕТ (лат. mentalis – ақылды, рухани – mens – ақыл; орыс. металитет) – адамдардың жекелік (индивидуалдық) және қоғамдық санасының ерекшелігі, олардың әлеуметтік орта, ұлттық дәстүр және т.б. арқылы көрінетін өмірлік ұстанымы, мәдениеті өзін-өзі ұстау үлгісі, ойлау қалпы, ділі, танымы.

МЕҢГЕРІЛГЕН ТІЛ (орыс. усвоенный язык) – жеке адамның әлеуметтену нәтижесінде отбасы мүшелерінен (ана тілі) немесе өзге тілдік ортадан, сол тілдің тұтынушыларымен жанды қатынаста табиғи жолмен меңгерген тілі. Әдетте арнайы оқып-үйрену жолымен (мектепте және т.б. оқытушыдан) білетін «үйренген тілге» қарама-қарсы қойылады.

Қара: Үйренген тіл, Табиғи билингвизм, Жасанды билингвизм



МЕТАТІЛ (грек. meta – соңы; орыс. метаязык; ағылш. Metalanguage) – «екінші қатардағы тіл». Бұл тілде адамның табиғи тілі «тіл – объект» ретінде қабылданады, яғни зерттеу нысанасы болады. «М» термині алғашқыда математика мен логикада пайда болған. М.-ді метелингвистика зерттейді. Лингвистикалық М. – күрделі құбылыс. Оның негізінде бір жағынан терминаралық қатынастар жатса, екінші жағынан – жалпы ғылыми лексика жатады. М. – ғалымдар арасында қолданылатын тіл. Мысалы, «мағына» терминімен қатар мынадай сөз тіркестері қолданылады: «сөз мағынасы», «ауыспалы мағына» т.б. Тіл біліміндегі ұғымдардың жүйесі методологиялық бағытқа тәуелді болады. Бір терминнің әр түрлі түсінігі болуы мүмкін. Мысалы, фонема – «сөз бен морфемалардың дыбыстық қабығын айқындай алатын дыбыстық тілдің ең кіші бірлігі» (Мәскеу фонологиялық мектебі), «дифференциалды белгілердің жиынтығы» (Прага фонологиялық мектебі), «функциялар торындағы қиылысу нүктесі (глоссемантикада) т.б.

МИКРОӘЛЕУМЕТТІК ЛИНГВИСТИКА (грек. micros – кіші; ағылш. Microsociolinguistics) – микро/кіші деңгейдегі, яғни кіші әлеуметтік топтардағы, микроәлеуметтік қауымдастықтағы (отбасы, басқа да кіші топтар, ұжымдар т.б.) тілдік процестер мен құбылыстарды зерттейтін әлеуметтік лингвистиканың саласы (қар.: Макроәлеуметтік лингвистика).

МИКРОӘЛЕУМЕТТІК ҚАУЫМДАСТЫҚ (грек. micros – кіші) – бұл да кіші әлеуметтік топ (отбасы, мектептегі класс, өндірістік бригада, студенттер легі, спорт командасы т.б.). Ол демографиялық және әлеуметтік қауымдастық көрсеткіштерімен, сондай-ақ күнделікті қатынас ортасындағы үнемі коммуникативтік қатынастармен сипатталады. М.-ә.қ. аз болған сайын тілдік бірыңғайлық жоғары болады, М.-ә.қ. бір топ түріне жақын болған сайын тілдік қатынас үлгісі де бірыңғайлық жоғары болады. Мыс., тілдік құралдар саны, оларды қолдану, сөйлеу қатынасы стандартты бола береді.

МИНОРИТАРЛЫҚ ТІЛ (фр. minoritaire – азшылыққа қатысты, лат. minor – азшылық; орыс. миноритарый язык) – азшылық ұлыс-

тар тілдері. 1992 мәлімет бойынша М.т.-ге сөйлеушілері 100-ге жуық болып келетін 155 тіл жатады. Олар дүние жүзіндегі 6604 тілдің 7 пайызын құрайды. 1215 тілдің (әлем тілдерінің 18 пайызы) сөйлеушілер саны қиындықпен анықталады. Жер бетіндегі М.т.-нің жоғалу жылдамдығының өсуі өркениеттің және жаһандану процестерінің таралуымен байланысты болып отыр. Соңғы жылдарда тілдердің жартысының 10000 тұтынушысы азайса, тілдердің 4/1 бөлігінің 1000 – нан астамының сөйлеушісі кеміген. Австралияда түркілікті халықтың 250 М.т.-нің 100 тілі өлі тілдерге айналса, 100-і апат алдында тұр. 1926 ж. КСРО-да 1994 тіл болса, бүгінгі таңда ТМД елдерінде 120-150 тіл жөнінде ғана мәлімет бар. Сөйлеушілері 100 адамға жуық тілдер бір-екі ұрпақтан кейін жойылады. Кейбір ғалымдар ХХІ ғ. соңына қарай барлық тілдердің тек 10 пайызы ғана қалады деп есептейді (қар.: Өлі тіл, Тіл өлімі, Тіл ауыстыру).

МЛАДОГРАММАТИЗМ – ХІХ ғ. 70-жж. Германияда пайда болған Европалық тіл білімінің бір бағыты. Бұл бағыттың өкілдері: А.Лескин, Г.Остхоф, К.Бругман, Б.Дельбрюк, Г.Пауль (лейпциг мектебі), А.Фик, А.Бецценбергер, Г.Коллиц, Ф.Бехтель, (гетинген мектебі), И.Шмитд, В.Шульце (берлин мектебі). Скандинав елдерінде М.өкілдері болғандар: С.Бугге, К.Вернер; «М.» терминін алғаш рет қолданған Ф.Царнке.

М. ХІХ ғ. 1-ші жартысындағы тілдердің аморфты (түбірлі) жағдайдан агглютинативті жағдайға одан флективті қатарға өтуі туралы гипотезаға В.фон Гумбольтың тілдің ішкі тұлғасы туралы теориясына, А.Шлейхердің тілді табиғи организм ретінде қабылдау теориясына қарасты шықты.

М.сөйлеуші адамды зерттеуді ұсынып, тіл құбылыстарын зерттеуде позитивтік жолды таңдап, тікелей бақылау мен индуктивті тәсілді негізгі тәсіл етіп қабылдады.

М.-нің теориялық өзегі тілді жеке психологиялық құбылыс ретінде қарастыру (қара: Психологиялық бағыт); Тілдегі ұғымдар «адам жанының түкпірінде пайда болды» (Пауль). Адамдардың психикасының бірдей болуы тілдің көмегімен байланыс жасауға



мүмкіншілік туғызады. Сондықтан тіл табиғи емес, әлеуметтік құбылыс болғандықтан мәдениеттану ғылымында зерттелуі тиіс болады.

М.-нің практикалық зерттеулердегі жетістіктері, тіл біліміне біршама жаңалықтардың ашылуына себепші болды.

МОНОЛИНГВ (грек. monos – бір, біртұтас, жалғыз + лат. lingua – тіл; орыс. монолингв; ағылш. Monolingual) – бір тілді меңгерген адам (қар.: Билингвизм, Билингв, Монолингвизм, Полиглот).

МОНОЛИНГВИЗМ (орыс. монолингвизм; ағылш. – monolingualism) – қоғамның немесе жеке адамның бір тілді меңгеруі мен қолдануы.

МОНОГЕНЕЗ ТЕОРИЯСЫ(грек. monos – дара және genesis – шығу тегі) – адамзат тілдерінің пайда болуы туралы теория. Ғылыми емес әр түрлі аңыздық және діни ілімдерге айтылғандай, әуелде адамзат бір тілде сөйлеген.

МОҢҒОЛИЯДАҒЫ ҚАЗАҚ ТІЛІ – елдегі ең ірі автохтонды халық тілдерінің бірі. Моңғолияда 100 мыңнан аса қазақ тұрады, олардың басым бөлігі Баян-Өлгей аймағында қоныстанған. Олар осы жердің түпкілікті тұрғындары болып саналады және барлық халықтың басым бөлігін құрайды. Моңғолия астанасы Улан-Батор мен оның айналасында шамамен 10 мың этникалық қазақ тұрады. Баян-Өлгей аймағында тұратын қазақтармен салыстырғанда Моңғолияның ішкі аудандарында қоныстанған қазақтар ассиляциялану қаупін сезінуде. Алайда Улан-Батордың қазақ интелгенциясы бұл қауіптің алдын алудың барлық мүмкіндіктерін қарастыруда. Этникалық қазақтар Моңғолияның 21 өлкесі мен 181 елдімекен аумағында тұрады. Моңғолияда қазақ тілін, мәдениетін сақтауға мүмкіндік жасайтын «Арулар» атты ұлттық орталық жұмыс істейді. 2008 жылдың қыркүйек айында Улан-Баторда бірінші рет Қазақстанның мәдени күндері өтті. Бұл көршілес отырған екі халықтың мерекесі болды. Көші-қон бағдарламасы аясында 90-жылдары Моңғолиядан 20 000 қазақ отбасы келді. Моңғолиядағы қазақтардың кириллицаны пайдалануы, орыс тілімен таныстығы Қазақстанға сіңісіп кетуіне көп әсер етті. Моңғолияда

казак мектептері саны жағынан аз, казак тілі негізінен отбасында оқытылады. Қазақтардың шашырай қоныстанған жерлерінде аздап моңғолдану үрдісінің жүруі байқалуда. Моңғолиядағы казактар ислам дінінің сунит бағытын ұстанады, алайда жергілікті моңғол халқымен ассимиляцияға түскендері будданы ұстанады.

МУЛЬТИЛИНГВИЗМ (лат. – multum-көп; орыс. мультилингвизм; ағылш. Multilingueism) – бұл да Көптілділік.

МІНДЕТТІ ШВЕД ТІЛІ – Финляндияның мемлекеттік білім беру жүйесіндегі міндетті пәндердің бірі. Бірлестіктің тілдік мәртебесіне (финтілді, шведтілді немесе костілді) қарамастан 7-9-сынып аралығында үш жыл оқытылады. Конституция бойынша швед тілі Финляндиядағы екі мемлекеттік тілдің бірі болып табылады. Алайда оның көпшілікке танымалдығының әлсіреуіне патриоттық көңіл-күйдің өсуі әсер етіп отыр. Елде швед тілінің міндетті оқытуға фин патриоттары, әсіресе жастардың «Суомен Сису» ұйымы мен «Истинные финны» париясы күмән тудырып, қолданыс аясын қысқарту бойынша шаралары жасауда.

Н

НАРЕЧИЕ (орыс. наречие; ағылш. dialect) – тілдің өмір сүру формаларының диалекті, говорларымен қатар сөйлеу ерекшеліктерімен ерекшеленетін аумақтық формасы.

НАТИВИЗМ (ағылш. nativism, innaleness – native – табиғи, туа бітті, innate – туылған; орыс. нативизм; ағылш. Nativism) – генеративтік лингвистиканың негізгі мәселелерінің бірін құрайтын тілдің тууы туралы тұжырымдамасы. Оған сәйкес тілдік қабілет және тілдік құрылым адамның биобағдарламасына енеді. Мыс.: қан айналу жүйесі сияқты.

НАТУРАЛИСТІК БАҒЫТ (тіл біліміндегі) – ХХ ғ. салыстырмалы тіл білімі шеңберінде пайда болған бағыт. Бұл бағытта жаратылыс ғылымдарының әдістері мен принциптері тілді



зерттеу үшін қолданылады. Н.б. өкілдері тілді табиғи құбылыс деп таныған, өйткені тіл-материалдық құбылыс, ол өсімдік не жануар тәрізді эволюция жолымен дамиды. Сондықтан тіл білімін жаратылыстану ғылымдарына жатқызып, филологияға қарама-қарсы қоюға болады деген. Бұл бағыттың негізін қалаушылар: А.Шлейхер, М.К.Рапп, М.Мюллер, А.А.Овелақ, Н.б. ілімін кей жақтары: тілдің дамуын тек қана биологиялық факторлармен түсіндіру, үндіевропа тілдерін ең жақсы дамыған тіл деп көрсету, тілдің тарихы мен дамуын оның атқаратын қызметінен бөлек және қоғам тарихынан тыс қарастыру.

НЕГІЗГІ ТІЛ (гректің *basis* – негізгі, негіздеме деген сөзі; орыс. базовый язык) – екінші тіл, мақсатты тіл, оқушының алғашқы (ана тілі болуы міндетті емес) тілі.

НЕЙРОЛИНГВИСТИКА – неврология мен лингвистиканың түйіскен жерінде пайда болған ғылыми пән. Н. тіл жүйесі мен мидың қарым-қатынасын зерттейді. Ми жаракатынан пайда болатын сөйлеудің бұзылуы ортағасырлық медицинада да белгілі болатын. Оларды жүйелі түрде зерттеу ХІХ ғ. 2-ші жартысында басталды. Тілдік патологиямен айналысқан лингвистер: И.А.Бодуэн де Крутене, В.А. Вогородский, Л.Б.Шерба және т.б. Ал Р.О. Якобсон, А.Р.Лурия, Л.С. Выготский афазияда байқалатын фонологиялық жүйенің құрылысын зерттеген. Н. пәніне афазия түрлері кіреді.

НЕМІС ТІЛІ – герман тілдерінің бірі (батыс герман тобы). Алмания, Австралия, Швейцария, Белгия елдерінің ресми тілі. Сөйлеушілердің жалпы саны 177 млн. асады. Н.т. негізінен батыс-герман тайпаларының-франк, сакс, туринг, алеман, бавар-диалектілері құрайды. Қазіргі Н.т. фонология жүйесінде моно және дифтонгтар (16 дауысты 3 дифтонг) саны 45 пайызды құрайды. Грамматикалық құрылысында аналитикалық-синтетикалық етістік сөзжасам жүйесі жақсы дамыған, сөйлемнің негізгі түрі етістік арқыла жасалады. Лексикасында латын, француз, итальян, ағылшын сөздері кездеседі. Ең көне жазба ескерткіші VIII ғ. жатады.

НОҒАЙ ТІЛІ – түркі тілдерінің бірі. Ресейдегі Қарашай-Шеркеш автономия облысында, Краснодар аймағында тараған, 3

диалектісі бар: ақ ноғай, ноғай және қара ноғай. Фонетикалық және грамматикалық ерекшеліктері қазақ және қарақалпақ тілдеріне өте жақын. Жазуы 1924–1928 жж. дейін араб, латын жазуында болған. 1938 ж. бастап орыс графикасына көшкен.

НОРМА (тілдік норма) – қоғамда байланыс жасау барысында іріктеліп тұрақталған тілдік жүйе. Н. тұрақты тіл құралдары мен оларды қолдану дәрежелерінің жиынтығы ретінде ұлттық әдеби тілдің ерекше белгісі болып табылады. Кең мағынада: Н. тілдің барлық даму кезеңдерінде де негізгі нышан деп танылады. Н. – лингвистикалық және тарихи-әлеуметтік категория. Н.-ның әлеуметтік аспектісі-тіл құбылыстарының сұрыпталуы мен бағалану жүйесінен көрінеді, бұған эстетикалық компонент (бөлік) те кіреді. Н.-ның тұрақтылығы мен дәстүрлігі анықтайды. Әдеби Н. мен тілдің нақтылы қолданылуы арасында үлкен алшақтықтың болуы заңды құбылыс, ол алшақтық қоғамның даму сатысына, оның әлеуметтік құрылысына және тілдік жағдайдың ерекшелігіне байланысты болады. Білім беру дәрежесі мен ақпарат құралдарының дамуы, әдетте тілдік тәжірибенің қалыптасуына алып келеді. Нормативті бөлімнің негізгі түрлері: жазбаша және ауызекі тілдің бөлектенуі; тілдің әр түрлі қызметтік-стилистикалық салаға бөлінуі; әдеби тілдің бірнеше жергілікті (ұлттық) түрлерге бөлінуі.

Тілдегі Н.-ның жазба және ауызекі деп бөлінуі күрделі құбылыс, өйткені, осы екі тіл түрлерінің арасында үлкен алшақтық болуы мүмкін. Әдеби норманың өзегін стилистикалық бейтарап, ең көп қолданатын сөздер құрайды, оның перифериясында (шетінде) архаизмдер мен жаңа сөздер жатады. Қазіргі әдеби тіл нормасының қалыптасуы кезінде, әдетте, белгілі бір қаланың не аймақтың тілі негізге алынады, мыс., Париж, Мәскеу, ал Қазақстандағы осындай аймақ-Орталық Қазақстан болып есептеледі. (С.Аманжолов). Әдеби тілдер тарихында жазба тіл нормасы ауызекі тіл нормасынан бұрын қалыптасатыны белгілі. Қазіргі әдеби тілдердің көпшілігіне жазба тіл нормасы мен ауызекі тіл нормасының жақындасуы тән болады. Н. түсінігі ХХ ғ. тіл білімінде теориялық жағынан



негізделіп, жалпы тіл білімінде, тіл мәдениетінде, әдеби тіл тарихы мен теориясында, коммуникация теориясында зерттеліп келеді.

НОСТРАТИКАЛЫҚ ТІЛДЕР – афразия (семит-хамит), үндіеуропа, картвел, урал, дравид, алтай тілдері. Бұл тілдердің синонимі болған «борей», «бореалды», «еуразиялық» терминдері қолданыс таппады. Н.т. шығыс ностратикалық (урал, дравид, алтай) және батыс ностратикалық (афразия, үндіеуропа, картвел) деп екіге бөлінеді. Ностратикалық топтың шеңбері толық анықталмаған, бұл топқа эскимос-алсут тілдері енуі мүмкін. Н.т. басқа топтармен байланысы анықталмаған, мыс., «палеоеуразиялық» (сино-кавказ) және «америдин» (индеец) топтарымен. Бірақ бұл үш топ арасында түйісу болғаны белгілі, оны кірме сөздерден аңғаруға болады. Ал Н.т.-дің «нигер-конголық» және «австроазия» тілдерімен қатысы әлі шешілмеген мәселе. Н.т. генетикалық байланысы олардың туысқан мофемалары (1000 жуық) арқылы анықталады. Ортақ түбірлі мофемалар негізгі элементарлы ұғым мен болмыстың нақтылықтарын бейнелейді (дене мүшелері, туыстық байланыстар, табиғаттың негізгі құбылыстары, жануарлар мен өсімдіктердің атауы, іс-әрекет пен процестер, негізгі қасиеттер). Әуелгі тілдерден тараған 6 топқа кіретін тілдерде тұрақты грамматикалық (сөзжасам мен сөзді өзгерту) морфемалардың жақындығы дәлелденген.

Н.т.кіретін тілдердің ажырауы 8-11 мың жыл бұрын сияқты. Зерттеушілер бұл тілдердің шыққан ортасы Таяу Шығыс болуы мүмкін дейді. «Н.т.» терминін 1903 ж. Х.Педерсон ұсынған (noster – біздің). Алтай тілі білімінде (1920-50жж.) Н.т.-дің салыстырмалы грамматикасын жасаған ғалымдар О.Совяжо, А.Рясянен, К.Г.Менгес, Б.Коллиндер. Ежелгі ностратикалық тілді қайта жасау мақсатында зерттеулер жүргізілуде. Алғашқы Н.т. туралы материалдар мен қайта құрылған Н.т. туралы еңбекті В.М.Иллич-Свитыч жазған.

НЫСАНА ТІЛ (орыс. язык-цель)- оқыту (немесе оқу пәні тілі) тілі болып табылатын тіл. Ана тілі мен Н.т. арасындағы айырмашылық оқып-үйрену нәтижесінен көрінеді.

О

ОНОМАСТИКА (грек. *onomastike* – ат қою өнері) – кез келген жалқы есімді (онимді) зерттейтін лингвистика саласы.

ОРФОГРАФИЯ (грек. *orthographia orthos* – дұрыс және *grapho* – жазу, жазамын) – 1. Хатта қолданылатын тарихи қалыптасқан жазу жүйесі, 2. Жазудың бірыңғайлығы үшін ережелер жүйесін жасайтын тіл білімінің бір саласы. Қазақ тіл білімінде О.-ның негізгі теорияларын Қ.Жұбанов жасаған.

ОРФОЭПИЯ (грек. *orthoepia orthos* – дұрыс және *epos* – сөйлеу) – 1. Бірқалыпты дыбысталуды қамтитын ұлттық тіл нормаларының жиынтығы. 2. Дұрыс сөйлеуді зерттейтін лингвистика саласы. О. түсінігіне фонемаларды қолдану ережелері, аллофондарды айту ережелері кіреді. Қазақ орфоэпиясының негізгі – үндестік заңында. Қазақ тілінің орфоэпиялық нормасы мен маңызы туралы алғаш пікір айтушы М.Балақаев, кейін М.Дүйсебаева, Х.Қожахметова, Р.Сыздықова, Ә.Жүнісбеков, М.Серғалиев т.б. зерттеген.

ОРЫСТАНДЫРУ (орыс. русификация):

1. Өзгетілді халықты тілдік ассимиляциялауға бағытталған патшалық және кеңестік Ресейдің саясаты. Патшалық Ресейдің тіл саясатының орыстандыру бағытының басталуы XIX ғасырдың екінші жартысына тән. Ақсүйектік білім беру барлық жерде орыс тіліне ауыстырылды, ұлттық тілдерде кітап басуға, латып қарпін (әдеби тілдің негізі ретінде) пайдалануға шектеулер қойылды және т.б..Бұл шаралардың барлығы империяның өмір сүруіне қауіп төндіретін сеператистік тенденцияларды басу мақсатында жүргізілді. Поволжья мен Сібірдегі орыс емес халықтардың сауатын ашу алғашқыда ана тілдерінде, сосын орыс тілінде жүргізіліп, біртіндеп ресейлік халықтарды шоқындыру міндеті қойылды.

КСРО-да ұзаққа созылмаған тілдік құрылысты дамыту мен тілдік теңдікті сақтау кезеңінен кейін 30-жылдардан бастап ұзақ уақыт бойында қатынастың барлық әлеуметтік маңызды салаларында орыс тілінің рөлін күшейту басталды. Біртіндеп



ұлттық мектептер жабыла бастады, ұлттық тілдерде кітап шығару ісі бірден қысқартылды. Кеңес үкіметінің ұлттық саясаты алғашқыда түрі мен мазмұны біртұтас орыс мәдениетін қалыптастыруға (И.В.Сталин кезінде), одан кейін жаңа тарихи қоғам – біртұтас социалистік идеологиядағы, яғни ұлттық түрге енген, оның ішінде ұлттық тілде сөйлейтін көпұлтты кеңес халқын жасауға ұмтылды. Алайда мемлекетте шындығында орыс мәдениеті дамып, орыс тілі басым тілге айналды.

2. Орыс тілінің әсері мен ықпалына түскен қандай да бір тілдің сөйленімінде немесе грамматикалық жүйесінде болатын өзгерістер, яғни ұлттық-орыс көстілділігіндегі интерференция құбылысы. Орыстандыру билингвтің сөйлеуінде орыс сөзін және лексикалық кірмелерді пайдалануы, сондай-ақ аралас грамматикалық формалардың пайда болуы; синтакситік байланыстарда аналитикалық тәсілдердің дамуы, фонетика мен тілдің интонациялық бейнесіндегі өзгерістердің болуы дегенді білдіреді.

Ө

ӨЗАРА ТҮСІНІСТІК (орыс. **взаимопонятность**) – бұл екі әртүрлі, бірақ ортақ белгілері бар тілдердің (бір тілдік әулетке жататын тілдердің) тұтынушылары бірін-бірі тілдерін арнайы үйренбей-ақ, сол тілде сөйлеуге дайындықсыз-ақ түсінісе алатын өзара байланысы. Өзара түсіністік дәрежесі кейде тіл және диалект ұғымдарын айырып көрсетудің белгісі ретінде де қолданылады.

ӨЗБЕК ТІЛІ – түркі тілдерінің бірі. Өзбекстан, Қазақстанның оңтүстігі, Қырғызстан, Түркменстан, Тәжікстан, Ауғанстан, Қытайдың Шыңжан-Ұйғыр ауданында тараған. 3 тілдің негізінде (қыпшақ-оғыз, қарлұқ, шығыл-ұйғыр) қалыптасқан. Ө.т.-де диалектілер, говорлар (Ташкент, Самарқант, Бұқар, Ферғана, Хорезм) бар. Ө.т. фонетикасына сингорманизм құбылысы тән емес. Бірақ кейбір говорларда оның кездесуі мүмкін. Лексикасында

парсы, тәжік тілдеріне енген сөздер көптеп кездеседі. Көне өзбек тілінің қалыптасуын ХҮ ғ. жатқызады. (А.Новой). 1927 ж. дейін араб графикасы болған, 1939 ж. орыс графикасына көшірілген.

ӨЗБЕКСТАНДАҒЫ ҚАЗАҚ ТІЛІ – елдегі ең ірі автохтонды халық тілдерінің бірі. Қазақстанға жаппай қоныс аударуға дейін 1990 жылдары Өзбекстанда ТМД-дағы ең ірі және дүниедегі екінші (ҚХР-дағы қазақ диаспорасынан кейін) қазақ диаспорасы тұрды. Өзбекстандағы қазақтар көбіне Қазақстанмен шекаралас аймақтарда қоныстанған. Қазақтар Ташкент (13,7%), Навоий (10,2%), Жизақ облыстарындағы (6,6%), сондай-ақ Қарақалпақстан Республикасындағы (24,8%) халықтың маңызды бөлігін құрайды. Өзбекстан астанасында, Ташкент қаласында, барлық қала халқының 2 % құрап, сандық үлесі жағынан (өзбек, орыс және татарлардан кейінгі) төртінші орынды алады. Өзбекстанда оқуы қазақ тілінде жүргізілетін 522 мектеп бар, оның 234-і біртүрлі қазақ мектебі, қалғандары аралас мектептер. Қазақ тілінде жоғары кәсіптік білім алу үшін Нүкіс мемлекеттік университетінде, Ташкент, Навоий, Ангерен және Гүлстан педагогикалық институттарында қазақ тілі мен әдебиеті кафедралары құрылған. ТашМУ-да, Мырзашол ауылшаруашылық колледжінде, Жизақ медицина техникумында да оқыту қазақ тілінде жүргізіледі. Қарақалпақстанда республикалық қазақ театры, Мырзашөл мен Навоий облыстарында музыкалық-драма театры жұмыс істейді. 1989 жылдан бастап Қазақ мәдени орталығы ашылған. Ұлттық, фольклорлық, жастар ансамблдері бар. Қазақ тілінде «Нұрлы жол» республикалық мемлекеттік газеті шығып тұрады, республикалық радио және теледидар «Замандас», «Дидар» және «Достық» сияқты бағдарламалар тұрақты түрде беріліп тұрады. Ташкентте, сондай-ақ Ташкент, Сырдария, Жизақ облыстарында қазақ теледидары мен радиохабарлары үнемі беріліп тұрады.

ӨЛІ ТІЛДЕР – қолданыстан шыққан тілдер. Ө.т. жазба ескерткіштер арқылы ғана белгілі болып отыр. Тілдердің жойлуы қазіргі уақытта АҚШ, Австралия, Ресей Федерациясында жүріп жатыр. Ерте заманда тілдердің жоғалуы үлкен империяның



құрылуымен байланысты болған. Мыс., Көне Парсы, Эллин, Араб, Рим империялары. Отар болған халықтың қырғынға ұшырауы, тілінің жоғалуы даусыз. Ө.т. – ді сақтап қалған – дін. Мыңдаған жылдар бойы өлі тілде сөйлеген халық жер бетінен кетсе де, олардың сөздері діни дәстүрлерде қолданылып, Құдай мен әулиелер, қасиетті заттардың атуында сақталған, мыс., арабтардағы копт тілі, Месопотамдағы шумер тілі және т.б. Көнеден жеткен санскрит тілін Үндістанда брахман-жерецтері сақтап қалған, латын тілі орта ғасырлық Европада шіркеу тілі болғандықтан ғана сақталып қалған.

ӨТКІНШІ (АРАЛЫҚ) ТІЛ (лат. *inter* – ара, аралық + тіл; орыс. *интеръ язык*) – ана тілі белгісін өзіне жинақтаған және мақсат-тіл элементін меңгерген, алайда оларға құрылымдық тәуелсіз аппроксимативтік жүйе. Өтпелі тіл, делдал жүйе, векторлық жүйе, жақындасқан жүйе, тіларалық жүйе – тілдік жүйе ретінде сипатталады. Ө.т. автономиялыққа (құрылымдық, тәуелсіздікке), біртұтастыққа (бірыңғай даму кезеңі мен сатылықты), жұпынылыққа (құрылымдық жағынан) және фоссилизацияға ие. Ө.т. қалыптасуы ана тілінің трансференциясы және мақсат – тіл ережелерінің жалпылануы (обобщение) (генерализация), қарым-қатынас стратегиясы мен оқыту стратегиясы нәтижесінде жүреді. Ө.т. сингналына құрылымдық қателік жатады (қар.: Аралас тіл).

II

ПАЛЕОАЗИАТ ТІЛДЕРІ – генетикалық байланысы жоқ чукот, камшат, эскимос, алеут, енисей, юкагир, чуван тілдерінің шартты атауы. Л.И.Шренк бұл топқа айн тілін де жатқызады.

ПАЛЕОГРАФИЯ (грек. *palaios* – көне және *grapho* – жазамын) – жазу таңбаларының пайда болуын және олардың дамуын зерттейтін тарихи-филологиялық пән. П. жеке пән ретінде дипломатикадан бөлінген. Дипломатика көне құжаттарды тексеріп,

олардың шындығын анықтаумен айналысқан. П.-ның негізгі мақсаты жазбаның хронологиялық және локалдық (қай жерде жазылғандығын) ерекшеліктерін анықтау. П. жазу белгілерін (әріптерді) зерттейді.

ПАРАДИГМА (грек. paradeigma –үлгі, мысал) – 1) кең мағынада: бір-біріне қарама-қарсы қойылған, бірақ ортақ белгісі бар немесе ұқсас ассоциация тудырушы кез келген лингвистикалық бірліктер тобы; Парадигмалық қатынастар арқылы байланыста болатын тіл бірліктерінің жиынтығы; 2) осындай жиынтық немесе топтың жасалу (құрылу) моделі мен кестесі; 3) тар мағынада: «морфологиялық П.» терминінің синонимі (бір сөздің тұлғалану жүйесі) болады. Бірліктер тобы қай жүйеге жататындығына қарай: морфологиялық, синтаксистік, лексикалық, сөзжасамдық П. болады. Бір объектіге не болмысқа (мағынаға, жағдайға, сөзге, сөз тобына және т.б.) сай келетін тілдегі бірліктер бір П.-ны құрауы мүмкін.

ПАРАЛИНГВИСТИКА (грек. para – қасындағы маңындағы және лингвистика) – 1. Сөйлеуде қолданылатын, мағыналы хабар жеткізуші, бірақ тілге жатпайтын құралдар; 2. Тілдік байланысқа қатысатын тілдік емес (вервальды емес) құралдардың жиынтығы. П.-лық құралдардың үш түрі белгілі: фонациялық (тембр, темп, дауыстау, кідіріс, әуен, диалектілік айтылу ерекшеліктері), кинетикалық (қимыл, поза, бет қимылы) және графикалық (әріптерді жазу, почерк, символдар және т.б.). Сөйлемдегі сөзге қатысты П. құралдары үш түрлі қызмет атқарады: қосымша хабар жеткізеді, сөз орнына қолданылады. П. терминін 1940 ж. А.Хилл енгізген болатын.

ПАРСЫ ТІЛІ (фарси немесе парсы) – иран тілдерінің (оңтүстік-батыс тобы) бірі. Иран (ресми тіл), Ауғанстан, Пакистан, Үндістан, Ирак, БАЭ, ТМД (Кавказ, Орта Азия) елдерінде тараған, ең көп зерттелген диалектілердің бірі. Тегеран диалектісі – қазіргі П.т.-нің негізгі қайнары. П.т.-не ең жақын тұрған тілдер – тәжік тілі, дарий (Фарси-кабули) тілі. П.т. әдеби мұраларға өте бай. Ең көне жазба ескеркіштері ІХ ғ. жатады. Жазуында араб әрпін қолданады.



ПАРЦЕЛЛЯЦИЯ (фр. *parceie* – бөлік) – тұтас бір сөйлемнің бірнеше дербес фразаларға бөлшектенген көрінісін жасаудағы тәсіл. Мысалы, «Ол ... үйде жоқ. Таза ауада серуендеп жүр» деген фразаларды бір сөйлемге сыйдырсақ, былайша айтуға болады: «Ол үйде жоқ, таза ауада серуендеп жүр». Сөйлеудегі П. Интонация арқылы, ал мәтінде тыныс белгілер арқылы беріледі. П.-ға түскен бөліктерді (сегменттерді) парцеллят деп атайды. П.сөйлеу кезінде экспрессия құралы ретінде де пайдаланылады.

ПАЦИЕНС (лат. *Patiens* – шыдаушы) – сөйлемдегі пассив тыңдаушының симантикалық мінездемесі (рөлі). П. термині жағдайға араласпайтын пассив қатысушыны белгілейді.

ПИДЖИН (ағыл. *business – ic*) – тілдердің араласуынан пайда болған құрылымдық – қызметтік тілдердің бір түрі. П.-табиғи дамудың нәтижесі емес, ол екінші тіл жасаудың нәтижесі. П.-нің елу шақты түрі бар, олар Оңтүстік-Шығыс Азия, Океания, Африка, Латын Америкасында таралған. Ең көп тараған П. түрі ағылшын тілі негізінде жасалған (П.-инглиш). Сонымен бірге Француз, Португал тілінен шыққан П.-де бар.

ПИДЖИН-ИНГЛИШ (PIGIN-ENGLISH) (ағылш. *business – ic, isker + English* – ағылшын тілі) – шығыс елдер порттарында (Жапония, Калифорния, Оңт. теңіз, Гонконг) қолданылатын аралас тілдердің бірі. П.-и. сөздігі бойынша ағылшын тілі және грамматикасы бойынша қытай тілі болып табылады (кар.: Пиджин, Тілдік қатынас, Тілдердің араласуы).

ПОЛИЛОГ (грек. *polis* – көп және *lodos* - әңгіме) – бірнеше адамның әңгіме құруы.

ПОЛОВЕЦТЕР ТІЛІ (құман тілі) – түркі тілдерінің бірі. Ертеде өмір сүрген қыпшақтардың тілі. Қыпшақтар туралы ең алғаш дерек Қытай жылнамаларында (б.э.д. I ғ.) кездеседі, кейін (VIII ғ.) құлпытаста (Елетміш Білге-Қаған тасы) «қыпшақ» атауы кездеседі. Оларды әр түрлі атаған. Мұсылман жазбаларында: қыпшақ, қыфшақ, европалық жазбаларда: куман, коман, кун; орыстардың жазбаларында; половец, печенег. П.т. Кодекус-Куманикусте (шамамен 1294 ж.) Каменец-Подольск армяндардың

сот қағаздарында (XVI ғ.) т.б. сақталған. П.т. қарашай-балқар, карайым, қырым-татар, құмық, қазақ тілдеріне өте жақын тіл. Лексикасында араб, парсы, грек сөздері кездеседі.

ПОСТКРЕОЛДІ КОНТИНУУМ (орыс. посткреольский континуум) – нәтижесінде көптеген аралық варианттар пайда болатын суперстратты тілдің (базистік тілге жақын) креол тілмен белсенді түрде бәсекелесе бастау жағдаятында дамиды контктілі континуумның түрі. П. к. пайда болуының әлеметтік уәждемесі суперстраттық тілдің беделдігі және оны креол тілді тұтынушылардың мақсатты тіл ретінде танып, меңгеруге құлшынуы болып табылады. Креол тіл біртіндеп акролектілі және базилектілі түрлерге бөлініп, олардың әрқайсысы мақсатты тілдің әсеріне ұшырап, креолденуден ада бола бастайды. Егер суперстратты тіл түрлі әлеуметтік себептерге байланысты мақсатты тіл болудан қалса, креолдену үдерісі қайта жалғасады.

Қара: Аролект, Базилект, Контактілі тілдер Контактілі континуум, Креолдену, Мезолект

ПРАКРИТ – қазіргі үнді тілдерінің негізіне алынған орта кезеңдегі көне үнді тілдері мен диалектілері. Алғашқы жазу үлгілері б.э.д. III ғ. жатады.

ПСИХОЛИНГВИСТИКА – сөйлеу процестерін зерттейтін ғылым. П. психологиялық эксперимент арқылы сөйлеу қызметінің үлгісін жасап, тексереді. Бірқатар практикалық мәселелердің теориялық мәнін түсіндіру үшін дәстүрлі лингвистикалық тәсілдер жеткіліксіз, ол үшін П.-ның тәсілдерін қолдану қажет. П. мынадай мәселелерді шешеді: шет тілдерін үйрену, логопедия мәселелері, ми қызметіне байланысты сөйлеудің бұзылуы, бұқаралық ақпарат құралдарындағы сөйлеудің рөлі, авиация мен космостық психология, криминалистика мен машиналық аударма мәселелері, ЭВМ-ге хабарды енгізу т.б.

П. термині 1954 ж. бастап қолданылып келеді (АҚШ). П.-нің нейролингвистикалық негіздерін А.Р.Лурия (1930 ж.) қалаған.

ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ БАҒЫТ (лингвистикалық психологизм) – тіл білімінде тілді адамның психологиялық жағдайына



және психологиялық қызметіне байланысты құбылыс ретінде қарастыратын мектептердің, ағымдардың және жеке тұжырымдардың жиынтығы.

П.б. әр кезеңдегі мақсаттары, зерттеу пәні, бастапқы ұғымдары өзгеріп отырған, бірақ олардың бәріне ортақ негізгі сипаттары көрсетуге болады, олар: 1. Тіл ғылымындағы логикалық және формальды бағыттар мен мектептерге қарсы болу (қара: Логикалық бағыт); 2. Психологияны әдістеме ретінде тану; 3. Тілдің нақты қызметтері мен жұмсалуды зерттеу.

П.б. XIX ғ.-дың 50 жж. да В.фон Гумбольдт философиясының әсерінен пайда болды. Бұл кезеңде тіл білімінде логикалық көзқарастар басым болған. П.б. негізін қалаушы – Г.Штейнталь, Ресейде П.б. өкілі – А.А. Потебня (қара: Харьков лингвистика мектебі) болған.

П.б. өкілдерінің ойынша логика жалпы адами ғылым, ол жеке халықтың жеке тіл ерекшеліктерін аша алмайды. (Г.Штейнталь), екіншіден, логика-гипотетикалық ғылым. Ал тіл білімі генетикалық білім, яғни «сөйлеу процесін» зерттейді. Штейнталь тілді «Халықтың, рухтың» көрініс ретінде таныған, сондықтан тілдің әлеуметтік табиғатының болуы заңды құбылыс деп есептеген.

П.б. тілді тарихи және үнемі дамуда болатын құбылыс ретінде қарастырған, ерте замандарда тілдің ішкі мағынасы өте бай болған, даму барысында ол мағына бірте-бірте азаяды. Тілдің пайда болуына үлкен мән беріп, П.б. тілдік бірліктердің пайда болуын психологиялық тұрғыдан негіздеп ассимиляция, ассоциация, апперцепция сияқты психологиялық заңдарға сүйенген.

П.б.-тың әлсіз жақтарының болуы XIX ғ.-дың 70 жж.-дағы младограмматизм бағытының қалыптасуына себеп болды. (қара: Младограмматизм). Младограмматиктер бірінші орынға жеке тілді (сөйлеушіні) қойды, өйткені психологиялық фактордан бөлек физикалық және физиологиялық қырларды ескеру қажет болды.

П.б.-ның идеяларын Қазан лингвистикалық мектебінің өкілдері қолданды. XX ғ.-дағы П.б.-тың орнына әлеуметтік бағыттағы құрылымдық лингвистикалар келді. Қазіргі кезеңде П.б.-тың

идеяларын психоллингвистика дамытып отыр. Лингвистикалық психологизм идеялары неолгумбольдт ілімінде, этнолингвистикада әлеуметтік лингвистикада т.б. қолданылып жүр.

ПУРИЗМ (лат. Puris – таза; ағылш. Purism) – ана тілін кез келген өзге тілдік, сондай-ақ нормаланбаған тіл элементтері әсерлерінен тазалау және бөгет болуға ұмтылу (тілде интернациональдық лексиканың пайда болу процесіне қарсы тұру). П.-нің жағымды тұстары да (тұрмыстық ұлттық мәдениет пен тілді дамыту туралы қамқорлық, ана тілінің байлығы мен оның сөзжасамдық қорына көңіл бөлу), жағымсыз тұстары да (тіл дамуына сыртқы әсерді, тарихилықты түсінбеушілік, біржақтылық) бар. П. көбінесе қоғамдығы үлкен қайта құруларға байланысты тілдегі маңызды және жылдам өзгерулер кезеңінде көрініс береді.

ПУШТУ (ауған тілі, пашто) – иран тілдерінің (шығыс иран тобы) бірі. Ауғанстан (Қандыағар, Желалабад, Газмин, Хост, Қабыл, Фарах), Пакистан (Вазиристан, Белуджестан, Дир, Суат, Баджуар, Пешавар) елдерінде тараған. Сөйлеушілер саны 25 млн. адамға жуық. Ауғанстандағы әдеби тілдің бірі. Жергілікті және тайпалық диалектілер екі топқа жатады: шығыс немесе пешабар-желалабад және батыс немесе қандыағар. Оңт. топқа Гантиф провинциясының диалектісі кіреді. Әдеби П. тілі екі диалект негізінде қалыптасқан. П. тілінде араб жазуы қолданылады. Жазба ескерткіштері ХҮІ ғ. белгілі.

Р

РЕГИОЛЕКТ – жергілікті говорлар мен қарапайым тілдің іздерінің әсері бар орталау және кішілеу қалалар тұрғындарының тілін белгілеу үшін А.С.Герд ұсынған термин. Жергілікті аумақтық диалектілерден Р. айырмасы олар кең аумаққа – бір-бірінен қашық емес орналасқан шағын қалалар тобына таралған.



РЕИНТЕРПРЕТАЦИЯ (лат. re – қайталау мағынасын білдіру + лат. interpretation-аралық) – әлеуметтік лингвистика әдістерінің бірі; бұрын зерттелген материалды қайталай (екінші рет) талқылау, түсіндіру Мыс., Р. бір мемлекеттің әр түрлі өмір кезеңіндегі жүргізілген халық санағындағы мәліметтерін қайта қарастыруы мүмкін. Мыс., «Әлемнің жазба тілдері: Ресей федерациясының тілдері» атты халықаралық әлеуметтік лингвистика энциклопедиясы үшін 1989 ж. Бүкілодақтық халық санағының мәліметтерін талдауда Б.Сильвераның санақ мәліметтерінің талқылау варианты пайдаланылды.

РЕПРЕЗЕНТАТИВТІК (фр. Representant – өкіл) – қандай да бір үлкен жиынтық бөлігінің өкілетті, маңызды сипаттамасы; типі. Мыс., әлеуметтік лингвистикалық сауалнама жүргізудің Р. таңдамасы (Выборка) – бұл зерттеудің барлық жиынтық объектісін толық және объективті көрсете алатын, зерттеліп отырған объектіні толық қамтитын жекелеген тұжырымдар жасауға мүмкіндік беретін дәлелденген, дұрыс берілген таңдама (выборка) (қар.: Әлеуметтік лингвистикалық мәліметтер дұрыстығы).

РЕСМИ ТІЛ (лат. Officialis – қызметтік; орыс. официальный язык) – белгілі бір аумақта (территорияда) таралған және белгілі құқықтық (заңдылық) мәртебесі бар, барынша кең қоғамдық қызмет атқаратын тіл. Ұғымдық мәні бойынша бұл да Мемлекеттік тіл. Алайда құқықтық жағдайына байланысты кейбір елдерде мемлекеттік тілден ерекшеленеді. Мыс., ағылшын және француз тілдері Канадада Р.т. болып табылады және бірыңғай мәтебеге ие, Канада Парламенті мен Үкіметтік мекемелерде қолданылу жағынан тең дәрежелі, тең құқылы. Қазақстанда орыс тіліне Р.т. мәртебесі берілмеген, бірақ Қазақстан Республикасындағы тіл туралы (ҚР заңының 11 шілде, 1997 ж.) 5-бабында «Мемлекеттік ұйымдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарына орыс тілі қазақ тілі мен ресми түрде тең қолданылады» деп көрсетілген.

РЕСПОНДЕНТ (ағылш. respondent + лат. respondens-жауап беруші) – анкета, интервью сұрақтарына жауап беруші, сынақталушы адам.

РЕЦИПИЕНТ (лат. *resipiens/ recipientis*-қабылдаушы) – хабарды немесе мәліметтерді қабылдаушы адам, тыңдаушы, оқушы; адресат.

РИТОРИКА (грек. *rhētorikē* – шешендік өнер) – прозалық қара сөз және ауызекі көркем сөздің жасалуын зерттейтін филологиялық пән. Поэтикамен, стилистикамен тығыз байланыста болады. Р. тарихы екі кезеңге бөлінеді: б.э.д. V ғ. Сиракус қаласында Р. оқулығы жарық көрген. Р.-ның дамуы Аттика, Кіші Азия қалаларында, Родос аралында дамыған. Афина қаласында Горгий деген софист (б.э.д. V–IV ғғ.) және Тарсимах, Протогор Р. негізін қалаушылар болып есептеледі. Р.-нің дамыған түрін Сократ, Аристотель, Феопомп, Дионисий Галикарнас қолдаған. б.э.д. II ғ. Римде әйгілі шешен-ораторлар: Цицерон мен Квинтиллиан өмір сүргені белгілі.

Қазақ тілінде Р. өте көне замандардан бастау алып дамыған, дамудың нағыз шыңына жеткен. Шешендік өнердің ірі иелері: Майқы би, Қаздауысты Қазыбек, Төле би, Әйтеке би, Байдалы, Бөлтірік, Досбол, Едіге, Байзақ, Шорман, Құнанбай т.б.

С

САБИР (лат. *sapere* – түсіну; ағылш. *Sabir*) – крест жоғары кезеңінде шыққан. Лингва франкаға айналған тіл. С. лексикасында оның қолданылу салаларын кеңейтуге ықпал ететін испан, грек, түрік, араб тілдерінің көптеген сөздері бар (қар.: Аралық-тіл, Креоль, Пиджин).

САНА-СЕЗІМ (орыс. *самосознание*) – индивидтің өз тілін физикалық интеллектуалдығын, жекелік ерекшелігін, әлеуметтік-этникалық және кәсіби жағдайын сезіне білуі; қоғамдық қатынастар жүйесінде өз орнын білуі, өзінің дүниетанымын, мақсатын, мүддесі мен өзін-өзі ұстауы. Мыс., класс, топ, қауымдастық С.-с. туралы айтуға болады. (қара: Этникалық сана-сезім, Тілдік сана).

САНДЫҚ ТӘСІЛДЕР (Тіл білімінде) – тіл мен сөйлеуде қолданылатын өлшеулер мен есептеулер. Оларды статистикалық



тәсілдер деуге де болады. Көбіне лексикада (сөздердің этимологиялық қорларын зерттеу, сөзжасам процестері, полисемия түрлері), ал негізінен С.т. сөйлеуді мәтінді зерттеуде қолданылады.

САНДЫҚ ТАЛДАУ (орыс. количественный анализ; ағылш. quantitative analysis) – бұл да Квантитативтік талдау, әлеуметтік лингвистикалық мәліметтер бланкісін жинастырудың біршама дұрыс жолдарының бірі. С.т. әлеуметтік лингвистикалық зерттеудің барлық кезеңдерінде пайдаланылады (қар.: Әлеуметтік лингвистикалық мәліметтер дұрыстығы, Әлеуметтік лингвистикалық зерттеу бағдарламасы. Әлдеуметтік лингвистика әдістері).

САНДЫҚ ТАКСОНОМАНИЯЛАР ӘДІСІ (орыс. метод численной таксономаний) – орталық белгісі негізінде біріккен таксономанияларды – топ, тип, кластарды бөлектеп көрсетудегі әлеуметтік лингвистиканың бір әдістерінің түрі. С.т.ә. мыс., тілдерді меңгеру деңгейі бойынша информанттардың түрлі топтарын (таксономанияларын) немесе билингвтардың бірінші не екінші тілді қолдану жиілігін көрсетуде қолданылады.

САНСКРИТ – көне үндітілдерінің бірі. Б.э.д. 1000 ж. бастап Солтүстік Үндістанда тараған, ведалық тілден бөлек қарастырылады. С.-тің бірнеше түрлері бар: эпикалық («Махабхарата» мен «Рамаяна» тілі), классикалық, буддалық, джайна, ведалық. С. тілінде көптеген діни, философиялық ғылыми әдебиеттер жазылған.

СЕГРЕГАЦИЯ (лат. segregatio – бөлімше) – ұлттық мәселелерді шешуде унитаризмге қарама-қарсы тұратын нәсілдік дискриминацияның түрі. С.-ны жақтаушылар ұлттық-нәсілдік проблемаларды шешуде тұрғындардың нәсілдік-этникалық топтармен араласуды доғару немесе барынша азайтуды көздейді (әр түрлі кварталдарда тұру, бөліп оқыту, демалыс орындарының бөлек болуы т.б.) Оңт. Африкалық С. варианты – Аппортейд БҰҰ тарапынан адамзатқа қарсы қылмыс деп танылды. С. мемлекеттің тілдік жағдаятына әсер етеді.

СЕКСИЗМ (ағылш. sexism-sexus – жыныс) – жыныстық жағдайы бойынша адамды шеттету, дискриминациялау. Ол тілдік С. түрінде де көрінуі мүмкін. Мыс., әйелді сипаттауда ерлерге тән сөздерді қолдану немесе ерлерді сипаттауда әйелдерге тән сөздерді

айту (қар.: Линвоцид, Әйел тілі, Гендер, Гендерлект, Гендерлік лингвистика).

СЕМИЛИНГВ (ағылш. Semilingual) – ана тілінде де, екінші тілде де толық тілдік құзыреттілігі жоқ, яғни екі тілде де күрделі құрылымдарды айтуда қиналысты сезінетін адам (қар.: Семилингвизм, Интертіл, Тілдік құзырет, Пиджин).

СЕМИЛИНГВИЗМ (лат. semi – жартылай + lingua – тіл) – ана тілінде де екінші тілде де толық тілдік құзыреттілік жоқ жартытілділік ана тіліне, сондай-ақ екінші мәдениет пен тілге деген келеңсіздік, немқұрайлық болуы мүмкін. Мыс., Суржик (украин және орыс тілдерінің араласу нәтижесінде шыққан тіл) (қар.: Амбилингвизм, Билингвизм, Интертіл, Пиджин).

СЕПИР-УРОФ БОЛЖАМЫ (орыс. гипотеза Сепира–Уорфа) – бұл да лингвистикалық ықтималдық болжамы; С-У. б. сәйкес тіл адамның шындық өмірді тануы мен ойлауына маңызды әсер бар. Болжам авторлары – амеркандық ғалымдар Э.Сепир мен Б.Л.Уорфтар өз болжамдарының көпшілігін В.фон Гумбольдтың көзқарастары мен американдық этнолингвистика идеяларымен байланыстырады. Аргументтері С-У. б. дәлелдеме ретінде қолданылды: тілдер шындық өмірді әр түрлі жіктеп көрсетеді (заттар, кеңістік, уақыт т.б.) және оларды әрбір тілдің ұғымында қайталанатындай, арнаулы етіп көрсетеді; Тіл адамның жүріс-тұрысын реттейді; тілдердің әр алуандығы шындық өмір туралы түсініктің, логикалық тіпті ойлау нәтижесінің әр түрлілігін анықтайды. Тілдің халыққа, оның мәдениетіне әсерінің дәрежесі мен сипаты туралы мәселе пікірталас күйінде қалуда және этнолингвистикада, әлем тілдері туралы ережелерде, лингвамәдениетте санада сипатталуда (қар.: Неогумбольдтинство).

СИНГАРМОНИЗМ (грек. syn – бірге және harmonia – қос үнділік, үндесу) – морфонологиялық құбылыс; морфологиялық бірлік ретіндегі сөздің вокалдық (кейде консонаттық) түрленуінің нәтижесі. С. құбылысы бар тілдерде сөз құрылысы тәуелсіз (басым болатын) бөліктен (әдетте бұл түбір) және тәуелді бөліктен (аффикстен) тұрады. Фонологиялық белгінің С. негізі



болғандықтан: тембрлі С. (орынға байланысты), лабиальды С. (тілдің таңдайға жақындауынан) деп бөлінеді. Негізінен С. агглютанивті тілдерге тән құбылыс. Бұл түркі тілдеріне тән аса күшті заң. Оны дауысты дыбыстардың үндесуі деп те анықтайды. С.-нің басты фонологиялық қызметі – қазақ сөзінің өн бойында біркелкі тембрдің сақталуында. Фонеманың мағына айқындаушылық қызметін түркі тілдерінде С. атқарады.

СИНТАГМА (грек. syntagma – қосылған, бірге қаланған) – 1) контексте берілген бір ұғымды білдіретін интоноциялық-мағыналық бірлік. С. бір сөзден, сөздер тобынан және сөйлемнен тұруы мүмкін. Л.В.Щерба С.-ны тұтас мағынаны беретін фонетикалық бірлік ретінде қарастырады. С.-ға бөлудың негізгі құралы - пауза. Ол сөйлеу әуенімен (мелодика), ырғақпен (темппен), күштілікпен (интенсивность) қоса жұмсалыды. С.-ның соңғы тұрған сөзіне ең күшті екпін түседі; 2) белгілі байланыс түрімен жалғанған екі не одан да көп тіл бірліктерінің тізбегі (сөздер, сөз тіркестері, сөйлемдер) (Ф.де Соссюр).

СИНХРОНДЫҚ ӘЛЕУМЕТТІК ЛИНГВИСТИКА – тіл және қоғамға байланысты қатынастар (статика) мен процестерді (динамика), соның ішінде тілдің әлеуметтік процесін зерттейтін әлеуметтік лингвистиканың саласы.

СИНХРОНИЯ (грек. synchronos – бір мезгілде болатын) – 1. Өзара байланыста және бір-біріне ықпал ететін, бір мезетте болатын элементтер жүйесі ретінде қарастырылатын, белгілі бір даму кезеңіндегі тілдің жағдайы, «жалғыз ғана және шынайы нақтылық» болатын тіл фактілерінің жиынтығы (Ф.де Соссюр); тіл дамуындағы өзгеріссіз кезең. 2. Белгілі бір кезеңдегі тіл жағдайын зерттеу, яғни белгілі бір уақыттан және өзгерістерден тыс жататын қатынастар жүйесі ретінде зерттеу. Соған байланысты «синхронды лингвистика» термині «статистикалық» (өзгермейтін) терминіне пара-пар болады. С. түсінігін Соссюр ұсынған. С. түсінігіне диахрония (динамика) түсінігі қарама-қарсы қойылады. Мұндай көзқарас, әрине қате, өйткені тіл даму үстінде (қозғалыста) болатын объект (Р.О.Якобсон).

СКИФ ТІЛІ – скиф-сармат тілдерінің жалпы атауы. Бұл тілдерде сөйлеген тайпалар б.э.д. VIII–VII ғғ. бастап, б.э. IV–V ғғ. дейін Солт. Қара теңіз жерінде өмір сүрген. С.т.–де екі диалект болған, ежелде – скиф, ал кейін – сармат диалектісі. С.т. иран тілдерінің шығыс тобына жатады деген болжам бар. С.т. қазіргі мұрагері – осетин тілі. С.т.-де жазылған мұралар сақталмаған.

СОҒДЫЛАР ТІЛІ – иран тілдерінің солтүстік-шығыс тіліне кіретін өлі тіл. Көне соғды (Согдиана), Зеравшан өзенінің тарихи аймағында (орталық Самарқанд) болған. «Соғды» топонимі иран тілінде жазылған «Авеста» ескерткішінде кездеседі. VIII–IX ғғ. қытай жылнамалары Соғды еліне Қашқандария, Шаш (Ташкент), Жетісу жерлерін кіргізеді. Кейін бұл тілді парсы және түркі тілдері ығыстырған деген болжам бар. Соғды жазуы өз бастауын арамей жазуынан алады. Ең көне С.т. жазулары II–IV ғғ. жатады.

СЛЕНГ (ағылш. slang) – ағылшын немесе американдық ауызекі сөйлеу тілі лексикасы қамтылған көбінесе жастар жаргоны (қар.: Арго).

СЛОГАН (ағылш. Slogan – ұран, девиз) – (ұран тілі) – шаблонды сөйлеу оралымы, үйреншікті ұрандық клише: тауар жарнамасын көрсететін қысқаша ұран, жарнамалық идеяның қысқаша нұсқасы (қар.: Тілдің қолданылу саласы).

СОЦИОЛЕКТ (лат. socil (etas) – қоғам (dia) lektos – диалект; ағылш. Sociolect) – қандай да бір әлеуметтік топқа (кәсіби, жас мөлшерлік, жіктік т.б.), микроәлеуметтік қауымдастыққа тән болып келетін тілдік ерекшеліктер жиынтығы. С. өз алдына жеке қарым-қатынас жүйесін құрай алмайды. Оған тек нақты лексикалық, морфологиялық және синтаксистік ерекшеліктер тән. С.-ге жаргондар, арго, сленктер жатады. XX ғ. соңында жалпы қолданыстағы тілге түрлі С.-ді енгізушілік көбейді. (мыс., В.Тучковтың «Танцор», «Танцор – 2», «Танцор – 3» шығармаларындағы көптеген компьютерлік жаргондарды (сленктер) айтуға болады).

СОЦИОМЕТРИЯ (лат. societas – қоғам + грек metreo) – өлшеу, кіші топтардың, микроәлеуметтік қауымдастықтың құрылымы мен



қызмет етуін сандық тұғыдан зерттейтін пән (қар.: Статистикалық талдау, Әлеуметтік лингвистика әдістері).

СОЦИУМ (лат. socium – бірге, жалпылай) – бұл да сол қоғам; өмір сүру әрекеті, мәдениеттің орталығының бірлігімен сипатталатын адамдардың үлкен тұрақты әлеуметтік қауымдастығы. С.түрлері: рулық және отбасылық-туысқандық, әлеуметтік-жіктік, ұлттық-этникалық, аумақтық-қоныстық қауымдастықтар.

СӨЗ МӘДЕНИЕТІ – 1. Ауызекі және жазба әдеби тілдің нормаларын (айтылу, екпін, сөз саптау, грамматика, стилистика ережелерін) игеру. Сөйлеудің мақсаты мен мазмұнына байланысты тілдің көркемдік құралдарын пайдалана білу; 2. Тілді мәдениет ретінде қарастырып, оны дамыту үшін нормаларды қарастыру мәселерімен айналысатын тіл білімінің саласы. Шетелдік лингвистикада жалпы мағынасында «Тіл мәдениеті» деген термин қолданылады. Әдеби тілді игеруді екі сатыға бөліп қарастырған жөн: дұрыс сөйлеу, яғни әдеби нормаларды ұстану және шешендік өнер, яғни бірнеше варианттан мағынаны дәл беретін стилистикасы мен айтылуы орынды болатын сөздерді таңдай білу. Жоғары С.м.-ін игеру үшін адамның жалпы мәдениеті де, тілге деген сүйіспеншілігі де жоғары болуы шарт.

СӨЙЛЕУ – бір мезгілде болатын нақтылы сөйлеу. С.-дің дыбыстық және жазба түрлері бар. С.-ге сөйлеу қызметі және сөйлеу нәтижесі де (жатта сақталған және жазылған шығармалар) жатады. Әдетте, С.-мен тіл қарама-қарсы қойылады. Тіл – араласу құралы болса, С.-осы құрал арқылы араласуды жүзеге асырады. С. арқылы тіл қолданыс табады. С. әрқашан нақтылы болады, ал тіл абстрактілі болып қайталануы мүмкін. С. – кеңістік пен уақытта жасалады. Оның шегі болмайды. С. – материалды құбылыс, ол есту мүшелері арқылы қабылданады. С. – субстанционалды, ал тіл – формальды құбылыс. С.- құбылмалы, қозғалыста болады. Сөйлеу процесіне тән қасиеттер: темп, ұзақтық, тембр ерекшеліктері, дауысталуы, артикуляциялық анықтылығы, акцент т.б. С.-дің эстетикалық (статистикалық) және этикалық (нормативті) бағалануы болады. С.-дің авторына көп нәрсе байланысты болады.

Автордың ойы, сезімдері, сөз саптауы, сөйлем құрауы – бәрі де С.-дің субъективтілігін айқындайды. Сөйлеуші не жазушы адам белгілі стильді таңдайды (ресми, менсінбей сөйлеу, құрмет көрсету, жағыну, тіке сөйлеу, жанама, қаратпа сөйлеу т.б.). С. түрлері субъективтіліктің әр түрлі дәрежесіне ие болады. С. әр түрлі әлеуметтік қызмет атқарады. С.-ді жасайтын тіл, сонымен қатар тілдің өзі С.-де жасалады. «Тіл сөйлеудің құралы және нәтижесі» (Соссюр).

СӨЙЛЕУ АКТІСІ – қоғамда қалыптасқан сөйлеу принциптері мен ережелеріне сай, белгілі бір мақсатта жүзеге асырылатын сөйлеу әрекеті; С.а.-ның негізгі белгілері: әдейі және белгілі мақсатта айтылуы. С.а.-ның қатары «Дискурс» деп аталады. Зерттеушілер С.а.-ның адам өмірінде алатын орнын саралай келе былай дейді: «Сөйлеу – адамдардың арасындағы іс-әрекеттің бір түрі» (Гегель). С.а.-не байланысты мәселелерге В.Гумбольд, Ш.Балли, С.Карцевский, Э.Бенвенист, М.Бахтин т.б. өздерінің лингвистикалық тұжырымдамаларында тоқталған, бірақ С.а.-ның толық идеяларының әсерімен, тек лингвистикалық философия шеңберінде жасалған. С.а. теориясының негізін ағылшын философы Дж. Остинь қалаған. С.а.-не қатысатындар сөйлеуші және адресант (тыңдаушы), бұлардың әрқайсысының әлеуметтік рөлі (қызметі) болады. С.а. құралына: қоршаған орта және әңгіменің арқауы болатын болмыстың бөлігі де енеді.

СӨЙЛЕНІМ (орыс. говорение; ағылш. speaking) – сөйлеу қызметінің жемісті түрлерінің бірі. Сөйленім естілініммен бірге ауызекі қатынасты құрайды (қар.: Сөйлеу актісі, Тыңдаушы, Сөйлеуші).

СӨЙЛЕУШІ (орыс. говорящий) – сөйлеу актісінің белсенді қатысушысы, субъекті ауызекі сөйлеу қатынасы шегіндегі сөйлеу қызметінің жемісті түрі ретіндегі сөйленім субъектісі (қар.: Сөйлеу, Қарым-қатынас, Тыңдаушы).

СӨЙЛЕУ ЭТИКЕТІ – қоғамда қабылданған ресми не бей-ресми жағдайда әңгіме құрушылардың әлеуметтік рөліне сай болатын сұхбаттасу ережелерінің тұрақты жүйесі.



СТАНДАРТТЫ ТІЛ (ағылш. Standard – үлгі, эталон) – бұл да сол әдеби тіл; нормаланған, кодификацияланған тіл. Оның нормалары жалпыға міндетті және дұрыс болып табылады, ол диалекті, ауызекі сөйлеу тілі, койне т.б. қарама-қарсы қойылады.

СТИЛЬ – 1) лексикасы, грамматикасы, фонетикасы ерекше болатын тілдің түрі (тілдік стиль); 2) функционалды стиль; 3) жапыға бірдей сөйлеу мәнері: шешендік сөз, газет мақаасы, ғылыми лекция, тұрмыстық диалог, эпистолярлы жанр (хат) т.б.; 4) жеке адамның сөйлеу мәнері; 5) дәуірдің тілдік парадигмасы.

СТРУКТУРАЛЫҚ ЛИНГВИСТИКА (құрылымдық лингвистика) – тілді структуралық элементтерден тұратын жүйе ретінде танудан туындайтын ілім. С.л. тілді формальді заңдылықтары бар ғылым деп қарастырады. Тіл құрылысына үлкен мән беріп структураның тіл элементтерінің қатынас жүйесі деп анықтайды. С.л. XX ғ. 20-30 жж. пайда болды. Көне үнді ғалымы Паниниден бастап, ортағасырлық грамматистер (Аристотель, Эль-Фараби, М.Қашқари), философиялық-лингвистикалық мектептер (Р.Декард, Г.Лейбнис) болғаны белгілі. С.л. дамуына көп еңбек сіңірген ғалымдар: Бодуэн де Крутене, Ф.Ф. Фартунатов, О.Есперен, Э.Сепир, Л.Блумфельд, Ф.де Соссюр. 20-40 ж. С.л. мектептері болған: прагалық, копенгаген (глоссемантика), американ (дискриптивистер) және лондон лингвистикалық мектебі.

СУБКУЛЬТУРА (лат. sub – асты + культура) – біршама ірі мәдени қауымдастықтың ішіндегі топ мәдениеті. Олар өзіндік мәдени элементтерін қарастыруы да мүмкін. Мыс., Хиппи, Панктер т.б. мәдениеті.

СУБСТРАТ (лат. Sub – астыңғы + stratum - қабат, тұтынушы; ағылш. Substratum) – екі тіл тоғысқанда жеңген тілдің жеңілген тілдің қалдырған ізі деген мағынаны білдіреді (қар.:Тілдердің қарым-қатынасы, өзара әсері, Тілдердің тоғысуы).

СУПЕРСТРАТ (лат. Super – үстіңгі, жоғарғы + stratum – қабат, тұтынушы; ағылш. Superstratum) – екі тіл тоғысқанда шамалы уақыт аралығында тілде жеңілген тілдің қалдырған ізі деген мағынаны білдіреді. С. терминін алғаш рет Романистер конгре-

сінде В.Вартбург қолданған (қар.: Тілдердің қарым-қатынасы, өзара әсері, Тілдердің тоғысуы).

СУРЖИК (украин. бастапқы мағынасы: бидай мен арпа және арпа мен сұлы т.б. тұқымдарының қосындысы) – украин-орыс қостілділігінің негізінде өзінен-өзі ұйымдастырылмаған түрде пайда болған украин тілінің орыстанған варианты (Н.П.Мечковская) (қар.: Креоль, Пиджин, Семилингвизм).

СҰРАУ ЖҮРГІЗУ (орыс. анкетирование) – респондентпен анкета көмегімен тікелей қатынас жасау жолымен жүзеге асырылатын сауалдың негізгі түрлерінің бірі. Сауал жүргізудің кемшіліктеріне онда информанттың сөйлеу әрекеті емес, сөйлеу әрекеті туралы есебі (пікірі) айтылатындығы жатады, сондықтан сауал жүргізуді алғашқы әлеуметтік лингвистикалық мәлімет жинау әдісі деп есептеген жөн. Сауал жүргізу микроәлеуметтік, сондай-ақ макроәлеуметтік лингвистикалық зерттеу жүргізуде қолданылады (қар.: Информант, Әлеуметтік лингвистика әдістері, Эксперименттік әлеуметтік лингвистика, Макроәлеуметтік лингвистика, Микроәлеуметтік лингвистика, Әлеуметтік лингвистикалық мәліметтер дұрыстығы)

Т

ТАБИҒИ ТІЛ (орыс. естественный язык; ағылш. natural language) – субститутивтік немесе аналогтік тұрғыдан жасалаған жасанды тілдерден бөлек ойды білдірудің табиғи қаруы және қатынас құралы ретіндегі адамзат тілі, мыс., қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілі т.б. (қара: Жасанды тіл, Ақпараттық тіл).

ТАБУ (полинезия сөзі) – кейбір сөздерді, есімдерді, сөйлемдерді атауға тыйым салу. Т. құбылысы тілдің магиялық қызметімен байланысты, яғни сөз арқылы қоршаған әлемді өзгертуге болады деген нанымнан туындайды. Т. барлық тілдерде бар. Ең көп тараған Т. адам есімімен баланысты: туыстардың атын айтуға тыйым салынған, сонымен қатар құдайдың, патшаның (иудизмде)



атын атауға болмайды. Т. эвфемизм түсінігімен тығыз байланысты болады. Түркі тілдеріндегі табу сөздерді Ә.Ахметов зерттеді.

ТАВТАЛОГИЯ (грек. tautologia, tauto – бірдей және logos – сөз) – мәтін мағынасы бірдей, басы артық сөздерді қолдана сөйлеу. Т. плеоназмға жақын тұрса да, тілдік нормамен жүйеге енбейді. Т. қолдану – тіл сауаттылығы мен логикалық ойлаудың төменгі дәрежеде екенін көрсетеді. Ғылыми және ресми стильде Т. сөйлемдерді қолдануға болмайды.

ТАЗА ТІЛ – өзінің алғашқы табиғи даму қалпын сақтаған, өзге тілдермен араласуға түспеген тіл. Бұл күнде таза тілді кездестіру өте сирек кұбылыс, ол түгелдей томаға-тұйық, өзімен-өзі ғана өмір сүретін этностарға тән.

ТАКСОН (лат. taxare – бағалау) – қандай да бір қасиеті мен өзіндік белгілерінің бірлігімен байланысатын топ объектісі, Мысалы, Т. әлеуметтік лингвистикада бұл – қандай да бір белгілерімен микро-әлеуметтік қауымдастыққа біріккен информанттар (респонденттер) тобы (қар.: Әлеуметтік лингвистикалық зерттеулер әдістері, Таксономия).

ТАКСОНОМИЯ (грек. taxis – ретімен орналасқан + nomos – заң) – өзіндік иерархиялық құрылыс тәртібі бар объектілерді топтастыру (классификациялау) және жүйелеу теориясы. Мысалы, микроәлеуметтік қауымдастық шегіндегі таксономия (қар.: Таксон).

ТӘЖІК ТІЛІ – иран тілдерінің оңтүстік-батыс тобына жататын тіл. Солтүстік (Бұхара, Самарқанд, Ферғана, Уратобе, Пенджент), орталық (Зеравшан), оңтүстік (Қаратегін, Куляб, Рох, Бадахшан), оңтүстік-шығыс (Дерваз) диалектілері бар. Фонетикалық жүйесі 6 дауысты және 24 дауыссыз дыбыстың тұрады. Род, септік категориялары жоқ, есім изафет арқылы байланыс жасыйды. Етістіктердің аналитикалық түрлері көп кездеседі. Т.т. 9-15 ғғ. класикалық парсы-тәжік тілінде болған. Араб жазыумен жазылған ең көне ескерткіштері 9 ғасырға жатыды.

ТЕЗАУРУС (грек. thesauros – қазына) – 1. Тілдегі барлық сөздерді қамтитын және олардың мәтінде қолданылуын мысал-

дар арқылы көрсететін сөздік. 2. Лексикалық бірліктердің семантикалық қатынастары көрсетілген идеографиялық сөздік.

ТЕОРИЯЛЫҚ ӘЛЕУМЕТТІК ЛИНГВИСТИКА (орыс. Теоретическая социолингвистика) – тіл мен қоғамның өзара байланысын зерттейтін әлеуметтік лингвистиканың саласы; тіл дамуының маңызды заңдылықтарын анықтау және олардың әлеуметтік табиғатын дәлелдеу, тілдің қызметін әлеуметтік және жағдаятты өзгерістерге байланысты зерттеу.

ТИТУЛДЫ ТІЛ – қараңыз – титулды ұлт тілі.

ТИТУЛДЫ ҰЛТ ТІЛІ (орыс. язык титульной нации) – бұл да сол титулды тіл, белгілі бір мемлекет, ұлттық мемлекет немесе ұлттық-аумақтық бірлік аты берілген ұлт (этнос) тілі. Мыс., Қазақстанда Т.ұ.т. – қазақ тілі. Грузияда Т.ұ.т. – грузин тілі.

ТОЛЕРАНТТЫЛЫҚ (лат. tolerania – төзімділік) – өзгенің өмір салтына, тіліне, ғұрпына, сезіміне, идеясына, сеніміне төзімділік.

ТРАЙБАЛИЗМ (ағыл. tribal – тайпалық – лат. Tribes- тайпа) – рулық-тайпалық бөлінушіліктің сарқыншағы ретінде сақталған қоғамдағы тайпалық немесе этностық сепаратизм.

ТРАНСКРИПЦИЯ (лат. transcriptio – көшіріп жазу) – сөз дыбыстарын хатқа түсіру (жазу) әдісі. Қағазға түсетін дыбыс түріне байланысты дыбыстық Т. (сегмент) және интонациялық (суперсегмент) деп бөлінеді. Дыбыстың ерекшелігіне байланысты фонематикалық Т. және фонетикалық Т. бөлек қарастырылады. Дыбыс бірліктерін сипаттау әдісіне байланысты аналитикалық ассоциацияның (ХФА) Т.-сы кең қолданылады. Бұдан басқа Щербаның Т. (латын әрпінде) бар.

ТРАНСЛИТЕРАЦИЯ (лат. trans – арқылы және littera – әріп) – қайсыбір тілдегі мәтіндерді не сөздерді басқа графикалық жүйе арқылы жазу. Халықаралық стандарт ұйымы (ХСҰ) – ISO (International Standart Organisation) Т. үлгілерін жасайды.

ТРАСЯНКА (белорус. бастапқы мағынас: мал житін шөптердің қосындысы) – белорус-орыс қостілділігі жағдайында өзінен-өзі ұйымдастырылмаған түрде пайда болған белорус тілінің орыстанған варианты (қар.: Креолдық тіл, Пиджин, Семиллингвизм).



ТҰЛҒАЛЫҚ ӘЛЕУМЕТТІК ЛИНГВИСТИКА (орыс. социалингвистика личности) – нақтылы субъектінің әлеуметтену нәтижесіндегі тілдің әлеуметтік саралану ерекшелігін, тілдік қабілетін, тілдік құзіретін, ана тілін, код ауыстыруын т.б. зерттейтін әлеуметтік лингвистиканың салаларының бірі.

ТҮПНҰСҚАЛЫ МӘТІН (грек. authentos – жетілген, өз қолымен, түрнұсқа) – алғашқы, түпнұсқалы мәтін, Әлеуметтік лингвистикада тілді оқыту әдістемесінде Т.м. – адаптацияға түспеген мәтін; заң ғылымында Т.м.-бұл өзге тілде жазылған мәтінмен ресми түрде тең деп танылған және онымен бірдей заңдылық күші бар құжаттар мәтіні.

ТҮРІК ТІЛІ – түркі тілдерінің бірі. Түркия мен Кипрде (грек тілімен бірге) ресми тіл. Әзербайжан тілімен көп ұқсастығы бар. Әдеби Т.т. ХІХ ғ. ортасында қалыптасқан деген болжам бар.

ТҮРКІМЕН ТІЛІ – түркі тілдерінің бірі. Негізгі диалектілері – теке, йомуд, эрсары, салыр, сарық, човдур. Т.т. батыс оғыз тайпаларының негізінде қалыптасқан. Т.т. 10 дауысты, 21 дауыссыз дыбыс бар. Езу үндестігі басым. Қосымшалардың қатаң тұлғалары қолданылмайды.

ТІГІНЕН ОРНАЛАСҚАН ТІЛДІК КОНТИНУУМ (орыс. вертикальный языковой континуум) – бір әкімшілік-аумақта бір мезетте бірнеше тіл пайдаланылатын күрделі тілдік ахуалды сипаттауда қолданылатын әлеуметтік лингвистикалық ұғым. Көптеген тілдік жағдаятта тілдер (немесе бір тілдің әртүрлі өмір сүру формалары) Т.о.к. құрайды, оның жоғары деңгейінде әдеби тіл немесе ресми тіл орналасса, ортаңғы деңгейінде – топтар аралық бейресми қатынастағы тілдер (немесе қарапайым сөйлеудегі қойне), төменде – отбасылық қатынастағы немесе достар арасында не ұжымда қолданылатын тілдер (көбінесе бұл – тар шеңберде ғана сақталған, тек аға буын арасында қолданылатын дәстүрлі говорлар) орналасуы мүмкін. Осы әрбір деңгейге қатысты «*акролект-мезолект-базилект*» деген үшем термин қолданылады.

ТІЛ – тіл білімінің негізгі зерттеу нысанасы. Т. деп адамның табиғи тілін атайды (жасанды және жануарлар тілінен бөлек). Т.-

дің пайда болып, өмір сүруі ең алдымен адамның пайда болып, өмір сүруімен байланысты. «Т». терминінің өзара байланысты екі мағынасы бар: 1) Т. – жалпы алғанда таңбалар жүйесі; 2) нақтылы Т. яғни, этникалық немесе «идиоэтникалық» Т. – нақтылы белгілер жүйесі ретінде уақыт пен кеңістікте өмір сүретін, белгілі бір қоғамның Т.; Қоғамның даму барысында пайда болып, белгілі бір заңдылықтар бойынша дамиды семиотикалық (таңбалық) жүйе. Бұл жүйе жеке адам үшін емес, қоғам үшін қажет болады. Т. бірқатар қызмет атқаратын жүйе, оның қызметтерінің ішінде ең бастылары – информация (хабарды) жасау, сақтау және тарату. Т. – адамды қоршаған орта туралы, адамның өзі туралы білімді сақтау үшін қажет (эпистемиялық қызмет). Бұдан басқа жаңа білім игеру де Т. арқылы жүзеге асады (танымдық немесе когнитивті қызмет). Т.-адамдардың негізгі байланыс құралы (коммуникативтік қызмет). Нақтылы тілдердің мынадай негізгі әлеуметтік түрлері бар: идиолект – жеке адамның тілі; говор - шағын топтың Т.; диалекті-говорлар жиынтығы; Қалыптасқан көзқараста Т.-дің ең жоғарғы түрі – әдеби тіл деп саналады. Әдеби тілде қызметтік стилдер, тұрақты нормалар болуы қажет деп есептеледі.

Жер бетінде 5000-7000 Т. бар деп айтылады. Т.-дің көп болуы әрине кездейсоқ нәрсе емес, өйткені тілдің табиғаты туралы мәселе әлі өз шешімін тапқан жоқ, сонымен қатар Т. лексикалық жүйесі жылдам өзгеріске ұшырайтын құбылыс екені де белгілі. Т.-ді арнайы сақтап тұратын жүйе жасалмаса (мысалы, классикалық араб тілі), ол өзгеріске түседі. Өзгерудің себептері әлі де ашылған жоқ, болжам деңгейінде, ол Т.-дің табиғатына байланысты делінеді. Ғылыми –техникалық прогресс дәуірінде жалғыз, бәріне ортақ тілдің қажеттілігін қоғамның әлеуметтік дамуы керек ететіні де рас. Бірақ қазірде көптеген Т.-дер қайта жаңарып, өз дәрежесіне лайық даму үстінде. Бұл үрдіс ортаршылдық саясаттың күйреуінің салдары екені сөзсіз. Барлық әлем Т.-ін туыстығына, яғни шығу тегіне қарай бірнеше топқа жатқызуға болады. Сөзжасам мәселесі анықталатын жағдайда Т.-дер туыстығы туралы қағиданы қайта қарастыруға тура келеді.



ТІЛ БЕДЕЛІ (орыс. престиж языка) – жеке адамның не топтың жоғары мәртебесіне қарай сол тілді меңгеруге ұмтылуы немесе немқұрайлы қарауының ара қатынасымен берілетін тілдің әлеуметтік психологиялық бағасы. Миноритарлық тілдерді тұтынушылар үшін беделді тіл әдетте мемлекеттің басым көпшілік азаматтары сөйлейтін мемлекеттік тіл болып табылады. Т. б. миноритарлық топтардағы лингвистикалық өзгешелікті сақтау ісінде негізі рөлді ойнайды.

Қараңыз: Мемлекеттік тіл, Әлеуметтік мәртебе

ТІЛ БІЛІМІ (лингвистика) – табиғи тіл туралы ғылым. Т.б. әлеуметтік ғылымдармен байланысты.

Тіл – қоғамның ең маңызды байланыс құралы және ой-санамен байланысты болғандықтан әлеуметтік (гуманитарлық) пән ретінде адам мен қоғамды зерттейді. Гуманитарлық ғылымдар ішінде Т.б. -мен тығыз байланысты болатындар: этнография, әлеуметтану, филология, герменевтика, лингвистикалық поэтика, мәтін лингвистикасы, грамматология, тарих, психология. Этнология салалары әр түрлі қоғамдағы тіл қызметін зерттеумен айналысады (мысалы, табу, эвфемизм, атау мәселесі). Әлеуметтану – тіл арқылы байланыс жасауды зерттейді. Қоғамдағы араласу түрлерін коммуникация теориясы, мәдени антропология, семиотика зерттейді. Табиғи тіл – ең маңызды таңбалық жүйе болғандықтан Т.б. семиотикалық пән ретінде қарастырылады. Мәтіндерді зерттеу үшін (мифологиялық, діни, философиялық т.б.) Т.б. – мәтінді зерттейтін филология пәніне, мәтін мағынасын зерттейтін герменевтикаға сүйенеді. Тілдің жаңадан пайда болатын әлеуметтік қызметін зерттеу қажет болады. Мәтін лингвистикасы- мәтін жасаудағы тіл заңдарын зерттейді. Грамматология – семиотикалық пәнге жатады, яғни бұл жазуға байланысты ғылым болып табылады. Тарихи Т.б. тәсілдері тарихпен өте жақын болады, өйткені қоғамның, әдебиеттің, мәдениеттің, өнердің тілсіз дамуы мүмкін емес. XIX ғ. психологиялық тәсілдер мен идеялар Т.б.-де өте көп қолданылды. XX ғ. 50 жж. бастап психоллингвистика деген пән қалыптасты. Т.б. мен психоллингвистикада қарастырылатын

тіл және ойлау қатынасы туралы мәселелер қазіргі логикада, тіл философиясында, лингвистикалық семантикада да зерттеледі.

А.Шлейхер ұсынған тарихи-салыстырмалы Т.б. мен дарвиндық эволюциялық ілім арасындағы ұқсастық қазіргі ғылымда да құпталып келеді. Генетикалық кодтың ашылуына Т.б. тәжірибесіде көмегін тигізді. Т.б. мен биология арасындағы байланыс – негізгі тіл қабілеттерінің тұқым қуалауы мүмкін деген болжамнан көрінісін табады, оны глоттогenez және моногenez теориясынан байқауға болады. Нейролингвистикада – орталық нерв жүйесі мен тіл арасында болатын байланыстар зерттеледі. Сонымен қатар эксперименталды фонетикада неше түрлі электронды-акустикалық приборлар қолданады, бұл - Т.б.-нің физика мен физиология пәндерімен байланысы бар деген сөз. ЭВМ тілін жасау, информатика теориясында Т.б. жетістіктерін пайдалану, физика-математикалық тәсілдерді Т.б.-де қолдану, есептік лингвистиканың дамуы – Т.б. мен жаратылыс ғылымдары байланысты екенін көрсетеді.

Жалпы және жеке Т.б. деп бөлу дәстүрге айналған. Жалпы Т.б. – кез келген тілдердің қасиеттерін, мысалы, түркі тілдері – түркология, орыс тілі –русистика не географиялық жерге байланысты Мысалы, балканистика, кавказоведение т.б. зерттейді. Жалпы Т.б. барлық тілдердің жалпы (ортақ) қасиеттерін эмпирикалық (индукцияарқылы) не дедукция арқылы (тіл қызметінің заңдылықтары арқылы) зерттейді. XX ғ. 50-жж. бастап жалпы Т.б. лингвистикалық теорияның тілін зерттейтін саланың даму басталды, оны - Т.б.-нің метатеориясы деп атайды. Жалпы Т.б.-ін салаларға бөлу тілдік деңгей мен тілді мәтін мен сөзге бөлуге байланысты болады. Фонетика дыбыстық деңгейді бейнелейді, оның пәніндегі дыбыстарды зерттейді. Зерттеудің нәтижесінде дыбыстардың артикуляциялық (физиологиялық) және акустикалық сипаттары анықталады. Фонетикада әлем тілдерінің дыбыстарын эмбебап халықаралық фонетикалық транскрипция арқылы қағазға түсіруге болады. Фонология пәні дыбыстарды қызметтік және жүйелілік тұрғыдан зерттейді. Ол үшін зерттеу



нысанасы ретінде фонема жеке қарастырылады. Кейбір тілдерде мысалы, тибет тілінде фонема орнына буын немесе силлабема алынады. Морфонология пәні ерекше морфонологиялық деңгейде морфтардың (сөзтұлға бөлігі) фонологиялық құрылысын зерттейді. Фонетика, фонология, морфонология салалары тіл дыбыстарын зерттесе, семантикалық сала сөз мағынасын зерттеумен айналысады. Грамматика саласы белгілі мағынасы бар және белгілі топқа жататын сөздерді, морфемаларды, морфтарды, сөздердің морфологиялық бөліктерін зерттейді. Грамматикада морфология мен синтаксис бөлек қарастырылады. Бұл екі деңгей сөздерді морфтарға жіктейтін тілдерде болады, ал таза аналитикалық тілдер (қытай тілі) грамматикасында синтаксистік деңгей ғана болады. Морфологияда мағыналық тұрғыдан алғанда сөзжасам және сөз өзгерту жеке сала ретінде қарастырылады. Т.б.-нің жеке саласы ретінде семантика тілдің сөз қорын зерттейді. Семантикадан тарайтын фразеология және семантикалық синтаксис те тіл қорымен айналысады. Лексикалық семантика (лингвистикалық семантика) сөздердің, сөйлемдердің грамматикалық мағынадан басқа мағыналарын зерттейді. Лексикология саласы тілдің лексикасын (сөз қорын), сөздердің және фразеологиялық тіркестердің лексикалық мағынасын, парадигмалық байланыстарды, лексиканың жүйелілігін (өріс, тақырыптық топтар т.б.), сөздіктерді қарастырады.

Т.б.-ін тұтас ғылым ретінде қабылдау үшін оның салаларын жеке жүйелер қатынасы деп білген жөн. Кез келген зерттеуде тіл белгілі жалпы лингвистикалық үлгімен (этолонмен) салыстырылады. Көп жылдар бойы Т.б.-де уақыт негізгі фактор болып есептеліп келді. XIX ғ. және XX ғ. басында тарихи-диахрондық зерттеулер көп жүргізілді. Семасиология сөздердің мағынасының өзгеруін зерттесе, фонетика дыбыстардың өзгеруін зерттеп келді. Дүәстүрлі этимология жеке сөздердің тарихын зерттеумен айналысты. Тек қана XX ғ. аяғына қарай тіл тарихымен тығыз байланыста болатын материалды және рухани мәдениет де зерттеле басталды. Әлеуметтік лингвистикада нақтылы бүгін өмір сүріп келе жатқан

тілдер мен диалектілер зерттеледі. Диалектілердің жергілікті ерекшеліктерін ескере отырып, диалектология мен аймақтық (ареалдық) лингвистика тілдерге ортақ заңдылықтарды анықтайды.

ТІЛ БІЛІМІНІҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ – тілдің жалпы қасиеттеріне байланысты тілдегі болмыстың көріністеріне, табиғат, қоғам, таным дамуының заңдылықтарына қатысты мәселелер. Т.б.ф.м. – тілдің табиғаты туралы (элеуметтік табиғаты), тіл мен ойлаудың арақатынасы, тіл мен қоғам, тілдің құрылысы мен жүйесі, тілдің белгілеу қызметі туралы, сөз мағынасы, тілдің пайда болуы, дамуы, тіл философиясының дамуы және т.б. жатады.

Т.б.ф.м.-ін екі үлкен тармаққа бөліп қарауға болады: 1) тілдің пайда болуы туралы мәселе (онтология); 2) тіл зерттеудегі мәселе – тіл білімінің әдістемелік мәселесі.

ТІЛ ВАРИАНТЫ (орыс. вариант языка; ағылш. variant of language) – ареалдың шегінен тысқары шыққан ұлттық тілдің немесе диалектінің аймақтық түрі (кейде әдеби тілдің). Мыс., АҚШ, Ұлыбритания, Жаңа Зеландия, Канада, Индиядағы ағылшын тілінің варианты, Австриядағы, Шведцариядағы неміс тілі варианты, Канада, Монако, Бельгия, Ұлы Герцогтік, Люксембург, Шведцариядағы француз тілі варианты, Испания және Латын Америкасындағы көптеген елдердегі испан тілі варианты, Португалия және Бразилиядағы португаль тіл варианты т.б. Т.в. өзара элеуметтік, мәдени, саяси және лингвистикалық қатынастағы теңдік ретінде бағалануы мүмкін (қар.: Стандарт тіл, Тіл кодификациясы, Тілдің нормалануы)

ТІЛ ВАРИАНТЫ (орыс. разновидность языка) – тіл түрі, модификацияланған (түрі өзгерген) инвариант ретінде ұғынылатын тілдің өмір сүру формаларының бірі, ол мыналарды қамтиды: 1) тілдің жүйесі мен құрылысы; 2) тіл нормасы. Т. в. түрлі экстралингвистикалық факторлардың әсерінен тілдің дифференциациялануы нәтижесінде пайда болады. Т. в. сөйленім түрлері жағынан бөлектеуге болады (жекелік, әдеби стилдер), алайда тілдік және сөйленім түрлерін қарама-қарсы қоюға болмайды.



Пайда болу себептеріне байланысты Т. в. мынадай типтерге бөліп көрсетуге болады: 1) ұлттық Т. в. – тіл тұтынушыларының аумақтық жекеленуі және түрлі аумақтық-мелекеттік құрылымдардың дамуы нәтижесінде пайда болады (мыс., Англия, АҚШ, Канада, Австралия т.б. елдердегі ағылшын тілінің ұлттық варианты); 2) этникалық Т. в. (этнолектілер) – сол тілдің өзге тілмен байланысқа түсетін аумағында жүйелілік интерференцияның тұрақты әсерінен кейбір ерекшеліктерді қабылдау нәтижесінде пайда болады; 3) аумақтық Т. в. (аумақтық диалектілер) – тұтынушылар бөлігінің аумақтық жекелену нәтижесінде пайда болған тілдің бір түрі; 4) әлеуметтік Т. в. (әлеуметтік диалектілер, социолект) – қоғамның түрлі әлеуметтік жіктерінде қызмет ету үрдісінде пайда болған тілдің бір түрі (мыс., кәсіби жаргондар, копоративтік жаргондар, қарапайым сөйлеу тілі).

ТІЛДЕРДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ КЛАССИФИКАЦИЯСЫ (орыс. социолингвистическая классификация языков) – тілдердің түрлі әлеуметтік лингвистикалық өлшемдеріне негізделетін типологиялық классификация түрлерінің бірі. Т. ә. л. к. бірнеше түрлері бар: 1) жазу жүйесінің барлығы/жоқтығы бойынша: көнежазулы, ескіжазулы; 2) жазу жүйесінің жасалу уақытына байланысты: жасжазулы, жаңажазулы; 3) құқықтық мәртебесіне қарай: мемлекеттік/ресми тілдер, түпкілікті аз санды халық тілдері, мәртебесі анықталмаған тілдер; 4) атқаратын қоғамдық қызметінің көлемі бойынша: көпқызметті (халықаралық қатынастағы тілдер, ұлтаралық қатынастағы тілдер, ұлтаралық қатынастағы аймақтық тілдер, халық тілдері) және моноқызметті тілдер.

ТІЛДЕРДІҢ ҚАЙТА ТІРІЛУІ (орыс. «возрождение языков», сондай-ақ «оживление» немесе «восстановление языков») – екі мағынаны білдіретін үдеріс: 1) біржолата өлген (бірде бір сөйлеушісі қалмаған) тілді қайта қалпына келтіру, ең болмағанда аздаған ғана адамдар тобы сөйлейтін тілге айналдыру; 2) әлі де болса тірі, жойылмаған тілдің өлу процесін азайту, яғни оның сөйлеушілерінің санын көбейту, сөйтіп тілді сақтау үшін арнайы күш жұмсамау деңгейіне дейін жеткізу. Бұл мәселені шешуде

қолданылатын амалдар әр алуан болуы мүмкін. Мыс., мемлекет қайта тірілетін тілді ресми тіл деп жариялап оның мектепте оқытылуын міндеттейді.

ТІЛДІК БІРЛЕСТІК (орыс. языковая общность): 1. Бір не бірнеше әлеуметтік немесе әлеуметтік-демографиялық белгілер негізінде (жасы, жынысы, білім деңгейі және т.б.) біріккен сөйлеушілердің тұрақты жиынтығы. Т. б. өз мүшелерінің міндетті әлеуметтік өзара қатынаста болуын талап етпейді. Т. б. белгілі бір тілдік белгілермен сипатталады. Т. б. саны жағынан әртүрлі болады – жеке тілді, диалектіні, говорды тұтынушы тілдік бірлестіктер; ТМД елдеріндегі орыстілді тілдік бірлестіктер; астаналық студенттердің тілдік бірлестіктері. Т. б. әлеуметтік лингвистикалық талдаудың бастапқы түсінігі ретінде қолданылады.

Қараз: Бірлестік, Әлеуметтік топ, Тілдік ұжым

ТІЛДІК/ДИАЛЕКТІЛІК АРЕАЛ: 1.Тілдің немесе диалектілік құбылыстардың не сондай құбылыс жиынтықтарының таралу шекарасы. 2.Тілдердің немесе туыстас тілдердің таралу шекарасы, мыс., шығыс славян ареалы, түркі тілдер ареалы. Бұлар ареалдық лингвистиканың негізгі ұғымдарына жатады.

ТІЛДІК ЖАЙЛЫЛЫҚ (орыс. языковой комфорт) – қандай да бір тілді қолданбау шектеулігінің жоқтығы. Т. ж. негізінде сол тілді не оның өмір сүру формаларының бірін сөйлеушінің жеткілікті деңгейде меңгергендігі, сондай-ақ сол тілге қоғамның бейтарап не жағымды қатынаста болуы мүмкін. Т. ж. жеке адамның тілдік құқықтары сақталған кезде, ұлттық-тілдік саясатта шектетушілік пен тілдік дау-жанжал тумаған жағдайда болады.

Қара: Тілдік жайсыздық

ТІЛДІК ЖАЙСЫЗДЫҚ (орыс. языковой дискомфорт) – тілді қолданудың орынсыздығын сезіну. Т. ж. субъектілік, сондай-ақ объектілік сипаттағы себебі болуы мүмкін. Айталық, Т. ж. сол тілді немесе оның өзге өмір сүру формаларын, қызметтік стилдерін т.б. жеткілікті жақсы білмеуінен сөйлеушінің өзін-өзі төмен бағалауынан тууы мүмкін. Екінші жағынан, меңгеру деңгейіне қарамастан сөйлеушінің қоғамның ол тілге жағымсыз қарауын



сезінуінен Т ж. болуы мүмкін. Т. ж. әлеуметтік маңызды себебіне көбінесе тілдік заңнамалар саласында немесе тіл саясатын жүзеге асыру барысында жеке адамның тілдік құқығының бұзылуы, тілдік шектеуліктің белең алу жатады. Т. ж. нәтижесінде тілдік жанжал шығады.

Қара: Тілдік шектеу, Тіл саясаты, Тілдік бөгет

ТІЛДІК ЖҮЙЕ – кез келген табиғи тілдің бір-бірімен қатынаста, байланыста тұрып, белгілі бір тұтастықты, бірлікті тудыратын тілдік элементтерінің жиынтығы. Жүйе құрамындағы бөлшектер, тұлғалар жүйе элементтері деп аталады. Т. ж. құрамындағы әртүрлі бөлшектердің өзара жымдасып, берік бірлікте, шартты қатынаста болуын талап етеді.

ТІЛДІК ИМПЕРАЛИЗМ – көпұлтты мемлекеттегі тілдердің қызмет аясын шектеуге бағытталған тіл саясатын айыптау үшін қолданылатын публицистикалық әдебиеттердегі экспрессивті сөз қолданысы.

Қара: Тілдік шектеу

ТІЛДІК КЕҢІСТІК (қарым-қатынас кеңістігі, этнотілдік кеңістік): 1.Қостілді немесе көптілді топ мүшелері арасындағы байланыс өзара әлеуметтік қатынастың жиілігі пен қанықтығына негізделетін әлеуметтік біртілділік (Дж.Гамперецтің термині). Бұл да сол әлеуметтік топ сияқты. 2.Әкімшілік және ұлттық құрылымда қолданылатын тілдік кодтардың жиынтығы. Бұл да сол тілдік ахуал сияқты. 3. Белгілі бір тілдің немесе оның өмір сүру формаларының географиялық таралу кеңістігі – тілдік ареалы.

Қара: Әлеуметтік топ, Этникалық топ, Тілдік ахуал, Тілдік ареал

ТІЛДІК КОНТАКТ (лат.contact; а,ыл. linguistic in contacts) – біреуінің не көпшілігінің әртүрлі құрылымдық деңгейлеріне әсер ететін екі не одан да көп тілдің бір-біріне ықпалы. Т. к. әртүрлі этникалық және тілдік топ өкілдерінің бір-бірімен қажетті өзара жиі шаруашылық, саяси, мәдени байланыстарға түсуінің нәтижесінде пайда болады. Мыс., қазақ және орыс тілдерінің өзара байланысы немесе қатынасы.

Қара: Адстарат, Субстарат, Суперстарат, Тілдерді араласуы

ТІЛДІК ҚАБІЛЕТ (орыс. языковая способность) – адамның тілді ішкі когнитивтік құрылымы ретінде, белгілі бір ережелер бойынша әрекет ететін психофизикалық қызметтік тетік ретінде, иерархиялық қағидат бойынша ұйымдасқан және қарым-қатынасты қамтамасыз ететін қызметтік жүйе ретінде білуі. Т.к. белгіленген сипатқа ие және субъект ретінде танылмауы мүмкін. Т.к. ұғымы төмендегіше түсініледі: а) адамның homo loouens ретіндегі даму деңгейіне сай жинақталған «табиғи қалыптасқан» генетикалық тұрғыдан берілетін туа бітті қабілеттілігі (Н.Хомский, Е.Леннеберг), «филогенетикалық мұрасы; ә) қарым-қатынастың әртүрлі жағдайларындағы интенцияларды тарату және тұлғаның әлеуметтену барысында қалыптасатын әлеуметтік қабілеттілігі (Л.С.Выготский, А.Н.Леонтьев, А.Р.Лурия), адамның онтогенетикалық когнитивтік даму нәтижесі (А.А.Леонтьев, А.М.Шахнарович, Е.Ф.Тарасов, Л.В.Сахарный т.б.). Т. қ. мағынаға бірігетін барлық тілдік жүйені қамтиды. Т. қ. баланың когнитивтік озықдамуының негізінде қалыптасады. Т. қ. когнитивтік жүйе ретінде тілдік қабілет базасында дамитын өзге когнитивтік жүйелерден (математикалық ойлау, музыкалық қабілет) ерекшеленеді.

Қара: Когнитивті лингвистика, Тілдік тұлға.

ТІЛДІК ҚҰЗІРЕТТІЛІК (языковая компетенция, знание языка) – тілді грамматикалық және сөздік жағынан білу мен меңгеру деп ұғынылатын тіл меңгерудің таза лингвистикалық деңгейі. Н.Хомскийдің адамның тілдік қабілеті мен сөйлеу әрекетін түсіндіруге ұсынған термині. Мұнда ол тіл меңгерудің таза тілдік жағын ғана есепке алды да, ондағы әлеуметтік, жағдаяттық және басқа факторларды ескермейді. Сөйлеушінің таза лингвистикалық дағдысына Ю.Д.Апресян мыналарды жатқызады: берілетін ойды әртүрлі тәсілмен айта алу; айтылғаннан ойды ұғына алу; тілдік тұрғыдан дұрыс айтылған мен бұрыс айтылғанды айыра алу. Мыс., тілдік құзіреттілік саласына омонимдерді тани алу, өзгертіп қайта айта алу қабілеттілігі т.б. жатады.

Қара: Тіл меңгеру, Қарым-қатынас құзіреттілігі

ТІЛДІК ҚҰҚЫҚТЫ ШЕКТЕУ/ТІЛДІК ШЕКТЕУ (орыс. ущемление языковых прав/языковая дискриминация) – аумақтағы



сандық немесе әлеуметтік басымдықтағы этностың тілін білмеуі не нашар білу себебінен жеке адамның (эникалық топтың) азаматтық және экономикалық құқының бұзылуы.

Қара: Тіл саясаты, Жеке адамның тілдік құқығы, Тілдік талап

ТІЛДІК ОРТА – аясында қарым-қатынас жүзеге асырылатын адамдар қоғамының түрі.

Қара: Тілдік ахуал

ТІЛДІК ӨМІР – қоғамдағы этноәлеуметтік үдерістердің тілдік бейнесі. Бұл терминмен көбіне халықтың (этностың) немесе көпэтносты адамдар ұжымның (мемлекеттің) түрлі салалардағы әрекетінде тікелей тілді (тілдерді) қолдануымен байланысты болатын барлық әлеуметтік-мәдени факторларды белгілейді.

ТІЛДІК ӨМІР СҮРУ МЕКТЕБІ (орыс. школа языкового существования) – ХХ ғасырдың 40-50 жылдары жапон лингвистикасында қалыптасқан бағыт. Оның көрнекті өкілдеріне М.Нисио, Э.Ивабути, Т.Сибата, О.Хаяси жатады. Бұл бағыт аясында тіл мақсатты бағытталған адамзат әрекеті, адамзаттың өмір сүруінің бір формасы ретінде қарастырылады. Т. ө. с. м. қағидатты эмпиризм, сөйлеу мәліметтерін барынша толық жинауға ұмтылу, тілдің әлеуметтік қызмет етуіне қызығушылық, статистикалық әдістерді кеңінен пайдалану, тілдік тәжірибе проблемасымен тығыз байланыста болу тән.

ТІЛДІК ТАЛАП (орыс. языковые требования) – титулды этнос болып табылмайтындар өкілдерінің (мемлекетте өмірге келгеннен бастап тұратын немесе жаңадан келген иммигранттардың) азаматтық алу не қандай да бір мамандық бойынша жұмыс істеу құқығына ие болу үшін сәйкесті емтиханда мемлекеттік тілді білу деңгейіне қойылатын талап. Кейбір жағдайларда бұл жеке адамды немесе жекелеген топ адамдарын тілдік және әлеуметтік шеттету құралы болады.

ТІЛДІК ТАҢБА – тіл бірліктерінің затты, оның қасиетін, болмысқа қатыстылығын білдіретін материалдық-идеялық (екі жақты) құрылымы. Т. т. жиынтығы ерекше таңбалар жүйесі – тілді жасайды. Т. т. мазмұн мен дыбысталудың, яғни таңбаланушы мазмұн мен таңбалаушы дыбыстардың бірлігінен тұрады. Т. т. осы екі жағы

сананың жанама түрде қатысуымен тұрақты тіл бірлігін жасайды. Т. т. жасалу тәсіліне, айтылған пікірдің аяқталған-аяқталмағаны т.б белгілеріне қарай топтастырыланады. Т. т. танымдық қызметіне байланысты тілдің құрылымдық бірліктерін (фонема, морфема, сөз, сөз тіркесі, сөйлем) білдіреді.

ТІЛДІК ТӨЗІМДІЛІК (тілдік толеранттылық) – этнос-тың белгілі бір аумағында сандық немесе әлеуметтік басымдық-тағылардың, сондай-ақ биліктегілердің сол аумақта өмір сүретін этникалық топтар (әдетте азсанды немесе түпкілікті еместер) тіліне құрмет тұта қарауы, олардың тұтынушыларының азаматтық, тілдік құқығы мен экономикалық мүдделерін сақтауы, кейбір қатынас салаларында ана тілдерін қолдануларына мүмкіндік жасауы.

Қара: Ксенофобия, Тілдік шектеу, Тіл саясаты

ТІЛДІК ТҰЛҒА (орыс. языковая личность) – тұлғаның лингвистикалық, әлеуметтік, интеллектуалдық, этикалық, эмоциялық және т.б. бірліктерінің тілде, сөйлеуде, дискурста, мәтінде жүзеге асырылуы. Т. Т. ұғымына тілдік сана-сезім, сөйлеу мәдениеті, тіл және ойлау, тіл және сөйлеу, тіл және мәдениет арасындағы байланыстарды, тілдің өмір сүру формаларын және т.б. жатады. Т. Т. құрылымы (Ю.С.Караулов бойынша) үш деңгейден тұрады: а) вербалді-семантикалық, яғни тілді білу деңгейі; ә) әлемнің тілдік бейнесіндегі ұғым, идея концептісін қоса алғандағы когнитивті деңгейі; б) мақсат, уәж, қызығушылық, интенциямен анықталатын прагматикалық деңгейі. Қазіргі кезде ғалымдардың (А.Байтұрсынұлы), тарих тұлғалардың (Абай Құнанбаев), әртүрлі әлеуметтік деңгейлердегі ауыл және қала тұрғындарының т.б.с тілдік тұлғалары сипатталып, жинақталуда.

ТІЛДІК ҮДЕРІСТЕР (орыс. языковые процессы) – этностың, этникалық топтың сөйлеу репертуарында болып жатқан өзгерістер. Тілдік үдерістердің түрлері: тілдік ассимиляция (тілдік қозғалыс, тілдік араласу), тілдің ревитализация (тілдің жаңаруы), билингвизм, көптілділік, жартытілділік т.б. Азсанды халыққа тілдік ассимиляция, яғни этнос тілін жоғалту тән.

Қара: Ассимиляция, Билингвизм



ТІЛДІК ШЕКТЕУ (орыс. языковая дискриминация),

Қара: Тілдік құқықты шектеу

ТІЛДІҢ БЕДЕЛДІ ҚЫЗМЕТІ (орыс. престижная функция языка) бір жағынан, тілдің өмір сүруінің өзге формаларымен салыстырғанда стандартты (әдеби) тілдің біршама жоғары әлеуметтік бағасымен, екінші жағынан сол тілдің тұтынушыларының өзін-өзі бағалауымен және өзге тілде сөйлеушілердің берген бағасымен анықталады. Мұндағы өзін-өзі бағалау мен сыртқы бағалардың дәл келуі немесе дәл келмеуі де мүмкін.

ТІЛДІҢ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТЫҚ ҚЫЗМЕТІ – адамзат қатынасының құралы болу – тілдің ең маңызды базалық қызметтерінің бірі

Қара: Тіл қызметі, Тілдің когнитивтік қызметі.

ТІЛДІҢ ҚОҒАМДЫҚ ҚЫЗМЕТІ (орыс. общественные функции языка) – тілдің адамның қызмет-әрекетінің тиісті салаларында мыс., ғылым, өндірістегі бұқаралық қатынас, транспорт, іс жүргізу т.б., қызмет етуі. Демек, тіл қолданылатын қарым-қатынас салаларының саны сол тілдің қоғамдық қызметінің жиынтығын анықтайды. Т. қ. қ. саны, алдымен, тілдің қызметтік жүктемесін құрайды және тілдің қызметтік тұрғыдан дамығандығын көрсетеді. Т. қ. қ. аясының кеңеюі оның ішкі құрылымдық өзгеріске түсуіне әкеледі, өйткені тілдің қызметтік дамуы ойды білдірудің қажетті тілдік құралдары болуын керек етеді.

Қара.: Қатынас салалары, Тілдердің қызметтік-типологиялық топтастырылуы, Идомның қызметтік қуаттылығы, Тілдің қызметтік мәртебесі. Қызметтік стилдер, Тіл қызметі.

ТІЛДІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘРТЕБЕСІ (тілдің заңдылық мәртебесі) ел аумағында қолданылатын тілге немесе тілдерге мемлекеттің қатынасымен анықталады. Т. қ. м. қажетті заңнамалармен қамтамасыз етілгенмен, іс жүзінде нақты жағдайына кепілдік бермейді. Х. Клосс (АҚШ) үкіметтің тілге қатысты алты сатысын көрсетеді: 1) бір ғана ресми тіл (мыс., Франциядағы француз тілі); 2) бірлескен ресми тіл (мыс., Комерундағы ағылшын және француз тілдері); 3) федералдық мемлекеттегі штаттың

немесе аумақтың аймақтық ресми тілі; 4) ресми мәртебесі жоқ, бірақ мемлекеттік мекемелерде қолданылатын қолдау көрсетілген тіл (мыс., Комерундағы пиджин); 5) төзімді тіл (мыс., иммигранттар тілі); 6) дамуына қолдау көрсетілмейтін шыдамды тіл.

ТІЛДІҢ МЕТАТІЛДІК ҚЫЗМЕТІ (орыс. метаязыковая функция языка) – тілдің өз ішіндегі терминдерді зерттеу мен сипаттау құралы болуға қабілеттілігі.

ТІЛ ЖӘНЕ ҚОҒАМ (орыс. язык и общества, ағыл. Language and Society) – тілдің пайда болуының қоғамдық сипатын, дамуы мен қызмет етуін, оның қоғаммен байланысты табиғатын, қоғамның кластарға, жіктер мен топтарға бөлінуіне сәйкес тілдің әлеуметтік саралануын, тілді пайдаланудағы әлеуметтік әртүрлілікті, қолдану салаларының көптігімен байланысты тілдің алуан түрлі қызметін, екі және көптілді қоғамдағы тілдердің өзара қарым-қатынасын, бір тілдің ұлтаралық қатынас тіліне айналуының жағдайларын, қоғамның тілге саналы түрде әсер етуінің түрлерін зерттейтін қазіргі заман лингвистикасындағы өзекті мәселелердің бірі.

Қара: Әлеуметтік лингвистика

ТІЛ ЖӘНЕ ҚОҒАМ – қазіргі тіл білімінің, оның ішінде әлеуметтік лингвистиканың өзекті мәселесі. Тілдің пайда болуы, дамуы мен қызмет етуі, әлеуметтік топтарға қатысы, тілдің қолданылуы мен басқа тілдермен арақатынасы, қоғамның тілге деген саналы көзқарасы – бәрі де тілдің қоғамдық табиғатынан туындайды.

ТІЛ МӘДЕНИЕТІ – әдеби тілдің ауызша, жазбаша нормаларын (екпінді дұрыс қою, сөз қолдану, грамматика, стилистика ережелерін сақтау, т.б.) игеру, сондай-ақ әртүрлі қарым-қатынас жағдайында айтайын деген ойдың мақсаты мен мазмұнына сай келетін тілдің мәнерлеу тәсілдерін қолдану.

ТІЛ МӘРТЕБЕСІ: 1.Тілдің құқықтық мәртебесі – сол әлеуметтік-коммуникативтік жүйеде қолданылатын тілдің заңнамалық тәртіппен бекітілуі, мыс., тілге мемлекеттік мәртебе беру. 2.Тілдің нақтылы мәртебесі – тілдің, оның қызметтік



жүктемесінің шынайы қолданылуы. Тілдің нақтылы мәртебесінің заңнамалық тұрғыдан рәсімделуі міндетті емес, мыс., КСРО-да орыс тілі мемлекеттік тіл ретінде заңдастырылмаса да шынайы түрде оның рөлін орындады.

ТІЛ ЖӘНЕ ОЙЛАУ – адамның өзара тығыз байланысты әлеуметтік қызмет түрлері. Ойлау – танымның ең жоғарғы сатысы, нақтылы болмысты бейнелеу процесі. Түсінік, пайымдау, категория, пікір, теория арқылы ойлау процесі жүзеге асады. Адамзаттың әлеуметтік-тарихи және танымдық тәжірибесі түрлі ұғымдарда, түсініктерде, теорияларда сақталады. Ойлау процесі үш жағдайдан тұрады: тәжірибелік-әлеуметтік, бейнелілік-көріністік және сөздік-кисындық. Тіл және басқа да белгі-жүйелер ойлаудың құралы болып табылады. Тілдің таңбалылық қызметі – ойлаудың материалды көрінісі. Тіл мен ойлаудың байланысы туралы проблема – теориялық тіл біліміндегі және тіл философиясындағы ең маңызды мәселе болып табылады.

ТІЛ КОДИФИКАЦИЯСЫ (лат. codificatio жүйеленген; орыс. кодификация языка; ағылш. codification of language) – бұл да тілдің нормалануы, тілдік норманы сақтау, жетілдіру мен кеңінен таратуға, қалыптасқан ғылыми негіздемелерге сәйкес келетін негіздемелер мен анықтамаларды мақсатты бағытта жасау. Т.к. құрылымына сәйкес келуін, қарым-қатынаста жиі қолданылуы мен жаппай сөйлеуін, қоғамдық «қуаттаудан өтуін» керек етеді.

ТІЛ МОНОГЕНЕЗІ (грек. monos – бір + genesis – пайда болу, туу; орыс. моногенез языка; ағылш. – monogenes) – әлем тілдері бір түптен пайда болады дейтін тілдің шығуы туралы лингвистикалық, философиялық, діни және мифологиялық пайымдаулар; Т.м. тілдің шығуын Homo Sapiens-тің пайда болуымен байланыстырады, сөйтіп, әлем тілдері бір негізден пайда болады деп дәлелдейді.

ТІЛ ТАҢДАУ (орыс. выбор языка) – Қостілділік жағдайында екі тілдің бірін қолдануға ерік беру. 2. Код ауыстыру кезінде белгілі бір сөйлеу жағдайында бір тілді қолдануға ерік беру (қара: Тіл ауыстыру). 3. Диглоссия жағдайында тілдің өмір сүру формаларының бірін қолдануға ерік беру.

ТІЛ ТУРАЛЫ ЗАҢДАР (орыс. языковая законодательство) – тіл саясатының заңдылық формасы; белгілі бір мемлекет шегіндегі тілді/тілдерді қолдануды реттейтін заңдар, конституцияның жекелеген баптары т.б. Конституция белгілі бір тілді қолдануға жалпы нұсқау және кепілдік береді, ал заңдылық актілер оларды нақтылай жүзеге асырады. Парламент және Үкімет жанынан арнайы комиссиялар құрылады, мыс., Түркия лингвистикалық Қоғамы, Индия Парламенті жанындағы ресми тіл мәселері бойынша Комиссия, ФРГ сыртқы істер министрлігі жанындағы неміс тілі жөніндегі Жұмыс тобы, Франциядағы француз тілі жөніндегі Жоғары комитет, Ресей Федерациясы Президенті жанындағы орыс тілі бойынша Кеңес т.б.

Қазақстанда заңдылық негізде (Конституция, тіл саясатының тұжырымдамасы, тіл туралы заң т.б.) мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейте отырып, жаңа тілдік жағдаят қалыптасуда, сонымен бірге тілді жаңғырту мен нормаландыру бойынша іс-шаралар жүргізілуде. Тіл саясаты бағытын реттейтін Қазақстандық тіл туралы заңдардың және басқа да мемлекеттік құжаттардың негізгі ерекшелігіне олардың полисубъектілік сипатта болуы жатады, өйткені бұл заңдар тек титульдық ұлт тілінің ғана емес, Қазақстандағы орыс және өзге тілдердің дамуы мен өркендеуін реттейді.

ТІЛ САЯСАТЫ – мемлекет, қоғамдық ұйымдар тарапынан жүзеге асырылатын қоғамдағы тілдік жағдаятты өзгертуге немесе тұрақтандыруға бағытталған саяси, әлеуметтік және лингвистикалық шаралар жүйесі. Ел-елдегі тілдік жағдаяттың әр түрлі болуына байланысты тіл саясаты да әр алуан болып келеді. Тіл саясатының өзіндік сипатына қарай ана тілі тағдыры шешіледі. Демократиялық бағыттағы тіл саясатын ұстанған мемлекет әр этностың ана тілінің өмір сүруі мен дамуына жағдай туғызса, кертартпа тіл саясатқа бой ұрған мемлекетте бірді-екілі тілдің дамуына ғана мүмкіндік туғызылып, қалғандарын іс жүзінде тежеп, азшылық этностардың ана тілін жойып, оларды бірыңғай мемлекеттік, әкімшілік тіліне көшіруге тырысады. Осы жолда



аралығында, араб және парсы тілдері бір-бірімен айтарлықтай дәрежеде араласты. Қазіргі кезде парсы тілінің даму жолын дәлірек, жете түсіну үшін араб тілін білу керек. Мұндай жағдай түрік тілі мен болгар тілдерінің, корей және қытай тілдерінің арласуында да болған. Мыс., корей лексикасының 75 пайызы қытай сөзі, ағылшын лексикасының 60-70 пайызы латын сөздері. Мұндай процесс қазаргі қазақ, орыс тілдерінен де байқалады.

ТІЛДЕРДІҢ ДИВЕРГЕНТТІ ДАМУЫ (лат. *divergo*-бас тарту, кету; орыс. *дивергентное развитие языков*; ағылш. *divergent evolution of languages*) – немесе глоттогоникалық дивергенция, туысқан тілдердің немесе бір тілдің диалектілерінің айрықша әлеуметтік-тарихи жағдайлар (миграция, тілдік қатынастар, географиялық немесе саяси ыдыраушылық, т.б.) салдарынан бөлектенуі. Т.д.д. жалпы жақындықтың ыдырауы нәтижесінде тілдер семьясының қалыптасуының жалпы көрінісі. Т.д.д. идеясы салыстырмалы тарихи тіл білімінің, тілдердің генологиялық классификациясының негізі салынды. Жақын арадағы Т.д.д-ң үлгісіне тіл варианттарының пайда болуын айтуға болады: АҚШ, Австралия т.б. – ағылшын тілі; Мексикадағы испан тілі т.б. Т.д.д. тілдердің конвергентті дамуына қарама-қарсы қойылады (қар.: Вариативтық, Жартылай ұлттық тіл).

ТІЛДЕРДІҢ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫ ЖӘНЕ ӨЗАРА ӘСЕРІ – дүние жүзіндегі елдер, мемлекеттер бір-бірімен әр түрлі саяси, мәдени, экономикалық, тілдік т.б. қарым-қатынаста болады. Бұл халықтардың, олардың тілдерінің араласуына, бір-біріне әсер етуіне ықпал жасайды. Осыған байланысты лингвистер тілдер қарым-қатынасының негізінен үш түрлі көрінісін атап көрсетеді. (Тілдердің қатар өмір сүруі, Тілдердің араласуы, Тілдердің тоғысуы).

ТІЛДЕРДІҢ ҚАТАР ӨМІР СҮРУІ – бір мемлекет аумағында өзара аралас өмір сүріп жатқан немесе көршілес жатқан тілдердің ұзақ замандар бойы бір-біріне үнемі тұрақты түрде әсер етуі, ықпал жасауы. Сондай қарым-қатынас нәтижесінде ол тілдердің дамуында, олардың жалпы фонетикалық, лексикалық және грамматикалық құрылысына ортақ жайлар пайда болды. Бұлардан



«туыстас тілдер» немесе «тілдер одағы» сияқты жақын, ортақтық мәселелері туындайды (қара: Туыстас тілдер, Тілдер одағы).

ТІЛДЕРДІҢ ТОҒЫСУЫ – екі тілдің қарым-қатынасқы түсу нәтижесінде бір-біріне әбден сіңісіп кетуі. Тілдердің тоғысуы этникалық топтардың, тайпалардың араласып-құраласып кетуіне, сондай-ақ бір халықтың екінші бір халықты жеңіп, бағындырып, өзіне қаратып алуына байланысты болады. Тілдердің тоғысуы туыстас халықтар тілдері арасында да, туыстық жоқ, тілдері о бастан-ақ бөлек-бөлек халықтар арасында да болуы мүмкін. Саны жағынан көп халық аз халықты өзіне қаратып, қосып алуы да мүмкін.

Тілдердің тоғысуы – ұзақ әрі күрделі процесс. Екі тіл тоғысқанда ол тілдердің құрылымы тоғысады: бірінің құрылымы бірте-бірте жойылып, жоғала бастайды. Бірақ соның өзінде жойылған тіл өзін жойған тілде азды-көпті дәрежеде өз ізін қалдырады.

Тілдер тоғысқанда көп уақыт бойы оларды қолданушы халықтарда қостілділік жағдайы сақталуы мүмкін. Қысқасы, екі тіл тоғысқанда бірі жеңіп, бірі жеңіледі, яғни жеңген тіл, жеңілген тіл пайда болады. Осыған орай әлеуметтік лингвистикада үш түрлі: атстрат, субстрат, суперстрат терминдері қолданылады.

ТІЛДІ МӘРТЕБЕЛІ ЖОСПАРЛАУ (орыс. статусное планирование языка) – тіл мәртебесін мақсатты бағытталағн заңдылық тұрғыдан реттеу (қар.: Мемлекеттік тіл, Тіл саясаты, Тілдік жағдаят).

ТІЛДІ ЫҒЫСТЫРУ (орыс. вытеенние языка) – күштеп тіл ауыстыру, ана тілді өзге тілмен алмастыру. Т.ы. мемлекеттің тіл саясаты қолданылуы мүмкін, мыс., Т.ы. орыс тілінің пайдасына бұрынғы кеңестер Одағында ұлттың тілдерді ығыстыру жүргізілуі; Т.ы. Глотогенез процесінде, субстранттың пайда болуында жүзеге асырылуы мүмкін. (қара: Тілдік қатынас, Тілдік экспансия, Тіл саясаты, Тілдік унификация, Миноритарлы тіл, Тілді жоғалту, Өліп бара жатқан тіл, Құрып бара жатқан тіл).

ТІЛДІҢ ЖАҢАРУЫ (орыс. возрождение языка) – өлі тілдерді қайта жандандыру бағытындағы мемлекет, лингвистер

мен қоғамдардың шаралар жиынтығы. Т.ж. ең жарқын мысалына Иврит жатады. Т.ж. ісінің сәтті болғандарына Франциядағы өлі тілге айналып бара жатқан окситан және гаксон, британиядағы өлі мэн және корн тілдері жатады. Т.ж. –мен байланысты жағдаят қарапайым проблема болып саналмайды, айталық, крон тілінің үш вариантының біреуін таңдау проблемасы шешілмеген: а) крон тілінің орта даму кезеңі мен орта ғасырлық әдебиет негізінде қайта жаңартылған унифицировальқ крон тілі; (1200–1500 ж.ж.); ә) XVIII ғ. жазбаша құжаттар негізінде қайта жаңартылған қазіргі крон тілі; б) ортағасырлық және қазіргі крон тілдері арасында өзіндік компромистік вариант ретінде танылатын жалпы қолданыстағы крон тілі. 1990 жылдарда крон тілінде шамамен 2000 адам әр түрлі деңгейде меңгерген. Әдет бойынша олардың барлығы ағылшын тілі мен крон тілінің бір түрін меңгерген билингвтер еді. Т.ж. туралы бұрынғы Кеңестер Одағындағы көптеген тілдерге қатысты айтуға болады (қар.: Тіл саясаты, Тілдік экспансия, Тіл ауыстыру).

ТІЛДІҢ ӨМІРШЕНДІГІ (лат. *vitalis* – өміршен; орыс. *вительность* языка) – тілдің өмір сүруге, дамуға құштарлығы, табандылығы, икемділігі. Т.ө. мынадай объективті және субъективті көрсеткіштер жиынтығымен өлшенеді.

1. Әлеуметтік-саяси көрсеткіш, оның ішінде тілді мәртебелік жоспарлау мен тілді кешенді жоспарлаудағы мақсаты бағытталған тіл саясатының жүргізілуі, тіл дамыту мен оған қамқорлық жасаудың нақтылы Мемлекеттік бағдарламасының болуы, тілдің толық мәнде қызмет ететін әлеуметтік инфрақұрылымдарының дамуы, (білім беру мекемелері, баспасөз органы, радио желі, телекомпаниялар мен телебағдарламалар, кітап басу ісі т.б.)

2. Әлеуметтік демографиялық көрсеткіш, оның ішінде мемлекет шегінде өзге тілдік ұғымдарға қарағанда сол тілдегі сөйлеушілер саны, сол этникалық топтың жалпы санының ішіндегі тіл тұтынушылардың (ана тілі ретінде білетіндер саны) жастар арасындағы, ол тілдегі монолингвистер мен билингвистер саны, сол тілдегі қостілді білетіндер дәрежесі т.б.

3. Таза лингвистикалық көрсеткіштер, оның ішінде әдеби



тілдің болуы, тілдік норманың жасалуы мен тұрақтылығы, тілдік инновациялардың таралу жылдамдығы, шетелдік әсер етушілікке табандылығы, салалық терминдердің барлығы, сөздік қордың даму динамикасы т.б.

4. Әлеуметтік – қызметтік көрсеткіштер – бұл тілдің әлеуметтік қызметінің қоғамдағы біршама маңызды өмір салаларында, оның ішінде алдымен ағарту саласында (тілдік құзіреттіліктің негізгі салаларында қалыптасуы), ғылымда (гуманитарлық және жаратылыс-техникалық), бұқаралық ақпарат құралдары тілі, әкімшілік қызметте және іс қағаздарын жүргізуде, сот ісін жүргізуде өнеркәсіп органдарында және өндірістің өзге салаларында қолданылуымен өлшенеді.

5. Ұлттық-мәдени көрсеткіштер, оның ішінде ұлттық өнерде, театр, кино, дінде, әдебиеттің аралуан түрлерінің (көркем әдебиет, лексикография, діни-сезім іскерлік, оқулық, терминологиялық т.б.) ғұрыптық дәстүрдің барлығы т.б. (қар.: Стандартты тіл, Жоғалушы тіл, Миноритарлы тіл, Өлі тіл, Тіл ауыстыру, Тілдің жаңғыруы).

ТІЛДЕРДІҢ ҚОЛДАНЫЛУ АЯСЫ (грек. Sphaira – шар; орыс. Сфера использование языка) – бірыңғай коммуникативтік қажеттілікпен сипатталатын қоғамдық қызметтің белгілі бір саласындағы қарым-қатынас түрі. В.А.Аврорин оның мынадай түрлерін атайды: 1) шаруашылық қызмет; 2) қоғамдық-саяси қызмет; 3) күнделікті тұрмыс; 4) ұйымдастырылған білім беру; 5) көркем әдебиет; 6) бұқаралық қатынас; 7) эстетикалық әсер ету; 8) халық ауыз әдебиеті; 9) ғылым; 10) іс қағаздарын жүргізу; 11) жеке жазбалар; 12) діни мәдениет.

ТІЛДЕРДІҢ ҚОЛДАНЫЛУ ОРТАСЫ – белгілі бір белгілерімен (туысқандық, этникалық, әлеуметтік, аумақтық) өзара байланысқан және тілдің белгілі бір өмір сүру формасын қолданатын адамдар қауымдастығы. В.А.Аврорин Т.қ.о.-ның мынадай түрлерін көрсетеді: отбасылық қатынас, ұжым ішіндегі қатынас, ауылдық немесе белгілі бір аймақ ішіндегі қатынас, адамдардың уақытша араласу кезіндегі қатынасы, сандық мөлшеріне қарамастан

бүтіндей халық ішіндегі қатынас, ұлтаралық қатынас, жалпы адамзаттық қатынас (қара: Қоғамның әлеуметтік құрылымы, Тіл социологиясы, Тілдің қолданылу салалары).

ТІЛДІҢ ҚЫЗМЕТІ 1) қоғамдағы тілдің рөлі (қолданылуы); 2) бірліктерінің бір-біріне тәуелді болуы (мысалы, түбір мен афикс). Тілдің қызметі тілдің табиғатынан, оның қажеттілігі мен қоғамдағы орнынан туындайды. «Тіл – адамның адамдық қасиетінің зоры, жұмсайтын қаруының бірі (А.Байтұрсынов). Тіл - адамзат қоғамында өмір сүретін әлеуметтік құбылыс. Демек, кез келген тіл қоғамда коммуникативтік (қарым-қатынас құралы), экспресивтік (ойды жарыққа шығару құралы), конструктивтік (ойлау құралы), аккумулятивтік (тәжірибе мен білімнен жиналған дағды) т.б. қызметтер атқарады. Бұлар тілдің түрлі кезеңдеріндегі даму деңгейлеріне тән және өзіндік жүйесінде өзгермейтін туа бітті компоненттері болып табылатын негізгі қызметтері деп аталады. Ал тілдің қоғамдық қызметі бұл – тілдің сол негізгі қызметтерінің әр түрлі әлеуметтік орталарда, қоғамдық өмір салаларында және әр түрлі мақсаттар мен жағдаяттарда пайдалануы мен қолданылуының көрінісі.

ТІЛДІҢ ДАМУ ЗАҢДАРЫ (орыс. законы развития языка; ағылш. Laws of language development) – ықтималдық және абсолюттік прогресс жолы бойынша бағытталған тіл дамуының тұрақты тенденциясы. Ықтималдық прогресс көбіне тілдік техникадан көрінеді, мыс., әр түрлі әлем тілдеріндегі аналитизмнің пайда болуы мен таралуы. Абсолюттік прогресс тілдің қоғамдық өмірдің және қатынастың жаңа қажеттіліктерінің күрделенген формасына икемделуінен көрінеді, мыс., тілдің сөздік құрамының өсуі мен сөз мағыналарының кеңеюі. Тілдің дамуына әсер ететін сыртқы (экстралингвистикалық) және ішкі (интерлингвистика) факторлар бар. Сыртқы (экстралингвистикалық) факторлар қоғамдық өмірдегі әр алуан оқиғалар тарапынан болса, ішкі (интерлингвистикалық) факторлар тілдің өз ішінде дамиды, олар тілдің өз мүмкіндігіне, оның даму қуатына байланысты болады (қар.: Глоттогенез, Тіл онтогенезі).



ТІЛДІҢ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ ДАМУЫН ЖОСПАРЛАУ – (орыс. корпусное планирование языка) – тілдің құрылымына, яғни сөздік, терминологиялық дамуына қоғамның саналы әсер етуі. Мыс., Қазақстандағы Т.қ.д.ж. – ның басым міндеттеріне қазақ тілінің орфографиялық, орфоэпиялық және пунктуациялық ережелер жүйесін жетілдіру, қазақ терминологиясын жүйелеу мен дамыту жатады. Қазақтың тіл мәдениетін жетілдіруде орфографиялық, орфоэпиялық сөздіктер жасау күн тәртібіне қойылған (қар.: ҚР тіл саясатының тұжырымдамасы).

ТІЛДІК БӨГЕТ (орыс. языковой барьер) – толық қарым-қатынас жасауда жеке адамның тілді (тілдерді) білмеуінен (жете білмеуінен) болатын бөгет; көпэтносты мемлекет аумағындағы екі және одан да көп тілдің қызмет етуі; әлемдегі тіл әралуандығы. Т.б. – ғаламдастыру және білім беруді интернационаландыру жолындағы проблемалардың бірі.

ТІЛДІК ОДАҚ (орыс. языковой союз) – тілдердің ұзақ уақыт бойында өте тығыз қарым-қатынаста және конвергентті дамудың нәтижесінде тарихи-ареалдық құрылым мен материалдық жалпылыққа айналуы.

ТІЛДІК ЖАНЖАЛ (орыс. языковой конфликт) – тілдік қарым-қатынас жағдаятындағы ерекше өткір өзара әсер етушілігі. Т.ж. негізінде этнодемографиялық, әлеуметтік, идеологиялық, саяси және экономикалық себептер жатады, сондықтан Т.ж. көбінесе тілдердің түрлі мәртебелері бар және қоғамдық қызметі теңестірілмеген гетрегенді этносты елдерде пайда болады.

ТІЛДІК ЖАҒДАЯТ – белгілі бір географиялық немесе саяси-әкімшілік құрылымдағы бір тілдің немесе бірнеше тілдердің жергілікті-әлеуметтік және қызметтік қатынасына байланысты өмір сүруі. Әлеуметтік лингвистикада тілдік жағдаят негізгі ұғымдардың бірі болып саналады. Тілдік жағдаяттың мынадай негізгі әр түрлі белгілері болады: сандық, сапалық, баға беру. Сандық белгілер: 1) тілдер саны; 2) тілдерде сөйлеушілер саны (сөйлеушілердің демографиялық қуаты); 3) қоғамдық өмір салалары ішіндегі тілдердің қолданылу салаларының саны; 4) қолданылуы басым тілдер саны. Тілдер санына қарай- монокомпоненттік

және поликомпоненттік тілдік жағдаят түрлері ажыратылады. Жалғыз тілден тұратын тілдік жағдаят өте сирек кездеседі (мысалы, мұндай жағдай Исландияда бар). Демографиялық және қолданыс қуаттылығына қарай қуаты тең және қуаты әралуан тілдік жағдаят болады. Мысалы, Белгияда тепе-теңділік тілдік жағдаят қалыптасқан (француз және нидерланд тілдері). Батыс Африка елдерінде теңестірілмеген тілдік жағдаят орын алып отыр (жергілікті тілдерде сөйлеушілер саны көп болса да, еуропалық тілдердің байланыс қуаты жоғары).

Тілдік жағдаяттың сапалық белгілері: 1) тілдік жағдаятқа енетін тілдердің лингвистикалық сипаты – жеке тілдер немесе бір тілдің қосымша жүйелері; 2) тілдер арасындағы құрылыстық-тектік қатынастар болуы (ұқсас, туыс, бөтен-гемогенді не гетерогенді тілдер); 3) тілдердің атқаратын қызметінің маңыздылығы (үйлесетін не үйлеспейтін тілдер); 4) мемлекеттік деңгейде алғанда басым тілдің (метатілдің) сипаты – оның жергілікті не «сырттан келген» болуы (эндогlostық не экзогlostық тілдік жағдаят).

Тілдік жағдаяттың бағалану белгілері, яғни тұрғындардың тілге деген көзқарастары (қарым-қатынастық қызметі, қолайлылығы, эстетикалық сипаты, мәдени құндылығы т.б.) арқылы анықталады. Ішкі бағаны ана тіл иелері, ал сыртқы бағаны – бөтен тіл иелері береді. Тілдік жағдаятты зерттеудің тіл саясатын дұрыс жүргізу үшін маңызы өте зор.

ТІЛДІК ЖОСПАРЛАУ (ағылш. Language planning, Language maintenance, орыс. языковое планирование) – тіл дамуын саналы реттеу; арнайы мақсатпен құрылған немесе өзіндік уәкілеттілігі бар саяси, лингвистикалық білім беру ұйымдарының жоспарлап тілге саналы өзгертулер енгізуі (мысалы, КСРО-дағы Алфавиттер комитеттері); әлеуметтік, экономикалық, саяси, демографиялық және психологиялық өзгерулер мәнін, және соған сай тілдік ұжым мүддесін есепке ала отырып тілді реформалау. Т.ж. мынадай түрде жүзеге асырылуы мүмкін: 1) қажеттік саяси шешім қабылдай алатын тілдік саясатты қалыптастыру арқылы; 2) нақтылы іс шаралар бағдарламасын жасау арқылы (тілдің қолданылу аясын кеңейту бойынша нақтылы әрекет, орфоргафияны реформалау,



тілді нормалау мен қалыпқа түсіру т.б.); 3) белгіленген бағдарламалардың тиімділігін бағалау, әрекет пен максаттың аралық және соңғы кезеңдерін белгілеу.

ТІЛДІК ҚҰҚЫҚ (орыс. языковое право) – белгілі бір тілді жеке және қоғамдық өмірде меңгеру мен қолдануды таңдау құқығы. Т.қ.-ты (тілдік жоспарлау мен тіл саясатында) зерттеу – 80 жж. ортасында жедел дамып келе жатқан әлемдік тіл біліміндегі жаңа пәнаралық бағыт. Т.қ. қалыптастыру үшін маңызды негіз адам құқығы жөніндегі халықаралық құжаттар болып табылады. Оларда Т.қ. табиғи дамидың жағдай ретінде қарастырылады. Бұл БҰҰ Адам құқығының баршаға ортақ декларациясының (1948) өн бойында айтылған. Азаматтық және саяси құқық туралы халықаралық фактіде (1960): «әрбір адам ана тілін қолдануға құқылы», – делінген (27-бабы), Аймақтық тілдер мен азшылық этностар тілдері жөніндегі Европалық Хартияда (1992) аймақтық тілдер мен азшылық этностар тілдерінің кейбіреулері түгелдей жойылу қаупінде тұр. Сондықтан Европаның мәдени байлығы мен дәстүрін сақтап, дамыту қажеттігін айтады.

ТІЛДІК ҚҰРЫЛЫС (орыс. языковое строительство) – бұл да тілдік жоспарлау.

ТІЛДІК ҚАЛЫП (ағылш. state of language; орыс. языковое состояние) – тілдік жағдаяттың дамуындағы синхрондық (статикалық) кезең.

ТІЛДІК ПАСПОРТ (орыс. языковой паспорт) – тілдік биография, тілдік мәлімет, тілдік паспорттан тұратын Европалық тілдік портфельдің бөлігі және Европалық Кеңестің қабылдаған түрлі тілдер мен мәдениеттерде өзін-өзі бағалауда, тілдік құзыреттілікке сыртқы баға ретінде қолданылатын құжаттар. Т.п. үйренген тілдегі тілдік дағдыны, меңгерту деңгейі мен қарым-қатынас жасау тәжірибесін көрсетеді. Тілдік дағдылар «шет тілін меңгерудің Жалпыевропалық құзыретінің» тілдік деңгейлер негізінде анықталады. Т.п.-та меңгерту деңгейінің көрсеткіштері (кестесі) бар. Т.п.-та жеке адамның тілді әр түрлі дәрежеде меңгерту дәрежелері санамаланып көрсетілген, сондай-ақ меңгерген тілге берілетін дипломдар мен сертификаттар тізімі берілген (қар.: Тіл меңгерту деңгейі).

ТІЛДІК РЕТТЕУ (орыс. языковые регулирование) – қоғамдағы тілдер теңдігін сақтау процесі, тіл тұтынушылардың тілегіне сәйкес әрбір тілді сақтау мен дамытуды қамтамасыз ету процесі. Т.р. тікелей тіл саясатының ерекшелігімен сәйкестенеді, плюралистік те (азшылық этнос тілдерін дамытуды қолдауы) болуы мүмкін, кейде тілдерді жаңғырту процесіне араласады, кейде тілдік жоспарлаудың бір бөлігі болуы да мүмкін.

ТІЛДІК РЕФОРМА (орыс. языковая реформа) – тілді жетілдіру мен дамыту бойынша мақсатты бағытталған әлеуметтік-тілдік шаралар (қара: Тілдік жоспарлау, Тілдік реттеу, Тілдік құрылыс).

ТІЛДІК САНА (ағылш. linguistic thinking; орыс. языковое сознание) – ұлттық сананың маңызды бөлігі; сол халықтың тіл күзіретіне, мәдениетіне кеңістіктік, себептік, эмоционалдық т.б. байланыстарымен берілетін әлем бейнесі. Т.с. сол мәдениетті тұтынушылардың оны негізгі компоненті ретінде, этностың қоршаған ортаға бейімделу тетігі ретінде қарауы.

ТІЛДІК САНА-СЕЗІМ (орыс. языковое самосознание) – тіл тұтынушылардың өздері қандай тілде сөйлейтіндігінен және қандай халық екендігіннен хабардар болуы. Т.с-с-ге сондай-ақ өз ана тілінің қандай тілдермен қатынаста екендігін білу де енеді. Т.с-с. білім алу тілін таңдау кезінде білінеді (қар.: Идентификация, Ана тілі, Этнос тілі).

ТІЛДІК ҰЖЫМ (орыс. языковой коллектив) – белгілі бір тілдік белгілер тұтастығы мен олардың жүйелілік байланыстары аңғарылатын әлеуметтік қатынастағы жеке адамдардың бірлігі (А.Д.Швейцер, Л.Б.Никольский).

ТІЛДІК ЭКСПАНСИЯ (лат. exproció – кеңею, тарылу) – бір тілдің тілдік мәртебесін өзгерту жолымен басқа тілдік қауымдастыққа таралуы. Мыс., орыс тілінің Т.э. – сы КСРО-да мақсатты лексикалық қорын жинау идеясында анық көрінді) бұл Т.э. идеологиясы мемлекеттік және тілдік сәйкестілік қажеттілігі үшін жасалды. Диахрониялық әлеуметтік лингвистикада Т.э. субстраттардың пайда болуына әкелетін процесс ретінде ұғындырылады. Мыс., латын тілінің Еуропаға таралуы.



У

УНИТАРИЗМ (фр. unitarisme – лат. unitas – тұтастық) – орталықтануға, тұтастыққа, оның ішінде әмбебаптық тілге бірігуге құлшыну тенденциясы. Ұлттық проблемаларды шешуде унитаризм мен сегрегация бір-біріне қарсы тұрады. Унитаризм ұлттық бөлектеушілікті қаламайды және ұлттық проблемаларды шешуден жаппай өзара ассимиляцияға жетуді – халықтар арасындағы мәдени, психологиялық, мемлекеттік-ұйымдастырушылық, тілдік т.б. бөлектенушілікті жоюды көреді (қар.: Тіл саясаты, Тілдік унификация).

УРБАНИЗАЦИЯ (фр. urbanisation – лат. urbanis – қалалық)
1. тұрғындардың тұрақтану және қаладағы экономикалық өмір процестері. 2. қалалық өмір салтының жаппай белең алуы (қар.: Глобализация).

Ұ

ҰҒЫМ – 1) болмыс заттары мен құбылыстарын жалпылама түрде белгілейтін ой; 2) грамматикалық немесе семантикалық категория ретінде ұғым сөз мағынасына ұқсас құбылыс, бірақ мағына тіл жүйесінде болады, ал ұғым – логикалық қатынастар жүйесінде болады. Ұғымның құрылысы күрделі болады: 1) сигнификат – заттың (құбылыстың) дұрыс аталуы үшін маңызы бар белгілердің жиынтығы; 2) интенционал – ұғымның заттық «негізімен» байланысты дұрыс аталуы. Интенционал заттың (құбылыстың) «негіз» категориясымен байланысты болады; 3) денотат – белгілі бір сөзбен атауға болатын нақтылы заттар; 4) компрегенсия – белгілі бір сөзді қолдануға болатын бүкіл заттардың тобы. Заттар бар не жоқ болуы мүмкін. Сөз болған жерде ұғым болады. Мағынамен тікелей байланысып, оймен, ойлаумен ұштасады. Ұғым түсініктен басталады. Сырттағы зат адам түсінігіне әсер еткенде, адам ойлай бастайды. Ұғымды сөзбен бейнелейді. Ұғым категориялары дүние

жүзіндегі тілдердің бәріне ортақ. Ұғымның мәні – сөз мағынасынан гөрі кеңірек әрі жалпылау. Жаңа ұғым бұрыннан бар белгілі сөздің байланысы арқылы дамып, көбейіп отырады.

ҰЙҒЫР ЖАЗУЫ – Шығыс Түркістанда болған әріптік-дыбыстық жазу. Соғды жазуының негізінде пайда болған, ал негізінде – арамей жазуынан бастау алады. Ең көне ескерткіштері VIII ғасырдан белгілі. Ұйғыр жазу жоғарыдан төмен (вертикаль) жазылған. Хаттың жолдары солдан оңға қарай бағытталған. Түркі тайпалары арасына IX–XIII ғғ. ұйғыр жазуы буддизм дінімен бірге келген. Кейін ислам дініне кірген соң ұйғыр жазуының орнына араб жазуы келді. Ұйғыр жазуы XVIII ғасырға дейін қолданылған. XIII ғасырда бұл жазуды маңғолдар мен манжурлар қабылдап алған.

ҰЙҒЫР ТІЛІ (жаңа ұйғыр) – түркі тілдеріне жататын тіл. Қытайдың Шынжан-Ұйғыр автономиялы аудандарында және Қазақстанда тараған. 1921 жылға дейін Батыс Қытай татарларының тілі, Қытай мұсылмандарының тілі, Батыс Қытай түркілерінің тілі, Шығыс-Түркістандық тіл делініп келді. Ұйғыр тілі көне ұйғыр тілінің жалғасы емес делінеді. Ұйғыр тілінде 3 диалекті бар.

ҰЛТТЫҚ ТІЛ – ұлт ішінде қолданылатын (ауызша және жазба түрде) тілді белгілейтін әлеуметтік-тарихи категория. Ұлттық тіл ұлтпен бірге пайда болады. Ұлттық тілдің жағдайы қоғамда қалыптасқан тілдік жағдаятқа және тіл саясатына тәуелді болады.

ҰЛТТЫҚ ӘЛЕУМЕТТІК ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ПІШІН (орыс. национальный социолингвистический профиль) – көптілді қоғамдағы тілдердің өмір сүру формалары мен қызметтері туралы нақты мәліметтерді алуға болатын символдар жүйесі. Р.Белл тілдің төрт түрлі әлеуметтік лингвистикалық пішінін (белгісін) ұсынады: 1) тіл типі (немесе тілдің өмір сүру формасы); 2) тіл мәртебесі; 3) тұтынушылар пайызы; 4) тіл қызметі. Тілдердің әлеуметтік лингвистикалық пішіндерінің жиынтығы Ұ.ә.л.п. құрайды.

ҰЛТТЫҢ/ЖЕКЕ АДАМНЫҢ ТІЛДІК ЕГЕМЕНДІГІ (орыс. языковой суверенитет нации / личности) – халықтың және жеке адамның ана тілін сақтауы мен жан-жақты дамыту құқығының жиынтығы, қатынас тілін таңдау мен қолдану еркіндігі. *Қара: Тіл саясаты, Жеке адамның тілдік құқығы, Халықтың тілдік құқығы*



Ү

ҮНДЕСТІК ЗАҢЫ – қараңыз: Сингорманизм.

ҮНДІЕУРОПА ТІЛ БІЛІМІ – үндіеуропа тілдерін, олардың шығу тегінің бірлігін зерттейтін салыстырмалы-тарихи тіл білімінің саласы. Ғылыми әдебиеттерде үндіеуропа тіл білімі ұғымы – жеке, нақты үндіеуропалық тілдерді зерттеудегі арнайы саланың атауы ретінде және үндіеуропа тілдері жөнінде жалпы әңгіме болғанда қолданылады. Ү.т.б.-нің негізі XIX ғ.-дың екінші жартысында қаланса да, тілдердегі ұқсас лексемалар мен тұлғалардың бар екендігі бұрын да мәлім болатын. Ү.т.б.-нің пайда болуына санскрит тілінің ашылуы зор әсер етті, оның алғашқы мәтіндерімен танысу көне үнді мәдениетін зерттеудің басы еді (Ф.фон Шлегель, Ф.Бопп, Р.Раск т.б.). Ал тіл білімі саласы ретінде іргелі орын теуіп, күрделі әдістемелік принциптері қалыптасқан кезеңі XIX ғ. 70-жж. болды.

ҮНДІЕУРОПА ТІЛІ – Еуразиядағы ең үлкен тілдік семьялардың бірі. Кейінгі бес ғасырда Солтүстік және Оңтүстік Америка, Австрия, Африканың кей жерлеріне жайылды. Үндіеуропа семьясына жататын тілдер топтары мынадай: 1) хеттлувий немесе анатолія тобы; 2) үнді тобы; 3) иран тобы; 4) тохар тобы; 5) армян тобы; 6) фригия тілі 7) фракия тілі; 8) илирий тобы; 9) албан тобы; 10) вена тобы; 11) грек тобы; 12) италян тобы; 13) кельт тобы; 14) роман тобы; 15) герман тобы; 16) балтық тобы; 17) славян тобы.

ҮНДІИРАН ТІЛДЕРІ (арий тілдері) – үндіеуропа семьясының бір бұтағы. Бұл тіл үнді тілі мен иран тіліне және дард тілі мен нұристан тіліне бөлінеді. Сөйлеушілерінің жалпы саны – 850 млн. адам. Қазіргі үндіиран тілінде сөйлеушілер Үндістан, Пакистан, Бангладеш, Неапл, Шри-Ланка, Мальдив Республикасы, Иран, Ауғаныстан, Ирак, Түркия, Тәжікстан т.б. елдерде бар.

ҮШТІЛДІЛІК (орыс. трехъязычие): 1. Аумақтық бірлестік шегінде (мемлекет, аймақ, қала, ауыл) үш тілдің қызмет етуі. Әдетте бұл тілдердің әрбірі белгілі бір қатынас саласында өзара тоқайласады. Мыс., Гунзиб ауылында (Дағыстан Республикасы)

гунзиб, авар және орыс тілдері қызмет етеді. Гунзиб тілі дәстүрлі шаруашылықта, және бастауыш білім беруде көмекші тіл ретінде, дін саласында отбасылық және тұрмыстық қатынаста қолданылады. Авар тілі бастауыш білім беруде, орыс тілі – орта мектепте қолданылады. Орыс тілі ресми ісқағаздар тілі болып табылады. Қарым-қатынас жасаушыға байланысты ұлтаралық қатынаста құралы ретінде авар немесе орыс тілі қолданылады. 2. Жеке адамның қарым-қатынастық қажеттігі шегінде үш тілді меңгеруі.

Қара: Билингвизм, Көптілділік, Біртілділік

Ф

ФЕМИНИННОСТЬ (феминдік, әйелзаттық) әйел жынысына байланысты сипаттамалар немесе сол қоғамдағы әйелдерден күтілетін қалыпты мінез-құлық түрі.

ФЕМИНИСТІК ЛИНГВИСТИКА (тілді феминистік сынау) – тіл біліміндегі жеке бір бағыт, оның негізгі мақсаты қоғамдық және мәдени өмірдегі тіл бейнесінде ер адамның үстемдігін әшкерелеу мен одан басым болуға құрылған. Бұл 1960 жылдардың аяғы мен 1970 жылдардың басында пайда болды.

ФИЛОЛОГИЯ (грек. philologia – сөзді сүю) – гуманитарлық пәндердің кешені. Олар: тіл білімі, әдебиеттану, текстология, палеография т.б. Ф. жазбаша мәтіндерді талдау арқылы адамдардың рухани мәдениетін зерттейді. Ф.-нің ішкі дүниесіне биік рухани әлем мен қарапайым жазу төңірегіндегі зерттеулер жатады. Мәдениетті зерттеп тануды мақсат етіп, Ф. өркениетпен қоса пайда болады.

ФИЛИЯ (фила) – бір тілдік семьяға жататын тілдерден де жақын, өзара бір-бірінен алыс туыстығы бар бірнеше тілдік семьялардан тұратын тілдер бірлестігі.



ФУНКЦИОНАЛДЫ ҚОСТІЛДІЛІК (лат. *functio* – қызмет ету) – бір халықта екі тіл қолданатын жағдаятта көрінеді. Мұнда бірінші тіл – сол халықтың этникалық тілі, екіншісі – арнайы қызметте немесе ерекше қатынас жағдайында қолданылатын этносүстілік тіл. Мысалы, Үндістанда көне үнді тілі – санскрит культтық тіл ретінде, ал хинди халық тілі ретінде қолданылады. Қытайда ву, мин нан т.б. диалектілермен қоса қытай жазба әдеби тілі қолданылады (қар.: Диглоссия, Қостілділік, Тіл саясаты).

ФРЕНГЛИШ (ағылш. *frenglish* – сөздердің қосылуы – French – француз тілі + English – ағылшын тілі) – көптеген француз сөздері мен сөз тіркестерінен тұратын ағылшын тілінің атауы (қар.: Креоль-тіл, Пиджин, Аралас тіл, Франгеле).

ФРАНГЕЛЕ (фр. *franglais* – сөздердің араласуы – *francais* – француз тілі + *anglais* – ағылшын тілі) – көптеген ағылшын сөздері мен сөз тіркестерінен тұратын француз тілінің атауы. Бұл П.Этьембланың термині (1960) (қар.: Креоль-тіл, Пиджин, Аралас тіл, Френглиш).

ФРАНЦУЗ ӘЛЕУМЕТТІК ЛИНГВИСТИКА МЕКТЕБІ – тілді әлеуметтік құбылыс ретінде танитын француз тіл ғылымының бір бағыты. Д.Дидро, Ж-Ж. Руссо, М.Бреаль, П.Лафарг осы бағыттың идеяларын айтқан болатын.

Француз әлеуметтік лингвистика мектебі ХХ ғ. басында Париж-де қалыптасты. Алғашқы кезде бұл бағыттың өкілдері Д.Конт, Э.Дюркгейм сияқты социал-позитивистердің ықпалында болған. Бағыттың негізін қалаушы А.Мейе тілдік фактілерді зерттеуде психологияға жүгінуге қарсы шығады, өйткені тіл – сөйлеу құралы, байланысу (араласу) құралы, яғни тіл – әлеуметтік құбылыс. А.Мейе тілдегі өзгерістерді тек әлеуметтік себептерге байланысты түсіндіреді: тілдердің жіктелуін – халықтардың көшіп-қонуымен, ал бір тілдің басым болуын отарлау саясатымен түсіндіреді. Ол тілдердің араласуына үлкен мән беріп, сөз мағынасының өзгеру себебін сөйлеушілер санымен байланыстырады.

М.Коэн (А.Мейенің шәкірті) француз әлеуметтік лингвистика

мектебінің идеяларын марксизм тұрғысынан қарастырып, тілдік құбылыстардағы диалектикалық заңдардың әсерін анықтағысы келді. Ол тіл жүйесін ерекше эволюциялық құбылыс ретінде танып, оны қоғамнан тыс зерттеді.

Тілдегі әлеуметтік факторлардың басымдылығын басқа бағыт өкілдері де мойындаған: психологиялық бағыт (Ж.Дамурет, Э.Пишон т.б.); лингвистикалық география (Ж.Жильерон, А.Доза т.б.); диалектология (Г.Парис т.б.); әлеуметтік диалектология (Л.Сенеан т.б.).

Француз әлеуметтік лингвистика мектебінің идеяларын швейцариялық лингвистер Ф.де Соссюр, А.Саше, Ш.Балли қолдаған (қар.: Женева мектебі). Сонымен қатар бұл идеялар А.Соммерфельд (Норвегия), И.Иордан, А.Граур (Румыния), Е.Курилович (Польша) т.б. ғалымдарға әсерін тигізді.

Қазіргі тіл білімінде тілдің әлеуметтік аспектісі назардан тыс қалған жоқ (қар.: Әлеуметтік бағыт).

ФРАНЦУЗ ТІЛІ – галл-роман тобына жататын роман тілдерінің бірі. Франция, Белгия, Швейцар Конфедерациясы, Канада, Гаити, Монако, Люксембург, Андорра елдеріндегі ресми тіл. Ф.т. Африканың да көптеген елдерінде ресми тіл. Сөйлеушілер саны 119 млн. адам. БҰҰ-ның ресми және жұмыс тілі. Ф.т.-нің диалектілері: франсийялық (Иль-де-Франс диалектісі); солтүстік (норманд, пикард, валлон); оңтүстік-шығыс(бургунд, франш-конт) және франко-провансаль диалектісі. Ф.т.-не аналитизм тән. Ф.т.-дегі ең көне жазба ескерткіш ҮІІ ғ. жатады. Жазуы – латын графикасында.

ФУНКЦИОНАЛДЫ ЛИНГВИСТИКА (функционализм) – тілдің қатынас құралы ретіндегі қызметіне басты назар аударатын құрылымдық лингвистиканың бір тармағын құрайтын бағыттар мен мектептер. Функционалды лингвистиканың негізін қалағандар: И.А.Бодуэн де Куртенэ, Ф.де Соссюр, О.Есперсен.



Х

ХАЗАР ТІЛІ – түркі тілдерінің бірі. Өлі тіл деп саналады. VIII–X ғғ. болған Хазар мемлекетінің тілі. Қазіргі Дағыстан, Кубан, Азау, Қырым жерін мекен еткен көшпенділердің тілі.

ХАКАС ТІЛІ – түркі тілдеріне жатады. Екі диалектісі бар. Х.т. лексикасында моңғол, орыс тілдерінен енген кірме сөздер көп кездеседі. Жазуы орыс графикасында.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТІЛДЕР – әр түрлі мемлекеттердің арасында байланыс құралы ретінде пайдаланылатын тілдер. Х.т. – табиғи және жасанды деп бөлінеді. Халықаралық табиғи тілдер ежелгі және ортағасырлық дәуірлерде аймақтық тіл болған, бұл тілді шектеулі әлеуметтік топ өкілдері ғана білген. Әлем тілдерінің дәрежесіне ие болу үшін белгілі экстроллингвистикалық (саяси, экономикалық, мәдени) және лингвистикалық факторлардың болуы шарт. Дүние жүзінде дамыған Х.т. дәрежесі ресми түрде заңдастырылады. Оларды халықаралық ұйымдардың (БҰҰ, ЮНЕСКО) «қызмет» немесе «ресми» тілдері деп таниды. Мысалы, БҰҰ-ның ресми тілдері: ағылшын, араб, испан, қытай, орыс, француз тілдері. Жасанды тілдердің тарихы б.э.д. IV–III ғғ. басталады, көне грек тілі негізінде Алексах алғашқы жасанды тілді ұсынғаны белгілі. XVIII ғ. латын тілінің халықаралық қызметі таралуына байланысты Р.Декарт (1629) жасанды тіл жасау теориясын ұсынды. Бүгінде кеңінен таралған төрт жасанды тіл бар, олар: эсперанто (1887), идо (1907), окциденталь (1921) және интерлингва (1951).

ХАЛЫҚТЫҢ ТІЛДІК ҚҰҚЫҒЫ (орыс. языковые права народа) – миноритарлық тілдерді қатынастың әртүрлі салаларында, алдымен білім беруде мәдениетте, БАҚ-та, сот ісін жүргізуде және жергілікті билік органдарында мемлекет тарапынан дамыту және қолдау көрсету. Х. т. қ. қолдау бойынша шаралар аймақтық немесе миноритарлық тілдердің Еуропалық Хартиясында (1998) көрсетілген.

Қара: Тілдік заңнама, Жеке адамның тілдік құқығы

Ш

ШАҒАТАЙ ТІЛІ – түркі тілдерінің қарлұқ тобына жатқызылып жүрген тіл. ХҮ–ХҮІ ғғ. Мәуринахрда (Орта Азия) Ақсақ Темір империясында жергілікті түркі диалектілері негізінде қалыптасқан кітаби тіл. Ш.т. негізінде Қараханид (Х–ХІІ ғғ.) және Алтын Орда (ХІІІ–ХІҮ ғғ.) мемлекеттерінде болған әдеби-тілдік дәстүр жатыр. Қарлұқ, оғыз, қыпшақ тілдерінің араласуы және араб, парсы тілдерінің әсері – Ш.т. өзіндік ерекшеліктері. Бұл тіл бүкіл түркі тілдес халықтарға ортақ тіл болған.

ШУМЕР ТІЛІ – Оңтүстік Қос өзен (қазіргі Ирак) жерінде б.э.д. 2000 ж. бұрын өмір сүрген халықтардың тілі. Ш.т. басқа тіл-дермен туыстығы әлі дәлелденбеген. Бірақ О.Сүлейменовтың пікірінше Ш.т. түркі тілдеріне жақын тіл.

І

ІШКІ ФЛЕКСИЯ – түбірдің дыбыстық құрамының өзгеруі арқылы грамматикалық мағынаны білдіру тәсілі. Ішкі флексия әсіресе семит тілдеріне тән.

Орыс тілінде ішкі флексия бір «видті» екінші «видтен» ажырату тәсілі ретінде қолданылады. Тіл біліміндегі «Флексивті тілдер» терминінің қолданылуы осы ішкі флексия тәсіліне тән болуына негізделеді.

Э

ЭВФЕМИЗМ (грек. euphemismos eu – жақсы және phemi – сөйлеу) – эмоция жағынан бейтарап сөздер. Э. құлаққа ерсі есті-летін сөздердің синонимдері ретінде жұмсалады. Мысалы, семіз-толық, кәрі – егде, өлді – қайтыс болды, қатын – әйел т.б. Э – дисфемизмге керісінше, эмоциялы бейтарап сөз орнына әдейі тұрпайы сөздер қолданылады.



ЭЗОП ТІЛІ (көне грек мысалшысы Эзоп атымен байланысты) – цензурадан өткізу үшін қолданылатын жазу стилі. Э.т. көбінесе тоталитарлық реакцияшыл, демократиялық емес мемлекетте қолданылады. Э.т.-ін жасау үшін мынадай тәсілдер пайдаланылады: аллегория, контекстік және ситуациялық перифраза, аллюзия, псевдоним, ирония, мысқыл, фольклор кейіпкерлерін кіргізу, көне шығыстық поэзияларды, діни сюжеттерді, аңыздарды қолдану.

ЭКЗОГЛОСТЫҚ ТІЛДІК АХУАЛ (орыс. экзоглоссная языковая ситуация) – әртүрлі тілдерден тұратын тілдік ахуал, мыс., Қазақстан Республикасындағы тілдік ахуалда 120 тіл қызмет етеді.

Қара: Эндоглостық тілдік ахуал, Тілдік ахуал

ЭЛЛИПСИС (грек. ellipse – кемшілік, жетіспеу) – сөйлеуде не мәтінде тіл бірлігінің жетіспеуі, әдейі түсірілуі. Синтаксистік құрылымның «толық еместігі». Э. әдетте ауызекі сөйлеуде кездеседі. Мысалы, «Данабек театрды ұнатады, ал Бөгенбай – киноны».

ЭНДОГЛОСТЫҚ ТІЛДІК АХУАЛ (орыс. эндоглоссная языковая ситуация) – бір тілдің қосымша жүйелерінен тұратын тілдік ахуал. Мыс., Ресейдің немесе Өзбекстанның орыстілді не өзбектілді жекелеген деревнялары мен қышлақтарындағы эндоглостық тілдік ахуалда әдеби тіл мен қатар орыс не өзбек тілінің диалектілері белсенді түрде пайдаланылады.

Қара: Экзоглостық тілдік ахуал, Тілдік ахуал.

ЭСПЕРАНТО - халықаралық жасанды тілдердің ішінде ең көп тараған жобалардың бірі. Бұл жобаны 1887 ж. варшавалық врач Л.Заменгоф (бүркеншек аты – Эсперанто) жасаған. Эсперанто роман тілдерінің лексикасы негізінде жасалған. Эсперанто тілінде 11 жалғау, 16000 түбір сөз бар. Бұл тілде көркем әдебиет, қоғамдық-саяси әдебиеттер жазылған. Эсперантоның өзіндік лингвистикалық теориясы бар. Дүниежүзілік эсперантистер бірлестігі құрылған. 1987 ж. ЮНЕСКО эсперанто тілінің 100 жылдығын атап өтті.

ЭТНИКАЛЫҚ ТІЛ (грек. ethnos – тайпа, халық) – белгілі бір этносқа тиесілі ана тілінің екінші бір атауы (қараңыз: Екінші тіл, Этностық сана-сезім, Тілдік сана-сезім).

ЭТНИКАЛЫҚ ҚОСТІЛДІЛІК (грек. *ethnos* – тайпа, халық) бұл белгілі бір тілдерде сөйлейтін халықтардың өзара әрекетіне байланысты бір социумда екі тілі қолданатын жағдаяттарда байқалады, бұл функционалды қостілділікке қарама-қарсы қойылады (қараңыз: Қостілділік, Тілдік қатынас).

ЭТНИКАЛЫҚ САНА-СЕЗІМ (грек. *ethnos* – тайпа, халық) – белгілі бір этносқа тән өзін-өзі анықтау, өзіндік бірлік сезімі; нақтылы бір этникалық байланыстардың адамдар арасындағы бейнесі. Этникалық сана-сезім отбасылық тәрбие мен қалыпты жағдайларда (сырттай ассимиляциялық қысымсыз) қалыптасады, өзін-өзі бағалаудың жағымды жағымен сипатталады, ұлттың қалыптасуындағы этникалық сана-сезімнің мәні халықаралық құқықта – БҰҰ-ның жарғысында бекітілген (қар.: Ұлт, Ана тілі, Тілдік сана-сезім, Этникалық тіл).

ЭТНОЛЕКТ (этникалық диалекті, тілдің аймақтық варианты) – тілдердің бір-бірімен түйісу аймағында және билингвтің интерференция арқылы ана тілінің әсерінен өзіндік белгісі бар тілдің бөлшектенуі нәтижесінде пайда болған тілдің бір түрі. Ұзақ уақыт бойы тоғысуда болу, бір типтегі интерференция құбылысының ұдайы әсер етуі сол аумақта қолданылатын тілдің жүйелік өзгерістерге ұшырауына, уақыт өте келе тілдің «жергілікті» вариантының қалыптасуына әкеледі. Тілдік өзгерістер тілдің түрлі деңгейлерін: просодикасын (интонациялық құрылысының бейнесінің өзгеруі), фонетикасын (дыбыстардың айтылымы, акценттік үлгісі), синтаксисін, лексикасын қамтиды. Ана тілін халық этнолект формасында меңгеруі мүмкін. Э. тұтынушылардың қарым-қатынастық қауымдастығының демографиялық базасын әртүрлі этностар құрауы мүмкін. Мыс.алы, орыс тілінің дағыстандық Э. түрлі халық өкілдері, оның ішінде орыс халқының ересектері де сөйлейді.

ЭТНОЛЕМА – ұлттық тек жүйе құраушылық фактор болып табылатын тіл тұтынушылар ұжымы.

ЭТНОЛИНГВИСТИКА (грек. *Ethnos* – халық, тайпа, фр. *Linguistique*- *lingua* – тіл) – тілдің мәдениетке қатыстылығын,



тілдің қызмет етуі мен дамуындағы тілдік, этномәдениеттік және этнопсихологиялық факторлардың өзара байланысын зерттейтін тіл біліміндегі бағыт. Этностың материалдық және рухани мәдениетін, оның менталитетін, тарихы мен қазіргі қалпын бейнелейтін тілдік элементтер Э. нысаны болып табылады. Халық мәдениеті мен тілінің өзара әрекеттестігі идеясы орта ғасырларда-ақ Шығыста айтылған болатын. Алайда Э. дара бағыт ретінде ХІХ ғасырдың басында пайда болды және америка үндістерінің тілдері мен мәдениетін зерттеген Ф.Боас және Э.Сепир есімдерімен байланысты .

ЭТНОСАРАЛЫҚ ТІЛДІК ДАУ-ЖАНЖАЛ (орыс. меж-этнический языковой конфликт) – әртүрлі этностық топтар арасында пайда болатын тілдік дау-жанжал. Э. т. д-ж. әрқашан тілдік жағдаятты құрайтын тілдер арасындағы қызмет ету салаларын бөлудегі күрестен шығады. Э. т. д-ж. өзінен өзі шығуы сирек. Әдетте ол жалпы ұлтаралық шиеленіс аясында пайда болып, дамиды. Кейде тілдік дау-жанжал жалпы ұлттық жанжалдың негізгі себепшісі болуы да мүмкін. Этносаралық жау-жанжал бүтіндей бір тілдік бірлестіктің, тіпті бірнеше бірлестіктің де өмірлік мүддесіне зиян келтіру мүмкін.

Қара: Тіл саясаты, Тілдік дау-жанжал, Тілдік талап

ЭТНОТІЛДІК ЖАҒДАЯТ (грек. ethnos – тайпа, халық) - мемлекет, саяси-әкімшілік құрылым, аумақтық бірлестік, аймақ шегінде бір тілде сөйлейтін этностар иерархиясы мен жағдайы. Этнотілдік жағдаятқа объективті талдау жүргізуде адамдардың тілге қатынасы, азаматтық деңгейі, этникалық тұтастығы, этносаралық қатынастарға қарсылық дәрежесі т.б. есепке алыну керек (қараңыз: Тілдік жағдаят, Этникалық сана-сезім, Тілдік сана).

ЭТАЛОН ТІЛ (үлгі тіл) (орыс. язык этолон) – екі немесе одан да көп тілдерді өзара салыстыру үшін пайдаланатын бейтарап аралық-тіл.

Я

ЯКУТ ТІЛІ – түркі тілдерінің бірі. Саха елі, Амур, Магадан, Сахалин, Таймыр, Эвенк автономиялы облысында тараған тіл. Бірнеше говорлары бар: орталық, вилюй, солтүстік-батыс және таймыр. Я.т.-не сингорманизм, консонатизм құбылыстары тән. Морфологиясы агглютинативті, сонымен бірге аналитикалық тәсілдер мен флексия да кездеседі. Лексикасында моңғол, эвенк, орыс сөздері бар. Я.т. ең алғашқы мәтін 1705 ж. Н.Витзен Амстердамда баспадан шығарған. 1922 ж. С.Новгородов Я.т. алавитін жасайды. 1929 ж. бастап латын, 1939 ж. бастап орыс графикасына көшірілді.

ЯФЕТИКАЛЫҚ ТЕОРИЯ (грек. Jfpheth –көне еврей Ефет – Нұқ пайғамбардың баласы) – XX ғ. 20-30 жж. тіл білмі мәселелері жөнінде Н.Я.Маррдың көзқарастары. Бұл тіл білімінде «Тіл туралы жаңа ілім» деп те аталады. Өзінің ғылыми қызметін Марр армян-грузин филологиясын зерттеуге арнаған еді. Картвел тілдерінің басқа тілдермен туыстығын анықтау үшін бірқатар болжамдар жасайды. Бірақ олар ғылыми лингвистиканың деректеріне қайшы келеді, сондықтан Марр жаңа ілім (теория) жасауға талпынады. Марр үндіеуропа тілдерінің туыстығын жоққа шығарады. 1925 ж. ол өзі жасаған жүйені тарихи материализм жағдайларымен ұштастыра қарастырды.Тіл жүйесі ол бастан таптық құбылыс деп танылды. Маррдың пікірі бойынша адамзаттың ең алғашқы тілі – жест (қимыл) тілі болған, оны кейін төрт элементтен тұратын – SAL, BER, YON, ROS – дыбыстық тіл ауыстырды-мыс.



СӨЗІКТЕР ТІЗІМІ

1. Аберкромби Н., Хилл С., Тернер Б.С. Социолінгвістический словарь. – Казань, 1997.
2. Абилова Б.А. Словарь лингвометодических терминов. – Алматы, 1997.
3. Аманжолов А.С. Қазақша-орысша лингвистикалық терминдер. – Алматы, 1999.
4. Ахманова О.с. Словарь лингвистических терминов. – Москва, 1969.
5. Ахметов З., Шанбаев Т. Әдебиеттану. Терминдер сөздігі. – Алматы, 1998.
6. Балдаев Д.С., Белко В.К., Исупов И.М. Словарь тюремно-лагерно-блатного жаргона. - Одицова, 1992.
7. Беликов В.И., Головкин Е.В. Контактные языки на русской основе. Общие сведения // контактологический энциклопедический словарь – справочник. Вып. 1. Северный регион. – Москва, 1994.
8. Бердихина В.П., Глазман М.А. Словарь-справочник лингвистических терминов для студентов-филологов национальных групп педвузов. – Алматы, 1998.
9. Василова Н.В., Виноградов В.А., Шахнарович А.М. Краткий словарь лингвистических терминов. – Москва, 1995.
10. Вахек И. Лингвистический словарь пражской школы / пер. И.А.Мельчука и В.З. Санникова. Под.ред. А.А.Реформатского. – Москва, 1964.
11. Вильсе О. Словарь лексикологических терминов. – Потсдам, 1987.
12. Государственные языки в Российской Федерации: Энциклопедический словарь-справочник / Под.ред. В.П.Нерозака. – Москва, 1995.
13. Жирков Л.И. Лингвистический словарь. Предисловие акад. И.И.Мещанинова. – Москва, 1946.
14. Исаев М.И. Словарь этнолингвистических понятий и терминов. – Москва, 2001.
15. Қазақ тілі: Энциклопедия. – Алматы: Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі. Қазақстан даму даму институты. 1998.
16. Кенесбаев И., Жанузаков Т. Русско-казахский словарь лингвистических терминов. – Алматы, 1966.
17. Красная книга языков народов России: Энциклопедический словарь-справочник / Под ред. В.П.Нерознака. – Москва, 1994.
18. Краткий словарь по социологии. Сост. П.Д.Повленок. – Москва, 2000.
19. Лингвистический энциклопедический словарь. Гл.ред. В.Н.Ярцева. – Москва, 1990.

20. Марузо Ж. Словарь лингвистических терминов. Пер. Н.Д.Андреева. Под. ред. А.А.Реформатского. – Москва, 1960.
21. Назарян А.Г. Французско-русский учебный словарь лингвистической терминологии. – Москва, 1989.
22. Письменные языки мира. Языки Российской Федерации. Социолингвистическая энциклопедия. Книга 1. – Москва, 2000.
23. Поливанов Е.Д. Толковый терминологический словарь по лингвистике (1935–1937) // Е.Д.Поливанов. Труды по восточному и общему языкознанию. – Москва, 1991.
24. Потапов В.В. Краткий лингвистический справочник. Языки и письменность. – Москва, 1997.
25. Рожанский Ф.И. Сленг хиппи: Материалы к словарю. – Спб. – Париж, 1992.
26. Розенталь Д.Э., Теленкова М.А. Словарь-справочник лингвистических терминов. – Москва, 1985.
27. Романова О.И. Англо-русский словарь по лингвистике и семиотике. – Москва, 1996.
28. Русский язык. Энциклопедия. Гл.ред. Ю.Н. Караулов. – Москва, 1997.
29. Русско-английский терминологический словарь-индекс // Н.Хомский. аспекты теории синтаксиса. – Москва, 1972.
29. Салқынбай А., Абақан Е. Лингвистикалық түсіндірме сөздік. – Алматы: Сөздік-словарь, 1989.
30. Словарь по языкознанию. Тіл білімі сөздігі. Под. Ред. Э.Д.Сулейменовой. – Алматы, 1998.
31. Сулейменова Э.Д., Шаймерденова Н.Ж. Словарь социолингвистических терминов. – Алматы: Қазақ университеті, 2002.
32. Терминологиялық жинақ. Терминологический сборник. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2002.
33. Хэмп Э.П. Словарь американской лингвистической терминологии/ Пер. Выч. В. Иванова. Под. Ред. И предисловие В.А.Звегинцева. – Москва, 1964.
34. Шаяхметова А.К. Методы лингвистики. Словарь-справочник. – Алматы. 2000.
35. Шор Р.О. Краткий словарь лингвистических терминов // Р.О. Шор. Язык и общество. – Москва, 1926.
36. Энциклопедический словарь юного филолога. – Москва, 1984.
37. Языки Российской Федерации и стран нового зарубежья: статус и функции. – Москва, 2000.



Аман Маделханұлы Абасилов

ӘЛЕУМЕТТІК ЛИНГВИСТИКА СӨЗДІГІ

Редакторы А.Әбілов

Корректоры А.Абасилова

Компьютерде беттеген Б.Абасилов

Басуға 15.04.2016 ж. қол қойылды. Пішімі 60x84/16
Офсеттік басылым, қағазы офсеттік. Өріп түрі Times New Roman.
Көлемі 10,5 шартты баспа табақ. Таралымы 1000 дана.
Тапсырыс №